

А 2009
20225к

Б. ӘБІЛКАСЫМОВ

АЛҒАШҚЫ
ҚАЗАҚ
ГАЗЕТТЕРІНІҢ
ТІЛІ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ
ГАЗЕТТЕРІНІҢ ТІЛІ



Қазақ ССР-ның «ҒЫЛЫМ» баспасы
А Л М А Т Ы · 1 9 7 1

Басы Ыбырай, Абай шығармаларынан басталатын қазақтың жаңа әдеби тілінің бұрын болмаған стильдерін қалыптастыруда [қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөзіміз «Түркстан уәләятінің газеті» (1870—1882) мен «Дала уәләяті газетінің» (1888—1902) атқарған ролі зор. Бұл кітап аталған газеттер жөніндегі негізгі деректерді, олардың беттеріндегі көтерілген мәселелерді сөз етеді, негізінен алғанда, олардың тілдік ерекшеліктеріне (қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда) лингвистикалық талдау жасайды.] Автор газеттерде кездесетін қазіргі қазақ тілі нормасынан тысқары грамматикалық формалар мен лексемалардың даму процесін, этимологиясын барынша аша кетуге тырысады. Сондықтан кітапта сол тұстағы басқа жазбалардың, көршілес түркі тілдерінің материалдары салыстырыла қаралады.

Кітап тек қазақ тілі мамандарына, университет пен педагогикалық институттардың филология факультеті студенттері мен оқушыларына пайдалы құрал болып қана қоймай, жалпы оқушы қауымға, оның ішінде журналист, мәдениет қызметкерлеріне де қажетті еңбек болуы мүмкін.

Жауапты редакторы
Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі М. БАЛАҚАЕВ

АЛҒЫ СӨЗ

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ халқының экономикалық, саяси-әкімшілік және мәдени дамуындағы елеулі прогрестік роль атқарған белгілі кезең болғаны жұртқа мәлім. Бұл кезең Қазақстан территориясының толықтай Россия мемлекетінің қол астына кіруінің аяқталуымен тікелей байланысты еді. Россияның отарлау саясатының ықпалындағы Қазақстан феодалдық мешеу дамудың аясынан шығып, капитализмнің жедел даму сферасына түсті.

Россияның шикі зат жөніндегі қажетін өтейтін шығыстағы отары болған Қазақстанның өзінде де аздықөпті өнеркәсіп орындары ашыла бастады. Бұрынғы натуралды мал шаруашылығының одан әрі дамуымен бірге, оның товарлы түрі мен егіншілік кәсіпке халық бірте-бірте бет бұра бастады. Сауда-саттықтың айырбас түрі біржола қалып, ақша айналымы кең өріс алды.

1868—69 жылдардағы патша үкіметінің қыр облыстарын басқару жөніндегі ережелері Қазақстанда ел билеу, әкімшілік жүйесінің жаңа түрін енгізді. Қазақстан территориясы 3 генерал-губернаторға бағынған 6 облысқа бөлінді, ал облыстар уезге, уездер болыстарға, олар ауылдарға бөлінді. Дәстүрлі билер сотымен қатар, азаматтық соттар да болды. Билер, молдалардың праволары біраз тежеліп, енді олар сайланып қойылатын болды.

Бұл ережелердің мәдениет саласындағы басты бір жаңалығы уездік қалаларда орыс және қазақ балаларын оқыту үшін бастауыш мектептердің ашылуы бол-

ды. Қазақ балаларының станицалардағы орыс мектептерінде оқуына рұқсат етілді. Әрбір уездік қалаларда медицина пункті, байланыс бөлімдері ашылуы көзделді. Бұл дәуірдегі осынау прогрестік шаралармен бірге ұлт тілінде кітап бастыру, газет шығару, әдебиетті дамыту сияқты халықтың көкейтесті мәселелері күн тәртібіне қойылып, біртіндеп шешіле бастады. Мәселен, Нығмет Сәбитовтың библиографиялық көрсеткіші бойынша, 1862—1900 жылдар арасында қазақ тілінде шамамен 70-тен астам кітап басылыпты. Сондай-ақ қазақ тілінде 1870—1883 жылдары «Түркстан уәләтінің газеті», ал 1888 жылдан бастап «Дала уәләтінің газеті» шығып тұрды. Бұл газеттер патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің ресми органы бола тұрса да, кезінде қазақ халқының шаруашылық өмірінде, саяси дамуында және мәдени мұң-мұқтажын қанағаттандыруда елеулі роль атқарды.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақтың қазіргі ұлттық әдеби тілінің қалыптасуында да айрықша орын алады. Бұл жағдай, бір жағынан, өз шығармаларын таза халықтық тілде жазып, оны әдеби тіл дәрежесіне дейін көтерген Ыбырай, Абай есімдерімен байланысты болса, екінші жағынан, осы дәуірдегі жалпы ұлттық сана-сезімнің оянуымен, жоғарыда айтылғандай, ана тілінде кітаптардың, газеттердің шығуымен де байланысты болды. Орыс ориенталистерінің қазақ халқының тарихын, ауыз әдебиет үлгілерін, тілін зерттеп, олар туралы әртүрлі ғылыми мақалалар жариялап, оқулықтар, сөздіктер шығаруы да осы тұста еді. Ақырында аталған баспасөздердің беттерінде қазақ тілінің жайы мен болашағы туралы пікірлер айтылып, оның лексикалық, грамматикалық, орфографиялық нормаларын бірізге түсіру талабы көріне бастады.

Қазақ жазба әдеби тілінің тарихын жасау үшін де оның алғашқы қалыптасу дәуіріндегі жазба ескерткіштерінің тілі жан-жақты зерттелуі қажет. Міне осы мақсатпен алдарыңыздағы кітапша авторы 1965 жылы қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасуына азды-көпті себін тигізген алғашқы баспасөздеріміздің бірі — «Дала уәләті газетінің тілі» деген тақырыпта диссертация қорғаған болатын.

Рас, алғашқы қазақ баспасөзі одан да бұрын зерттеліп, бірнеше кандидаттық диссертацияларға желі,

негізгі материал болды. Бұл орайда Х. Бекхожиннің «Алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты» (1888—1902)» атты, Ү. Субханбердинаның «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем әдебиет» деген тақырыптағы, З. Тұрарбековтің «Қазақтың революцияға дейінгі мерзімді баспасөзі бетіндегі аударма тәжірибесінен» деген диссертациялық жұмыстарын атауға болар еді. Алайда бұл жұмыстардың негізгі мазмұны жеке мақалалар көлемінде әр кез, әр жерде жарық көргенімен, тұтас күйінде монографиялық көлемде кітап болып шыққан емес. Екінші жағынан, бұл зерттеулердің әрқайсысы газет материалдарын әр түрлі мәселелермен (журналистика, аударма, әдебиет) байланысты қарастырады. Сондай-ақ ХІХ ғасырдағы қазақ халқының экономикалық, саяси құрылысын, мәдениетін, әдебиетін, тілінің даму жүйесін зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы да бірі аз, бірі көп дәрежеде жоғарыдағы аталған газеттер материалына соқпай кетпейді¹.

«Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты кітапша автордың жоғарыдағы аталған диссертациялық жұмысының негізінде жазылды. Мұнда жалғыз «Дала уәләті газетінің» тілі ғана сөз болмай, кітапшаның атына сай, одан сәл бұрынырақ шыққан «Түркстан уәләті газетінің» тілі де әңгіме етіледі. Бірі бірінің заңды жалғасындай, уақыт жағынан бірін бірі қуа шыққан бұл газеттердің тіліндегі өзара ұқсастық пен ерекшеліктер сол тұстағы басқа жазбалардың тілімен, қазіргі қазақ тілі деректерімен салыстырыла көрсетілді. Салыстырғанда, автор бұл газеттер тілінде кездесетін орфографиялық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің сол кездегі әдеби тілдік нормаға жататын-жатпайтындығы жағынан, егер жатса, оның қаншалықты өміршеңдігін, олардың о баста қайдан келгендігін талдап көрсетуді мақсат тұтты.

¹ С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; М. Балақаев, Е. Жанпейсов, М. Томапов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961; К. Бейсембиев. Идеино-политические течения в Казахстане конца ХІХ — начала ХХ века. Алма-Ата, 1961; Х. Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Алматы, 1964; Т. Қордабаев. Қазақ жазбаларының синтаксисі. Алматы, 1966; В. Кенжебаев. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. Алматы, 1956; Р. Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968.

Газет тілін туыстас тілдердің материалымен салыстырғанда, А. Н. Кононовтың «Грамматика современного узбекского литературного языка», В. В. Решетовтің «Узбекский язык», М. З. Закиевтің «Хазерге татар әдеби теле», Н. К. Дмитриевтің «Грамматика башкирского языка», И. А. Батмановтың «Современный киргизский язык», Н. А. Баскаковтың «Каракалпакский язык» атты еңбектері негізге алынды.

Газеттің орфографиясын сол күйінде толық сақтау мақсатымен газеттен алынған мысалдардың қазіргі алфавит арқылы транслитерациясын бердік. Бірақ араб әліппесінің дәстүрі бойынша дауысты дыбыстардың жазылмаған жерлеріне қажетті дыбыстарды өзіміз қойып отырдық. Тыныс белгілері де, негізінен, газеттегіше берілді, тек I тараудағы газеттен алынған үзінділердің тыныс белгілерін өзіміз қойдық. Сондай-ақ өзге тараулардағы кейбір жерлерде сөйлем жігін ажырату мақсатымен шартты таңба (//) қолдандық.

Екінші бір ескерте кететін жай — сол кезде қолданылған халықтардың аттары, географиялық атаулармен байланысты. Газет материалдарында, мәселен, қазақтар — «қырғыз», өзбектер — «сарт», ұйғырлар — «тараншы», татарлар — «ноғай» деп берілген жерлер кездеседі. Бұндай жайттарға кездескен сайын ескертпе беруді артық көрдік, өйткені оқушы қауымға бұл жағдай ескертпесек те түсінікті ғой деген ойда болдық.

Жұмыстың аяғына қосымша тілдік материал ретінде газеттерде басылған әр түрлі стильдегі мақалалардың үлгілерін бердік. Ондағы мақсат — автордың газеттер тілі жөніндегі пайымдауларының, сондай-ақ, кітапта мысал ретінде алынған текстердің транслитерациясының дұрыс-терістігіне оқушы қауымның көзін жеткізу.

І т а р а у

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ГАЗЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

1. Алғашқы қазақ газеттері жөніндегі негізгі деректер

Қазақстанның Россия экономикасының жетегіне ілесіп, капиталистік даму жолына түсуі ұлттық буржуазияның тууына жағдай жасады. Әдетте ұлттық буржуазия өмірге келісімен кейбір ұлттық талап-тілектерді қоя келетіні мәлім. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ буржуазиясының сондай ұлттық талаптарының бірі — ана тілінде газет шығару болды. Патша үкіметі бұл кезде өзінің отаршылдық саясатын жүргізуде татар тілмаштарының «көмегінен» бас тартып, қазақтың ұлттық буржуазиясына арқа сүйей бастаған еді. Патша администрациясының бұйрық-жарлығын жергілікті әкімдерге өз тілінде жектізу де қазақ тілінде шығатын газетті қажет етті. Сөйтіп, бірінші жағынан, қазақтың ұлттық буржуазиясының тілегін қанағаттандырып, екінші жағынан, жергілікті әкімдерінің қазақ елін басқару ісін жеңілдету ниетімен патша үкіметі ұлт тілінде газет шығаруға рұқсат берді.

1868—69 жылдардағы қыр облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережелерге сәйкес бұл тұста Қазақстан территориясы үш генерал-губернаторға бағынды. Орал және Торғай облыстары Орынбор генерал-губернаторына, Ақмола және Семей облыстары Батыс Сибирь генерал-губернаторына, Жетісу және Сырдария облыстары Түркстан генерал-губернаторына қарады.

Міне, қазақ тіліндегі алғашқы газет осы Түркстан генерал-губернаторының орталығы Ташкент қаласында

1870 жылы жарық көрді. Газеттің алғашқы номері «Түркстан уәләятінің газеті» деген атпен «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдың 28 апрелінде шықты. Сол газеттің бірінші номерінде басылған мәлімнамада «Түркстан генерал-губернаторының бұйрығы бойынша үшбу айдан бастанып Түркстан газеті шығады. Осы газеттерде бәрі жұртқа мәлім болмақ үшін генерал-губернатордың әр түрлі бұйрығы жазылар және жаңа қабарлар, сауда тақырыпты жазылар және Ташкентте уа өзге шаһарларда болған әр түрлі сөздер уа қабарлар жазылар. Бұл газет орысшадан басқа сартша, қазақтарға керектісі қазақша болып жазылар»¹ делінген. Газеттің айына 4 номері (екеуі қазақша, екеуі өзбекше) шығып тұрды. Газет алғашқы хабарламада «Түркстан ведомстыларына» қосымша делінгенімен, көп ұзамай-ақ өз алдына жеке газет ретінде шығып тұрған. Оған «Түркстан ведомстыларының» редакторы, белгілі шығыс зерттеушісі Н. П. Остроумовтың мына сөзі дәлел бола алады:

«Аталған «қосымша» («Түркстан уәләяті газетін» айтып отыр. — Б. А.) Түркстан ведомстыларының редакциясына қаражат жағынан болмаса, басқа ешқандай қатысы болған жоқ. Осы жағдайда ол 13 жыл бойы, 1883 жылға дейін шығып тұрды. Газетті шығарушы басында генерал-губернатордың тілмашы Ибрагимов, ал кейін генерал-губернатор канцеляриясының тілмашы Чанышев болды... 1883 жылдың басынан бастап Түркстан генерал-губернаторы генерал-лейтенант Черняевтың бұйрығымен газет редакциясын басқару маған тапсырылды. Сонымен бірге оны қырғыз (қазақ. — Б. А.) тілінде шығару тоқтатылып, ол сарт (өзбек. — Б. А.) тілінде жұмасына бір рет шығатын шағын газетке айналды»². Сөйтіп, газетті он жылдан астам уақыт өзбек, қазақ тілінде шығарушы генерал-губернатордың тілмашы Ш. М. Ибрагимов болды. Шагимардан Мирясович Ибрагимов (1841—1891) Ш. Уәлихановтың жақын достарының бірі болған, ұлты — башқұр, көп жылдар бойы Петербургта, Ташкентте тұрып, тілмаштық қызмет атқарған. Әуелі коллежский советник, кейін стат-

¹ «Түркстан уәләятінің газеті», 1870, № 1.

² Н. П. Остроумов. Сарты. Этнографические материалы, вып. I, Ташкент, 1890, стр. 127.

ский советник чинін алған адам. 1881 жылы Қашқарға, кейін араб елдеріне консул болып кеткен.

Ш. М. Ибрагимов туралы пікірін сұраған обер-прокурор Победоносцевқа Н. И. Ильминский құпия түрде былай деп жауап қайырған:

«Ибрагимова я видел в прошлом году... О его нравственном или политическом характере я ни от кого ничего не слыхал, ни в какую сторону... Говорит бойко, красноречиво и энергично. Но это ничего еще, а вот чего можно опасаться: служив долго в центре Туркестанского управления, он, как человек внимательный и умный, вероятно отлично узнал всю подноготную мусульманских стран, народов и правительств; как на ладони, видит и знает всю собокупность мусульманского мира на всем лице земли; лично знаком со многими лицами и в России, и в Средней Азии, и в Индии, и в Киргизской степи и т. д. Так что, если ему, паче чаяния, влезет в голову идея панмусульманская, то оно владеет к тому полным знанием и всеми нравственными средствами. А в то же время блестящим русским говором и изложением, идеями прогрессивными, даже, когда нужно, либеральными, обращением и манерами ловкими и совершенно светскими, смелостью и умелостью держать себя с достоинством, но без дерзости, пред кем угодно, — всем этим он может обаять и ослепить наших господ и чинов высшего управления»³.

Н. И. Ильминскийдің бұл мінездемесіне қарағанда, Ибрагимовтың өз заманындағы білімді, көзі ашық, мәдениетті, сондай-ақ прогрессивтік идеядағы адам екенін көреміз. Сонымен қатар, Ш. М. Ибрагимов қазақтың ауыз әдебиетін жинап, ол жөнінде және этнография тақырыбына ондаған ғылыми мақалалар жазған адам. Бәрінен бұрын оның шығыс тілдерін өте жақсы білгенін атап айту қажет. Бұл жөнінде жоғарыда келтірген Н. И. Ильминскийдің мінездемесінде де айтылған. Сондай-ақ екі тілде шыққан «Түркстан уәләяті газетінің» редакторы болғанын келтірсек те жеткілікті.

Газет өзінің үкімет бекітіп берген программасы бойынша жергілікті халықтарға қатысты Түркстан генерал-губернаторы мен облыстық әскери губернаторлардың бұйрықтарын, сот орындарының шешімдерін,

³ Письма Н. И. Ильминского. Казань, 1898, стр. 117.

сауда хабарларын, жергілікті халықты қызықтыратын Россия және басқа мемлекеттердің өмірінде кездесетін кейбір уақиғаларды, шаруашылық өмірдің жаңалықтарын жазып тұруға тиіс болған. Алайда, газет жүре келе ол программадан едәуір тысқары шығып, қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиетіне қатысты материалдарды да жиі жариялап отырғанын көреміз. Газет бетінен біз әр түрлі сауда, шаруашылық хабарларымен қатар, халыққа пайдалы медициналық, ветеринарлық кеңестерді, жаратылыс құбылыстарын (күн тұтылу, жер сілкіну, жаңбыр мен тұман, найзағай т. б.) ғылыми негізде түсіндіруге арналған мақалаларды, шармен аспанға ұшу, Магеллан саяхаты, телеграф арқылы сөйлесу сияқты ғылым мен техника жаңалықтарын оқи аламыз. «Мың бір түн» ертегісі, Сібірді бағындырған Ермак батыр туралы аңыз, орыс-түрік соғысы туралы хабар, Бабажанов Қожасалық жинап бастырған қазақ мақалдары газеттің бірнеше номеріне басылған. Қазақ жеріндегі отаршылдық езуге қарсы шыққан 1869 жылғы Орынбор қазақтарының, 1870 жылғы Маңғыстау қазақтарының, Іле бойындағы көтерілістер жайында газет бетінде мақалалар басылған. Сонымен қатар газетте қазақ арасындағы ел басқару жайы, жаңадан ашылған мектеп, медіреса, салына бастаған темір жол құрылысы, байланыс бөлімдері сияқты мәселелер сөз болады. Газет бетінен ағартушылық идеяны насихаттайтын мақалаларға кең орын берілген.

Қазақтың алғашқы ағартушысы Шоқан Уәлиханов және оның зираты туралы алғашқы деректерді осы газет бетінен кездестіреміз (1870, № 3; 1872, № 1). Газетте қазақтың ұлттық ойындары, жұмбақ айтысуы сияқты дәстүрлері сөз болып, қазақтың Мәделіқожа, Орынбай, Досанбай сияқты ақындарының өлеңдері мен қарақалпақ ақыны Әжнұз бен Меңеш қыздың айтысы басылған. Газет қазақ тілі жөнінен әдейі мақала жарияламағанымен, оның бетінен қазақ тілін таза сақтауға шақырған, өзбек, татар сөздерін араластырып өлең шығарған, кітап жазған адамдарды сынаған мақалаларды кездестіруге болады.

Мәселен, газеттің 1876 жылғы 29-номерінде Қазанда басылған «Қожа Ғафан уа һәм Сәдуақас» деген қиссаның тілі сөз болады. Бұл кітаптың «қазақша делінгенімен, сөзінің көбі ноғайша» екенін айтып, мысалдар кел-

тіреді. «Тал» деп жазатұған жерге «дал» деп, «молда» дегеннің орнына «молла» деп, «депті» дегенге «тибтді» деп жазылған. Немесе «Басыра деген шаһарда жамағатлар бір үлкен долтылы бай болған екенлер» деп қазақ айтпайды» — деп көрсетеді автор. «Тегі қазақ тілінде жазылғаны рас, көшіргенде бір ноғайдың қолына түсіп, со ноғай бұзып, ноғайша қылып жазып шығарған деп ойлаймыз. Ноғай болғанда да Қазан ноғайының тіліне ұқсамайды, Тобыл ноғайының тіліне келіңкірейді» деп қорытады. Ақыр аяғында «бұл қыссаны оқыған адам қазақ тілі осы деп ойласа керек, қазақ тілі қандай жарасып, бір-біріне жабысып тұрғанын білгіңіз келсе, біз бір-екі ауыз сөз жазалық» деп Орынбай ақынның өлеңінен үзінді береді.

Енді бір мақалада (1878, № 3) газетке жіберген бір өлең туралы «бұл өлең тәуір жазылған болса да, ішінде қазақ түсіне алмайтұған сарттың тіліменен жазған сөзі көп екен. Біз қолымыздан келгенше біраз «айғай» деген сөздің орнына «шауқұм» деп жазған сөздеріндей тілін түзетіп өлеңшінің сұрауы бойынша газетімізге басып шығардық» — деп жазады. Автор: «Осы күнде қазақтың өлеңшілері қазақ тілін қойып, сарттың тілін қосып өлең шығаратұған болыпты. Сөйтіп қазақтың өз тіліменен жазылмаған өлеңі қазақ өлеңіне ұқсап, бір-біріне ұйқасып, қызық болмайды» деп қорытады.

Бұл пікірлерге қарағанда және газет тіліне лингвистикалық талдау жасағанда, газет редакциясының, шама келгенше, газетті таза қазақ тілінде шығаруға тырысқанын көреміз. Газеттің соңғы жылдардағы номерлерінде, әсіресе 1882 жылдан бастап, оның тіліне бірен-саран татар элементі кіре бастағаны байқалады. Негізінен алғанда, «Түркстан уәләяті газетінің» тілінің сол кездегі қазақтың ауызекі сөйлеу тіліне жақын екенін көреміз.

Газет Қазақстанның әр жерінен (Ақмоладан, Алматыдан, Семейден, Ішкі ордалықтан, Орынбордан т. б.) хабарлар басып тұрған, сондай-ақ сол жерлерден газетті алдырып тұрушылар да болған. Мәселен, газеттің 1877 жылғы 3-номерінде Семей қаласының тұрғыны Сүлеймен дегеннің редакцияға жолдаған хаты басылған. Ол өзінің хатында «Жақында бір үлкен жиын болып еді, бұл жиында сіздің газетті оқыдық. Көңілімізге жақты... Сіздің газетті шешен молдамыз қолына алып,

өзіміздің қазақ тілінде оқып жіберген соң, біз со жерде жиылып отырып, біз қазақты бір жұрт біліп, біздің тілімізде газет бастырғаны үшін генерал-губернатор Кауфманға төңірі жарылғасын айттық» деп жазады. Алайда бұл газет жалпақ қазақ жұртына тегіс тарай алмаған. Газеттің 1877 жылғы 2 марттағы номерінде оның тиражы туралы «осы февральдың жиырма үшінші күніне че (шейін. — Б. А.) біздің қазақ тілінде басылатұған газетті алатұған кісінің есебі е к і ж ү з қ ы р ы қ кісі» деп көрсетеді.

Газеттің 1882 жылғы 4-номерінде жаңадан «Дала генерал-губернаторлығының» құрылып жатқандығы, оның орталығы Омбы қаласы болып, оған Ақмола, Семей, Жетісу облыстары қарайтындығы айтылады. Міне, Түркстан генерал-губернаторының ұлықсатымен шығып тұрған «Түркстан уәләті газетінің» қазақша бөлегінің 1883 жылы жабылуына да осы жағдай себепші болған болуы керек. Қазақ тіліндегі екінші газет бұдан 5 жыл кейін 1888 жылдың 1 январынан бастап жаңадан құрылған Дала генерал-губернаторының органы ретінде оның администрациялық орталығы — Омбы қаласында шыға бастады.

Газет алғашқысында Ақмола облыстық ведомстыларына жалғама ретінде (орысша «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомстям» деген атпен), кейін 1894 жылдан бастап Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының ведомстыларына жалғама ретінде «Дада уәләтінің газеті» деген атпен (орысшасы — «Киргизская степная газета») ⁴ жұмасына бір реттен өз алдына бөлек шығып тұрған. Газетті шығарушы және оның бақылаушысы Дала генерал-губернаторы болды.

Газет «Ақмола облыстық ведомстыларының» баспаханасында басылып, Қазақстанның барлық түкпір-түкпіріне дерлік тараған. Газеттің редакторы ретінде әр уақыт И. Козлов, К. Михайлов, Г. Абаза деген кісілер қол қойып отырған, қазақшасын үзбей басқарған, яғни «старший переводчик» қызметін атқарған Ешмұхамед Абылайханов болды. Бұдан басқа аудармашылар болып

⁴ Орысша «Киргизская степная газета» деп аталумен байланысты қазақша «Қырдың қазақ газеті» деп атау керек деген ұсыныс түседі, бірақ газет редакциясының, неге екені белгісіз, бұрынғы атын өзгертпей қалдырғанын көреміз. «Дала уәләтінің газеті», 1896, № 32.

Дінмұхамед Сұлтанғазин, В. Чалымбеков, Р. Дүйсеібаев, т. б. істеген. Газет ісіне үзбей қатынасып тұрған О. Әлжанов, Аппасов, Д. Айманов, Х. Бекходжин, Д. Иманқұлов, А. Құрманбаев, А. Қылышбаев, А. Нөкербеков сияқты газеттің өз тілшілері болған. Мұнымен бірге Қазақстанның әр жерінен жиі мақала жазып тұрған Алекторов, З. Нұралыханов (Ішкі ордадан), Ж. Көпеев (Баянауылдан), Қ. Жапанов (Керекуден), Бабайбүркіт (Зайсанин) сияқты адамдар да болған.

Газеттің барлық тиражы бізге мәлім емес, бірақ бір мәліметте газетке «міндетті жазылушылар» дегеннің (болыстық, ауылдық қызмет адамдары) саны 1332 адам екені көрсетіледі⁵.

Бұл газетті шығарудағы патша үкіметінің алдына қойған мақсаты генерал-губернатор Таубенің 1893 жылғы 11 декабрьде бекітіп берген газет программасында көрсетіледі. Ол программа бойынша газет «жоғарғы ұлықтардың қазақ даласына қатысты бұйрық-жарлықтарымен қазақтарды таныстырып тұруға, сондай-ақ олардың арасына елдің табиғаты, тұрмысы, шаруашылық жөйі (мал шаруашылығы, егіншілік, айырбас сауда т. б.) және мәдени өмірі (әдет-ғұрып, өсиет, ертек, әңгіме, халықты сауаттандыру т. б.) туралы хабарларды таратуға» тиісті болды. Патша үкіметі сөз жүзінде осылай дей тұрса да, іс жүзінде қазақ халқын ағартуды тіпті де көксеген жоқ. Шын мәніндегі оның көздегені — үкімет жарлықтарын ана тілінде тарату арқылы оны сөзсіз орындаттыруды қамтамасыз ету, жергілікті халықты басқаруды жеңілдету, қазақтың артта қалған патриархалды шаруашылығын біраз ілгері көтеріп, оны патша үкіметінің шикі зат жөніндегі қажетін өтейтін дәрежеге жеткізу, сондай-ақ қазақтың өз тілін дамыта отырып, сол кездің өзінде «патша үкіметінің орыстандыру саясатына зиянын тигізе бастаған» шағатай, түрік, татар тілдерінің ықпалына қарсы күресу болды. Сөйтіп, өзінің отаршылдық саясатын одан әрі күшейте беру мақсатын ұстады.

Газет екі бөлімнен (ресми және ресми емес) тұрды. Ресми (газеттегіше айтсақ, «Бұйрықтар жазылатын бөлегі») бөлімінде патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің қазақтарға қатысты бұйрық-жарлығы жарияланып отырды. Ал ресми емес («Бұйрықтан басқа сөздер

⁵ ЦНА КазССР, фонд 64, опись 1, связка 406.

жазылатын бөлегі») бөлімінде негізінен көтерілген мәселелер: ел басқару жәйі, егіншілікті өркендету немесе отырықшылыққа көшу, мал тұқымын асылдандыру, сауда хабары, мәдениетке ұмтылу (мектеп ашу, дәрігерлік жәрдемді күшейту, әдебиетті, қазақтың ана тілін дамыту) т. б. болды. Мұнымен бірге газет өз оқушыларын Россияда, шет елдерде болып жатқан ірілі-уақты оқиғалармен, әр түрлі ғылым жаңалықтарымен, көршілес Орта Азия, Қытай халықтарының тұрмысымен таныстырып отырған.

Газет редакциясы кейде жоғарыдағы бекітілген программадан шығып кетіп, қараңғы халықтың көзін ашуға көмектесетін материалдарды да басып отырған. Газеттің кейін жабылуына да осы жағдай бірден-бір себепші болған сияқты.

Қазақ халқының артта қалуының басты себебі оның надандығынан деп түсінген газет редакциясы халықты өнер-білімге шақыруды өзінің басты міндеті деп білді. Сондықтан да қырдағы әрбір ашылған мектеп, оқуға түскен қазақ баласы газет бетінде ескерусіз қалмады. Мәселен, «Қырдан школ ашатын турадан» деген мақалада өз күштерімен мектеп салып, оны өз қаражаттарымен ұстап тұрамыз деп бастама көтерген Ақмола облысы Атбасар уезі қазақтарының бастамасын газет қызу құттықтап, «Үшкөл салғаны ғылым білімінің ұшығын орнатқанмен бірдей... Үшкөл ашқанға жаһад еткен адамдар өзінің ғылым жолына қылған хызметіне кейінгі жұрағаттарынан рахмет алып, олардың жадын-да болар» деген сенім білдіреді ⁶.

«Ғылымның әуелгі жарығы» деген бір мақалада Ақкөл-Қызылкөл деген селода хат танытатын мектеп ашуға татарлардың қарсы болып, мектепті амалсыздан қазақтар тұратын Күзембай ауылына апарғанын, қазақтар мектептің ашылуын қуана қарсы алғанын жазады. Мектептің жайын былайша суреттейді: «...Оқимын дегендер отыз шамалы, жаз шәкірттер қырықтай болады. Ішінде 30 жастағыдар да бар, бұлар жасым үлкен деп оқу оқуға ұялмасын, жас оқуға бөгет қылмайды. Бүгінде медресе бір кісінің үйінде, бұл үй көп ыңғайлы

⁶ «ДУГ», 46, 1896. Бұдан былай «Дала уәләятінің газеті» қысқартылып «ДУГ» деп алынды, осы сияқты «Түркстан уәләятінің газеті» де «ТУГ» түрінде қысқартылды.

болмаса да (оқитын букварь кітаптарының барлығы 15), білім жұмысы ілгері жүрулі, баладар да жақсы оқиды...»⁷.

Бұдан әрі Семей уезінде бұдан басқа тағы да 4 мектеп ашылғанын айтып, «қазақтар медресені бірте-бірте ашып жатыр,— молла жоқ. Мына бір шешуге ұмтылатын жауап» деп, жоғарғы әкімдердің алдына мұғалімдер даярлайтын мектеп ашу мәселесін қояды. Газетте мұндай мақалалар жиі кездеседі. Сондай-ақ жергілікті қазақтардың арасында дәрігердің жоқтығынан, бақсы-бөлгерліктің кең өріс алғаны жазылады. «Мұсылманнан болған ұрғашы дәрігерлер» деген корреспонденцияда қазақ әйелдерін емдеу үшін әйел дәрігердің өте қажет екені көрсетіледі. Қазақ әйелдерінің сол кездегі ауыр халі (қалың мал, правосыздық) суреттелген мақалалар газетте баршылық. Мәселен, «Осы уақыттағы қазақ ұрғачыларының көркен күнінің қайғы қафалықта екенінің баяны» деген мақалада Дала уәлаятіндегі облыстық мекемелердің қарауына қазақтардың құдалық, неке жайларынан көп арыздар түсетіндігі, «берген арыздарын жақынырақ анықтап қарағанда, қазақтардың үй іштері біріне-бірі аямастан қайғы-қафа келтіріп өз еркіменен қысымшылық қыла беретіндігі» айтылады⁸. «Қазақ әйелдерінің халдерінен» деген корреспонденцияда қазақ әйелдерін «Ықтиары жоқ бір жан секілдідүр яки жанға да ұқсамайды, бір жансыз нәрседейдүр» деп көрсетеді⁹. «Кереку оязынан хат» деген мақалада қазақтың жаңа туған балаларға құда түсіп қоятынын, әменгерлік, жесір заңын сынайды¹⁰.

Газет Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты қазақтың ардагер ұлдары туралы бірсыпыра деректер де береді, олардың өз халқы алдында сіңірген еңбектерін ескерусіз қалдырмайды. Мәселен, Шоқан Уәлихановтың туғанына 60 жыл толуына арналып берілген мақалада оның энциклопедиялық білімі, адамгершілігі, ғылыми еңбектері сөз болумен бірге, оның өз халқының болашағын ойлағаны да айтылады. «Шоқан Уәлиханов, — деп жазады газет, — ғылым өнер иесі халықтың (әңгіме орыс

⁷ «ДУТ», 10, 1896.

⁸ «ДУТ», 33, 1894.

⁹ Бұл да сонда. 43, 1899.

¹⁰ «ДУТ», 45, 1899.

халқы туралы. — Б. А.) ғадет заңын біліб даңғыл биік жолға шықса да, өзінің туған жайын жатырқамады һәм ұмытбады... Руся халқының қорғаб-қорчаб болысқаны бірлән азия халықтары ілгері басып һәм наданшылығынан құтылар ма деп ойлар еді»¹¹.

Ы. Алтынсарин туралы газетте басылған мынақыпта (некролог. — Б. А.) Ыбырайдың білімі орысша-қазақша бастауыш мектеп көлемінде болса да, өзінің ерекше дарындылығымен, білім құмарлығымен, сондай-ақ орыстың Григорьев, Ильминский сияқты білімді адамдарының ықпалымен өздігінен ізденіп, тамаша білім алғанын айта келіп, оны «қоғам үшін, өзінің туған қазақтары үшін пайдалы аса көрнекті қайраткер еді» деп көрсетеді¹².

2. Газет бетіндегі әдебиет мәселелері

Газет өз бетінен әдебиет мәселелеріне көп орын бергенін көреміз. «Дала уәләятінің газеті» бетінде Абайдың екі өлеңі, Ыбырайдың «Қырғыз хрестоматиясына» кірген бірнеше әңгімелері жарияланған. Бірақ бұл шығармалар олардың атынан емес, басқа бір автордың атынан не авторсыз берілген. Мәселен, Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңі біраз өзгертіліп, «Семей оязы Чыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай аулының Бақанас өзенінің Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген тақырыппен Көкбай Жанатай ұлының қолы қойылып басылған. Ал ақынның «Күлембайға» («Болыс болдым, мінекей») деген өлеңі авторы көрсетілмей, «1888 жылда, май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы менен Жетісу облысының чрезвычайный съезі болғанда бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі» деп берілген. Бұл өлеңге де бірсыпыра өзгеріс енгізілген. Абайда бұл өлең «Болыс болдым, мінекей» деп басталатын болса, газетте — «Болыс болды кей кісі» деп, түгелімен III жақта келтірілген.

Осы сияқты Ы. Алтынсариннің «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңі газетте «Нұржан бидің оқудағы баласына жазған хаты»¹³ деген атпен Қы-

¹¹ Бұл да сонда, 43, 1899.

¹² Бұл да сонда, 45, 1899.

¹³ «ДУГ», 51, 1892.

лышбаев Абдрахманның қолы қойылып берілген. Ал «Ізбасты», «Сәтемір хан» деген әңгімелерінен кейін Шахзанде Айса ұғлы Чорманов деген атақ қойылған. Бұлармен қатар газеттің әдебиет мәселесіне қаншалық көңіл бөліп, өз бетінен орын бергенін бірнеше номерге қосымша қылып әдеби бет беруінен, сондай-ақ әдебиет мәселесі туралы пікір таласын (диспут) ұйымдастыруынан айқын көруге болады. Әрине, бұл пікір таласы қазіргідей келелі әдеби проблеманы көтермегенімен, сол дәуір үшін маңызды да қажетті мәселе төңірегінде, яғни газетке кімдерді тарту және не туралы жазу керек деген сияқты мәселелер айналасында болған.

Айтыстың басталуына газеттің 1889 жылғы 24-номеріндегі жазылған мақала себепші болады. Ол мақалада автор «...қазақ газетіне жазатын кісілер газетті мейлінше мақтап, қырдағылар таңсық көріп оқиды деп жазса да, газеттің бұйрықтан басқа сөздер жазылатын бөлегіне қазақтар турасынан неш нәрсе жазылмай жатыр» дей келіп, газетке Шортанбай, Шөже сияқты ақындардың өлеңдерін басудың қажеттігін айтады. Одан әрі ол «Қазақ халқының өз алдына өлең, жыры бар. Кім білмейді қазақтың ақындары Шортанбай мен Шөжені, Орынбайды, Найманбаланы я Сырым керейден Күлембайды һәм ғайрыларын?! Қазақтарға осы ақындардың қайсысының сөзі күшті, білуге жөні бар ма?! Шерниязды ойласақ, қызыл тілдің арқасыменен жаны қалған. Шөже Қарынбай секілді сараң кісіден сый алған...» деп жазады.

Бұл мақалаға қарсы іле-шала Ғ. Шоңаев («ДУГ», 1889, № 26), Наурызбаев («ДУГ», 1889, № 29) дегендердің хаттары жарияланады. Бұл авторлар «...ол ақындардың (әңгіме жоғарыдағы Шортанбай, Шөже сияқты ақындар туралы. — Б. А.) өлеңдері газет оқитындарға неш пайдасы жоқ, себебі олар... өлеңді бір-ақ сый алу үшін айтады, өсиет емес» деп, одан да ғылым, білім, тарих туралы мақалаларды көбірек басу керек дегенді айтады.

Ғ. Шоңаев газет оқушыларын татар әдебиетімен таныстыруды қажет деп санайды. Бұларға қарсы, алғашқы мақаладағы пікірді қолдап, Х. Сеңгірбаев деген мақала жазады. Ол да газет бетінде әдебиет мәселелері, қазақтың ертегі, аңыз, әңгімелерінің басылуының қажеттігін сөз етеді («ДУГ», 1889, № 3).

Газеттің сол жылғы 39-номерінде «Газетшілерден» деген тақырыппен редакциялық мақала жарияланады. Онда редакция мақала авторларын құр сөз таластыруға, бірін-бірі айыптауға бармауға шақырады. Атақты ақындардың бәрі де тек сый үшін өлең шығарады дегеннің дұрыс емес екендігін ескертеді. «Мәселен, — деп жазылған мақалада, — Шортанбай барлық уақытта өлеңді сыйлық үшін шығармаған, оның қазақ халқының қазіргі хәл-жағдайын суреттейтін «Зар заман» атты 3 бөлімнен тұратын поэмасы бар». Ғ. Шоңаевтың «татар әдебиеті шығармаларымен таныстырайық» деген пікіріне редакция үзілді-кесілді қарсы болады. Ақырында, редакцияға түсіп басылмаған басқа да хаттарға шолу жасай отырып, редакция мақала авторларын өзара айтысуды қойып, газетке пайдалы нәрселер туралы жазып тұруға шақырып қорытынды жасайды. Алайда әдебиет мәселесі туралы айтыс бұнымен аяқталмайды.

Газеттің сол жылғы 42-номерінде «Ш. Ч.» деген псевдониммен жарияланған мақалада және 48-номеріндегі Жүсіп Көпеевтің мақаласында бұл мәселе қайта көтеріледі. Бұлар негізінен алғашқы мақала авторының пікірін қолдайды. Сонымен қатар осы мақаласында Ж. Көпеев Абайдың газет бетінде бұрын жарияланған «Жазды күн шілде болғанда...» деп басталатын өлеңін «...тек Құнанбаевтардың өмірі мен байлығын суреттеуге арналған, өлең халықтың тұрмысын жақсарту сияқты пайдалы нәрсеге шақырмайды» деп сынайды. Оның бұлай деуінің себебі, жоғарыда көрсетілгендей, өлеңге «Семей оязы Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай аулының Бақанас өзенінің Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген тақырып берілген. Бұл — бір болса, екіншіден, Абайдың өз нұсқасындағы кедейдің ауыр тұрмысы көрсетілген кейбір жерлер газетте біраз өзгертілген де, кейбір жерлері мүлдем алынып тасталған. Ал, шындығында, Абайдың бұл өлеңінде жазғы табиғат суреті тамаша шебер берілумен қатар, кедейлердің ауыр тұрмысы жол-жөнекей ашыла кеткен ғой. Бір таң қаларлық жай, Абайдың жоғарыдағы өлеңіне газетте Көкбай Жанатаевтың қолы қойылғанына қарамастан, Көпеевтің мына мақаласына қарағанда, өлеңнің Абайдікі екендігі жұртшылыққа сол тұста-ақ мәлім болған сияқты.

Осы мақаласында Ж. Көпеев Абайды әкесі Құнанбай өлгенде ас бермеді, қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрін бұзды деп те кінәлайды. Шындығында да, Абайдың Құнанбай асына деп шығарылған малдарды сатқызып, ақшасын орыс мектептерінде оқитын қазақ балаларына бергізуі Құнанбайдың өзге балаларына да, көршілес елдерге де ұнамағаны бізге Сәбит Мұқановтың «Жарқын жұлдыздар» кітабынан мәлім.

Ж. Көпеев осылайша Абайды айыптай отыра, оның ақылдылығын, халық алдындағы абыройын жоққа шығармайды. «Біздің естуімізше, — деп жазады ол, — Ыбырай ақылдылығымен әкесі Құнанбайдан да озған қайраткер адам. ...Алайда, қадірменді Ыбырай әрі қауым жұртын билеп тұрған, әрі мал байлығы өлеңге шыққан (бұл арада жоғарыдағы өлеңді айтып отыр. — Б. А.) ауқатты адам болған соң, оның іс-әрекеті мен қызметі де өзінің ел ішіне лақабы жайылып, баспа бетінде жария болған абыройына, жұрттың пікіріне лайық болса керек...».

Көпеевтің бұл мақаласындағы оның Абай туралы пікірі жұртшылық назарын аударады. Газеттің 1890 жылғы 5 январьдағы номерінде Хасен Кәкенов, сол жылғы 29 июньдегі санында Сәрсекей Артықбаев деген кісілер Көпеевтің Абай туралы пікірінің жаңсақ екенін көрсетеді. Х. Кәкенов былай деп жазады:

«Көпеев онша мақтамаса да, Ыбырайдың өзін байлығыменен емес, өзінің ақылыменен бір өз төңірегіне емес, бүтін бір ойазға аты шыққан мейлінше құрметті, сүйікті һәм сенімді қазақ деп алыстан естиміз». Жоғарыдағы мақала авторлары әдебиет мәселесі туралы айттыққа қатыса отырып, бірінің басындағы кемшілікті бірі қатты сөздермен мінеуден де тартынбады. Сондықтан да болу керек, редакция Х. Кәкеновтің мақаласынан кейін «жазған кісінің сұрауынша осы хатты басып, газетшілер құрметті газетке жазушылардан сұрайды болашақ уақытта өздеріңіздің туысқандарыңыздың ынсаф-мінездері, қылықтары турада байқап айтуға һәм әбден анықталған сөздерді һәм хабарларды білдіруге» деп ескертпе жасауға мәжбүр болады.

Газетте қазақтың ауыз әдебиеті материалдары да көп басылған. Халық аузындағы Жиренше, Алдар көсе, Қожанәсірмен байланысты әңгімелермен қатар, Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Еңлік — Кебек туралы ел

аузындағы жырлар, ертегілер басылған. Ішмұхаметов Мұхаметзәкір деген адам қазақтың 250-ден астам мақалын жинап, газеттің 1899 жылғы бірнеше номеріне бастырған. Бұлармен қатар қазақтан басқа халықтардың ертегілері, мысал-әңгімелері де қазақшаға аударылып басылып отырған. И. А. Крыловтың «Қарға мен түлкі», «Құмырысқа мен шегіртке», «Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» («Пустынник и медведь»), Г. Успенскийдің, Л. Н. Толстойдың әңгімелері т. б. аударылып берілген.

Газет қазақ әдеби тілінің жәйі, оның болашағы туралы да, бірнеше мақалалар басқан.

3. «Дала уәләяті газетіндегі» қазақ тілі мәселелері

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ даласында ұлт тілінде мектептер ашылып, кітап, газет шыға бастауымен байланысты қазақ тілін дамыту, оның әліппесін жетілдіру, қазақ тілінің заңдылықтарын зерттеп, оқулықтар шығару талабы күн тәртібіне қойыла бастағанын жоғарыда айттық. Міне, осы дәуірде жарық көрген қазақ халқының ұлттық баспасөзі «Дала уәләятінің газеті» де бұл мәселелерге соқпай кете алмады.

Бұдан жиырма жылдай бұрын шыққан «Түркстан уәләяті газеті» қазақ тілін таза сақтау туралы бірер мақала жариялағаны болмаса, бұл сияқты проблемалық мәселелерді көтере алмаған еді. «Дала уәләяті газеті» бетінде қазақ тілінің сол кездегі хал-жағдайы, оның болашағы, қазақ жазуын жетілдіру жолдары сияқты түбегейлі мәселелер көтеріліп, пікір таласы ұйымдастырылып отырды.

Қазақ тілі туралы мақала жазушылар сол кездегі қазақтың алдыңғы қатарлы оқығандары — мұғалім, аудармашылар мен молдалар болатын. Мәселен, газетте бірнеше рет қазақ тілі туралы мақаласы басылған Дінмұхамед Сұлтанғазин — Шоқан Уәлихановтың немере інісі, орысша оқыған, көп жылдар бойы «Дала уәләяті газетіне» аудармашы ретінде белсене араласқан адам. Оның газетке басылған мақалаларының қай-қайсысынан да прогресшіл идеяны айқын көруге болады. Д. Сұлтанғазин Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеясын қызу қуаттап, оның бастаған ісін одан

әрі апаруға ат салысқан. Оның «Жазғытұрым» («ДУГ», 17, 1888) деген өлеңі Ыбырай өлеңдерінің тікелей әсерімен жазылған.

Қазақ тілі туралы мақалалардың авторларының бірі Асылқожа Құрманбаев та — прогресшіл идеяда болған адам. Революцияға дейін ол мұғалім болып жұмыс жасайды, революциядан кейін Совет үкіметінің басқару істеріне белсене араласқан. «Дала уәләяті газетіне» қазақ өмірінің түрлі жақтарынан мақала жазып тұрған, И. А. Крыловтан бірнеше өлең, әңгімелер аударған.

Бұлар сияқты басқа авторлар да (Рахымжан Дүйсенбаев, Отыншы Әлжанов, Жүсіп Көпеев) өз мақалаларында сол кездегі прогресшіл идеяны (отырықшылыққа көшу, надандық шырмауынан шығып, өнер-білімге ұмтылу) насихаттаған адамдар.

Р. Дүйсенбаев жөнінде И. Лаптев былай деп көрсетеді: «Господин Дүйсенбаев — уроженец Каркаралинского уезда, Семипалатинской области. Как человек «образованный», он не прочь иногда употребить иностранное слово (хотя сравнительно редко), он принадлежит к числу «молодых киргизов, старающихся о чистоте языка литературного, обыкновенно испещренного множеством арабских, сартовских, а еще более татарских слов»¹⁴.

Рахымжан Дүйсенбаев революциядан кейін Ақмолада қазақ тілінде тұңғыш шыққан большевиктік «Тіршілік» газетінің алғашқы редакторы болып қызмет еткен.

Қазақ тілі туралы газет бетінде ең алғаш мақала жазған — Адықов деген кісі. Онда ол «бұ уақытта бір кемшілік қазақ тілінше жасалған бір кітаб жоқ, баршасы ноғайша, сартша һәм ғайры тілде аралас» деп көрсете келіп, «хәл-қадірінше кітаптарды анық қазақ тіліменен шығарып тұрса жақсы болар еді» деген тілек білдіреді¹⁵.

Бұл мақала, тегінде, газетте тіл мәселесін көтеруге алғаш қозғаушы болған сияқты. Осы мақаламен бай-

¹⁴ И. Лаптев. Материалы по казак-киргизскому языку. М., 1900, стр. 76.

¹⁵ «ДУГ», 41, 1888.

ланысты газетке Шонаев дегеннің хаты түседі. Бұл хатында ол Адықовтың «қазақ тілінде кітап шығару керек» — дегеніне түсінбейтінін, үйткені ноғай тілінде шыққан кітаптарды да қазақтардың түсініп оқи беретінін, өзінің жалпы ноғай мен қазақтың арасында айырмашылық бар деп білмейтінін (екеуі де бір дінде — мұсылман дінінде, жазулары да бір — араб шрифтісінде) айтады ¹⁶.

Газет редакциясы бұған жауап ретінде редакциялық мақала жариялап, онда Шонаевтың айтқанымен келіспейтінін көрсетіп, қазақ тілі туралы, оның ноғай тіліне қатысы туралы құнды пікірлер айтады.

«Киргизское наречие, — деп жазылған бұл мақалада, — самостоятельная отрасль тюркского корня и относится к группе северных тюркских диалектов. Оно отличается от татарского особенною фонетикой: имеет много древних грамматических форм, какие встречаются только в старинных джагатайских книгах; включает довольно много слов древне-тюркских и даже монгольских, особенно относящихся к кочевому, пастушескому и родовому быту» ¹⁷.

Шынында да, қазақ тілінің түркі тілдерінің солтүстік тобына жататындығын, қазақ тілі лексикасында туыстыққа, құрал-жабдықтарға, мал атауларына байланысты көне түркі сөздерінің көбірек сақталып қалғандығын ХІХ ғасырдағы Радлов, Ильминский, Мелиоранский сияқты орыс ориенталистері де, тюркологтардың қазіргі ұрпақтары да бекерге шығарған емес.

Одан әрі бұл мақалада дін бірлігі мен жазудың бірлігі халықтың, тілдің бірлігін көрсете алмайтындығын Россия, Франция, Англия, Германия, Италия мемлекеттерінің бәрі бірдей бір дін, бір алфавит қолдана отырып, өз алдарына тілдері бар бөлек-бөлек халықтар екенін көрсету арқылы дәлелдейді. Ақырында, газет редакциясы өзінің Адықовтың пікірін қолдайтындығын, қолдарынан келгенше газетті таза қазақ тілінде шығаруға тырысатынын аңғартады.

Қазақ тілінің сол кездегі жағдайы, болашағы және т. б. мәселелері туралы айтыс бұнымен аяқталмайды. 1890 жылғы газеттің 6-номерінде Дінмұхамет Сұл-

¹⁶ Бұл да сонда, 2, 1889.

¹⁷ Бұл да сонда, 2, 1889.

танғазиннің «Біздің қазақ тілі туралы 5—6 ауыз сөз» деген көлемді мақаласы жарияланады. Осыдан кейін газеттің сол жылғы 20-номерінде «Таржман» («Переводчик») газетінің «Түркі лұғаттары турада» деген мақаласы көшіріліп басылады. Оған іле Ж. Көпеевтің, Рамазанов дегеннің мақалалары жарияланады. Кейінгі жылдарда газет бетінде көлемді және тартымды мақалаларын жариялап, А. Құрманбаев, Р. Дүйсенбаев, тағы да екі рет Д. Сұлтанғазин қазақ тілі туралы өз пікірлерін ортаға салады.

Бұл мақалаларда көтерілген мәселелер тақырыптық жағынан алып қарағанда, негізінен, қазақ тілінің түркі жүйелі тілдердің ішінде алатын орны, қазақ тіліне басқа тілдерден сөз алу принциптері, алфавит, орфография, пунктуация, т. б. болатын.

Ең алдымен, жоғарыдағы аталған мақалалардың бірқатары қазақ тілінің басқа түркі тілдері сияқты жеке тіл екенін танытатын өзіндік ерекшеліктері барлығын, оның сөз байлығының басқа туыстас тілдердің қай-қайсысынан да қалыспайтындығын көрсетуге арналған. Мұның себебі, бір жағынан, сол кезде қазақ тілін зерттеп, оның грамматикасын, сөздігін жасай бастаған орыс ориенталистерінің бірқатары оны жеке тіл емес, біртұтас түрік тілінің жеке диалектісі деп қате түсінсе, екінші жағынан, Гаспринский сияқты пантюрикистер әдейі «түркі тілінің һәр лұғатдарының өз алдына бөлекдері көп болса да, бір біріне ұқсайды» деп, осы негізде «түрік халықтарының бәрі пайымдағандай орталық лұғат шығаруды» уағыздады¹⁸. Сондықтан да мақаланың авторлары қазақ тілі, негізінде, түркі тілдерімен туыстас болғанымен, қазақ халқының кейінгі кезде шаруашылық, саяси-әлеуметтік жағдайларының өзгеруімен байланысты, тілінде де көптеген айырмашылық барлығын дәлелдеуге тырысты. Мәселен, жоғарыда аталған мақаласында Д. Сұлтанғазин «қазақ лұғаты ғайры лұғаттарменен (мысалы, сарт, ноғай уа ғайрылар) түркі тілі болса да, баяғы заманнан бері өз алдына бөлек сөйленіп келеді һәм ғайры лұғаттардан бөлінетін наһу (грамматика. — Б. А.) айырымдарынан басқа өз алдына бөлек әуездері (дыбыстары. — Б. А.) бар деген-

¹⁸ «ДУГ», 20, 1890.

ді айтты¹⁹. Мұндай фонетикалық ерекшеліктерге мысал ретінде ол қазақ сөздеріндегі ж дыбысы ноғайша көбінесе и болып, ноғай сөзінің ш-сы қазақша с, ноғайша м, қазақша б болып келетінін келтіреді. «Орта Азияның ұшы-қиырсыз жапан даласын мекендеп, тек қана мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы, — деп жазды А. Құрманбаев, — әлденеше ғасырлар бойы басқа Азия халықтарынан оқшау өмір өткізіп, өзіндік ерекшеліктерге толы тұрмыс шекті. Осыған орай оның тілі де өз бетінше дамып, өзімен бір түбірден (түрік) тараған басқа Азия халықтарының тілінен мүлде бөлек тіл болып қалыптасты»²⁰.

Сондықтан да бұлар барлық түркі тілдеріне ортақ бір жасанды жазба әдеби тіл шығару керек деген пікірдің де, «қазақ тілінің жоғарғы (әдеби. — Е. А.) тілі — ноғай лұғаты» дегеннің де дұрыс емес екендігін айтып, бұлай бола қалғанда, қазақтарға өз тілімен сөйлеп, жазғанда басқа бір тілмен жазуына тура келер еді, ал бұл халықтың сауаттанып, ғылым-білім алуы үшін үлкен қиындық келтірер еді деп көрсетеді. Басқа бір «жасанды» тіл іздемей-ақ, қазақ тілінің өзінің сөз байлығын толық пайдаланып, оны шама келгенше таза сақтауға шақырады. Бұл тұрғыда ана тілін таза сақтаудың қажеттігін сөз жүзінде ғана айтып қоймай, өзінің азды-көпті артында жазып қалдырған еңбегімен тәжірибе жүзінде үлгі көрсетіп кеткен Ыбырай Алтынсариннен үйрену керектігіне тоқталады, оның «Қырғыз хрестоматиясы» атты еңбегі шын мәніндегі таза халықтық тілдің үлгісі деп көрсетеді. Сондықтан «қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды, мұның қазақтың тілін жөндеп, көбейтпек үшін бастаған жұмысын қостап, ілгері бастырса жарайды» деп кеңес береді²¹.

Бұдан әрі А. Құрманбаев жоғарыда аталған мақаласында қазақ тілінің күннен күнге шұбарланып бара жатқанына, білімді деген қазақтардың өз сөздерінің арасына керекті-керексіз басқа тілден сөз қыстыруға тырысатынына қынжылады. Мәселен, — дейді ол, —

¹⁹ Бұл да сонда, 6, 1890.

²⁰ «ДУГ», 27, 1894.

²¹ Бұл да сонда.

қант, кісі, көрпе, жастық деген сөздер қазақша әп-әдемі сөздер бола тұрса да, білімді деген қазақ міндетті түрде оны татаршалап, шекер, кіші, жұрқан, минар деп айтады. Мұндай, өзге әр түрлі керексіз тілдердің орнына қазақтың тілін көтеріп, ілгері бастырып молайтап, орыстың оқуын үйренбек қазақ халқының өнерлі, оқымысты біліс адамдарының міндетті жұмысы болса керек деп түйеді. Және бұл жұмысқа «өзге әр түрлі бөтен тілдерді араластырмастан қазақтың таза тілдерімен жазып үлгі көрсету» арқылы жәрдем беруге «Дала уәләятінің газетін» де шақырады.

Тіл тазалығы үшін күресе отырып, газет бетінде мақала жазушылардың қай-қайсысы да қажетті жағдайда басқа тілден термин ретінде сөз алуға әсте қарсы болған емес. Қандай да жетілген тіл болсын экономикасы, мәдениеті жоғары көршілес халықтардың тілдерінен сөз ауысуысыз дамымайтындығын, мұның объективті процесс екенін түсіне білді. Мәселен, Сұлтанғазин бұл жөнінде былай деп жазды:

«Әлбетте, қазақ тіліне қай жұрттың тілінен болса да сөз қосуға қарсы келгеніміздің орны жоқ және мүмкін емес. Не себептен десеңіз, сөз көбейсе, халықтың байымын ұлғайтып, зиясын (ой-өрісін. — Б. А.) арттыруға себеп болады және ғақылы да молаяды. Оның бер жағында ғақыл молайса, сөз де көбейеді. Сонда да қазақтың тілін бұзбаймыз деп бір қалыптан аудармау біздей жаза тұрғандардың қолынан келмейді. Себебі, халықтың тілі, сөзі халықтың өзі тәрізді өсіп өнеді, өзгереді, түрленеді»²². Бұл сияқты А. Құрманбаев та «қазақ тілінде кейбір ұғымдардың атауы жоқ болған жағдайда, басқа тілдерден сөз алудан» қашпау керектігін, қазақ тілі, шынында да, ботаникалық, минералогиялық, зоологиялық т. б. ғылыми терминдерге жарлы екенін көрсетіп отырады²³. Басқа тілдерден сөз алуда қай тілдерге көбірек көңіл аударуды көкसेгенін автордың мына сөздерінен айқын көруге болады.

«Араб, фарсы һәм өзге тілдерді білгенменен білімді болмайды. Бұл тілдер бізге һеш бір пайда келтірмейді. Біздің қазақлар бұл аз айдалы тілдерді үйренуге уақытын өткізіп, еңбегін һеш қылғанша, онан да өзінің

²² «ДУГ», 31, 1896.

²³ Бұл да сонда, 27, 1894.

қазақ тілін һәм орысша тілді үйренуге уақытын өткізіп, еңбегін һеш қылса жарар еді; бұл тілдер бізге өзге тілдерден гөрі көбірек керекті болса керек»²⁴.

Бұл авторлар қазақ тіліне басқа тілдерден енген сөздердің қалайша транскрипциялану мәселесіне де соқпай кете алмады. Бұл жөнінде, әсіресе, Сұлтанғазиннің пікірі үлкен ғылыми топшылаудың жемісі ретінде әрі теориялық, әрі практикалық тұрғыдан ұстамды пікір еді. Бұл кісі шет тілден енген сөздерді екі топқа бөліп қарау керек деп көрсетті. I-топқа өте ертеде кіріп, қазақ тілінің фонетикалық заңына бағынып, өзінің о бастағы тұлғасын өзгертіп, қазақтың төл сөзіндей болып кеткен сөздерді жатқызады. Сондықтан да мұндай сөздерді жазғанда, олардың әуелдегі түрін іздеп жатпай-ақ, сол өзгерген, халықтың айтып жүрген күйінде беру дұрыс дейді.

Осылай дей отыра, шама келгенше сөздің негізгі тұлғасын сақтап жазуға кеңес береді. Мәселен, «қазақ тіліне кірген орыс сөздері турада айтатынымыз, — деп жазады Сұлтанғазин, — бұларды жазғанда сөздердің оңайлығына әм қазаққа қанша ұғымдылығына қарау керек. Қазаққа ұғымды болса, орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсастырып жазуға тырысу керек. Мысалы, қазақтар «жандарал», «жанарал» дейді әм «генерал» дегенді де жақсы пайұмдайды. Сол себептен *генерал* деп жазу керек. Орыстың көп сөздері қазақ тілінде ешбір өзгерген жоқ. Мысалы, *князь, судья, писарь* деген сөздер». Ал 2-топқа қазақ тіліне кейін, көбінесе, жазба тіл арқылы енген, әлі түп нұсқасы ұмытылмаған сөздерді жатқызады да, бұлар жөнінде олардың сол тілдердегі жазылу дағдысын сақтау керек деген принципті ұсынады²⁵. Бұл пікір — сол кездегі қазақ халқының сауаттылық дәрежесін, жазу мәдениетінің аздығын, тілдің заңдылықтарын көрсететін грамматика оқулықтарының жоқтығын ескеріп, бірден-бір дұрыс айтылған пікір еді. Тіпті бұл принцип қазіргі кезде де термин алуда, негізінен, толық жарамды болып отыр.

«Дала уәләятінің газеті» тәжірибе жүзінде өзі бастап транскрипциялаудың жоғарыда Сұлтанғазин көрсеткен принциптерін толық қолданғанын көреміз. Мы-

²⁴ «ДУГ», 27, 1894.

²⁵ «ДУГ», 6, 1890.

салы, генерал, губернатор, суд, судия, министр, подписка, начальник, редакция, партия, почта, консул, ряд, солдат, станция тағы басқа сөздер мүмкіндігінше орыс тіліндегі транскрипциясы сақталып берілген. Бұл принцип араб-парсы сөздерін жазуда да кең қолданылған.

Мақала авторларының қазақ халқының сол кезде қолданып жүрген араб алфавитінің кемшіліктері туралы да айтқан алуан түрлі пікірлері баршылық. Бұл пікірлердегі негізгі түйін — араб әліппесінің қазақ сөздерін жазуға толық үйлесімді еместігін айта келіп, ұлттық алфавит шығару мәселесін ойластыруды ұсынады. Бұл турада Р. Дүйсенбаевтың «Қазақ алфавиті туралы мәселеге» деген мақаласы көңіл аударарлық. Мұнда ол «қазақ тілі үшін араб әліпбиі мүлде жарамсыз, сондықтан не оны толықтыру, не жаңа алфавит жасау керек» деген батыл практикалық ұсыныс қояды. Сөйтіп, араб әліппесінің басты кемшілігі — ондағы «дауысты әріптердің жоқтығы» деп біледі. «В каждом языке, — деп жазады ол, — самое важное из букв — гласные. Без них или нельзя произносить слова, или очень трудно. А в арабском алфавите как раз их и нет. Арабский язык вообще беден гласными звуками. 3—4 гласных звука своего языка арабы изображают надстрочными и подстрочными знаками». Автордың ойынша, қазақ тілінде 12-ден астам дауысты дыбыс бар. Ал оларды арабта бар 3 белгімен (әріп) беру мүмкін емес. Оның үстіне арабтарға еліктеп, көбінесе, ол дауысты әріптерді де жазбайды. Сонда ылғи дауыссыз әріптер арқылы таңбаланған бір-біріне ұқсас сөздерді дұрыс оқу қиындық келтіреді. Бұл қолайсыздықтың бала оқытуда да зор кедергі екенін айттып, қалай да қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алатын алфавит жасауға шақырады. Оның ойынша, бұл үшін, кейбіреулер ұсынғандай, қазақ тілінің грамматикасын жасаудың да, оқымыстылардың шығуын күтудің де қажеті жоқ, қолдан келгенше қазақ оқығандарының өзі кірісуі керек²⁶.

Араб әліппесінің қолайсыздығын басқа авторлар да, атап айтқанда, Сұлтанғазин, Әлжановтар да көрсеткен болатын. Алайда, бұл мәселеде Сұлтанғазин шешімді пікір айта алмады. Араб әліппесінің қазақ тілі үшін үй-

²⁶ ♦ДУГ♦, 10, 1897.

лесімсіздігін, оның кемшілігін дұрыс көрсете отырып, «Қазақтар араб хари́фтері менен жазуға неше заманнан бері ғадет алып үйренді»... деп, оны бірден өзгертуге қарсы шығады.

Ал Әлжанов болса, ол Катаринскийдің «Букварь для киргизов» деген кітабына жазған өзінің сын мақаласында орыс әліппесінің қазақ тілінің дыбыстарын араб әліппесіне қарағанда әлдеқайда дәл, жақсырақ бере алатынын, оны оқу ісінде пайдаланудың жылдам сауаттануға да көмектесетінін айта келіп, «Счастливая мысль — заменить для киргиз арабский алфавит русским, как известно, впервые пришла в 70 годах известному Алтынсарину, применившему ее на деле, и с тех пор составляет мечту всех образованных киргиз, желающих облегчить своему народу путь к просвещению», — деп жазды²⁷. Әрине, қазақ жазуын орыс графикасына негіздеп құру Октябрь социалистік революциясына дейін сол алдыңғы қатарлы ағартушылардың арманы ретінде қалғаны бәрімізге мәлім.

«Балалар жылдам хат тануға қалайша оқытса керек» деген мақалада арабша оқытудың ескі әдісі сынға алынады, оқуды орыс мектептерінің әдісімен жүргізудің тиімді екені көрсетіледі. Методикалық жағынан теріс оқытудың нәтижесінде «қазақ балалары үш-төрт жыл оқып хат әрең таниды, онда да ілуде біреу-ақ. Орыс балалары бір жұмада әліфбин де оқып бітіріп, кітап оқи біледі. Мұның себебі, орыста ежелетіп оқытпайды, — дей келіп, — осы жөнімен бұл күнде ноғайлар һәм түркі жұрттарында да оқыта бастады. Қазақ арасында да қайсыбір жерлерде бұлайша оқытқан кісілер бар көрінеді, біз өз тұсымыздан ақыл айтамыз: хари́фті ежелетіп әуре қылмай, тура сүресін оқытсын балаларына» деген кеңес береді²⁸.

Сондай-ақ бұл авторларды қазақ тіліндегі дұрыс жазу туралы заңдылықтың жоқтығы да көп толғаңдырғанын көреміз. Бұл жөнінде Құрманбаев жоғарыдағы айтылған мақаласында былай деп жазады: «Пологать же, что киргизский язык неподчинен ни какому закону и правилам, не следует; не может быть язык без каких-нибудь правил. Такие правила существуют и в

²⁷ «ДУТ», 39, 1894.

²⁸ Бұл да сонда, 25, 1897.

киргизском языке, но они еще не обработаны и не приведены в порядок, если не считать «Руководства» Алтынсарина»²⁹.

Алайда сол кездегі қазақ оқығандарының ешқайсысының да мұндай зор міндетті орындауға әрі мүмкіндіктері, әрі қажетті ғылыми даярлықтары болмаған еді.

Араб жазуының тағы бір қолайсыздығы, ондағы ешқандай тыныс белгілерінің, бас әріптің жоқтығы болатын. «Дала уәләяті газетінің» шыға бастаған алғашқы жылдарындағы номерлерінде де ешбір тыныс белгісі қолданылмайды. Тыныс белгілерінің жоқтығы газеттің тілін ауырлатып, түсінігін кемітуге себепші болды. Мұндай қолайсыздықты газет редакциясы да көрмей отыра алмады, сондықтан кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға 1894 жылдан бастап сирек те болса сызықша (—), әртүрлі жұлдызшалар (звездочки) сияқты шартты таңбаларды қолдана бастағанын көреміз.

Ал 1896 жылғы 4 августағы 31-номерінен бастап газетте тыныс белгілерінің жаңа жүйесі туралы хабарлама жарияланады. Бұл хабарлама газеттің қазақша бөлегінің ең басына, яғни «Бұйрықтар жазылатын бөлегі» деп аталатын бөліміне ірі шрифттерімен теріліп, жыл аяғына дейін номер сайын дерлік беріліп отырған. Хабарламада осы күнгі қолданылып жүрген тыныс белгілерінің барлығы да көрсетіліп, олардың қолданылатын басты орындары туралы қысқаша түсінік берілген.

Хабарлама жарияланған номерден бастап, айтылған тыныс белгілерін газет өзі де солайша қолдана бастаған.

Алайда жалпы газет бетіндегі барлық мақалаларда тыныс белгілерін қоюда бірізділіктің, тұрақты ережеге сүйенушіліктің жоқ екенін байқауға болады. Дегенмен газет осы тыныс белгілерін пайдалана отырып, кейінгі жылдардағы номерлерінде сауаттылыққа қарай бір табан болса да жақындай түскен.

«Дала уәләятінің газеті» бетінде жарияланған тыныс белгілері туралы бұл негізгі қағидалардың және оны газеттің өзінің іс жүзінде қолдану тәжірибесінің одан кейінгі кездегі, атап айтқанда, XX ғасырдың бас

²⁹ «ДУГ», 27, 1894.

кезіндегі баспасөзге, басылып шыққан кітаптарға белгілі дәрежеде игілікті әсері болғаны күмәнсыз.

Сөйтіп, қазақ тілі туралы алғашқы ғылыми пікірлердің тек XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс ориенталистерінің грамматикаларында ғана емес, сонымен қатар, «Дала уәләятінің газеті» бетінде де кездесетінін көреміз.

4. Газеттердегі аударма материалдардың сапасы мен тілі туралы біреу сөз

«Түркстан уәләятінің газеті» қазақ, өзбек тілдерінде шыққаны мәлім. Сондықтан кейбір материалдар бірінен біріне аударылуы мүмкін, алайда оның түп нұсқасы қай тілде болды, қайсысынан қайсысына аударылды, ол арасын айыру қиын. Сөз жоқ, газеттегі ресми материалдар (генерал-губернатордың, әскери губернаторлардың бұйрықтары, шет ел хабарлары т. б.) орыс тілінен аударылып отырды. Бұл арада да біздің қолымызда ол материалдардың орыс тіліндегі нұсқасы болмағандықтан, аударманың сапасы туралы сөз ету мүмкін емес. Ал «Дала уәләяті газеті» туралы бұлай етуге толық мүмкіндік бар. Өйткені газеттің орысша, қазақша текстері бірдей сақталған, сондықтан оларды бір-біріне салыстыра қарауға әбден болады және бұл мәселе өз алдына ғылыми зерттеудің объектісі болуға тұрарлық. Бұл жөнінде біз әдейі тоқталмай, жекелеген өз пікірімізді ғана айта кетуді орынды санадық. Өйткені газет бетіндегі аударманың біраз хал-жағдайы, алғы сөзде аталған З. Тұрарбековтің «Қазақтың революцияға дейінгі мерзімді баспасөзі бетіндегі аударма тәжірибесінен» деген диссертациялық жұмысында кеңінен сөз болады.

Сөйтіп «Дала уәләяті газеті» негізінен аударма газет болды. Патша үкіметінің жергілікті орындарының нұсқаулары, бұйрық-жарлықтары яғни ресми материалдар газетке көбінесе орысшадан аударылып басылып отырған. Ресми емес материалдардың ішінде де орысшадан аударылған аударма материалдар жиі кездесіп отырады. Дегенмен жергілікті жерден түскен корреспонденциялар, ауыз әдебиеті үлгілері (аңыз әңгіме, ертегі, өлең) көбіне таза қазақ тілінде жазылғанын көреміз.

Әрине, ол кездегі аудармашылардың білім дәрежесін, қазақ тілінің сөздік құрамының күй-жайын есепке алғанда, сондай-ақ газеттің публицистика, іс қағаздары, ғылыми стильдегі мақалаларды аударуда алғашқы қадам жасағанын ескергенде, газеттегі аударма материалдардың ішінде біркелкі жатық тілмен, қазақ ұғымында бар түсініктермен тәп-тәуір аударылған мақалалар да кездеседі. Мысалға «Об улучшении быта жатаков» деген мақаладан бір үзіндінің қалай аударылғанын келтірейік. «Наконец, если скотоводство становится необеспечивающим существования, вследствие всех тех случайностей, которым оно все чаще и чаще начало подвергаться, то неужели нет никакого другого способа обеспечить существование тому, кто обладает 360 десятинами земли? Ведь, кроме скотоводства, есть занятие, которое с 5 десятин может дать прибыли несравненно больше, чем скотоводство с 360 десятин. Занятие это — хлебопашество»... деген абзац қазақша былай аударылыпты:

«Агар мал бағу шаруасы тамақ асырауға жарамай бара жатса, һәр түрлі себебден малдың азайып бара жатқанұнан ||Олай болғанда күн көріп тіршілік қылуға ғайры кәсіп жоқ ба|| 360 десятина жері барларға мал бағудан басқада шаруа кәсіп бар|| Бір кәсіп бар 5 десятина жерден көп пайда беретүн, мал баққан уақытта 360 десятина жердің берген пайдасынан көп пайдалы|| ол егүн салу...»³⁰.

Бұл аудармада орыс тіліндегі кейбір қалыптасқан ұғымдар (мәселен, существование, скотоводство, занятие, прибыли, хлебопашество т. б.) қазақшаға халық ұғымында бар жай сөздердің тіркесімен түсінікті етіп аударылған. (Существование — тамақ асырау, скотоводство — мал бағу шаруасы, занятие — шаруа-кәсіп, хлебопашество — егін салу, прибыль — пайда т. т.)

Бірақ газетте кездесетін аударма мақалалардың барлығы бірдей мұндай болып келе бермейді. Көпшілігінде орыс сөйлемдерін сөзбе сөз сол ретімен аударудың нәтижесінде қазақ тексі түсініксіз, ұғуға ауыр болып шыққан. Ондағы сөйлем құрылыстары қазақ тілі заңдылықтарына мүлдем сай келмейді. Бұған мысал ретінде бір мақаладан үзінді келтірейік.

³⁰ «ДУГ», 1, 1890.

«Қалай көктем уақыты кіргеннен кейін мазкүр Аш-хабат шаһарына байқасадылар келміш сәудекерлерінің һәм сәудекер жамағаларының жіберміш адамдары жат етеділер һәр қайуларынан тезлік илан мазкүр жайларда көктем уақытларына қырқылмыш жүнелеріні сатұп алуларына»...³¹. Бұл орысша мына сөйлемнің аудармасы екен. «С наступлением весенних дней здесь замечается особенное стремление прибывающих сюда коммерсантов и их агентов поспешно совершать сделки по покупке на месте шерсти весенней стрижки»... Аударма материалдарда мұндай басы аяғына шыққан сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы: «Мұны байқау керек Семей облұсының ішінде орысча оқитын мұсылман медресесінің әуелі бұл» (орысшасы: «Надо заметить, что эта школа — первая магометанская школа в Семипалатинской области, где вводится преподавание и русского языка»), «Байқаб көрерміз хат жазудың неден басталғанын һәм қалайча жайылғанын» (орысшасы: «Посмотрим, с чего началась письменность и как она развивалась») т. с.

Әсіресе мұндай орашолақтық орыс тілінен аударылған ресми материалдарда жиі ұшырайды. Ресми материалдарды аударуда редакция оның халыққа түсінікті болуын ойлаудан гөрі, шама келгенше оригиналға жақын болуы үшін қам жеген сияқты. Мысалға мына бір үзіндіні келтіріп, оның аудармасына көз жіберіп көрейік.

«Приказы Акмолинского губернатора 30 мая 1888 г. № 44. Умерший исключается из списков. Бий Мизгильской волости, Кокчетавского уезда, Бисембай Чалов, с 4-го сего мая»... Осы тексттің қазақша аудармасы төмендегіше болып шыққан:

«Фарманнамалар Ақмола облысын билеп тұрғушы уайанный губернатордың 44 нші номір илан 30 нші майда 1888 нші жылда Көкшетау ойазына қараған мезкіл елінің биі Бисембай Чал ұғлы діниадан қайтқан себеблі хысаб дәптерінен чығаруладұр 4-нші майдан».

Немесе газеттің 1891 жылғы 26-номеріндегі бір хроникадағы «Военное министерство, в ведение которого находится народное управление Закаспийской области, предполагает устроить во многих местах области рус-

³¹ Бұл да сонда, 19, 1888.

ско-туземные школы. . .» деген сөйлем қазақша «Ғаскариа уәзіріне таиг Каспия обласына қараған жерлерде һәр бір жеріне Каспия облысының ниетлері бар Русия һәм мұсылман тілінче оқұлатұрған медресе ачбаққа». . . деп аударылыпты.

Аудармадағы бұл сияқты кемшіліктерді кезінде Н. И. Ильминский де, А. Васильев те көрсетеді. Газет шыққан күннен бастап оның саяси бағыты, тілі (аударманың дәрежесі) т. б. патша үкіметі тарапынан қатаң бақылауда болған. Мұндай құпия бақылаушының (негласный надзор) бірі Н. И. Ильминский болды. Мұны біз оның Н. П. Остроумовқа, К. П. Победоносцевқа жазған хаттарынан айқын көреміз. 1888 жылғы Н. П. Остроумовқа жазған хатында ол: «Раз, давно, получаю из департамента народного просвещения поручение — несколько №№ киргизско-русской газеты из Омска, с мнением попечителя Томского университета В. М. Флоринского, что газеты мусульманские вообще вредные, — у меня требовали заключения. Я газету вообще защитил, но в этих №№ нашел некоторую нескладницу; действительно странные встретились непонимания довольно обыкновенных русских слов. Об этом я послал конфиденциальное сообщение Г. А. Колпаковскому. . .»³² деп жазса, обер-прокурор К. П. Победоносцевқа 1889 жылы жазған хатында: «Об особом «прибавлении» к Акмолинским ведомостям я давно писал Г. А. Колпаковскому, что эту газету надо ограничить официально лишь частью, а неофициальную часть лучше бы прекратить, ибо при неумелых и необразованных переводчиках (в доказательство чего я привел примеров), требующих бдительного наблюдения и опытного руководства, рискованно отваживаться на помещение трудных, научных и политических статей. . . Притом они выходят вон из программы, разрешенной бывшим генерал-губернатором. . .»³³ деп көрсетеді. Бұл арада миссионерлік мақсатты көздеген Н. И. Ильминскийдің бәрінен бұрын қорыққаны, әрине, газеттің сол кезде «Таржман» газеті көтеріп отырған пантюристік бағытқа түсіп кету қаупі болатын.

³² Извлечения из писем Н. И. Ильминского к Н. П. Остроумову. Казань, 1900, стр. 56.

³³ Письма Ильминского Н. И. к обер-прокурору святейшего Синода К. П. Победоносцеву. Казань, 1898, стр. 343.

Газеттің аударма мәселесіндегі, тіліндегі кемшіліктерін А. Васильев те көрсетеді. «...Главную и существенную часть этой газеты, — деп жазады ол, — составляет не русский текст ея, а киргизский, так что правильнее было-бы сказать (по цели издания), что газета издается на киргизском языке с переводом на русский. Несмотря на такое видное значение, какое без сомнения должно быть отведено киргизской половине этой газеты — переводу, мы не можем не заметить, что он ведется в ней далеко не безусловно как в отношении правильности передачи мысли, так и чистоты языка»³⁴.

Аударма мәселесі туралы сол газет бетінде жарияланған мақаласында Д. Сұлтанғазиннің де өз пікірі бар. Ол кісі орысшадан сөзбе-сөз аударуға қарсы шығып, «орысшадан переуад қылғанда тұп тура сөз қалдырмай, орысша ретіменен переуад қыламын деп әуре болу жарамайды. Әсіресе ұзақ сөздер келген уақытта наһу қағдасымен қосылған. Сондай болғанда ұзақ сөздерді ретіменен бөліп һәр қайсысын бөлек переуадаб, ортасын жөніменен қосу керек...»³⁵ деп көрсетеді. Қалай дегенмен де, алғашқы газеттер бетіндегі аудармалар жалпы аударма тарихындағы белгілі кезең болды деп айта аламыз.

«Дала уәләяті газетінің» материалдарын зерттеу, сонымен қатар бізге әдеби тілдің әртүрлі стильдерінің қалыптасу, даму дәрежесін айқындау үшін де қажет.

5. Тұңғыш газеттердің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы ролі

Қазақ әдеби тілі тарихын сөз етушілердің қай-қайсысы да қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуындағы және нормалануындағы басты дәуір деп ХІХ ғасырдың екінші жартысын айрықша атап көрсетеді.

«Осы күнгі әдеби тілдің, — деп жазады проф. М. Балақаев, — алғашқы әдебиеттік дәстүрі, алғашқы арнасы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Сол

³⁴ А. Васильев. О киргизском языке и его транскрипции (По поводу издания «Киргизской степной газеты»), Оренбург, 1896, стр. 5—6.

³⁵ Д. Сұлтанғазин. Қазақ тілінче жазу турадан. «ДУГ», 32, 1896.

кезде әдеби тілдің іргесі қаланып, оның ілгері даму бағыты қалай болуға тиісті екені негізінде айқындалған болатын ³⁶. Бұл тұрғыда қазақтың ғасырлар бойғы бай халықтық тілін жаңа сапаға, ұлттық жазба әдеби тіл дәрежесіне дейін көтеруге аянбай еңбек еткен ұлы ағартушылар Ыбырай, Абай есімдері бірінші ауызға алынады.

«После И. Алтынсарина и А. Кунанбаева этот народный литературный язык получил совершенно новое направление. Именно они создали новый этап в развитии и нормализации казахского литературного языка и поставили его на правильные рельсы дальнейшего развития» деп көрсетеді І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Р. Сыздықова ³⁷.

Бұл — дұрыс та. Өйткені тарихи дамудың белгілі себептерімен тек қана халықтың сөйлеу тілі аясында қалып бара жатқан қазақ тілін жазба әдеби тіл дәрежесіне дейін көтерген де, оның «соншалықты бай, онымен қандай кітапты болса да жазуға болатынын» алғаш көрсеткен де — солар. Ыбырай мен Абайдың қазіргі әдеби тіліміздің шын мәніндегі негізін қалаушылар болғандығын атай отыра, мынадай тарихи шындыққа мойын бұрмасқа да болмайтын сияқты.

Орыстың әдеби тілін жаңа сапаға көтеруде А. С. Пушкиннің еңбегі қандай болса, қазақ әдеби тілін дамытуда Абайдың да еңбегі сондай деген пікірмен байланысты бір кезде академик жазушы М. Әуезовтың мынадай ескертпе жасағаны бәрімізге белгілі. Ол кісі бұл ыңғайда «А. С. Пушкин болатын болса, ол әдебиеттік жанрлардың қай-қайсысында да қалам тартқан, әйгілі еңбек қалдырған суреткер, ал Абай болса, негізінен өлеңдік жанрда аты шыққан ақын» деп көрсете келіп, жоғарыдағыдай салыстырудың көп жағдайда дұрыс бола бермейтіндігін айтқан болатын. Ыбырай жөнінде де осы тұрғыда айтуға болар еді. Сонда Абай болсын, Ыбырай болсын әдебиеттің белгілі жанрларында еңбек еткен, былайша айтқанда, әдеби тілдің бір саласы —

³⁶ М. Балақаев. Әдеби тілдің дамуы туралы бірер сөз. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, № 1, 49-бет.

³⁷ С. К. Кеңесбаев, А. И. Искаков, Ғ. Г. Мусабаев, Р. Г. Сыздықова. О нормах казахского литературного языка. Вопросы развития литературных языков народов СССР. Алмата, 1964, стр. 172.

көркем әдебиет тілінің негізін қалаған адамдар. Ал шын мәніндегі дамыған әдеби тіл дегеніміз көп салалы, алуан түрлі стильді қамтитын тіл болып келетіні мәлім.

Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде қазақ әдеби тілінің негізгі салаларына: 1) көркем әдебиет тілін; 2) ғылыми әдебиеттер тілін; 3) газет-журнал тілін; 4) іс қағаздары мен ресми қаулы-қарар тілін жатқызып жүр³⁸. Бұл салалардың әр қайсысында бірнеше стильдік тармақтар бар екендігін және бұл салалардың санының өзін әлі де көбейтуге болатынын ескеруіміз керек.

Сонда өздерінің халықтық асыл мұралары арқылы Абай, Ыбырай көркем әдебиет тілін мүлдем жаңа сапаға көтерді десек, әдеби тілдің өзге стильдік салалары өз дамуын қайдан бастады демекпіз? Бұлардың баршасының дамуы Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде басталды деуіміз шындыққа төтеп бере алар ма еді?!

Орыс әдеби тілінің тарихын зерттеуші ғалымдар орыс тіліндегі алғашқы қолжазба газет «Ведомствлардың» (1703) шығуын қоғамдық-саяси стильдің қалыпта-суындағы белгілі кезеңді бейнелейді деп көрсетеді.

«...С выходом первой русской газеты, — деп жазады проф. А. И. Ефимов, — начинается формирование элементов газетно-журнальных стилей, которые в последующие эпохи будут занимать одно из ведущих положений в системе стилей литературного языка»³⁹.

Қазақ шындығында алғашқы баспасөзіміз «Түрк-стан уәләятінің газеті», қала берді «Дала уәләятінің газеті», жазба әдеби тілді қалыптастыруда бұдан артық болмаса, кем роль атқармаса керек. Өйткені бұл газеттерді қамтыған мәселелерінің аумағы жағынан болсын, тілдік сапасы жағынан болсын, тіпті тиражы жағынан болсын, «Ведомствлармен» салыстыруға ешбір болмас еді.

Бұл газеттердің қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыруда белгілі дәрежеде роль атқарғанын қазақ тілі мамандары да жоққа шығармайды. Мәселен, проф. С. Аманжолов «Дала уәләяті газеті» туралы айта ке-

³⁸ М. Балақаев, Е. Жанпейсов, М. Томапов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961, 34-бет.

³⁹ А. И. Ефимов. История русского литературного языка. М., 1961, стр. 102.

ліп, басқаны айтпағанның өзінде, газет бетінде қазақ әдеби тілінің проблемалары туралы мәселе қойылу фактісінің өзі, оның қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы өз орнын дұрыс түсіне білгенін аңғартады деп көрсетеді ⁴⁰.

«Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, — деп жазады проф. Ғ. Мұсабаев, — бұл газеттің (әңгіме «Дала уәләятінің газеті» туралы болып отыр. — Б. А.) тілі өз кезінде қазақ тілінің рухы мен ерекшелігін едәуір дұрыс көрсете алды. Бұл газеттің тілі ақырында қазақтың жаңа әдеби тілінің қалыптасуына үлкен жәрдем етті» ⁴¹.

Бұл айтылғандардан алғашқы газеттердің қазақ жазба әдеби тілін қалыптастыруда зор роль атқарғанын жалпылай аңғарсақ та, олардың қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы нақтылы ісі, атқарған қызметі туралы тұжырымды жауап ала алмаймыз.

«XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі» деген мақаласында Р. Сыздықова «...бұл газет (тағы да «Дала уәләятінің газеті» туралы. — Б. А.) қазақ тілі дамуын зерттеуде екі жақтан қызғылықты болып шығады: 1) публицистика — баспасөз стилінің алғашқы үлгілерін байқауда; 2) осы стиль және көркем проза стилі бойынша тұңғыш аударма тәжірибелерін бақылауда» деп, газеттің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы атқарған қызметінің бір жағына назар аударта кетеді ⁴². Біздіңше де, алғашқы баспасөзіміздің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы ролі әңгіме болғанда, ең алдымен, олардың әдеби тілдің бұрын болмаған стильдерін дамытудағы атқарған қызметі тұрғысынан сөз етуіміз керек сияқты.

Жалпы газет-журнал тілі дегеніміздің өзі бірнеше стильдік тармақтарды қамтиды. Газет бетінен көркем әдебиет стиліне жататын әдеби туындыларды да, саяси қоғамдық публицистиканы да, ғылыми әдебиеттер стиліне жататын мақалаларды да, сондай-ақ іс қағаздары үлгілерін де кездестіруге болады. Сондықтан қазақ ті-

⁴⁰ С. Аманжолов. О диалектной основе современного казахского языка. «Известия АН КазССР», серия филологии и искусствоведения, 1955, вып. 3—4, стр. 38.

⁴¹ Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің лексикасы (Докторлық диссертацияның қолжазбасы). Алматы, 1961, 498-бет.

⁴² Р. Сыздықова. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», Алматы, 1963, 5-шығуы, 20-бет.

ліндегі алғашқы газеттердің беттерінде жоғарыдағы аталған стильдердің қай-қайсысының да алғашқы негіздері қаланғанын көреміз. Бұл стильдер, сөз жоқ, орыс тіліндегі қалыптасқан стильдер негізінде дамыды. Аталған газеттер тілін қазақ әдеби тілінде бұрын болмаған стильдердің қалыптасуы тұрғысынан әдейі қарастыру өз алдына бөлек жұмыс. Бұл арада біз осы стильдерге тән ерекшеліктердің кейбірін сөз ету арқылы қазіргі қазақ әдеби тілінде бар стильдердің шығу төркінін ғана көрсетпекпіз.

Мәселен, бұл газеттер бетінде орыс тілінің тікелей әсерімен әдеби тілдің бұрын болмаған саяси-қоғамдық, ғылыми-публицистикалық, ресми бұйрық-жарлық стильдері қалыптаса бастағанын көруге болады. Бұл стильде жазылған мақалалардың ішінде аударма мақалалар да, қазақ тілінде жазылған төл мақалалар да кездеседі. Бұлардың негізгі тақырыбы — қазақ халқының экономика, мәдениет жағынан артта қалуы, қазақтың кейбір ескірген әдет-ғұрыптарын сынау, қазақ әйелдерінің басы байлылық жағдайы, оқу-білімнің қажет екендігі т. т. Осыған орай бұл мақалалардың тілінде қазаққа ұғымды тіркестер мен бейнелі сөйлемшелер жиі кездесіп отырады. Мысалы, «қазақ әйелдері ыхтиары жоқ бір жан секілдідүр йаки жанға да ұқсамайтын бір жансыз нәрседейдүр», «қазақтар жай қара жұмысты қара қасқа кедейдің жұмысы деп ойлайды», «һәр дайым съезде қайтіп түзулік болсын, болыс — бөлтірік, би — қарға болған соң», «білімдінің беті — жарық, білімсіздің беті — шарық» т. с. с.

Газет мақалалары тілінде сөйлемдер ықшам, түсінікті болып құрылып, сөздер өзінің тура, негізгі мағыналарында қолданылып, белгілі бір стандартты сөз оралымдары қайталанып келіп отырады.

Көбіне баспасөз тілінде кездесетін «редакцияға хат», «газет шығарушылардан», «Баян ауылдан хат» сияқты тіркестердің алғашқы рет осы аталған газет беттерінде қолданыла бастағанын көруге болады және бұлар көбіне орыс тілі үлгісімен құрылып, қалыптасқан. Сондай-ақ газет рубрикалары да алғашқы кезде аударма жолымен жасалып, кейін тілімізге әбден сіңісіп, құлаққа үйреншікті болып кетті. «Әр түрлі хабарлар» («Разные известия»), «Оны-мұны» («Хроника»), «Тұр-

мыс жайында болған хабарлар» («Бытовые вести»), «Жаңа кітаптар» («Новые книги») т. с. с.

Газеттің ресми бөлімі, негізінен, патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің бұйрық-жарлығынан тұрады. Осыған орай бұл бөлімдегі материалдардың өзіне тән белгілі стандартты сөздер мен сөз оралымдары бар. Бұлар, көбінесе, «білдіруі бойынша», «төмендегі аталмыш», «бұйрық етемін», «мәлім қыламын», «сол тақырыпты», «мұның хақында» сияқты сөз тіркестерінен тұрады.

Ташкент қаласының әкімі көрсетуі тақырыпты жұрттың сайлауыменен Ташкент қазағы Жақсыбай Құдабай баласын би қылдым («ТУГ», 1881, № 15). Қызметке бекітіледі кейінгі айтылмыш адам халықтың сайлауынша келер үш жылға... мұның хұсысында Дала уәләятындағы генерал-губернатордың қол астындағыларға жария етемін («ДУГ», 1895, № 8).

Әрине, белгілі бір сөздер мен сөйлемшелер тек қана бір стильге телініп қалмай, екінші бір стильде де қолданыла береді. Жалпы стильдердің өзара шекарасы дәл айқындалған нәрсе емес ⁴³.

Сөйтiп, алғашқы газеттерiмiздiң қазақ әдеби тiлiн қалыптастырудағы ролi, бiрiншiден, осы тұрғыда сөз болғаны жөн. Екiншiден, аталған газеттер қазақ әдеби тiлiнiң лексикалық, орфографиялық және грамматикалық жағынан нормалануында белгiлi қызмет атқарды.

Қазақ халқының талай заманнан бергi сөз байлығы осы газеттер арқылы қағаз бетiне түсiп, белгiлi стильдiк ең тапты. Газеттер қазақтың өз сөз байлығын сарқа пайдалана отырып, қажет болған жағдайда басқа тiлдерден сөз алудан қашпау керектiгiн, ол сөздердi мешеу мәдениеттi шығыстан алмай, мәдениетi жоғары орыс тiлiнен алу пайдалы екендiгiн көрсеттi, көрсетiп қана қоймай, өзi тәжiрибе жүзiнде қазақ тiлiнде жоқ жаңа ұғым атауларын — орыс сөздерiн кеңiнен кiргiздi. Аталған газеттердiң өздерi қазақ тiлiндегi алғашқы баспасөз бола тұрса да, тiлдерi өзге тiлдiк қажетсiз кiрме сөздерден, сондай-ақ жергiлiктi ерекшелiктерден барынша таза болғанын атап айтпауға болмайды.

⁴³ В. В. Виноградов. О языке художественной литературы. М., 1961; А. И. Ефимов. Стилистика художественной речи. М., 1961; В. П. Мурат. Об основных проблемах стилистики. М., 1957.

Мұнымен қатар, газет редакциялары басқа тілден енген сөздердің қалай транскрипциялануына да көңіл аударып, бұл жөнінде бірден бір дұрыс принцип ұсынды. Яғни шет тілден енген сөздерді екіге бөліп қарау керек екендігін, өте ертеректе еніп, қазақ тілінің фонетикалық заңына бағынып кеткен сөздерді сол қалыптасқан күйінде, ал кейінгі кезде еніп, әлі өз формасын толықтай өзгертпеген сөздерді сол әуелдегі (сол тілдегі) тұлғасын сақтап жазу қажеттігін ескертеді және өздері де осы қағиданы негізге алады.

Қазақ тілінде дұрыс жазу туралы белгілі ережелердің жоқтығы да газет редакцияларын көп ойландырады. Оның үстіне сол кезде қолданылған араб әліппесінің қазақ сөздерін дәл беруде үлкен қиындық келтіретіні ескеріліп, «Дала уәләяті газеті» бетінде жаңа ұлттық алфавит шығару мәселесі көтеріледі. Алайда ол кезде бірнеше ғасырға созылған жазу дәстүрін бірден өзгерту сияқты күрделі жұмыс өзі жас, білім көлемі әлсіз газетке қиын еді.

Араб әліппесін пайдаланған қазақ жазбасына тыныс белгілерін енгізу жөнінде де осы газет алғашқы қадам жасады. Бұл тыныс белгілерін алғаш рет өзі қолданып қана қоймай, олардың қандай орындарда қойылуы керектігі туралы ереже жариялап, басқа жазбаларда да пайдалануға мұрындық болды.

Грамматика саласында да бұл газеттердің қазақ әдеби тілін нормалауда қосқан үлесі көп. Бұл тұстағы қазақ жазбаларында, негізінен, «кітаби тілдік» норма үстем болушы еді. Алғаш рет аталған газеттер бұл дәстүрлі түркі әдеби тілдік грамматикалық формалармен қатар, қазақтың сөйлеу тілінде кездесетін «халықтық» формаларды батыл енгізді. Бұл жөнінде «Түркстан уәләяті газетін» ерекше атауға болады. Мәселен, көмектес септіктің және ыңғайлас жалғаулық шылаудың мағыналарын беретін қосымша түркі әдеби тілінде *бірлән, илан* тұлғасында кездесетін болса, қазақтың сөйлеу тілінде *менен, мен* түрінде қолданылатын. «Түркстан уәләятінің газетінде» бұл қосымша ылғи *менен* тұлғасында берілген. «Дала уәләяті газетінде» жоғарыдағы формалардың барлығы да кездеседі, бірақ бұлардың қолданылуында мақаланың сипатына, авторына қарай белгілі дифференциацияның да болғанын көреміз.

Газеттерде мұндай бірнеше вариантта кездесетін

тұлғалардың қатарына етістіктің тұйық рай формасын (*мақ + қа//у*), өткен шақтық есімшенің *мыш//ған*, осы шақтық есімшенің *тұғын//тын* форманттарын т. с. с. жатқызуға болады. Егер «Түркстан уәләятінің газетінде» етістіктің тұйық рай формасы у жұрнағы арқылы, өткен шақтық есімше *ған* формасы арқылы берілсе, «Дала уәләяті газетінде», жоғарыдағы айтқанымыздай, барлық формалары да кездеседі. Газеттер бетінде түркі әдеби тілдік бірсыпыра шылаулардың (*ләкин, че, уа, һәм*) халықтың сөйлеу тіліндік шылаулармен (*бірақ, шейін, және, тағы*) ауыстырылу процесін осы газет беттерінен айқын көруге болады.

Сөйлеу тіліндік грамматикалық құрылысқа бет бұру синтаксис саласынан да көзге түседі. Бұған мысал ретінде газеттер тілінде кездесетін сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқының, әдеттегідей, басыңқының алдында тұрмай, оның соңында келуін, төл сөзді сөйлемдердің аяғы «деп»-ке біткен бағыныңқыға аяқталуын келтіруге болар еді.

Мұның бәрі, қорыта айтқанда, аталған газеттердің сол кездегі әлденеше ғасырлар бойы қалыптасқан жазба тілдік дәстүрді бұзып, оған халықтың сөйлеу тілінің элементтерін батыл кіргізу арқылы қазақ жазба әдеби тілінің дамуын жаңа арнаға салу талабынан туған еді.

Ақырында, «Дала уәләяті газетінің» қазақ тілінің сол кездегі жағдайы, оны дамыту жолдары туралы әрі ғылымдық, әрі практикалық маңызы бар зор мәселені көтеріп, ол жөнінде пікір таласын ұйымдастырып, одан өзінше дұрыс қорытынды жасауы оның қазақ ұлттық әдеби тілін қалыптастыруға деген көзқарасы мен ісін айқын көрсететін сияқты.

Сондықтан, қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөздеріміз — «Түркстан уәләятінің газеті» мен «Дала уәләятінің газеті» даму бағытын ұлы ағартушыларымыз Ыбырай, Абай белгілеген жаңа ұлттық жазба әдеби тілдің бұрын болмаған стильдерін қалыптастыруда және оны лексикалық, грамматикалық жағынан нормалауда белгілі роль атқарды, Абай, Ыбырай бастаған жаңа үлгіні әрі қарай жалғастырушы, дамытушы, сөйтіп оны ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөзімізге ұштастырушы, жеткізуші болды демекпіз.

И т а р а у

ГАЗЕТТЕР ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКО-ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Қай тілдің болсын жазба ескерткіштері арқылы оның фонетикалық жүйесін анықтау қиын нәрсе. Өйткені қандай да жетілген орфография болса да, сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алмауы мүмкін. Бұл жөнінде «...Никакая письменность в мире не соответствует вполне произношению, как оно действительно является в устах народа, и, правду сказать, не может вполне соответствовать даже научная транскрипция... Это довольно трудно по отношению к памятникам литературных языков, имеющим определенные, отчасти искусственно созданные, правила правописания»¹ деп атақты тюрколог В. В. Радлов дұрыс көрсеткен болатын. Оның үстіне біз тілін әңгімелеп отырған газетіміз қолданған араб әліппесінің кемшілік жақтары бұл жұмысты одан сайын қиындата түседі. Өйткені, араб әріптері түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің, дыбыстық жүйесін толық бере алмады².

«Насколько недостаточны графические средства арабского алфавита, — деп жазады А. М. Щербак, — для передачи тюркских звуков вообще, можно судить хотя бы по тому обстоятельству, что в арабском алфавите существует только три знака для гласных, один знак

¹ В. В. Р а д л о в. О языке куманов. По поводу издания куманского словаря. Приложение к XLVIII тому Записок Императорской Академии наук. № 4, СПб., 1884, стр. 9.

² Н. И. И л ь м и н с к и й. Из переписи по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань, 1883, стр. 19.

для к и г и не всегда передается различие между ч и j, п и б»³.

Сондықтан біз бұл тарауда газеттер қолданған әріптер жүйесін, олардың қазақ тілі дыбыстарын бере алу мүмкіндігінің қандай болғандығын, сондай-ақ, газеттер тілінде кездесетін кейбір фонетикалық құбылыстарды ғана көрсетіп, негізінен сол кезде қолданылған орфографиялық заңдылықтардың жайына тоқтала кетуді дұрыс деп ойладық.

1. Алфавит

Газеттер пайдаланған араб графикасына негізделген алфавитте араб әліппесіндегі әріп таңбалары түгел дерлік сақталған⁴. Оның үстіне парсы тілі арқылы енген پ, چ, ک, ز әріптерінің таңбалары және қазақтағы мұрын жолды ң дыбысының таңбасы ретінде н мен к дыбыстарының қосынды таңбасы نك алынған. Араб әліппесін толықтыратын асты, үсті, үтір сияқты қосымша белгілер пайдаланылмаған. (Газеттер қолданған әріптер жүйесін келесі беттегі схемадан көруге болады).

Басқа системадағы тілдің дыбыс дүйесін бейнелейтін бұл алфавит, қазақ тіліне қанша ыңғайласа да, оның дыбыстық жүйесін дәл бере алмады. Бұл кемшілік, ең алдымен, дауысты дыбыстардың таңбасының жеткіліксіздігінде болатын. Қазақ тіліндегі 11 дауысты дыбыс араб әліппесіндегі 3 таңбамен таңбаланды. Басқа түркі тілдері сияқты, қазақ тілінде сөз мағынасын өзгертуде дауысты дыбыстардың үлкен роль атқаратынын ескерсек, әр түрлі дауыстылардың бір таңбамен таңбалануы сөз мағынасын ашуда үлкен қиындық келтіргені мәлім. Мәселен, اول деген тіркесті «ұл» деп те, «ол» деп те, «өл» деп те оқуға болады. Сондықтан мұны тек контекске қарап қана ажыратуға болатын еді. Мұндай қолайсыздықты газет редакциясы да көрмей отыра алмады. Сондықтан да «Дала уәләяті газеті» бетінде араб әліппесінің кемшілігі, оны өзгертіп не басқа алфавит ойлап

³ А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М., 1962, стр. 64.

⁴ Араб алфавитіндегі әріптердің ішінен газеттерде кездеспейтіндері ض, ت, و басқалары түгелдей кездесіп отырады.

шығару қажеттігі туралы жазылған мақалалар да болды⁵.

Мұның керісінше, араб әліппесі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды таңбалауда көп кемшілік келтіре қойған жоқ. Қазақ тілінде бар б, г, ғ, д, ж, з, к, л, н, п, р, с, т, һ, ш, қ, ң дыбыстары араб әліппесінің жеке-жеке таңбаларымен берілді. Бұған қосымша, негізінен, шет тілден енген сөздерді таңбалауда қолданылған х, ф, ч әріптерінің таңбалары да болды. Бұл таңбалар кейін қазіргі қазақ тілінде араб-парсы, орыс сөздерін бұзбай жазып қалыптастыруда көп пайда келтірді.

Алайда бұл таңбалар орыс тілінен енген сөздерді дәл беруде әлі де болса жеткіліксіз болатын. Мәселен, бұл әліппеде в, ц, й дыбыстарының әдейі таңбасы болмағандықтан, жазуда олар у, тс, и дыбыстарының таңбаларымен беріліп жүрді.

Сондай-ақ, араб алфавитінде қазақ тілі үшін қажетсіз басы артық таңбалар да болды. Яғни онда кейбір дауыссыздардың жуан және жіңішке варианттарының әдейі таңбалары болатын, ал қазақ тілі үшін дауыссыздардың жуан-жіңішкелігі фонематикалық роль атқармайтындықтан, олар ешқандай практикалық қызмет атқара алмады. Ол әріптердің қайсысы жазылса да, қазақ тілінде олардың оқылуы бірқалыпты болатын. Сонда да бұл әріп таңбалары дәстүр бойынша жазылып, пайдаланылып жүрді. Мәселен, т дыбысы ت, ط, ٥ таңбаларымен, з дыбысы ذ, ز, ض, ظ таңбаларымен, с дыбысы س, ث таңбаларымен, х дыбысы ح, خ, ٥ таңбаларымен беріліп жүрді. Араб тілі үшін бұл таңбалардың үлкен дифференциациялық қызметі болғанымен, қазақ тілі үшін, жоғарыда айтқанымыздай, олардың ешқандай мәні болған жоқ, қайта жазуды қиындата түсті. Сонда қазақ тілі үшін ط, ٥, ز, ض, ظ, ص, ت, ث, ط, ٥, ع әріптері басы артық болып шығады.

2. Дауысты дыбыстар

Газеттер тіліндегі дауысты дыбыстардың саны мен сапасында бүгінгі тіліміздегіден ерекшеленетін жайлар

⁵ Р. Дүйсенбаев. Қазақ алфавиті туралы мәселе. «ДУГ», 10, 1897; О. Элжанов. «Букварь для киргизов» деген кітапқа жазған рецензиясын қараңыз («ДУГ», 39, 1894).

болмаған тәрізді, яғни қазіргі әдеби тіліміздегі 9 жалаң дауысты (а, е, ы, і, ә, о, ө, ү, ұ), 2 қосынды (дифтонг — у, и) дауысты газеттерде де кездеседі. Бірақ бұлардың әрқайсысын айырып таңбалайтын әріп жүйесі араб әліппесінде болмағандықтан, бұлардың бәрі үш таңбаға сиыстырылды. Араб әліппесіндегі \bar{I} (кейде \bar{I}) таңбасы қазақ тіліндегі а, ә, е дыбыстарын таңбалауға, \bar{U} (кейде \bar{U}) қазақтағы ы, і, и, е дыбыстарын, \bar{O} қазақ тіліндегі о, ө, ұ, ү, у дыбыстарын таңбалауға қолданылды. Соңғылар сөз басында келгенде, оларды дауыссыз дыбыстардың таңбасынан ажырату үшін олардың алдынан алиф (\bar{A}) қосылып жазылатын болған (أورن — орын, \bar{A} یز — із).

Бірсыпыра түркі тілдеріне тән буын үндестігі немесе сингармонизм газеттер тілінде де сақталып отырған. Яғни жуан дауыстылардан кейін жуан дауысты дыбыстар, жіңішке дауыстылардан кейін жіңішке дауысты дыбыстар келіп, сөз бірыңғай не жуан, не жіңішке болып құбылып отырған. Мысалы, قولیمیز داعی қолымыздағы, بورنعی — бұрынғы, ميزگلدە — мезгілде т. т.

Бұл жағынан газеттер тілінің қазіргі әдеби тілімізден айрықшаланатындай жәйттері жоқ.

Енді үндестіктің екінші түріне келетін болсақ, онда газеттер тіліндегі, қазіргі тілімізден бөлектеу тұрған, мына сияқты ерекшеліктерді айтқан болар едік.

Қазіргі қазақ тілі вокализмінің кейбір түркі тілдерінен (мәселен, қырғыз, алтай тілдерінен) басты бір айырмасы — ерін үндестігінің жоққа тәндігі ⁶.

Ерін дауыстылары қазіргі әдеби тіліміздің нормасы бойынша сөздің соңғы буындарында кездеспейді, ауызша айтылуда естілсе де, жазуда еленбейді.

Біз тілін әңгімелеп отырған газеттер материалдарында еріндік дауыстылардың орын талғамай, сөздің барлық буындарында да жазыла бергенін көреміз. Соның ішінде ол, әсіресе, сөздің соңғы буынында яғни қосымшаларда жиі кездеседі. Ерін дауыстыларының газеттерде жиі кездесетін орындары:

1) Кейбір өлі түбірлер мен есім тудыратын жұрнақтарда: *болұс, ұлұғ, күздүкүні, мүйүз, түлүк, үйсүн, Ом-*

⁶ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика), Алматы, 1962, 242-бет.

бұ, орус, шұқұр, бұрұн, сууқ, өтүрүк, жұмұс, тұрғұн, бұйрұқ, түстүк, үзүнлүк т. т.

2) Кейбір шылаулар мен жалғаулардың құрамында: *үчүн, үстүнен, қолұма, жұртұның, тұғрұсында*, т. т.

3) Көсемше етіс, рай жұрнақтарында: *оқұб, тұрұб, түсүндүрсе, үсүб, орнұғыб, жолұғыб, құйұб, жүрүб* т. т.

Бұлардан басқа ерін дауыстылары сиректеу болса да есімше жұрнақтарының құрамында кездесіп қалып отырады: *болұр, көрүр* т. б.

Газеттер тілінде кездесетін мұндай еріндік дауыстылардың сөздің соңғы буындарында, қазіргі тіл фактілеріне қарағанда, әлде қайда жиі жазылуын бір ғана орфографиямен байланыстыра қарау жеткілікті болар ма еді?!

Революцияға дейін қазақ тілі грамматикаларын жазған авторлар қазақ тілінде ерін үндестігінің қандай дәрежеде екендігін дәл көрсетпегенмен, қосымшалардағы дауыстылардың түбірдегі дауысты дыбыс ыңғайына қарай құбылып отыратындығын айтады. Мәселен, П. М. Мелиоранский былай деп көрсетеді: «...в речи простого народа варьирование гласных в суффиксах постоянно соблюдается. Так напр., суффикс, изображаемый в письменном языке *نینک* (ның), звучит то «ның», то «нің», то «нұң», то «нүң» и т. д.»⁷.

Бұл — кездейсоқ емес. Аталған газеттермен қатар олардан сәл бұрынырақ жарық көрген қазақ жазбаларында да жоғарыдағы газеттерге тән біз көрсеткен ерекшеліктер сақталып отырады. Мәселен, И. Березин құрастырған «Түркі хрестоматиясында» ерін үндестігі мынадай сөздерде кездеседі: *соқұр, осұ, тұрұб, үстүн, отұрғанда, көрүнсе, өзүнің, орнұна, үйүне, тоқұз, йүрүр, болсұн* т. т.

Ы. Алтынсариннің, А. Васильевтің «Қырғыз хрестоматияларына» кірген материалдарда да көпшілік жерде қазіргіше *ы, і* келетін орындарда *ұ, ү, тіпті кейде ө* әріптері жазылып отырған. Бірер мысал келтірейік:

Петр Великий деген, *осұ күнгө* Ақ Патсамыздың бабасы, бир күн шеркеуде тұрғанда көб адамның артқы жағында *үңөлүп* Патсаға қарап, *бөрүкүмен* қалқалап

⁷ Краткая грамматика казак-киргизского языка (Фонетика и этимология), ч. I, составил П. М. Мелиоранский. СПб, 1894, стр. 16.

қана бир нәрсени сызып тұрған балаға көзү түсөдү. Құдайтағаланың жаратқан жан жануарының ең кішкентай осу құмұрсқа экеш құмұрсқада тынбай жұмұс жұмұстап жүр (Ы. Алтынсарин).

Түлкөнүң қалың шөптүң іші менен жа егін арасы менен жасырынып келіп, тауық, семіз қаз, үйрөк ұрлап алып кететіні қаланың шаруакерлерінің көбін ақ мәлім (А. Васильев).

Бұларға қарағанда, сол кездегі халықтың ауызекі сөйлеу тілінде ерін үндестігі қазіргі тілімізбен салыстырғанда көбірек және айқынырақ болмады ма екен деген ой туады. Ал сол кездегі қазақ жазбаларында, соның ішінде алғашқы газеттерде, сөйлеу тіліндегі бұл ерекшелік есепке алынып берілуі мүмкін ғой.

Бірақ кейін тіліміздің даму барысында бұл ерекшелік бірте-бірте жойылуға бағыт алып, қазіргі әдеби тілімізде (жазу нормасын еске алғанда) тіпті еленбейтіндей дәрежеге жеткен сияқты.

Біздің қазақ тілі жазба ескерткіштері фактісі негізінде келген бұл топшылауымыз жалпы түркі тілдеріндегі ерін үндестігінің даму бағыты туралы тюркологтардың бұрын-соңды айтқан пікірлерін дәлелдей түседі.

В. В. Радлов түркі тілдеріндегі еріндік үндесудің ертедегі құбылыс екендігін және заман өткен сайын әлсіреп жойылып бара жатқандығын көрсеткен болатын⁸. Бұл пікірді отандық тюркологтардың бірсыпырасы ақ қолдайды⁹.

Проф. В. А. Богородицкийдің түркі тілдерін ерін үндестігінің күшті-күшсізіне қарай бөлген классификациясында қазақ тілі бұл шкаланың орта тұсынан орын алады. «Начиная от почти полного его проявления в кара-киргизском и алтайском, — деп жазады ол, — мы доходим до двух вариаций малого его проявления — в Поволжско-Приуральской области и в окраинной восточной и южной полосе: ...Что касается промежуточных звеньев между указанными крайними стадиями, то они сводятся, как мы видели, к трем типам с постепен-

⁸ В. В. Радлов. *Phonetik der Nördlichen Türkssprachen*, стр. 14—15.

⁹ Проф. В. А. Богородицкий. *Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию*. Казань, 1933, стр. 73; И. А. Батманов. *Фонетическая система современного киргизского языка*, I и II выпуск. Фрунзе, 1946, стр. 77.

но уменьшающимся губным сингармонизмом: а) диалекты черновой и шорский, почти совпадающие по губному сингармонизму к кара киргизским и алтайским; б) казак-киргизский и чулымский... в) кызылский и барабинский»¹⁰.

Түркі тілдерінің қазіргі жағдайын сөз еткен Ф. Г. Исхаков қазақ тіліндегі ерін үндестігі туралы төмендегі пікірді айтады:

«В казахском, ногайском и каракалпакском языках так же, как и в татарском, узкие редуцированные гласные во втором слоге, идущем за начальным слогом с узкими редуцированными губными гласными в незначительной мере огубляются, но этого недостаточно для утверждения о существовании губной гармонии гласных в рассматриваемых языках. Это можно называть лишь слабым пережитком губного сингармонизма, если он в них когда-либо существовал»¹¹.

3. Дауыссыз дыбыстар

Сол кезде қазақ тілінде бар дауыссыз дыбыстар араб әліппесіндегі әріптер арқылы толық дерлік таңбаланған. Араб әліппесінде жоқ әріптер парсы тілінен алынып толықтырылған. Мәселен, араб тілінде жалпы п, ғ, ч дыбыстары жоқ болғандықтан, алфавитте оның таңбалары да болуы мүмкін емес еді. Мұндай жағдайда ол дыбыстарды таңбалау үшін, парсылардың қолдануындай, бұрыннан бар әріптерге шартты белгілер қосып отырған. Жоғарыдағы п дыбысы پ таңбасымен, г дыбысы گ таңбасымен, ч дыбысы چ таңбасымен белгіленген. Арабта да, парсыда да жоқ ң дыбысын таңбалау үшін шартты түрде н мен к нің қосындысы نک алынған.

Көпшілік дауыссыздардың қолданылуында бүгінгі тілімізден ерекше тұрған жағдайлар кездеспейді. Сондықтан оларға жеке-жеке тоқталмай, бүгінгі тілімізден қолданылуында сәл де болса ерекшелік кездеседі деген дыбыстарға ғана тоқтала кетуді дұрыс көрдік.

¹⁰ В. А. Богородицкий. Этюды по татарскому и тюркскому языкознанию. Казань, 1933. стр. 71—72.

¹¹ Ф. Г. Исхаков. Гармония гласных в тюркских языках. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, ч. I, Фонетика. М., 1955. стр. 155.

р — ауыз жолды үнді дыбыс. Қазақтың байырғы сөздерінде сөз ортасы мен сөз аяғында жиі ұшырайды, сөз басында кездеспейді. Бірақ өзге тілден енген сөздерде **р** дыбысы сөздің басында да келе береді. Сөз болып отырған газеттерде мұндай сөздердің саны біршама. Газетте **р**-дан басталатын *рәсім, рахмет, реуішлі, рахат, рақымлы, рушанлы* сияқты араб-парсы сөздерімен қатар, *релсе, разряд, расхот, рет* (ряд), *редаксия* сияқты орыс тілінен кірген сөздер де кездеседі. Әдетте, қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша айтылуда **р**-дан басталатын сөздердің алдынан қысаң дыбыстардың бірі қосылып (протеза жасалып) отырады. Тілге ертерек еніп, қалыптасып кеткен бірен-саран шет елдік сөздердің жазылуында мұндай құбылыс байқалғанымен (орұс—русский, ұрых—рух), негізінен, газет редакциясы бұндай сөздерді жазуда жазу тілінің дәстүрін сақтап, сол тілдегі тұлғаларын өзгертпей жазуға тырысқан.

л — бұл да ауыз жолды сонор дыбыс. Қазақтың байырғы сөздерінде, шеттен кірген сөздерде оның қолданылу ерекшелігі де дәл **р** сияқты. Газет материалдарында **л**-дан басталатын шетел сөздері де кездесе береді (лақаб, лтифат, лайық, лұғат, лекин, лафка т. т.).

й — фонемасы да қазақтың байырғы сөздерінде сөз басында кездеспейді, басқа позицияларда жиі ұшырайды. Көп түркі тілдерінен қазақ тілінің фонетикалық басты бір айырмасы — сөз басындағы **й**-дың қазақ тілінде үнемі **ж**-ға айналып кетуі¹². Газеттерде, әсіресе «Дала уәләяті газетінде», қазақ тілінің бұл заңдылығы негізінен сақталғанымен, кейбір авторлардың мақалаларында **й** дыбысы сөз басында некен-саяқ ұшырап қалып отырады. Бұны сол кездегі қалыптасқан бірыңғай жазу дәстүрінің әсері деп білуіміз керек. Мысалға бірер сөйлем келтірейік:

Бұ ханның шәһарында бір *икіт* бар еді оның бір хатұны бар еді бұ *икітіні* өлтіруге қас қылып *иүрүр еді* («ДУГ», 16, 1890). Біздің қазақ халқы бұрын екін салуды білмейтүн еді екі үч *илдан бері* екін сала бастадылар әсіресе биұл халқының онның бір бөлекіндей қада-ры салды десе болар *йане бек йахшы* алдылар («ДУГ», 4, 1890).

¹² І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 250-бет.

Бірақ мұндай құбылыс бірен-саран мақалаларда ғана кездеседі және оның өзінде де тұрақты емес.

б, п фонемалары. Екеуі де — ерін дауыссызы, шұғыл айтылады, айырмашылығы — біреуінің қатаң, біреуінің ұяң айтылуында. Екінші бір айырмашылығы — біреуінің (п) қазақтың төл сөздерінің басқы позициясында, екіншісінің (б) сөздің соңында ұшырамайтындығында. Түркі тілдерінің ертерек дәуірінде бұл екі дыбыс фонемалық жағынан ажырап, дифференциаланбаған жағдайда болған. Сөз басында б, п дыбысы келетін қазақ сөздерінің көбінесе екі вариантты болып (*пәле//бәле, пұл//бұл*) келуінің де басты себебі осында болса керек.

«Фонетическая дифференциация согласных -б, -п, — деп жазады Н. А. Баскаков, — реализуется в заимствованных арабских и персидских словах, а также в лексике, заимствованной позже из русского языка...»¹³.

«Дала уәләятінің газетінде» п әрпі тек басқа тілден енген сөздерде ғана жазылған, қалған жерлерде (әсіресе сөз аяғында) п естілгенімен көбіне б (ب) таңбасы жазылып отырған. Мәселен, п-дан басталатын сөздер арабта *пайда* (кейде «файда» болып та жазылған), *пері, падша* сияқты бірен-саран болса¹⁴, олар орыс тілінен енген сөздерде бірсыпыра (переуад, прикауар, почта, партия, памошник, подписка, папирос, положения, приказчик, пол т. б.).

Ал қазақ сөздерінде п дыбысының орнына б әрпін жазу жүйелі түрде ұшырап отырады. Мысалы: *صول كوب راياس ادا مدار دنك ايجنان سيوكلى كازيتمز كه جازنب جور كان مزكور كوپايوونك اوزن تابدىق* Сол *көб* емес адамдардың ішінен сиүклі казитімізке *жазыб* жүркен мазкүр Көпайфдың өзін *табдық* («ДУГ», I, 1890).

Бірақ, адам, жер-су аттарында, ол дыбысты б арқылы жазғанда аз да болса сөз мағынасына нұқсан келетін басқа орындарда, п дыбысы жазылып отырған. Мы-

¹³ Н. А. Баскаков, Каракалпакский язык, ч. II. Фонетика и морфология, М., 1952, стр. 62.

¹⁴ «Дала уәләяті газеті» редакциясы араб-парсы сөздерінде айтылуда п дыбысы естілген жердің бөрінде ф (ف) әрпін жазуға тырысқан. Мыс., пәлен — فالان, пайда — فايدا т. т.

салы *سيرگاپول* (жапырақ) *جاپراق* (Жөпайф), *كوپايڧ* (Сергапол), *پتربورخ* (Петербурх) т. б.

г, к — фонемалары да б, п сияқты, бірі — ұяң, бірі — қатаң дыбыстар, жасалу жолдары да бірдей. Енді бұл дыбыстардың қолданылу аясына келсек, г дыбысына қарағанда, к дыбысының сөздің барлық позициясында да кездесе беретінін көреміз. Ал г дыбысы сөз басында, сөз аяғында өте сирек ұшырайды, тіпті басқа тілден енген сөздердегі г дыбысы қазақтың айтуында қатаңдап, к дыбысына айналып отырады. Бұл — қыпшақ тобына жататын тілдердің оғұз тобындағы тілдерден басты бір айырмашылығы.

Сол кездегі қазақ тілінің дыбыс құрамында г дыбысы, сондай-ақ араб графикасына негізделген алфавитте оны бейнелейтін әдейі *گ* таңбасы болуына қарамастан, тілі талданып отырған газет материалдарында оның орнына барлық жағдайда дерлік к таңбасы жазылып отырған. Мәселен, генерал, губернатор, газета, гимназия деген орыс сөздерінің басында кездесетін г дыбысының орнына к жазылып, *كوبرناتر*, *كازيت*, *كيمينازيا* *كينارال* түрінде берілген. Сол сияқты сөз ортасындағы, сөз аяғындағы г әрпінің орнына да к жазыла береді. *اوكسته* — ауксте, *اكترونوم* — акроном, *اولكانده* — өлкенде, *اوكروك* — залок, *زالوك* — төңрекіне, *تونك راکنه* — округ т. б.

Бір текстіден үзінді келтірейік: *بالچق قاتدی قر - ماندی بوب آراب کرهک چورتدارنک دار کاردهری هر تورلی جوندار ایم قلغاندارهم اوتمش جوز جلدار اور- تاسندا بولمش قلغدارنک دار کاریده ایمکا اوستاعاندار* Балчық қатды хұрметді боб араб *крек* жұрттарының *дәркердері* һәр түрлі жөндер ем қылғандар һәм өтміш жүз жылдар ортасында болмыш халықтардың *дәркердері* де емке ұстағандар... («ДУГ», 10, 1902).

г әрпінің орнына к-нің жазыла беруі, біріншіден, бұл дыбыстардың жалпы түркі тілдерінде мағына ажыратарлық функциясының болмағандығынан деуіміз керек. Яғни бұл дыбыстардың жеке фонема ретінде дифференциациялануы кейінірек болса керек. Н. А. Баскаков бұл дыбыстардың өз алдарына фонемалық мәнге

ие болуларын араб-парсы тілдерінен сөз ену дәуірімен байланыстырады ¹⁵.

Екіншіден, араб әліппесінде г дыбысын таңбалайтын әдейі әріптің болмауымен байланысты, жазу практикасында көп уақыт бойы оның орнына к әрпін жазу дәстүрге айналып кетті. Сондықтан сөз мағынасына нұқсан келмейтін жағдайда г орнына к әрпін жаза беру тәжірибесі тек жалғыз баспасөз материалдарында ғана емес, революцияға дейінгі қазақ жазбаларының бәрінде дерлік кездесетін жайт.

Бұл тұрғыда шығыстану ғылымының белгілі уәкілі В. Григорьевтің төмендегі сөзін келтіре кету артық болмас: «...буква ^س (персидского происхождения), хотя и допущена в азбуку, никогда не употребляется, ни в письме, ни в печати, ни киргизами, ни татарами, и звук — ^س обозначается ими тою же самою буквою как и звук к, то-есть кяфом (^ك), и никто не жалуется на какие-либо от того бедствия» ¹⁶ деп жазады.

Бірақ газетте кейде г әрпін үнемі дерлік пайдаланып отырған авторлардың мақалалары да кездеседі. Мысалға мына бір үзіндіні алайық.

Қазақ арасында мен ақылдымын деб чіреніп өзінің ең жақынын талаб жегеннен басқа һеш пайда келтірмеген данышпандарды көргенміз... Казитке басылар еді — қаладағы орыслардан қырдағы кедейлерге егінді картофелді қалай егүүн, тозған жерді қалай боқтық төгіб жаңғыртуды, көрмеген білмегенге сондай өзгече кәсіб чығарғанұңызды айтсаңыз («ДУГ», 35, 1897).

Осындағы г дыбысы естілген жердің бәрінде («газета» дегеннен басқасында) г әрпі жазылған.

г фонемасы сөз басында өте сирек кездеседі, негізгі кездесетін орны — сөз ортасы. Сөз аяғында мүлде кездеспейді. Өзге тілдік сөздерде кездесетін сөз басындағы г дыбысы сөйлеу тілінде түсіріліп айтылады да, сөз аяғындағы г дыбысы қ-ға немесе у-ға айналып отырады. Газетте бұл заңдылық негізінен сақталғанымен, кейде ертедегі жазба дәстүрдің үлгісімен г әрпінің сөз басын-

¹⁵ Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. ч. II. М., 1952, стр. 68.

¹⁶ В. Григорьев. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки (письмо к Ильминскому). Оренбург, 1862, стр. 7.

да не аяғында сақталып жазылған жайлары да кездеседі. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде сөз басындағы ғ түсіріліп, *арыз, ақыл, амал, айып* болып айтылып, солай жазылатын сөздер газет материалдарында о бастағы тұлғасы сақталып, *ғарыз, ғақыл, ғамал, ғаиб* түрінде келіп отырады. Сол сияқты кейбір көне сөздерде сөз ортасындағы ғ, г дыбысының түсірілмей, о бастағы тұлғасымен келуі де, сондай-ақ басы артық ғ-ның жазылуы да өте жиі кездеседі. Мысалы *ұ(ғ)лы* — ұлы, *жібер(г)уші* — жіберуші, *биле(г)уші* — билеуші; *тұ(ғ)расында* — турасында, *оқы(ғ)ушы* — оқушы, *тұр(ғ)ушы* — тұрушы т. б. Мұның біріншісі шет тілден енген сөздерді жазуда этимологиялық принципті ұстаудан туған ерекшелік болса, екіншісін көне түріктік элементтердің кейбір жеке сөздерде сақталып қалуынан деп түсінуіміз керек.

h фонемасымен келетін қазақтың байырғы сөздері өте аз. Қазіргі қазақ тілінде бұл әріп арқылы жазылатын араб-парсы сөздері де көп емес. Алайда газеттерде бұл фонема араб-парсы сөздерінде жиі ұшырап отырады. Мәселен, бұл фонема сөз басында *هر* (hәp), *هم* (hәм), *هنر* (hөнер), *هيج* (hич), *هسكرا* (hәскер) деген сөздерде кездесе, сөз ортасында *شهر* (шаһар), *جهاد* (жаһад), *تعاليم* (таһалим), *بها* (баһа), *مشير* (машһүр), анһық, тәһуір, шүбаһа, фаһам деген сияқты сөздерде жазылып отырған, ал қазіргі тілімізде бұл сөздердің көпшілігінде h дыбысы басқа дыбыспен ауыстырылады не мүлдем жазылмайды.

ф, х фонемалары — қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен сөз енумен байланысты келген кірме фонемалар. Сондықтан газеттерде бұл фонемалар, негізінен, араб-парсы тілдерінен енген сөздерде ғана жазылған. Ол сөздерде бұл фонемалар барлық позицияда да келе береді. Хазірет, хабар, хат, халық, хұрмет, хызмет, хүкім, харакат, хикаят, хош, хайыр, хата, хұсұсы, фікір, фарманнама, фара, файда, мархамат, ахыры, мектепхана, ыхтияр, насихат, мұхтаж, рұхсат, мархом, шафағат, дафтар, офат, тарафы, лтифат, қафа, никах т. т. ¹⁷.

¹⁷ «Түркстан уәләятінің газетінде» осы х-мен жазылатын араб-парсы сөздерінің бірқатарын ауызша сөйлеуде қалай айтылса, солай байырғы қ әрпімен жазу тенденциясы кездеседі. Мыс.: қабар (хабар орнына), қан (хан орнына) т. с. с.

Бұл әріптер орыс тілінен енген сөздердегі **ф, х** фонемаларын таңбалауда да кеңінен қолданылған. Мәселен, **ф, х** әріптері мынадай орыс сөздерінде жазылған. Фабрика, форым (форма), феурал (февраль), картофел, бистафка, канфет, афисер, лафка, крахмал, расхот, хутор, граф, шкаф т. т.

Шет тілден кірген сөздерде жазылуына еліктеп, бұл әріптерді қазақтың байырғы сөздерін жазуда да қолдану тәжірибесі некен-саяқ ұшырап қалады, бірақ бұл жүйелі түрде емес (тофырақ, хатын, афасы, т. т.)

Бұл әріптер қазақ жазбасында кең қолданылғанымен, халықтың сөйлеу тіліне дыбыс ретінде терең сіңісіп, қазіргідей фонемалық қасиетке ие бола алмады. Жазуда қолданылған **ф, х** фонемалары сол кездегі қазақтың ауызша айтуында **п, к** дыбыстарына айналып отырған. Бұл дыбыстардың фонемалық дәрежеге жетуі тек Октябрь социалистік революциясынан кейінгі мезгіл. Бұл жөніндегі проф. І. Кеңесбаевтың «...**ф, х** фонемалары тіліміздің фонетикалық құрамына үзілді-кесілді енуіне орыс тілінің әсері күшті болуын атаумен барабар мынаны ескерткіміз келеді. Араб, иран тілдерінің күшті ықпалымен революциядан бұрын жазылған қазақ тіліндегі кітап, қиссаларда **ф, х** дыбыстары бірен-саран кездесетін-ді. Бірақ бұлар әдеби тіліміздің нормасына орыс тілі арқылы ғана берік-бекем енді»¹⁸ деуі, біздіңше, өте дұрыс айтылған пікір.

Газеттердің бұл әріптерді араб-парсы сөздерін жазуда қолдануының, кейін сол сөздердің бірыңғай жазылу дәстүрінің қалыптасуына пайдасы тиді.

в фонемасы — тілімізге орыс тілі арқылы келген фонема. Алайда мұның **ф, х** фонемаларынан айырмашылығы — «Түркстан уәләті», «Дала уәләті» газеттерінде бұл фонеманың өзі бола тұрса да, оны белгілейтін әдейі таңбаның кездеспеуі. Басқа тілден енген сөздердегі бұл фонема, әдейі оны белгілейтін таңбаның болмауына байланысты, газеттерде басқа фонемаға айналып отырады. в дыбысының орнына ең көп қолданылған форма у. *Уайаннай кубрнатор* (военный губернатор), *переуад* (перевод), *зауад* (завод), *фиурал* (февраль), *сауетник* (советник), *общестуа* (общество) т. т.

¹⁸ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 248-бет.

Кей жағдайда в дыбысының орнына б әрпі де жазылып отырған. *Чинобник, доберность, бистафка* (выставка), *белосипед* т. б. Сөз аяғындағы яғни фамилияның соңында келетін в дыбысы қатаңдап, үнемі ф-ға айналатындығы ескеріліп, ф әрпі жазылып отырған. *Жапановф, Ибановф, Абылайхановф* т. т.

ч дыбысы бірқатар түркі тілдерінде, сондай-ақ қазақтың кейбір говорларында кездескенімен, революцияға дейінгі қазақ тіліне тән фонема емес. Алайда газет редакциялары бұл дыбыстың таңбасын (چ) кейде өз тіліндегі бар ш дыбысын таңбалауға, кейде орыс тілінен енген сөздердегі ч дыбысын таңбалау үшін кеңінен пайдаланған. Бұл жалғыз осы газеттерде ғана емес, сол тұстас қазақ жазбасының бәрінде дерлік кездесетін жайт. Араб әліппесінде бұл таңбамен қатар ш дыбысының да әдейі таңбасы (شى) бар. Бұл екеуінің газетте қолданылуында белгілі бір дифференциация болмаған сияқты. Белгілі бір сөзде әр автордың қалауына қарай бірде ч, бірде ш таңбасы жазыла берген. Мәселен, ч әрпі мынадай сөздерде әр түрлі позицияда кездесе береді. *Чығыс, чақырым, чөб, чығарғучы, чапан, чейін, бойынча, үчүн, көчбелі, мейлүнче, қанча, тыныч, ағач, үч, алғач* т. б. Бірақ төмендегідей сөздерде ш әрпі жазылған. *Балхаш* (жер аты), *патша, ұшбу, оңаша, шәһәр, тамаша, шәкірд, ашылу, көше* т. т. Кейбір сөздер (мысалы: *ішінде — ішінде, ұрғачы — ұрғашы*) бірде ч әрпі, бірде ш әрпі жазылу арқылы да келе берген.

Орыс тілінен кірген сөздерде ч әрпі тек қана орыс тіліндегі ч дыбысы естілетін жерге жазылған. *Почта, начальник, початной, чашни* (сиез), *чин*. Бірақ бұларға қарап, ол ч дыбысы қазақ тілінде фонемалық дәрежеде болған екен деген қорытынды жасай алмасақ керек. Мұны сол кезде «Дала уәләяті газеті» бетінде қазақ тілі туралы мақала жазушылар да, қазақ тілі грамматикасын жазған орыс ориенталистері де көрсетіп отырады. Мәселен, «Қазақ тілінше жазу турадан» деген мақаласында¹⁹ Д. Сұлтанғазин араб әліппесіндегі бірнеше әріптердің қазақ тілінде бір ғана дыбысты белгілейтінін айта келіп, мысалға ط мен ت ның бір ғана т дыбысының, چ мен ش ның бір ғана ш дыбысының

¹⁹ «ДУГ», 31, 1896.

таңбасы екендігін көрсетеді. Мұндай пікір П. М. Мелиоранскийдің грамматикасында да кездеседі²⁰.

Жалпы ч дыбысы Қазақстанның Жетісу аймағында, Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандары мен Маңғыстау түбегі тұрғындарының сөйлеу тілінде кездесетіні мәлім²¹. Бірақ бұл дыбыс Қазақстанның басқа аудандарының, әсіресе газеттер шығып тұрған облыстардың тұрғындарының тіліне тән болмағандықтан, әдеби тілге еніп, фонемалық дәрежеге көтеріле алмады. Н. А. Баскаковтың «Фонематическую значимость согласный ч в литературном каракалпакском языке получил в связи с усвоением русских заимствованных слов»²² дегені қазақ тілі шындығына да толықтай сәйкес келеді.

4. Дыбыс үндесу заңдылықтары

Түрік жүйелі тілдер үшін буын үндесуі (сингармонизм) қандай міндетті заң болса, сөз ішінде көршілес дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, белгілі заңдылықтармен орналасуы да сондай міндетті нәрсе. Әсіресе ауыз екі сөйлеу тілінде анық байқалатын бұл заңдылықтардың кейбірінің жазуда еленбей қалатыны да кездеседі. Бұл — белгілі тілдің жазуда қандай принципті негізге ұстауынан да болады.

Октябрь революциясына дейін түркі халықтары қолданған араб шрифтісіне негізделген бірыңғай өліппеде негізгі принцип — морфологиялық принцип болғаны мәлім. Соның салдарынан болуы керек, аталған газеттерде, әсіресе «Дала уәләятінің газетінде», қазақ тіліндегі дыбыс үндесу заңдылығы көп жерде еленбей, түбірге қосылатын қосымшалар түбірдің соңғы дыбысына үндеспей жалғана берген. Мәселен, қазақ тіліндегі ықпал заңы бойынша, «Түбірдің соңғы дыбысы қа-

²⁰ П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка (Фонетика и этимология), ч. I, СПб., 1894, стр. 11.

²¹ Бұл жөнінде толығырақ С. Омарбековтің «Қазақ тілінің говорларында ч дыбысының қолданылуы жөнінде» деген мақаласынан оқуға болады. Жинақ. — «Қазақ тіл білімі мәселелері», I-шығуы. Алматы, 1959, 103—110-беттер.

²² Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык (Фонетика и морфология), ч. II. М., 1962, стр. 67.

таң болса, оған жалғанатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы да қатаң дыбыс болып келуі керек» болса, газетте қатаңға біткен түбірге ұяңнан не үндіден басталған қосымшалар қосыла берген. Мысалы: *көч-белі, тараф-да, уақыт-дан, түс-ді, қазақ-дың, казит-ді, солдат-лық-дан, іс-ден, қорқыт-бақ, міндет-лі* т. т. Сол сияқты, түбірдің аяғы б, г, ғ, ж дыбыстарына біткен сөздерге де (айтылуда бұл дыбыстар қатаңданып кететіндіктен) жалғанатын қосымшаның қатаңнан басталуы қажет болса, газетте ол заңдылық та сақталмаған (*ұлұғ-лары-ның, тақырыб-ды, чөб-леріне*).

Дыбыс үндестігі заңдылығының сақталмай, үнемі бұзылып отыруы түбірге көптік жалғауы қосымшасының жалғануынан да байқалады.

Түбір қандай дыбысқа аяқталса да, газеттерде көптік жалғау қосымшаларының көбіне *лар||лер* варианты қосылып отырған. Мәселен, *халық-лар, тіл-лер, фарман-лар, ыхлас-лар, адам-лар, құрт-лар, сөз-лер, шөб-лер* т. б. Кей жағдайда газетте көптік жалғауы қосымшасының бірыңғай *дар||дер* вариантын қолдану тәжірибесі де кездеседі. *Халық-дар, тоб-дар, нәрсе-дер, су-дар, оқу-дар, ас-дар, о-дар, бай-дар*²³ т. т.

Қазіргі қазақ тілінде «алғашқы сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді, ұяң болып, одан кейінгі сөздің басқа дыбысы қатаң қ, к болса, айтуда ол дыбыстар ұяңдап, ғ, г дыбыстарына айналып кетеді, бірақ жазуда мұны елемейміз» деген заңдылық бар. Мұндай жағдайда газеттерде сол айтылуынша жазылу тәжірибесі кең өріс алған, яғни «қырып кеткен еді», «онан кейін», «келе қояр ма» деген тіркестер «қырыбгеткен еді», «онан гейін», «келе ғойарма» түрінде жазылып берілген.

Сол сияқты қатар айтылған күрделі сөздердің алғашқысының соңғы, кейінгісінің басқы дыбысы дауысты болған жағдайда, алдыңғы дауыстының түсіп қалуы да газетте кездеседі, бірақ қазіргідей жазуда ол еленбей кетпей, айтылуынша жазылып отырған. Мысалы: *әкетучеді* (әкетуші еді), *бередекен* (береді екен), *кеталмаймын* (кете алмаймын) т. б.

²³ Көптік жалғауы қосымшаларының жалғануындағы бұл ерекшеліктердің біріншісін жазба (кітаби) тілдік дәстүрмен, екіншісін диалектілік екершелікпен байланыстыра қарадық. Бұл жөнінде осы жұмыстың 141-бетінде толығырақ айтылады.

Мұндай комбинаторлық өзгерістермен қатар, газеттерде кейбір спонталдық өзгерістер де ұшырап қалып отырады. Мәселен, қазіргі әдеби тілімізде бар «енді» сөзі газеттің бірсыпыра номерлерінде «имді» түрінде кездеседі, мұнда м дыбысы н мен ауысқан. Осы тәріздес «алал» сөзі «адал» болып, «мүлде» сөзі «мүтде» түрінде (л||т), «тағы» сөзі «дағы» (т||д) түрінде, «бүкіл» сөзі «бүтіл» (к||т) түрінде, «илану» сөзі «инану» (л||н) түрінде кездесе береді.

Әуелгі уақытта қазақ орыслар бұл тоған тұғрасында бірер сөз айтбаучеді *имді* соңғы жылларда білмейміз не себебден екенін қазақ орыслар суға тоқтаушылық қыла бастады йаки *мүтде* суыны арыққа жібермесден тоқтатып қойатын болды... («ДУГ», 14, 1894). Сарыбай бек таза *алал* фараға қарамайтын кісі еді («ДУГ», 27, 1890)... Алтұнсарин бір-ақ ауызча сөз мынан айтып қойған жоқ еді *дағы* да өзінің қылған ісі мынан анықдаб көрсеткен еді. Мысалы таза қазақ тілі менен *бүтіл* бір кітаб жазып чығарған еді («ДУГ», 27, 1894). Қазақтың тілін түзу қылыб сөйлеуге һәм жазуға болмайды дегенге *инану* жарамайды («ДУГ», 27, 1894).

5. Орфография

Октябрь социалистік революциясына дейін араб әліппесін пайдаланған түркі халықтарының бәріне ортақ бір орфографиялық заңдылық болды. Араб жазуын таратушылар түркі халықтарының әрқайсысының тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді ескермей, барлығының жазуын бір үлгіге бағындырды. Сондағы олардың орфографияда ұстаған негізгі принципі морфологиялық принцип болатын. Бұл принциптің мәні — әр тілдің фонетикалық заңына сай қосымшалардың түрленуіне қарамай, бір тұлғада жазып, әркім өз тілінше оқу. Сонымен қатар, бұл заңдылық бойынша араб-парсы тілінен енген сөздер белгілі тілде қалай дыбысталуына қарамастан, ана тіліндегі этимологиясы сақталып жазылуға тиіс болды.

Аталған принциптің пайдалы, зиянды жақтарын проф. И. А. Батманов былай деп дұрыс көрсеткен болатын:

«Морфологический и этимологический принципы орфографии, распространенные среди народов Средней

Азии в дооктябрьский период, с одной стороны, обладали тем преимуществом, что носили универсальный характер, позволяя один текст понимать представителям различных языков (узбекского, казахского, киргизского, туркменского, каракалпакского), одинаково писать, но различно читать применительно к особенностям родного языка. С другой стороны, эти принципы орфографии обладали и отрицательным свойством: не отражали фонетических особенностей языков Средней Азии и тем самым затрудняли оформление и развитие национальных языков»²⁴.

Біз тілін талдап отырған газеттер де, негізінен, осы орфографиялық заңдылықты пайдаланды. Көп жағдайда қазақтың сөйлеу тілінің ерекшеліктері ескерілместен, сөздер ескі жазу дәстүрі бойынша жазылып берілді. Әсіресе, бұл түбір сөзге қосымша жалғанғанда айқын көрінеді. Сөйлеу тілінде көптік қосымшаларының бірнеше фонетикалық варианты бола тұрса да, газетте ол көбіне-көп бір тұлғада *лар||лер* түрінде келіп отырады. *Адам-лар, чөб-лер, біз-лер* т. т.

Осы сияқты табыс септігінің *ны||ні* варианты, жатыс септігінің *да||де* варианты жиі ұшырап отырады. Бірақ газеттерде кейде сөйлеу тіліндегі бар варианттардың барлығы түгелдей кездесіп қалатын жайттары да аз емес (бұл жөнінде көптік, септік жалғаулары әңгіме болған «Грамматика» тарауында толығырақ айтылған).

Сөздерге қосылатын жалғау, шылау сияқты қосымшалардың бөлек, бірге жазылуында белгілі заңдылық байқалмайды. Мәселен, ілік септігі қосымшасы *ئىنك* көбінесе өзі жалғанған сөзден бөлек жазыла береді. Ал шылаулар (*да||де, ғой, ақ, соң* т. б.), керісінше, өзінің алдындағы сөзбен үнемі дерлік бірге жазылып отырған. Мысалы, *түскенсоң, керекгой, чақырымдайақ, тілдеріненгөрі, қалғандағана, болғансоң* т. с. с.

Менен (бірлән, білән, илан, мен) қосымшасы көмектес септігі қызметінде келсін, жалғаулық шылау ретінде келсін, бөрібір, барлық жағдайда да сөзден бөлек жазылып отырған. Мысалы: Өзінің табан ақы маңдай тері *мен* күнін көріп жүрген адам («ДУГ», 3, 1896). Біздің қыр даласындағы хызметдегі қазақларға орыс-

²⁴ И. А. Батманов. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946. стр. 267.

ша тіл білмеқдің хажет екені мұның барчаға бірдей
файдалы екені төмендегі жазу *білән* байан етіледі
(«ДУГ», 37, 1894). Имді біздің бұл айтқан сөзлеріміз
менен бұларда хтиар болса керек («ДУГ», 12, 1894).
Казитдің бәсі бір жылға қай қаладан алған кісі болса
да почта *менен* жеткізіп тұруға екі сом отұз тиын
(«ТУГ», 14, 1873).

Ма||ме сұраулық шылаулары да өзінің алдындағы,
соңындағы сөздермен қосылып, жымдасып кетіп отыр-
ған. Таба *қойармекенсіңдер, дұрысбекен, жібердімекен.*

Көп жағдайда көмекші етістіктер де негізгі етістік-
термен бірге жазылған. *Айтбаучеді* (айтпаушы еді),
жүредекен (жүреді екен), *кеталмаймын* (кете алмай-
мын), *көручеді* (көрүші еді). Бірер мысал келтірелік.

Рас көркем салмақды еді һәм алал жүрүб тыныш
жүручеді соңұсұна қарай қазақлар мұны жақсы *көрү-*
чеді («ДУГ», 11, 1893). Исабы осындай сөздер қазақ
тілінде тым көб кімде болса да сондай сөздерді қосбай
қазақча сөйлеб *жазалмайды* («ДУГ», 31, 1896). Егерім
оқуды өзім білетұған болсам сенің көзілдірүгінді алып
неғыларедүм дебді («ТУГ», 7, 1875).

Өте ертеректе бірігіп, жеке компоненттері таныл-
мастай болып кірігіп кеткен сөздер (қарлығаш, ағайын,
жомарт, жүгірмек типті сөздер) болмаса, екі сөз қатар
тұрып бір мағынаны беріп келгенде, олар әдетте бөлек
жазылған. Мысалы: от арба (поезд), бөтен жұрт (иност-
ранный), фарман нама (приказ) т. б. Тіпті қазіргі тілі-
міздегі жігі білінбей кірігіп кеткен «биыл», «бүгін»
сөздері газетте жазылғанда «бұ жыл», «бұ күн» түрін-
де келіп отырады.

Семей ойазы Кереку Қарқаралының нече жылдан
бері зарығып тосқан сиезі *бұ жылда* болды («ДУГ», 45,
1899). *Бұ күнкі* қазақ халқының үч түрлі мекені бола-
ды жайлау күзеу һәм қыстау («ДУГ», 13, 1890). Түрк-
тан казиті *бұ жылда* да бұрынғыдай Ташкент қаласын-
да басылады («ТУГ», 14, 1873).

Белгісіздік, болымсыздық есімдіктерінің құрамын-
да келген «неш», «һәр» сөздері құрамындағы сөзден
бөлек жазылған.

Өзіне *һәр бір* нәрсені жұқтырмайтұғын ғамалдар-
ды істеу керек («ДУГ», 5, 1902). *Һәр бір* жара адамның
төніне жіберуке ыхтималы бар іріңні наки бір залалды
нәрселерді («ДУГ», 5, 1902). *Һәр дайым* сиезде қайтіб

түзулік болсын болұс белтірүк, би қарға болғансоң («ДУГ», 2, 1897).

Екі сөзден біріккен жер-су атаулары, адам аттары да көп жағдайда бөлек жазылған. Мысалы: Байан ауыл, Қабар ақ үй (болысы), Қотыр көл, Ақ келін (елі), Дін Мұхамбет, Біләл Бай Смақ ұғлы т. т.

Араб тілінен енген кейбір сөздердің қазақ тілінде айтылуы басқаша болса да, белгілі қалыптасқан жазу дәстүрі бойынша жазылғандары да кездеседі. Мысалы محمد (айтылуы — Мұхаммед), قرآن (айтылуы — құран), خداي (айтылуы — құдай), مدرس (айтылуы — медресе), مثلا (айтылуы — мысалы) т. т.

Айтылуда қысаң ы, і естілгенмен, көпшілік жағдайда ол жазылмай, түсіріліп отырған. Мысалы: ғылым — علم (ғлм), ғұмыр — عمر (ғмр), алыб — آلب (алб), ыхтиар — ختيار (хтиар), іс — س (с), іні — نی (ні), орыс — اورس (орс) т. т.

Жоғарыдағы айтылған орфографиялық ерекшеліктердің қай-қайсысы да барлық жағдайда сақталып отырмаған, кейде ешбір ережеге сыймайтын қателіктер де кездеседі. Бұл тұрғыда П. М. Мелиоранскийдің «Правила орфографии соблюдается киргизами сообразно с познаниями каждого отдельного лица, а так как грамотность между ними развита слабо, то сплошь и рядом в их писаниях приходится наталкиваться на различные ошибки, нередко затрудняющие понимание. Помочь в этом случае может только практика»²⁵ деуі өте дұрыс айтылған пікір.

6. Пунктуация

Қазақ тілінде тыныс белгілерінің қолданылу тарихы әңгіме болғанда, әдетте, оны ХХ ғасырдың басынан бастап, яғни ұлттық жазудың пайда болуымен байланыстыра қарап жүрміз²⁶.

²⁵ П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка, ч. I, СПб., 1894, стр. 13.

²⁶ А. Ысқақов, Ә. Хасенов. Тыныс белгілері. Алматы, 1951, 8-бет., Ф. Мұсабекова. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері (канд. диссертациясының қолжазбасы), 1955, 3-бет.

Мұнымыз негізінен дұрыс болғанымен, қазақ тілінде басылған ертеректегі кейбір әдебиеттерге зер сала қарасақ, тілімізде тыныс белгісін пайдаланудың алғашқы элементтерінің ХХ ғасырға дейін де болғанын көреміз.

Жалпы тыныс белгілерін пайдаланудың қажеттілігі баспасөздің, ғылыми, әдеби кітап бастырып шығарудың жарыққа шығуымен байланысты туатындығы мәлім.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінде шыққан алғашқы баспасөзіміздің бірі «Дала уәләяті газетінің» материалы бізге қазақ жазбасында тыныс белгілерінің сол кезден бастап қолданыла бастағанын, тыныс белгілерінің жүйелі түрде қолданылуын қалыптастыруда бұл газеттің өзі едәуір роль атқарғанын аңғартады.

«Дала уәләятінің газетінде» араб әліппесінің қолданылғаны мәлім. Арабтарда бергі кезге дейін белгілі ережеге сай қолданылған тыныс белгілері болған емес. Сондықтан жалғыз қазақ емес, араб әліппесін пайдаланған шығыс тілдерінің қай-қайсысында да көпке дейін тыныс белгілері болмады. Бұл жөнінде алғаш түркі тілдерінің грамматикасын жазған проф. А. Казем-бек былай деген еді:

«В восточных языках нет знаков препинания (исключая в Алкоране). Это одно из существенных причин, по которым книжный язык всегда отличается от языка разговорного. Если персынину или турку вздумалось бы писать своим разговорным языком какую-нибудь сказку или роман, то такое сочинение для азиатца было бы столько же запутано и непонятно, сколько для европейца любое романтическое сочинение без всяких знаков препинания, без больших букв и без всякого отделения предметов; Турки, чтобы облегчить эти неудобства, которыми их язык изобилует преимущественнее пред восточными языками, прибегают в книжном языке к частому употреблению союзов, де-епричастий, причастий и других частей речи, которые служат у них к соединению фраз и предложений, составляющих одно целое, нередко чрезвычайно длинное»²⁷.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы, тіпті ХХ ғасырдың

²⁷ А. Казем-бек. Грамматика турко-татарского языка. СПб., 1839, стр. 436.

басында түркі тілдерінде арабша басылып шыққан кітаптардың көбінде-ақ тыныс белгілерін пайдаланбағанын көреміз. Ең алғашқы баспасөзіміз «Түркстан уәләяті газетінде» де ешбір тыныс белгісі қолданылмаған. «Дала уәләяті газетінің» шыға бастаған алғашқы жылдарындағы номерлерінде де тыныс белгісі кездеспейді. Тек қана ұзақ күрделі ой не бір тұтас пікір біткенін білдіру үшін екінші ой жаңа жолдан басталып жазылғаны байқалады. Ал сол бір абзацтағы сөйлемдердің өзін бір-бірінен ажырату өте қиындық келтіреді. Тыныс белгісі қойылмағандықтан және бас әріп болмағандықтан, мәселен, мына бір үзіндіні түсіну қиын-ақ.

«орта азия жақсы жолдар ашылған сайын бөтен жұртдың жолаучысы бұ жаққа келетүн көбейе берсе керек бұл жаққа ең сонкүн келген бөтен жұртдан мөзер декен бұл уақытта че (шейін. — Б. А.) орта азия турасында һәр түрлі сөздер жазған бір ақ орыс халқы еді жері турасынан чөбі тауы тасы өсіресе һәр халқы турасынан түркстан уалайатының һәм басқа сөздер халқының мінездері бұрынғы рәсімі (әдет-ғұрпы. — Б. А.) турасында жазылған һәр түрлі дәмді хабарлар сонда да бөтен жұртның адамдарүн бұлардай қылұб жете жазады деб ойлауға болмайды»²⁸.

Мұндай қолайсыздықты жүре келе газет редакциясы да түсіне бастады. Сондықтан кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға 1894 жылдан бастап, сирек те болса, сызықша (—), әртүрлі жұлдызшалар сияқты шартты таңбаларды қолданғанын көреміз. Мұнда жұлдызшалар сөйлемнің біткенін, ой тынысын білдіретін (құрандағыша) тыныстық белгілер болғанға ұқсайды.

Мысалы, мына төмендегі үзіндіде мынадай тыныс белгілері қойылған.

Қазақ ұрғачыларының көркен күндерін айаб жазған өсиет сөзлерге көб оқұғучылар көңілдерін қойыб қостай қойар мекен* Мұның себебі қазақлардың үйренчкікті наданлығы *. Ғылым оқу жөнін іздеген адамларға азда болса біздің қазақларды қараңғылықтан чығаруға һәм жаман мінездерін жұмсатуға көб уақыт өтер һәм көб азабтанар²⁹*

Бұл үзіндіден көрініп тұрғандай, әртүрлі жұлдыз-

²⁸ «ДУГ», 27, 1888.

²⁹ «ДУГ», 38, 1894.

шалар аяқталған сөйлемнен кейін ғана қойылған. Ал басқа тыныс белгілері керек орындарға (құрмалас сөйлем, бірыңғай мүше арасына т. б.) ешқандай белгі қойылмаған. Жұлдызшалардың өзі үш түрлі, бірақ олардың әрқайсысының кезек қолданылуында белгілі бір дифференциация, жүйелілік болмаған сияқты. Бұл жұлдызшаларды пайдалану тек осы газеттің өзінің енгізген тәжірибесі сияқты, үйткені сол тұста я бұрынырақ араб шрифтісімен шыққан басқа газеттерде, кітаптарда³⁰ олар (жұлдызшалар) қолданылмаған.

1896 жылғы 4 августағы 31-номерінен бастап «Дала уәләятінің газетінде» тыныс белгілерінің қазіргі жаңа жүйесі туралы хабарлама жарияланады. Бұл хабарлама газеттің қазақша бөлегінің ең басына яғни «Бұйруқтар жазылатын бөлегі» деп аталатын бөлегінің орнына ірі шрифтілермен теріліп берілген. Бұл хабарламада осы күнгі қолданылып жүрген тыныс белгілерінің сызықшадан басқасының барлығы да көрсетіліп, олардың қолданылатын басты орындары туралы қысқаша түсінік берілген.

معلوم نامه

مسرهم ستامبول كازيتديرنده جنه باقچه ساراي
 كازيتديرنده تومانكي آيتلغان طنصداردى جور كزب
 طور. بول طنصداردى بزده كازيتده جور كزه يوك ديديك
 سببى اوقوغان وقتدا اول كوب فايده قلادى — سوزدنك
 بايوبنا جلدام توسرب، بو طنصدار مناو:

طنص
 جارطى طنص.
 طنصدنك ؛ بولكاننك برى
 سوراغان جوابدنك آياغندا قويلادى
 آشولانب نه قورقب آيتقان سوزدنك آياغينا قويلادى . !
 اوز سوزىننك آراسنا بوتان كسننك آيتقان سوزن
 جازسا، نه آيتقان سوزديرىننك اچنده كى بر سوزدى

³⁰ «Түркстан уалаятының газеті» (1870—1917); Алтынсарин. «Шариат ал-аслам», (1886) т. 6.

اسا كيره كتى ديب بلسه سوننك ايكي جاغنادا تورتب
 مثلا «وز» ديكان نك ايكي جاغندا غيداي قلب قويادي
 «سوز» بر ديمه نك مائسن آيتاردا نه ساناردا سول
 سوزلاردين بورون ايكي نوكته قويادي
 اكرده اوزى اويلا ب طابسن ديسه بر نيچه نوكته قويو
 كيرك
 آيتباي كينكان سوزدنك اورنينادا كوب نوكته دير
 قويو كرك
 — .

Біздің қазіргі нүктеміз (.) бұл хабарламада «тыныс» деп, нүктелі үтіріміз (;) — «жарты тыныс» деп, ал үтіріміз (,) — «тыныстың төртінің бірі» деп аталып, бірақ, неге екені белгісіз, олардың қай орындарда қойылатынына түсінік берілмеген. Ал қалған белгілердің (? ! « : . . .) негізгі қолданылатын орындары айтылған. Мәселен, сұрау белгісі (?) «сұраған жауаптың аяғында қойылады», қос нүкте (:) «бір демнің мәнісін айтарда не санарда сол сөздерден бұрын қойылады» делінген. Бұл тыныстарды қолдану қажеттігін «оқыған уақытта сөздің байыбына жылдам түсіріп көп пайда қылады» деп негіздейді.

Газет осы хабарламаны сол жылдың аяғына дейін үзбей, әрбір номер сайын бірде бас мақала орнына, бірде «мағлұм нама» деген рубрикамен газеттің соңғы бетіне жариялап отырған. Бірақ, қандай себептен екені белгісіз, сол жылғы 39-номерден бастап хабарламада да, газет бетінде қолданғанда да нүктенің белгісі (.) жұлдызшамен (*) ауыстырылған, ал басқа тыныс белгілері өзгеріссіз қалған.

Хабарлама жарияланған номерден бастап, айтылған тыныс белгілерін газет тәжірибе жүзінде өзі де солайша қолдана бастаған. Мысалға мына бір абзацты келтірейік:

«Ағаштан істелген нәрселер де көб, әсіресе егін ағашынан істелген орындық бөшкедер. . . қиыб текше-леб істеген үйдің тақтайы бар. Шабқан ағаш бар, өзге бір үйде һәр түрлі арба шана бар; бұлардың ішінде мұжық күймесі бар. Жуырда шыққан екі дөңгелекті било-

сипед арба бар. Бұлғары қайысдан істелген нәрселер көб»³¹.

Бұл үзінді орысшадан аударылған мақаладан алынғандықтан, оның стиль, сөйлемдік құрылысы жағына көңіл аудармай-ақ, тыныс белгілерінің қойылуына келсек, олардың (тыныс белгілерінің) бірсыпыра дұрыс қойылғанын көреміз. Алайда жалпы газет бетіндегі басқа мақалаларда (осы үзіндінің өзінде де) тыныс белгілерін қоюда бір ізділіктің, тұрақты ережеге сүйенушіліктің жоқ екенін байқауға болады. Дегенмен газет осы тыныс белгілерін пайдалана отырып, кейінгі жылдардағы номерлерінде сауаттылыққа қарай бір табан болса да жақындағанын көреміз. Бұл пікірімізді мына мысал аңғартатын сияқты.

«Ісден түскенсоң жаловнаны беру қайуақытта қойылса керек? Сол турадан жуурда министрстуада сөз болған еді. Бұған былай белкі қылынды: «Хызметде тұрған күніне алады, қалай хызметден түсді, жаловани беру қойылады. Оның орнына хызметке мінкен адамға беріледі бұрынғы хызметдегі адамға жаловани беру қойылған күннен былай қарай»³².

Газеттің 1897 жылғы номерлерінде де тыныс белгісі туралы «мағлұм нама» оқтын-оқтын беріліп тұрған. Нүктенің орнына қолданылған жұлдызша сол жылғы 30-номерден бастап қайтадан бұрынғыша өзгертілген. Сондай-ақ тыныс белгілерін пайдалануда да біраз өскендік байқалады.

Газет 1898 жылғы 42-номерінен бастап бұрынғы беріп келген хабарламаның үстіне сызықша (—) туралы бір пункт қосымша қосып, сол жылдың аяғына дейін үзбей тағы да беріп тұрған. Бұл қосымшада «басбай қалдырыб кеткен сөздің орнына не екі сөзді бір қылыб қосыб айтқанда (мысал құрт-құмырсқа) иаки сөздің аяғы екінші жолға кеткенде мынадай белгі қойылады» деп сызықшаны (—) қойған.

«Дала уәләятінің газеті» бетінде жарияланған тыныс белгісі туралы бұл негізгі қағидалардың және оны газеттің өзінің іс жүзінде қолдану тәжірибесінің одан кейінгі кездегі, атап айтқанда ХХ ғасырдың бас кезіндегі баспасөзге басылып шыққан кітаптарға белгілі дәрежеде игілікті әсері болғаны күмәнсіз.

³¹ «ДУГ», 31, 1896. Оқуға жеңіл болу үшін бас әріптерді, тыныс белгісіне қарап, өзіміз қойдық.

³² «ДУГ», 32, 1897.

III т а р а у

ГАЗЕТТЕР ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ

Бұл тарауға кіріспес бұрын мына бір жайды ескерте кетуге тура келеді. Газеттер тілінің лексикасы деп атағанмен, мұнда біз «Түркстан уәләяті», «Дала уәләяті» газеттерінің пайдаланған бүкіл лексикалық қорын түгел қамтып, оған толық талдау бере алмадық. Бұл үшін, әрине, аталған газеттердің әрқайсысының 13—14 жыл бойғы барлық номерін хатқа түсіріп, ондағы кездескен сөздердің бәрін топ-топқа жіктеп, жазып-сызып шығу керек болар еді. Оны біз мақсат та еткеніміз жоқ және ол ұзақ жылдар бойы бір емес, бір топ адамдардың еңбектенуін қажет етер еді. «Газеттер тілінің лексикасы» аталған бұл тарауымызда біз газеттердің сол тұстағы халықтың ауыз екі сөйлеу тіліне, орта азиялық түркі (шағатай аталған) әдеби тіліне қарым-қатынасы, газеттердің өздері пайдаланған лексикалық қорының әртүрлі қабаттары (қазақтың төл сөздері, арабиран және орыс сөздері), шет ел сөздерін алудағы газеттердің ұстаған негізгі принциптері, газет лексикасының бүгінгі әдеби тіліміздің сөздігінен алатын орны сияқты жеке мәселелерді ғана әңгіме етеміз.

Алғашқы газеттер шыға бастаған ХІХ ғасырдың 70—80-жылдарында қазақ тілі біртұтас, қазақтың сол кездегі шаруашылық, мәдени дәрежесіне сай, халық өміріне қажетті түсініктерді қамти алатындай сөздік құрамы бар тіл еді. Бұл тілдің лексикалық байлығы, негізінен, әлденеше ғасыр бойы қалыптасып, халыққа үздіксіз қызмет еткен, бірсыпыра түркі тілдеріне ортақ негізгі сөздік қордан тұратын-ды. Бұған қосымша оның

құрамында көршілес Орта Азия халықтарымен діни, сауда-саттық, мәдени жағынан көп жылдар бойы қарым-қатынаста болудың салдарынан сол тілдер арқылы енген араб-иран сөздері, сондай-ақ ежелден аралас, қоныстас отырғандықтан, экономикасы мен мәдениеті жоғары ұлы орыс халқының тілінен ауысқан күнделікті тұрмыс, шаруашылық-кәсіп, ел басқарумен байланысты сөздер болатын.

Бұл кезде қазақтың лексикасы бай, оралымды сөйлеу тілі мен ауыз әдеби тілі болды. Сонымен қатар сол XIX ғасырдың екінші жартысынан былай Абай, Ыбырай ірге тасын қалап қалыптастыра бастаған қазақтың жаңа жазба әдеби тілі¹ бар-ды. Сөз жоқ, бұл соңғы тіл аспаннан түскен жоқ, сол жоғарыдағы жалпы халықтық сөйлеу және ауыз әдеби тілдің бар асылынан қорек алып, соның негізінде пайда болды, халықтық тілдің өңделген, сөз шеберлерінің тұтынуынан, екшеуінен өткен варианты ретінде жаңа сапаға ие болды. Алайда бұл кезде жаңа туып келе жатқан жазба әдеби тіліміз стильдік жағынан әлі сараланбаған, грамматикалық жағынан әлі нормаланып бітпеген тіл еді.

Бұл жаңа жазба әдеби тілмен қатар сол кезде қазақтың мұсылманша оқығандары арасында белгілі дәрежеде «Орта азиялық түркі әдеби тілі» дегеннің әсері күшті болды. Түркі аталған тіл бір кезде бүкіл түркі халықтары үшін ортақ жазба әдеби тіл болса да, қазақ топырағында, әсіресе қазақша жүргізілген іс қағаздарында, ол әлденеше тілдердің қоспасы ретінде шұбарланып, «қойыртпақ» тілге айналды². Сондықтан да бұл тіл кейбір зерттеушілердің еңбектерінде халықтың сөйлеу тіліне қарсы қойыла «кітаби» тіл деген атақ алды³. Бірақ Ә. Құрышжановтың дұрыс көрсеткеніндей, «кітаби тіл» деген белгілі бір ізден шалыс баспайтын, өз арнасынан ауытқымай, әрдайым жүйелі түрде қолда-

¹ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, *Қазіргі қазақ тілі* (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 164—165-беттер.

² М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, *Қазақ әдеби тілінің мәселелері*. Алматы, 1961, 59-бет.

³ М. Балақаев, М. Томанов, Е. Жанпейісов, *Қазақ әдеби тілінің мәселелері*. Алматы, 1961, 58—61-беттер; Р. Сыздықова, *XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі*. Жинақ. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 5-шығуы. Алматы, 1963, 26-бет.

нылатын тіл емес. Ол жыл өткен сайын жаңарып, ішінара өзгеріске ұшырап отырған. ХХ ғасырдың басындағы «кітаби тіл» о бастағы қалпынан, қала берді тіпті ХІХ ғасырдың ортасында қолданылған түрінен едәуір өзгеше болған сияқты...⁴. Бұның үстіне «кітаби тілге» барлық қаламгердің қатынасы бірдей болмағанын да ескерген жөн.

Міне, осындай жағдайда жарық көрген алғашқы қазақ баспасөзі жоғарыдағы тілдік ағымдардың бірін қолдап, біріне қарсы күресу арқылы оларға өз көзқарасын білдіруі керек болды. Газет материалдарымен таныса келе, оның қандай бағытқа арқа сүйеп, қандай бағытқа қарсы күрескенін айқын аңғаруға болады. Сөз жоқ, бұл газеттер өздерінің шыққан алғашқы жылдарынан бастап-ақ, жалпыхалықтық сөйлеу тілінің негізіне сүйеніп, оны барынша пайдалана отырып, жазба әдеби тілді дамытуға ат салысты, қазақ тілін бөтен тілдің сөздерімен араластырып, тіл бүлдірушілікке қарсы күресті. Қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен ешбір қалыспайтындығын көрсетіп, оны шама келгенше таза сақтауға тырысты. Бұл жөнінде газет редакцияларының, бірінші тарауда әңгіме болған, қазақ тілі туралы құнды пікірлерін еске алған жөн. Мәселен, «Түркстан уәләяті газетінде» өзбек, татар сөздерін қосып өлең шығаруды әдетке айналдыру сыналып, тілі жағынан таза қазақтың өлең үлгісі ретінде Орынбай ақынның өлеңдері келтірілсе, «Дала уәләяті газетінде» бұл ретте үлгіні «қазақтың тілін түгел білетұғын», «ана тілін таза сақтаудың қажеттігін сөз жүзінде айтып қоймай, өзінің азды-көпті артында жазып қалдырған еңбегімен тәжірибе жүзінде көрсетіп кеткен» Ыбырай Алтынсариннен алуға шақырды. Осы газеттің бетінде А. Құрманбаев былай деп жазған болатын.

«Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды, мұның қазақтың тілін жөндеп, көбейтпек үшін бастаған жұмысын қостап, ілгері бастырса жарайды»⁵.

⁴ Ә. Қ ұ р ы ш ж а н о в. «Кітаби тіл» материалдарынан. Жинақ. — «Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері», 2-шы-гуы. Алматы, 1960, 74-бет.

⁵ «ДУГ», 27, 1894.

Газеттердің тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де негізінен халықтың сөйлеу тіліне арқа сүйеп, шама келгенше орта азиялық жазба әдеби тіл дәстүрінен арылуға ат салысқанын олардың беттерінде жарияланған материалдардың тілі дәлелдейді.

Алайда, газеттер, жоғарыда көрсеткеніміздей, шағатай әдеби тілінің кейбір элементтерінен бірден қол үзіп кете алды деп айта алмаймыз. Газеттер тілін бұған бір табан жақындатып тұрған, көбінесе, араб әліппесі негізінде жасалған бірыңғай орфография екені даусыз. Сондай-ақ бұл арада газеттердің араб-парсы сөздерін халықтың айтуындағы түрінде жазбай, сол тілдердегі қалпында беруге тырысуының да едәуір дәрежеде әсері болған сияқты. Ал енді аударма мақалалардағы сөйлем мағынасын бұлдырататын басы аяғына шыққан синтаксистік құрылыс, морфологиялық тұлғалардағы тұрақсыздық, тағы сол сияқтылардан «кітаби» тілдің әсерін іздеуіміз дұрыс болмас еді.

Газет лексикасын әңгімелегенде, бұл жайларды ескермеске болмайды.

1. Газеттер тілінің лексикалық құрамы

Газет лексикасының құрамын әңгіме етсек, мұндағы сөздерді, негізінен, үш топқа бөліп қараған дұрыс болар еді: 1) қазақтың өзінің негізгі қолтума сөздері; 2) араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер; 3) орыс тілінен енген сөздер.

I. Негізгі сөздік қорға енетін қазақтың қолтума сөздері газет лексикасының басым көпшілігі және олар халық тұрмысының барлық жағын да қамтыған. Бұл топқа жататын сөздер түгелдей бүгінгі әдеби тіліміздің сөздігінен орын алады. Сондықтан ол сөздерден мысал келтіріп жатудың өзі артық сияқты. Газет редакциясы тіл тазалығы үшін күресті өз алдына мақсат етіп қойғандықтан, барынша халық тілінің осы байлығын сарқа пайдалануға тырысты. Сол себептен де болуы керек, кейде қазақ ұғымында жоқ орыс сөздеріне балама таба алмаған жағдайларда, ол сөздерді қазақ тіліне түсіндірме жолымен де аударып беріп отырған. Мысалы:

Век — жүз жыл;

Иностранный — бөтен жұрт;

Физический труд — жай қара жұмыс;
Публичная библиотека — көп қауымға тиішлі кі-
табхана;

Хлебопашество — егін салу шаруасы;

Циркуляр — жариа бұйрық нама;

Присяга — жан алу;

Сток — шошақ шөп;

Съемщик — жер өлшейтін адам;

Существование — тамақ асырау;

Мировой — дүние жүзілік;

Местные известия — тұрмыс жайда болған хабар-
лар;

Защита — іс қорғау;

Школа грамотности — хат танытуға ашқан медре-
се, т. т.

Бұл аударма терминдердің кейбірі сәтті табылған балама ретінде әдеби тілде қалыптасып кетті (миро-
вой — дүние жүзілік, физический труд — қара жұмыс,
защита — іс қорғау т. б.). Ал бірқатарлары аударған
сөздің мағынасын дәл бере алмағандықтан, тілдің кей-
інгі даму барысында басқа сөздермен ауыстырылды.

Орыс сөздерін қалай да қазақша аударып беруге ты-
рысудың салдарынан кейде орысша терминдердің ма-
ғынасын бұрмалап, бұзып аудару фактілері де кездесіп
қалады. Мысалы: поезд — от арба, учитель — молла,
профессор — ұлама, министр — уәзір т. с. с. Мұның бір
қолайсыз жағы — орыс сөздерін аударамын деп оты-
рып, еріксіз араб-парсы сөздеріне жүгірушіліктің орын
алуы. Мәселен, «Дала уәләяті газетінде» орыстағы «по-
ложения» деген сөзді арабтың «нифла» деген сөзімен
аударған, сол сияқты «параграф»-ты — «баб», «глава-
ны» — «тілсім» деп «қазақшылаған».

Алайда, бұдан газеттерде пуристік ағым болған
екен деген қорытынды шығаруға болмаса керек, жоға-
рыда біз келтірген жағдайларды газеттердің іздену жо-
лында аударма тәжірибесінің аздығынан шалыс басқан
қадамы деп есептеу дұрыс сияқты.

«Дала уәләяті газетінің» алғашқы жылдағы номер-
лерінде орыс тіліндегі «приказ», «распоряжение» де-
ген сөздер қазақ тіліне бір ғана араб сөзімен «фарман-
нама» деп аударылса, кейін бұл сөздің орнына қазақ-
тың өз сөздерін пайдаланып, «приказы» — бұйрық,
«распоряжениени» — жарлық деп дифференциациялап

аударатын болған. Сол сияқты орыстағы «волость» сөзі көп уақыт газетте «ел» деп аударылып беріліп келген, тек 1900-жылдардан былай қарай «болыс» сөзімен ауыстырылған, ал «ел» бұдан кең ұғымды қамтитын сөз ретінде (мысалы, қазақ елі. . .) қолданылатын болған. Ал «Түркстан уәләятінің газетінде» приказ, распоряжениенің екеуі де «бұйрық» сөзімен, «волость» сөзі «болұс» түрінде берілген. Бірақ бұл арада мынадай бір жайды айта кету орынсыз болмас деп ойлаймыз. Сол негізгі сөздік қорға жататын кейбір сөздердің газет материалдарында берген мағынасы қазіргі әдеби тіліміздегі мағынасымен бірдей емес екенін көреміз. Мәселен, «қауым» деген сөз газетте қазіргі тіліміздегі «қоғам» дегеннің орнына (орыс тіліндегі «общество» деген сөздің баламасы ретінде) қолданылған.

Қазнаны һәм жер шаруасын басқаратын министрстволар хабар алыбды, Түркстанның *шаруа қауымы* һәм императорски русски *технически бөлменің қауымы* Ташкент шаһарында шаруа һәм өнер іс турасынан бистафка ашады деген («ДУГ», 49, 1896).

Мұндағы «шаруа қауымы» орысшадағы «общества сельского хозяйства», «технически бөлменің қауымы» — «отделение технического общества» дегеннің орнына қолданылып тұр. Соңғысында сөздердің орнын ауыстырудан тіркестің мағынасы бұзылып тұр, бірақ бұл — екінші мәселе. Бізге керегі сол, ол — екеуінде де «қауым» сөзінің «обществоның» орнына қолданылуы. Сондай-ақ «қауым» сөзі тағы бір жерде орыстың «публичный» деген сөзіне балама ретінде де қолданылған. Публичная библиотека — көп *қауымға тиісті кітабхана* («ДУГ», 3, 1896).

Қазіргі әдеби тілімізде «қауымның» жоғарыдағы мағыналарын «қоғам», «көпшілік» деген сөздер береді де, ал «қауымның» мағынасы ол кездегіден едәуір тарылып, белгілі бір стильде ғана «бұқара, көпшілік» деген мағыналарда қолданылып жүр. Сол сияқты «бөлме» сөзі газеттерде орыстағы «отдел, отделение», «участок» дегендердің баламасы ретінде қолданылса (технически бөлме — технический отдел, исаб алу бөлмесі — переписной участок, бөлме бастығы — зав. участком, бөлме — отделы выставки т. т.), қазіргі тілімізде ол «үйдің ішкі бөлегі» мағынасында ғана қолданылады.

Жоғарыдағы мағынаны қазір көбінесе «бөлім» деген сөз беріп жүр. Осы тәріздес қазір мағынасы өзгерген сөздерге *кесім* (постановление), *белгі* (указание) т. б. сөздерді келтіруге болар еді.

Газеттерде «қыл-у» етістігінің қолданылу аясы да бүгінгі тіліміздегісінен әлдеқайда кең. Мысалы, «қыл-у» етістігі мынадай тіркестерде жиі келіп отырған. «Исаб қылу» — қазіргі тілімізше *есеп алу*, «...қағазды ағаш қабығының қылыб жүр» (қазіргіше — *істеп жүр*), «арыз қылады» (*арыз береді*), «болыс қыламын» (*болыстыққа бекітемін*, немесе *болыс қоямын*), «бұйрық қыламын» (*бұйырамын* не *бұйрық етемін*) т. т.

Жоғарыдағы «қауым», «бөлме», «кесім» т. с. с. сөздердің көп мағынада қолданылуы қазақ тілінде жоқ орысша ұғымдарды қазақтың төл сөзімен беруге тырысушылықтан, сол ұғымды бере алғандай сөз іздеумен байланысты болса керек. Д. Сұлтангазин да бұл жағдайды осы тұрғыда түсіндіреді: «Қазақ тілінде һәр түрлі сөздер тым көп емес болған себебінен бағзы бір сөздер екі мәһәні менен жүреді. . . мысалы, шарихат — суға баратын соқбақ деген сөз. . . сол сөздің бір мәһәнісі — ислам дінінің һәр түрлі шарт қағидасы деген, енді екінші мәһәнісі — бір халықтың закон, заңы деген болады»⁶. Кейін тілдің ержетіп, кемеліне келген кезінде бұл сөздер жоғарыдағы кең мағыналарынан айрылып, бірер ғана о бастағы мағынасымен қалғанын көреміз.

II. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздерді шамамен болса да дәуірлеу қиын⁷. Бірқатар тіл тарихын зерттеушілер бұл тілдерден сөз ауысуды орта ғасырлардан басталады деп жүр⁸. Шындығында да, қазақ тіліндегі көптеген араб-парсы сөздерінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына әбден бағынып, қазақтың байырғы сөз, қосымшаларымен жымдаса кірігіп, басқа тілдік қасиетін жойып кетуі — олардың талай ғасырды

⁶ «ДУГ», 32, 1896.

⁷ «Қазақ тіліндегі араб-иран тілдерінен ауысқан сөздер» деген диссертациялық еңбегінде Л. Рүстемов араб-парсы тілдерінен енген сөздерді шартты түрде XV ғасырға дейін және XV ғасырдан кейін енген деп екіге бөліп қарайды. Біздіңше, бұл бөлудің ешқандай не теориялық, не практикалық тиянағы жоқ сияқты.

⁸ I. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 98-бет.

басынан кешіргендігінің айқын айғағы сияқты. Екінші жағынан, дінмен, оқу-жазумен байланысты бірсыпыра сөздердің кейінде яғни XVIII—XIX ғасырларда реакциялық бағыттағы панисламизмнің дәуірлеп тұрған кезеңінде кіргені байқалады. Бұған белгілі дәрежеде патша үкіметінің тікелей қолдауымен қазақ жерінде салынған мектеп-медіресе, мешіттердің де зор әсері болған тәрізді. А. Васильевтің айтуы бойынша: «...указами 1782, 84 и 97 годов Императрица повелела строить на границе киргизской степи татарские школы, мечети и отпечатать на казенный счет коран для раздачи его киргизам»⁹. Бұл жағдай қазақ даласында ислам дінінің кеңінен жайылып, дінді насихаттаушы қожа, молдалардың көбеюіне себепші болды. Қажыға барушылық, мектеп, мешіт ұстаушылық кең өріс алды. «Степь стала наводняться муллами. Число их росло весьма быстро и в середине XIX века они кое-где стали образовывать религиозную касту (Внутренняя орда), претендовать на право разбирать гражданско-семейные дела. Они захватили в свои руки основные нити местного (аульного) просвещения...» деп жазады С. З. Зиманов¹⁰. Мектеп, медіреселерде сабақ берушілер көп жағдайда татар, башқұр молдалары болды. Патша үкіметі мен қазақтардың арасындағы іс қағаздары татар тілмаштары арқылы жүргізілді. Міне осы дәуірде қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің көптеп кіргені мәлім. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан, дәлірек айтқанда, өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап, патша үкіметі ислам дініне тежеу салып, жалпы панисламизмге қарсы белсенді күрес жүргізеді.

«XIX ғасырдың бірінші жартысында, — деп жазылған Қазақ ССР тарихында, — патша үкіметі ислам дінін қолдап, мешіттер салуға, мұсылманның діни кітаптарын басып шығаруға ақша босатып отырған еді. Ал сонан кейінгі жерде патша үкіметі ислам діні мен мұсылман діни қызметкерлерін қолдаудан іс жүзінде бас тартты. Мұндай теріс айналудың себебі: мұсылман діни қызметкерлерінің көптеген өкілдерінің орысқа қарсы

⁹ А. Васильев. Материалы к характеристике взаимных отношений татар и киргизов. Оренбург, 1898, стр. 11.

¹⁰ С. З. Зиманов. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. Алма-Ата, 1960, стр. 235.

позицияда екендігіне бұл кезде патша үкіметінің көзі жетті, бұлар кейде Орта Азия хандарының, ал олар арқылы Түркияның агенттері болатын...

1868 жылдың «Ережесі» бойынша қазақтың діни істері Орынбор муфтиінің (Мұсылман діни қызметкерлері бастығының) қарауынан алынды. Молдалар жалпы азаматтық басқармаға, ал ол арқылы — ішкі істер министрлігіне бағынатын болды. Молдаларды халық сайлайтын болды, бірақ бір болысқа бір молдадан артық сайланбауға тиіс болды және оның Россия мемлекетінің қоластындағы адамның болуы міндетті болды. Молдалардың молдалық атағын бекітетін және оны молдалықтан шығаратын облыстық басқарма болды. Сұраусыз мешіт салуға, жаңа мұсылман медреселерін ашуға тиым салынды»¹¹. Бұл шаралардың үстіне 1883 жылғы оқу министрі граф Толстойдың қазақ даласындағы әкімдерге берген мына нұсқауын қоссақ, патша үкіметінің бұл іске қаншалық мән бергенін байқау қиын емес. Ол нұсқауда былай деп жазылған: «...пре-сечь мусульманской пропаганде путь в среду киргизов и что для этого прежде всего необходимо безотлагательно заменить в местных управлениях переводчиков и писмоводителей из татар и башкир природными киргизами, воспитавшимися в русских учебных заведениях, ...а затем постепенно вводить в официальную переписку с местным начальством киргизский язык с русским алфавитом»¹². Бұл нұсқаудың қаншалық тез орындалғанын төмендегі фактіден көруге болады. Сол 1883 жылдың июнь айында жоғарыдағы нұсқауға жауап ретінде Торғай облысының әскери губернаторы Константинович татар, башқұрлардан уездік мекемелерде бірде-бір переводчик, болыстарда бірде-бір хат жүргізуші қалмағанын граф Толстойға хабарлаған¹³.

Бұл жағдайлар қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің жаңадан кіруіне де белгілі дәрежеде тежеу салған сияқты. Осы жағдайлардан ба, әлде газет редакциясы газетті таза қазақ тілімен шығаруға тырысқандықтан ба «Түркстан уәләяті газетінің» тілінде араб-парсы сөздері

¹¹ Қазақ ССР тарихы, т. I. Алматы, 1957, 417-бет.

¹² А. В а с и л ь е в. Матеріалы к характеристике взаимных отношений татар и киргизов. Оренбург, 1898, стр. 12.

¹³ Б ұ л д а с о н д а.

ете сирек кездеседі, кездескенінің өзі о бастағы тұлғасын мүлде өзгерткен, халықтың ауызекі тілінде қолданылып кеткендері ғана. Ал «Дала уәләятінің газеті» шыға бастаған ХІХ ғасырдың 80-жылдары араб-парсы сөздерінің кіру қарқынының мүлде әлсіреп, тіпті тоқталған кезі болатын. Оның үстіне бұл газет патша администрациясының органы болғандықтан, өз бетінде патша үкіметінің жоғарыдағы татарға қарсы саясатын насихаттаушы да болды. Сондықтан «Дала уәләятінің газеті» қазақ тіліне араб-парсы сөздерін көбірек кіргізуге ынталы болған жоқ. Сол кезде қазақ тілі грамматикаларын жазған орыс ориенталистері де (Ильминский, Мелиоранский, Васильев, Лаптев т. б.) қазақ тіліне араб-парсы, татар тілдерінің тигізген әсеріне қарсы күресіп, «Дала уәләяті газетінің» бұдан аулақ болуы үшін барлық шараны істеп бақты...

Дегенмен газет сол кезде халық ұғымына әбден сіңіп, оның қажетіне асып жүрген араб-парсы сөздерін батыл қолданды. Сондай-ақ қазақ ұғымында жоқ орыс сөздерін аударуда кей жағдайда термин ретінде араб-парсы сөздерін еріксіз кіргізуге де мәжбүр болды.

Жалпы газет бетінде кездесетін араб-парсы сөздерін сол кездегі халықтың сөйлеу тілінде жиі кездесетін және көбінесе жазба, діни әдебиеттерде кездесетін деп шартты түрде екіге бөліп қарауға болады. Бұл арада көрнекті тюрколог П. М. Мелиоранскийдің мына пікірін келтіре кету де орынсыз болмас деп ойлаймыз. Ол кісі де қазақ тіліндегі араб, парсы тілдерінен енген сөздерді екіге бөліп, «Некоторые из этих слов повсеместно в употреблении, так что их знает всякий киргиз, другие известны лишь муллам да грамотеям, а простому народу не понятны. О таких словах много говорить не приходится, так как встречаются они только в письменном языке, причем начертание их обыкновенно правильно, а в произношении грамотей и муллы стараются подражать своим учителям. Другое дело слова арабские и персидские, перешедшие в живую народную речь. — Эти в большинстве случаев совершенно окиргизились» деп көрсеткен болатын¹⁴. Бірінші топқа *жай* (орын мағына-

¹⁴ Краткая грамматика казак-киргизского языка, ч. I. (Фонетика и этимология), составил П. М. Мелиоранский. СПб., 1894, стр. 69—70.

сында), *кітаб, ғылым, сағат, мектепхана, дәфтер, адам, хат, халық, шам, қала, тақ, саудагер, мал, базар, меді-ресе, нан, ұстаз, чапан, мола* сияқты нақтылы зат атауларымен қатар, *һөнер, ниет, дүние, өсиет, заман, мінез, уақыт, ғақыл, жауаб, әңгіме, қымбат, қызмет, адал, ыхтияр, кеңес, есім, үміт, қайғы, махабат, қуат, ахымақ, ылайық* сияқты абстракты ұғымдардың атаулары жатады.

Екінші топ сөздер негізінен кітаби, діни лексикаға тән сөздер болып келеді де, оқымаған халық бірін түсінсе, бірін түсінбей, түсіне тұрса да, ауызекі сөйлеу тілінде көп қолдана бермейтін сөздер болады. Бұған *мархамат, жтаһад, шафағат, рәсім, мазкүр, жамағат, фікір, тарафы, мнақыб, табиғ, лтифат, мінажат, әділетдік, ғибрат, хүкім, ұрых (рух), шубаһа, Фаһам, лұғат, муафих, таһақиқ, ғызатлы, рушанлы, нифла, низам, наһу, лекин, фарман, таһалим, насихат, ғұлама*, т. с. с. сөздерді жатқызуға болады.

Бұл сөздердің газетте қолданылуында да белгілі шек бар сияқты. Өйткені бұл сөздерді ғана пайдаланған, ал мұсылманша оқыған молдалар мен зиялылар болып келеді, жай корреспонденцияларда мұндай сөздер кездесе бермейді. Бұған анығырақ көз жеткізу үшін төмендегі екі тексті келтіріп, онда кездесетін араб-парсы сөздеріне талдау жасай кетейік. Бірінші текст — Зайсан ойазы Майтерек елінің молласы Қуанышбай Базаров дегеннің редакцияға жолдаған хаты.

«Дала уалаятын билеб тұрғұчы Кенерал кубернатор хазіретлеріне чын ыхласымыз илан тәңірі жарылғасын айтамыз//аның үчүн жазамын бізнің бұл тарафда арқа уалаятында тұрғұчы көчбелі халықлар 13 болұс чамалы елміз//ким падша император ағзам хазіретлеріне табиғ болұб ант нама келтірүб құран оқұб алұм төлеб қараған уақты жылымыз 1866 нчы жылда еді//ол уақытдан бері ұлұғларының би әмір фарманларұн неч білуге фаһимымыз жеткен жоқ еді//аның үчүн орысча оқу білмеген себеблі//Имді бұл уақытда ұлұғ.... дәрежелі дала уалаятын билеб тұрғұчы Степной кенерал кубернатор хазіретлері рахимлы көңіл бірлән һәр түрлі лұғат тілдеріні мұсылманча бізнің қазақ түркү тіліміз бірлән перауад қылдырүб ұлұғларының әмір фарманларұн өз көзіміз көрүб өз тілімізче оқұб уа һәм пайдалы нәрсе-

леріні ұғұб мұндай көңілүміз *рушанлы* болұб оқұб жұртқа естіркенде жұрттың көңілі *хош* болуб чын *ыхласлары* бірлән тыңлайды *қадірлі адамлары күллі халқымыз* тыңлайды *һәм ғылым һөнер* естіруке *себеб* сол такырыбды степной кенерал кубернатор *хәзіретлеріне ғұмыр* бергенін *алла тағаладан* тілеб *дұға* қыламыз...» («ДУГ», 15, 1889).

Мұнда біздің көрсеткелі отырғанмыз — осы шағын ғана текстіде курсивпен терілген 40-тан астам араб, парсы сөздерінің кездесуі бір болса, екіншіден, сол сөздердің көпшілігінің (хазіреттері, ыхлас, ағзам, табиғ, фарман, фаһим, рахимлы, рушанлы, лұғат, дәрежелі т. б.) діни лексикаға тән сөздер екендігі. Бұл арада жалпы хаттың стильдік ерекшелігін, әр түрлі көне түркі тіліне тән грамматикалық формалардың кездесуін сөз етіп те отырғанмыз жоқ.

Бұған қарама-қарсы екінші бір хат текстін келтірейік. Бұл хаттың авторы мақаладан кейін «Көшбелі қазақ» деген псевдоним қойыпты, мазмұны жоғарыдағы хатпен үндес келеді. «Қазақ казитіне жазыб тұратындардың бәрі қыр *адамының* жүріс тұрыс *шаруасының* қандай екенін жазыб жатыр. Жанада жазады олар қазақдардың бәріне *мағлұм, һеш* бір қызығы жоқ нәрселерді. Бұл жазатындары көбінесе қазақтың қалай көшетіні, қәйтіб бiшен чабатыны, егін қәйтіб салатыны, *һәм* өзге сондайлары. Бұлардың қазаққа *һеш* бір *қажеті* жоқ. Өз жайын қазақ жақсы біледі. Жалғыззақ *мазақ* қылыб күлуге болмаса...

Бізге *әуелі* үйретсе *ғылым білімді* жұртдар қалай тұрады, сонымен таныс қылса, сонда оны білер едік. Соның жөнімен жүріб тұруға *жаһад* етер едік.

Менім білуімче қазақ казиті көб бізге жақсылық қылар еді *ағарда ғылым білімді* жұртдардың жүріс тұрысынан бізге нөмір сайын жазыб тұрсалар... («ДУГ», 34, 1898).

Мұнда да курсивпен терілгендер — араб, парсы сөздері. Алайда бұл сөздер сан жағынан аз, сондай-ақ халықтың сөйлеу тіліне еніп, әбден түсінікті етене болып кеткен сөздер. Сондықтан газет тілінде кездесетін араб-парсы сөздері дегенде, олардың бәрінің қолданылу өрісі (сферасы), жиілігі (частота) бірдей емес екендігін ескеруіміз керек. Жоғарыдағы біздің бірінші топқа жатқызылған сөздеріміз бүгінгі әдеби тілімізде кеңінен де

молынан қолданылады. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1964 жылғы 28-февральдағы номеріндегі «Халықтың рухани азығы» деген мақаладан 150-ден артық араб-парсы сөзін санадық (барлық сөз саны 648 екен. Бұның ішіне адам аттары да, бір сөздің қайталап келуі де кіреді). Мақалада кездесетін *халық, адамзат, тарих, оқиға, өмір, кітап, ғасыр, тағдыр, мәдениет, қызмет, ғылым, ақыл-ой, насихат, қайғы, азап, бақыт, ақыл, қиял, саяси, әлеумет, мәселе, сурет, ықпал, нұсқау, әріп, қағаз, тәжірибе* сияқты сөздер о баста араб-парсы сөздері болғанымен қазіргі әдеби тіліміздің негізгі сөздігінен берік орын алып, байырғы қазақ сөздерімен бірдей ұсталатын тең праволы сөздер болып отыр.

Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздердің қазіргі тілімізде дыбысталуы мен таңбалануында газет бетіндегіден кейбір айырмашылық бар екенін көреміз. Бұл сөздерді «Дала уәләяті газетінің» қолдануындағы бір ерекшелік — олардың транскрипциясында. Газет редакциясы араб-парсы тілдерінен енген дейтін сөздерді, шама келгенше, сол тілдердегі таңбалануына жақындатып немесе олардың әдеттегі жазба нұсқалардағы жазылу үлгісінен өзгертпей алуға тырысқан. Мысалы, халықтың сөйлеу тілінде ерте заманнан *әдет, өнер, молда, есеп, дау, ақыл, айла, тәлім, әскер, әкім, өмір, рас, мысал, әр, әм, еш, әрекет, мешіт* болып айтылып қалыптасқан сөздерді газет *ғадет, һөнер, молла, хисаб, дағуа, ғақыл, қайла, таһалим, ғаскер, хакім, ғұмыр, раст, мышал, һәр, һәм, һеч, харакат, мешһид* түрінде жазып отырған. Қазіргі әдеби тілімізде ол сөздердің о бастағы берілуін еске алмастан, негізінен халықтағы айтылуынша таңбалаймыз¹⁵.

Енді бірер сөз араб, парсы сөздерінің газеттер бетінде қолданылуы мен қазіргі тілімізде қолданылуының арасындағы кейбір мағына жағынан айырмашылықтар туралы болмақ. Ол айырмашылық, ең алдымен, кейбір

¹⁵ «В современном казахском языке написание слов арабского и персидского происхождения не дифференцируется: оно подчиняется фонетическим законам языка. Необходимо заметить, что стабилизация орфографии арабо-персидских слов в казахском языке проходила без особых затруднений, не так, как, например в узбекском языке». Р. С ы з д ы к о в а. Вопросы развития казахского правописания. В сб.: «Вопросы казахской филологии». Алма-Ата, 1964, стр. 89.

сөздердің мағынасының өзгеріп, ол кездегімен салыстырғанда қазір не кеңейе, не тарыла түсуінде. Мәселен, «баян» сөзін алатын болсақ, газетте ол көбінесе осы тұлғада, яғни зат есім сөзі ретінде тәуелденіп, «бір нәрсе-нің, белгілі жайдың хабары» деген мағынада қолданылған. Бұл сөз мақаланың, хабардың тақырыбында орыстың о (об) деген предлогының орнына келіп отырады. «Ғылым оқудың хажет екенінің *байаны...*» («ДУГ», 37, 1894), «Темір жолдың бізге не үчүн керекді екенінің *байаны...*» («ДУГ», 24, 1894 т. т.).

Басқа тұлғада, басқа мағынада бұл сөзді біз газеттен кездестіре алмадық. Ал қазіргі тілімізде бұл сөз түбір тұлғада зат есім мағынасында сирек кездеседі де, көбіне-көп «баяндау, баян ету» сияқты тұлғада етістік мағынасында жұмсалады. Сондай-ақ бұл сөзден жұрнақ жалғау арқылы жасалған туынды сөздер де бар (баяндама, баяндауыш, баянды, баянсыздық). Сөйтіп, «баян» сөзінің қазіргі тілімізде қолданылу аясы біраз кеңігенін көреміз.

Газетте «лақаб» сөзі араб тіліндегі «атақ, ат» деген мағынасына сай қолданылған.

Өткен заманда бір ауылда я бір болұсда аз маз хат танитұған адамлары болса үлкен ғалымлықтан хисаб қылып молла деб лақаб бередекен («ДУГ», 28, 1888).

Ал қазір бұл мағынасынан айрылып, «жалған хабар, дақбырт» деген мағынаға не болып жүр¹⁶.

Газетте «жауап» сөзі қазіргі тіліміздегі беретін мағынасына қосымша «мәселе» дегеннің орнына да қолданылған. Бұл көбінесе аударма материалдарда орыс тіліндегі «вопрос» дегенге балама ретінде кездеседі.

Қазақдар медіресені бірте-бірте ашыб жатыр, — молла жоқ. Міне бір шешуге ұмтылатын *жауап* (орысшасы: «Киргизы постепенно устраивают школы, а учителей нет. Откуда их взять — вот *вопрос*, к разрешению которого необходимо теперь же перейти» («ДУГ», 10, 1896). Бұрұн бидайдай жіберетін асдықды енді диірменге тартыб үн қылыб жіберсек қайтеді деген *жауап* чықды (орысшасы: Уже ныне свыше 10 миллионнов пудов муки идет за границу и возник *вопрос* о замене всего зернового вывоза мукою) («ДУГ», 31, 1896).

¹⁶ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том. Алматы, 1961, 114-бет.

Осы сияқты газеттегі және бүгінгі тіліміздегі «өнер» сөзінің беретін мағынасы бірдей деуге болмайды. Газетте «өнер» сөзі «ғылым» сөзімен қосарлана жұмсалып, «өнер-ғылым» түрінде «білім» деген жалпы мағынаны білдірсе, қазір ол мағынадан гөрі шеберлік, қабілеттілік деген ыңғайда көбірек қолданылады. Мұндай мағынасы қазір дифференциацияланған сөздердің қатарына *насихат, мекеме, тәжрибе, хукім* т. б. жатқызуға болар еді.

Газет бетінде кездескен кейбір араб-парсы сөздері қазір активті лексикадан шығып, историзмге не архаизмге айналған. *Шафағат, мәзкур, тіллә, табиғ, ғайры, мінажат, медресе, хұсұсы, лекін, наһу, баб, фарман, мнақыб, муафиқ, таһақиқ* т. б. сөздер ескі дәуірді суреттейтін тарихи шығармаларда не бірен-саран ескіше оқыған қарттардың аузында ғана кездескені болмаса, әдеби тіл сөздігінен не баспа сөз бетінен орын ала алмай жүр.

III. О р ы с т і л і н е н е н г е н с ө з д е р. Қазақ тілі лексикасына орыс тілінен енген сөздерді Ғ. Мұсабаев төртке бөліп қарайды. 1-кезең — XVII ғасырға дейін; 2-кезең — XVII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін; 3-кезең — XIX ғасырдың екінші жартысынан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін; 4-кезең — Октябрь революциясынан кейінгі дәуірді қамтиды¹⁷. Бұл бөлуде белгілі дәрежеде шарттылық болумен қатар, негізінде, тарихи, тілдік фактілерге сүйенушілік бар екенін көреміз. Айтылған дәуірлерде орыс тілінен енген сөздердің сандық мөлшерінің бірдей еместігі өз алдына, олардың тақырыптық жағынан да бөлек-бөлек болып айрылып тұратындығын аңғару қиын емес.

Біздің тақырыбымызға жанасты үшінші кезеңді, яғни XIX ғасырдың екінші жартысын алатын болсақ, мұның өзі қазақ тілі лексикасына орыс сөздерінің енуіндегі бір үлкен кезең — бет-бұрыс дәуір екенін көреміз. Бұл кез, яғни XIX ғасырдың екінші жартысы, Қазақстанның Россияға түгелдей қосылып болған кезі еді. Бұл жағдай оның Россиямен экономикалық байланысының күшейіп, орыс капитализмінің қазақ даласы-

¹⁷ Ғ. Г. М у с а б а е в. Лексика современного казахского языка. Автореф. док. дисс., Алма-Ата, 1960, стр. 25.

на қарай етек жайып дамуына кең жол ашты. Ал мұның өзі Қазақстанда товарлы-ақша айналымының етек алып, қазақ шаруашылығына капиталистік элементтердің кіре бастауына себепші болды. Солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарда өнімсіз мал шаруашылығы егіншілік, товарлы мал шаруашылығымен ауыстырыла бастады. Уақ та болса өнеркәсіп орындарының салынуы, темір жол жүйесінің жүргізілуі Қазақстан территориясында қалалардың тез дамуына әсерін тигізді.

Патша үкіметі жүргізген 1868—1869 жылдардағы реформа Қазақстандағы әкімшілік басқару ісіне, заң жүйесіне, ағарту мәселесіне біраз өзгерістер енгізді.

Міне, осы өзгерістердің бәрі қазақ тілі лексикасына көптеген жаңа ұғымдардың, оның атаулары — орыс сөздерінің кіруіне себепші болды. Біз тілін әңгімелеп отырған газеттер осы дәуірде шыққандықтан және патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің органдары ретінде осы жаңалықтардың жаршысы болғандықтан, олардың беттерінен лексикада болған бұл жаңалықтарды айқын көруге болады. Оның үстіне «Дала уәләтінің газеті» екі тілде қатар шықты, бірсыпыра ресми материалдар, шетел хабарлары, ғылыми мақалалар орысшадан аударылып отырды. Бұл жағдайда көбінесе бұрын қазақ тілінде жоқ ұғымдардың атауы аударылмай, сол орысша күйінде алынып жүрді. Бұны осы газетте жарияланған Д. Сұлтанғазиннің мына сөзінен айқын көруге болады. Ол кісі газет редакциясына мынадай пікірді ұсынады. «... Переуад қылғанда әсіресе закон низам хұкім тұрасындағы сөздер турада бір қағиданы ұстау тиісді// сондай қиұн сөздер келгенде қазақча переуад қылатын сөздер болмаса қазақға ұғымды болса орыс сөздерінің өзін қалдыру керек иа қазақча екі-үч сөз мынан айту керек»¹⁸. Сөз жоқ, газет редакциясы бұл пікірмен есептеспеді деуге болмайды және Сұлтанғазиннің өзі көп жылдар бойы газеттің аудармашысы (переводчик) болып жұмыс істегенін де ескеруіміз керек.

Біздің бұл пікірімізді Ғ. Мұсабаевтың мына төмендегі сөздері де дәлелдей түсетін сияқты. Ол кісінің айтуы бойынша... «Бұл сөздердің (әңгіме орыс тілінен енген сөздер туралы болып отыр. — Б. А.) кіруіне

¹⁸ «ДУГ», 32, 1896.

екі мәдени ошақ әсер етті, атап айқанда, Сібір өлкесі (Омбы қаласы) мен Түркстан өлкесі (Орынбор қаласы). Өйткені бұл өлкелерде қазақ өмірінің әр түрлі мәселелері жөнінде кейбір демократиялық бағыттағы мақалалар, кітап, газеттер шығып тұрды. Оларда жарияланған материалдарда орыс сөздері жиі қолданылды. Бұл газеттердің орыс тілінен енген сөздерді таратуда ғана емес, сол сөздерді әдеби тілімізде қалыптастыруда да маңызы зор болды»¹⁹.

Сөйтіп, аталған газеттер лексикасында белгілі мөлшерде орыс тілінен ауысқан сөздердің орын алғанын көреміз. Бұлардың ішінде халықтың ауызекі сөйлеу тілінде бұрыннан айтылып жүргендері де, газеттердің өздері енгізгендері де бар. Газеттерде қолданылған орыс сөздері, негізінен, *өнер кәсіп бұйымдары, сауда-саттықпен* (ярменке, базар, көпес, картофел, машина, зауыт, фабрика, папирос, шкаф, стол, шоколад, канфит, прандік, самауыр, бөшке, белосипед, лафка, приказчик, вексел, аренда, касинка, полотно, іспірт), *заң-әкімшілік, басқару ісімен* (ойаз, болұс, княз, сиез, начальник, облұс, губернатор, переуадчик, жандарал (генерал), советник, консул, приговор, закон, судия, партия (дау-жанжал мағынасында), шар, председател, помошник, жребі, дозданиа, канселариа, акроном, инспектор (податный), залок, каталашке, копия, подписка, пауерни, адуакет, старшина, статиа, губерна, хутор, землемер, чин т. б.), *сқу-ағарту, мәдениет жұмысымен* (гимназия, казит, общистуа, университет, студент, почта, редакция, семинариа, кнеге, бистафка, номір, парта, наград, школ т. т.) байланысты болып келеді.

Бұл сөздердің ішінде сол кездегі алынуы бойынша қазіргі әдеби тілімізге еніп, оның негізгі сөздік қорынан берік орын алғандары да бар. *Газет, облыс, нөмір, завод, базар, университет, студент, округ, министр, почта, разряд, картофел, солдат, агроном, сот, выставка, машина, фабрика, наград, шкаф, велосипед, комиссия, статия, заседатель, село* т. б.

Бұл сөздердің көпшілігі тілге сол шамада, көбіне-көп осы газет арқылы, кірген сияқты. Олай дейтініміз — бұлардың орыс тіліндегі тұлғасы қазақ тілінің

¹⁹ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 110-бет.

фонетикалық заңына бағынып, онша көп өзгерістерге түспей сақталған, яғни «халық этимологиясы» дегеннің әсеріне ұшырамаған. Бірақ бұл сөздер бірден қазақтың өз төл сөзіндей әр түрлі қазақ тілі қосымшаларын қабылдап, тұлғалық өзгерістерге түсіп отырған.

Биылғы жылы Том қаласындағы *университетте* оқып жатқан *студенттердің* хисабына қосылұб түсді дала уалайатын билеп тұрғушы кенерал кубернатор хазіреттерінің мекемесінде младши переуадшик болып тұрған қазақ Сұлтанғазин («ДУГ», 43, 1890). *Казитке* басылар еді қаладағы орысдардан қырдағы кедейлерге егінді *картофелді* қалай егууін, тозған жерді қалай боқтық төгіб жаңғыртуды, көрмеген білмегенге сондай өзгеше кәсіб чығарғандарыңызды айтсаңыз («ДУГ», 1897). Қазақ Бөкенбай баласының аласысы үчүн қазақ Баймұрат баласының үч түйесін *законке* тураламай жазған ісі... қаралады («ТУГ», 15, 1881).

Газетте қолданылған бірсыпыра сөздер бүгінгі әдеби тіліміздің негізгі сөздік қорынан орын ала алмай, тарихи бір дәуірдің жемісі ретінде ғана қолданылған историзм сөздеріне айналып отыр. Оларға кимназия, ойаз, болұс, кназ, губрнатор, император, көпес, граф, семинариа, каторжнай работа, мирауай посредник, чиновник, уделни, каллежски ассессор, надборни сауетник, приказчик, вексел т. с. сияқты сөздер жатады.

Енді бір топ сөздер қазіргі әдеби тілімізде тұлғалық өзгеріссіз сақталса да, оның газеттегі берген мағынасы мен қазіргі мағынасының арасында түбірлі алшақтық барлығы көрінеді. Мәселен, «кандидат» сөзі газетте «болыстыққа кандидат» деген тіркесте әкімшілік лексика²⁰ ретінде қолданылса, қазіргі әдеби тілімізде ол — «партия мүшелігіне кандидат», «депутатқа кандидат» деген тіркесте басқа мәнді (саяси-қоғамдық) термин сөз. Сол сияқты «партия» сөзі газетте «дауласқан топ адам» мағынасында («...өткен жылғы сайлауда талас *партия* көп болды...») («ДУГ», 2, 1897) қолданылған болса, қазір ол — «саяси ұйым» мағынасында одан түбірі өзгеше нәрсенің атауы. Газеттегі «шар» сөзінің мағынасы да қазір әлдеқайда басқа. Ондағы «шар» — болыс сайлауында салынатын домалақ тастың атауы болса, қазір

²⁰ Бұл термин орыс тіліндегі «административная лексика» деген ұғымда алынып отыр.

«шар»-дың ол мағынасы ұмытылып, «жер шары», «әуе шары» деген тіркестерде, т. б. жаңа мағынаға ие болды. Мұндай мағынасы жаңарып не кеңейген сөздердің қатарына председатель, съезд, секретарь, староста т. б. жатқызуға болады.

Ең ақырында, газетте қолданылған бірқыдыру орыс сөздері, кейін қазақша баламасы табылуымен байланысты, қазіргі әдеби тілімізде қолданылмайтын болды. *Наследник, перауад (перауадчик), обществу, кнага, закон, жаловани (жалованье), помощник, залок, копия, подписка, положениа, крстиан, школ, пол, расхот, лафка* т. т.

Орыс тілінен енген сөздер, негізінен, зат атаулары, басқаша айтқанда, зат есім сөздері. Сонымен қатар белгілі зат есім сөздерімен тіркесе келген бірен-саран сын есімдер кездеседі. Мысалы: *тайни сауетник, граждански жұмыс, каторжнай работа, мироуай посредник, коллежски ассессор, земски сома* т. т. Бірақ бұл сын есім сөздері тілде тұрақтай алмады. Кейбір мекеменің, ұйымның т. б. аттары газеттерде қазақшаға аударылмастан түгелдей тұтас күйінде орысша қолданылу тәртібімен алынғанын көреміз. Мысалы, «министр внутренних дел», «непременные члены уездных по крестьянским делам присутствий», «мировые посредники», «центральный статистический комитет» т. т. Бұл сын есім сөздері өздерінің орыс тіліндегі қосымшаларымен алынған, қазіргідей қазақ тілі қосымшаларын жалғап алу тәжірибесі — ол кезде өте сирек қолданылған тәсіл.

Орыс тілінен етістік сөзін алу жоққа тән. Кейбір орыс тілінен алынған қимыл есімдеріне қазақ тілінің көмекші етістіктерін не жалғау-жұрнақтарын қосу арқылы етістік сөзін жасау фактісі бірен-саран ғана ұшырайды.

Сөздерді жақсы *переуад қылу* әсіресе афисиални хұкімдерді келістіріп ұғымды анық қылып *переуадтау* бір зор жұмыс («ДУГ», 32, 1896).

Газет редакциясы өздері бірінші рет кіргізген орыс сөздеріне кейде түсініктеме де беріп отырған. Мысалы, «село» деген сөзді қабылдай отырып, жақша ішіне «кішкене қала» деген түсініктеме берген. Сондай-ақ «хутор» дегенді «үй орнатыб егін салыб қойған бірді екілі үйі бар жер» деп, «усадьба» дегенді «о да хутор секілді» деп немесе «мужски гимназия» дегенді «еркек балалар

оқитұғын мектепхана», касинканы «төрт бұрышты орамал» деп түсіндірген.

Егер «Түркстан уәләятінің газетінде» орысша ай аттарымен қатар, оның қазақша түрлері аралас келіп отырса («7 *ахрабта* түс уақытында Самарқанд қаласында бір екі дакика залзала болып жер сілкініпті»), «Дала уәләятінің газеті» бетінде орысша ай аттарының бірыңғай қолданылуының тұрақталғанын байқауға болады (феурал, март, авғұст).

Енді орыс тілінен енген сөздердің транскрипциялануына келсек, екі газетте де, жоғарыда айтылған, Дінмұхамбет Сұлтанғазин ұсынған принцип негізге алынғанын көреміз. Ол принцип бойынша шет тілден енген сөздер екіге бөлініп қаралуы керек. Біріншілері — өте ертеде кіріп, қазақ тілінің фонетикалық заңына бағынып, өзінің о бастағы тұлғасын өзгертіп, қазақтың төл сөзіндей болып кеткен сөздер. Мұндай сөздерді жазғанда, олардың әуелдегі түрін іздеп жатпай-ақ, сол өзгерген, халықтың айтып жүрген күйінде беру ұсынылғаны мәлім. Газетте бұл принцип бойынша жазылып берілген сөздердің қатарына *бәтер* (квартира), *жәрменке* (ярмарка), *форым* (форма), *болұс* (волость), *көпес* (купец), *бекет* (пикет) т. б. жатады.

Екінші топқа қазақ тіліне кейінгі кезде енген, әлі түп нұсқасы ұмытылмаған сөздер жатқызылып, бұлар жөнінде олардың сол тілдегі жазылу дағдысын сақтау керек деген пікір ұсынылған болатын. Орыс тілінен енген көпшілік сөздерді жазуда газет редакциясы осы екінші принципті қолданған.

Бұл негізде жазылған сөздерге *суд*, *бистафка*, *машина*, *фабрика*, *наград*, *шкаф*, *белосипед*, *комиссия*, *село*, *секретар*, *губернатор*, *граф*, *семинария*, *чинобник*, *приказчик*, *кандидат*, *переуад*, *обществуа*, *подписка*, *лафка* т. б. жатады. Бұл сөздерді, қазақ тілінің фонетикалық заңына қарамастан, шама келгенше, сол өзінің ана тіліндік тұлғасында жазуға тырысқанын көреміз.

Мәселен, *суд*, *наград*, *белосипед* деген сөздерде қазақ тіліндегі орфоэпиялық заңдылық бойынша сөз аяғында *т* естілгенімен, орыс тіліндегі таңбалауына қарап *д* жазған. Сол сияқты қазақ сөздерінде *ф* дыбысы айтылмайтын және жазылмайтын болса, газет араб әліппесіндегі *ф* таңбасын осы дыбыспен келетін орыс

сөздерін жазуға кеңінен пайдаланған (*шкаф, лафка, граф, фабрика*).

* * *

Жоғарыдағы айтқандарымызды жинақтай келгенде, газеттер лексикасының құрамы жөнінде мынадай қорытынды жасауға болатын сияқты.

Газет тілінде қаншалықты орта азиялық түркі әдеби тілі әсері бар десек те, оның лексикасында араб-парсы сөздерінің биберекет көп емес, белгілі мөлшерде ғана болғанын айтуымыз керек. Сондай-ақ, біз осы газеттер бетінен тілімізге енген орыс сөздерінің жыл санап прогрессивті түрде өсіп отырғанын көреміз. Сөзіміз жалаң болмас үшін, мына төмендегі сандық фактіні келтіруімізге болады.

Аталған газеттердің кейбір жеке номерлеріндегі қазақтың төл сөзі, араб-парсы және орыс сөздерінің арақатынасын және процентін есептеп шығарғанымызда, мынадай жайт байқалды.

1) Газеттің 1890 жылғы 17 августегі номерінде: Барлық сөз саны (қайталауларын қоса есептегенде) — 1067. Оның ішінен:

- а) қазақтың төл сөзі — 751 немесе 70,4%
- ә) араб-парсы сөздері — 206 немесе 19,7%
- б) орыс сөздері — 59 немесе 5,6%
- в) ономастика, топонимика — 51 немесе 4,7%

2) Газеттің 1896 жылғы 21 январьдағы номерінде: Барлық сөз саны (қайталауларын қосқанда) — 1809. Оның ішінен:

- а) қазақтың өз төл сөзі — 1330 немесе 73,5%
- ә) араб-парсы сөздері — 282 немесе 15,4%
- б) орыс сөздері — 162 немесе 9,1%
- в) ономастика, топонимика — 35 немесе 2%

Бұл номерлер кездейсоқ алынса да, оның бетіндегі мақалалардың (қазақша текст, аударма немесе ресми материал, жай хабар) ара қатынасы шамалас деуге болады. Бірақ бұл процесс 1900 жылдарға дейін созылып келеді де, сол жылдардағы және одан кейінгі номерлерде орыс сөздерінің саны азайып, оның есебінен қазақтың төл сөздерінің саны көбейіп, араб-парсы сөздері белгілі мөлшерде өзгеріссіз қалып отырады. Мысалға газеттің 1902 жылғы екі номерін алып, есептегенімізде мынадай фактіні көреміз:

1902 ж. 3 февральдағы номерінде	1902 ж. 5 марттағы номерінде
Барлық сөз саны (қайталауларымен) — 2414	2341 немесе 100%
Оның ішінен:	
а) қазақтың төл сөзі — 1968 немесе 81,5%	1903 * 81,3%
ә) араб-парсы сөздері — 345 немесе 14,3%	342 * 14,6%
б) орыс сөздері — 60 немесе 2,6%	63 * 2,7%
в) ономастика, топонимика 41 немесе 1,6%	33 * 1,4%

Мұны немен түсіндіруге болады? Біздіңше, мұның бір себебі, бұл кезде аударма мәдениетінің едәуір көтерілуімен байланысты және газет оқушылары арасында ұлттық әдеби тілді дамыту мәселесі күн тәртібіне қойылумен байланысты «шама келгенше газетті қазақтың өз тілімен таза шығаруға» тырысушылықтан болуы мүмкін.

Екінші жағынан, газетке қазақ даласына сол уақытта еміс-еміс дыбысы естіліп, салқыны тие бастаған жадид ағымы да әсер етуі мүмкін. Үйткені жадидизм ағымының тууы жалпы XIX ғасырдың 80 жылдарында болса да, Орта Азия, Қазақстанға тарауы 1905—1907 жылдардан басталады ²¹.

Алайда бұл жекелеген фактілер газеттегі жалпы тенденцияны белгілей алмайды. Жалпы тенденция, жоғарыда көрсеткеніміздей, күн санап газеттегі араб-парсы сөздерінің азайып, орыс тілінен енген сөздердің көбейіп келе жатқандығы. Алғашқы ұлттық баспасөздерімізден басталған бұл прогрессивті процесс Октябрьден кейінгі қазақ тілі дамуында заңды жалғас тауып кең етек алып отыр.

* * *

Жалпы газет лексикасын стильдік тұрғыдан әңгіме еткенде, оның, газеттің көп жанрлы болатыны сияқты, лексикасының да, бірнеше стильдік топтардың элемент-

²¹ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 117-бет.

терінен тұратынын айтуымыз керек. Дегенмен қазіргі қазақ тілі лексикасының стильдік түрге саралана бастауын Октябрь революциясынан кейінгі кезеңге жатқызамыз²². Аталған газеттердің сөздік қоры, негізінен, жалпылама (нейтральная) лексикадан тұрады. Адам, ат, бала, бұрын, дала, дұрыс, келу, керек, мал, шаруа т. с. сөздер әдеби тілдің белгілі бір стилінде қолданылып қоймайды, бәріне ортақ болып келеді. Бұл топқа кіретін сөздер газеттердегі ресми материалдарда да, публицистикалық мақалаларда да, жай информациялық хабарларда да, сол сияқты әдеби шығармаларда да кездесе береді. Бірақ олар әр жанрда белгілі бір сөздермен тіркесе келіп не тұлғалық өзгеріске түсіп, әр түрлі стильдік оң алады. Әдеби тілдің кемеліне келіп, стильдік сараланбаған кезінде белгілі бір стильге жататын сөздер екінші бір стильде де қолданыла беруі мүмкін. Мәселен, «сұмдық», «ұрғашы», «байы» (күйеуі деген мағынада) көбіне сөйлеу тілі лексикасына тән сөздер болса да, газетте бұлар публицистикалық мақалаларда да кездесе береді.

Бір казитке жазұб тұратұн кісінің білдіруі бойұнша Бұхардың абақтысы *сұмдық* екен («ДУГ», 49, 1888). Мұсылмандар тұратын жерлерге *ұрғашы* дәргер тым керек себебі *еркек* дәргерді мұсылмандар үй ішіне ара-ластырып әйелдерін емдеттірмейді («ДУГ», 23, 1890).

Соңғы сөйлемдегі «ұрғашы», «еркек» дегендер адамға қаратылып айтылғанда, «әйел», «ер» деген сияқты синониммен ауыстырылуы керек еді. Бұл арада ол сөздердің қолданылуы ешқандай стильдік қызмет атқармай, тек жазушының не аударушының олақтығын көрсетіп тұр.

Газеттерде кездесетін стильдік топтардың ішінен біз тек диалектілік, терминдік және «кітаби» лексикаларға ғана тоқталып өтеміз.

2. Диалектілік лексика

Газеттердің шын мәніндегі қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі әлі қалыптасып болмаған, жаңа-жаңа бағыт-бағдары біліне бастаған кезеңде жарық көргендеріне қарамастан, олардың тілінің барынша таза екенін жоғ-

²² Бұл да сонда.

рыда айтқанбыз. Бұл айтқандарымыздың дұрыстығын олардың тілінің диалектизмдерден, атап айтқанда, газет шығып тұрған өлкелердің жергілікті тұрғындарының тіліне тән сөз, сөйлемдерден мүлдем дерлік тазалығы да дәлелдей түседі. Әрине, бұл арада біздің аталған газеттердің барлық номерлерін оқып, хатқа түсіре алмағанымызды, сондай-ақ газеттердің көтерген тақырыптары қазіргідей халық өмірінің барлық жағын қамти алмағанын еске ұстауымыз қажет сияқты. Біз оқып танысқан материалдардан диалектизмге жатқызып, қазіргідей «анау өлкеге тән» деп айдар тағып көрсететіндей жергілікті ерекшеліктерді кездестіре алмадық.

Дегенмен газеттер тілінде сол өздері шығып тұрған өлкеге тән, басқа облыстарда көп қолданылмайтын бір-ен-саран сөздер кездеседі. Мысалы, *тұқым* (жұмыртқа мағынасында) сөзі, негізінен, оңтүстік-шығыс облыстары тұрғындары тілінде қолданылады. «Түркстан уәләятінің газетінде» осы сөз бірер жерде *жұмыртқа* мағынасында кездеседі.

Біз ойлап едік жер барұб барұб жеті асбан менен қосұлыб кетеді деб қарасақ жер томалақ *тұқымдай* екен («ТУГ», 3, 1877). Орыстың «пасхи» аталатын мейрамы «Дала уәләяті газетінде» «қызыл жұмыртқа» деп аударылып берілген. Қызыл *жұмыртқа* майрамы мезкілінде (музей) күн сайын ашық болұб тұрды («ДУГ», 19, 1888). Осы сияқты солтүстік облыстары қазақтарының тіліне тән *шошалай* (азық-түлік қоятын үй мағынасында) сөзі «Дала уәләяті газетінде» жиі кездеседі.

Өскемен ойазына қарайтын Айыртау болұсында Айдарлы деген жерде өрт жіберіб 2311 теңке тұратын 13 *шошалай* 9 үй мүлкі менен күйген («ДУГ», 3, 1896). Осы сөз сәл басқалау тұлғада («чоча») «Түркстан уәләятінің газетінде» аула-қора мағынасында қолданылған. — *Чочаңда* шөб емес, қарызға берген ақша емес («ТУГ», 2, 1875). Қазақстанның батыс өлкесінде көп қолданылмайтын *бек, айбат, мәртаба, ауқат* сияқты сөздер екі газетте де жиі кездеседі. Бұған қарағанда, бұларды диалектизмдер деуден гөрі, көрші тілдерден енген немесе көне түркі тілінен сақталып қалған сөздер деу дұрыс сияқты. Осылар сияқты *тұту* (ұстау), *қышқыру* (айғайлау), *тартылу* (созылу — мезгіл жөнінде) етістіктерін де басқа тілден ауысты деу қиын, үйткені,

бұлар да ертедегі жазбалардың көпшілігінде кездеседі. Мысалы:

Жылұнда бір үлкен базары болады базары он тоғыз жиырма күнге *тартұлады* («ТУГ», 27, 1875). Оны көре салұб батырдың өңі қашыб кегіб қобалжыған даусы илан *қышқырыб* та жіберді («ДУГ», 5, 1902). Су ағызыб құлатқан тамдардың дүбірі ағыб бара жатқан кісілер менен маллардың *қычқырған* дауыстары судың арқыраған дауысына қосылыб у-чу болыбды («ТУГ», 15, 1881). Қолыма *тұтұб* не ішлейін Тахтыңа олтурар кішім йоқ («Қисса-и Боз жігіт», 1881, 39-бет). Үстіне байың *қычқырұб* айғай салма («Қиссаһ Екі егіз бала көп кеңеш», 1897, 24-бет). «Қышқыру» етістігінің Абай, Ыбырай шығармаларында да кездесетінін, В. В. Радлов өз сөздігінде «қышқыру» етістігін қолдана-тын тілдердің қатарына қазақ тілін де жатқызатынын Р. Сыздықова келтіреді ²³.

Бұлардан басқа «Дала уәләяті газеті» материалдарынан қазіргі әдеби тіл нормасына тән емес мына сияқты тіркестерді де кездестіреміз. *Жұмыс жұмыстау* (жұмыс істеу мағынасында), *орнына келтіру* немесе *бажайына келтіру* (орындау), *ада қылу* (атқару) т.т.

Городской комиссия оязнай камиссияның қылатын жұмысын жұмыстайды («ДУГ», 10, 1896). Исаб тура-сында закон жөнімен сұрағандарын *орнына келтіруге* міндетті («ДУГ», 10, 1896). Қаю сиезге іс бітіруге жіберілгендер: Қарқаралының оязнай началнигінің орнын *ада қылыб* тұрған Кенис... («ДУГ», 46, 1896).

Бұл тіркестердің сол кездегі сөйлеу тілінде болғанын, тіпті қазірде де көне көз қарттардың тілінде кездесіп қала беретінін мына фактілер көрсетеді. Мәселен, Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: — Құдай тағаланың жаратқан жан жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа-әкеш құмырсқа да тынбай *жұмыс жұмыстап* жүр. Мен сенің қата істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғұп *орнына келтірсең*, жақсы түзүк кісі болып өсерсің... (Ы. А. «Қырғыз хрестоматиясы»). Қымызын ішіп аяқтай бере, Әзімбай міндетін *ада қылып* болған-ды (М. Әуезов. Абай жолы, 1961, II кітап, 606-бет).

²³ Р. Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 141-бет.

Газеттерде ауызекі сөйлеу тіліне тән етістіктің қысқарған түрлері (боп — болып, көп — келіп т. с. с.) жиі кездеседі. Мысалы: Естуіміз бойынша бұрұнда эмирден елші *боб* келіп кеткен ишан қожа Орақ елші *боб* келеді дейді («ТУГ», 15, 1881). Баладар ыржаңдап күліб мазақ *қыб*, оны жас келін десүб, бек қиын *боб* тұрады («ДУГ», 9, 1902). Осы сияқты қазіргі әдеби тіл нормасына үйлес келмейтін, жергілікті сөйлеу тілі әсерінен пайда болған төмендегідей фонетикалық құбылысты байқауға болады. Ол — көптік жалғаудың *дар/дер* вариантының түбірдің соңғы дыбысымен үндеспей, бірыңғай келе беруі.

Бір оязға қараған жердерді һәм қаладарды жер жөніне қарай исаб *алучыдарға* участокке бөліб береді («ДУГ», 10, 1896). Қазақтың аулына жаңғадан саудагер келсе қары және боз *баладары* саудагердің қосына келеді («ТУГ», 8, 1875).

Бұл жоғарыдағы құбылыстардың қайсысы болсын газеттердің барлық жылдардағы номерлерінде кездесетін жүйелі құбылыстар емес. Сондықтан аталған газеттер тіліне белгілі бір диалект не говор негіз болды, не газетте бәлен диалектілік ерекшелік басым деп кесіп-пішіп айтуға келмейтін сияқты.

3. Терминдік лексика

Газет бетінен біз терминдердің алғашқы қалыптаса бастаған кезеңін елестетеміз. Термин дегеніміз, негізінен, «ғылымның тар аясындағы дерексіз ұғымдардың атауы»²⁴ болатын болса, ғылыми түсініктердің жаңа жарық көре бастаған дәуірі де сол кезеңдерден басталады десек, артық айтқан болмаймыз. «Ғылыми терминологияның элементтері, — деп жазады Ғ. Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында, — Октябрь революциясына дейін болғаны да сөзсіз... Орыс мәдениетінің белгілі ұғымдарын қазақ тіліне қазақтың XIX ғасырдағы ағартушылары біраз енгізген болатын»²⁵.

Газет бетінде әр түрлі ғылыми, публицистикалық материалдардың көп басылуымен байланысты ғылымның белгілі тарауларына қатысты терминдік мағынадағы

²⁴ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 137-бет.

²⁵ Бұл да сонда.

орыс сөздерінің ұғымын халыққа жеткізу қажеттігі туа бастады. Газеттегі ғылыми мақалалар көбінесе Орта Азияға шыққан ғылыми экспедициялардың есебі не солар туралы информациялық хабарлар болып келеді. Бұлардан басқа тарих, этнография, әдебиет, тіл ғылымдарына қатысты мақалалар да басылып тұрған. Бұл жағдайда газет редакциясы көбіне оны қазақ ұғымында бұрыннан бар сөздер арқылы түсіндірме жолымен аударып беруге тырысқан, кей кездерде сол терминдік мағынадағы орыс сөздерінің өзін қалдырып та отырған.

Жалпы ғылымға, оқу-ағартуға байланысты терминдер: *ғылым* (наука), *ағач су ғылымы* (ботаника), *таутас ғылымы* (горное дело), *жан-жануарлар ғылымы* (зоология), *көктен түскен тас* (метеорит), *ұлама* (профессор), *мадрис* (преподаватель), *ұстаз* (учитель), *шәкірд* (ученик), *медіресе* («медіресе» деп жоғарғы оқу орындарын атаған. Мәселен, «университет деген медіресе», «институт деген медіресе» немесе «ұстаз даярлайтын медресе» — учительская семинария болып келеді), *школа* (бұл ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі ашылған қазақша-орысша болыстық, уездік хат танытатын, екі кластық мектеп, училищелердің атауы болып келеді) т. т.

Қазақ тілі туралы мақалалардың басылуымен байланысты газеттен мынадай лингвистикалық терминдерді де кездестіруге болады. *Лұғат* (тіл), *әуез* (дыбыс), *хәріф* (әріп), *әліфби* (алфавит), *қатты әуез* (дауыссыз дыбыс), *қағда* (ереже заңдылық), *мұрыннан оқылатын* (сонор), *науы* (грамматика) т. б.

Кейбір сөздердің аудармалары тым өрескел болса да, белгілі дәуірде халық қажетін өтей алды, кейін бірқатары жаңа терминдермен ауыстырылды.

Заң ісімен байланысты бірсыпыра терминдер қалыптасқанын, мұның көбі кейін тілде тұрақталып қалғанын көруге болады. Олар: *суд*, *жаза* (наказание), *абақты* (тюрьма), *залок*, *кефіл* (поручительство), *жазакер*, *жауабкер* (обвиняемый), *жұмыс*, *іс* (дела), *адуакет*, *куә* (свидетель), *жан алу* (присяга), *ыхтиар* (право) т. т.

4. Кітаби лексика

Кітаби лексика дегенде, жалпы халықтық тілдің сөздік қорынан бөлек тұрған сөздердің тобы бар екен деп

ұғынбауымыз керек. Рас, кітаби тілдік шығармаларда араб, парсы тілінен енген сөздер, көне түркі сөздері көбірек ұшырайды. Кітаби лексикаға тән кейбір жеке сөздер мен тіркестер болады, сондай-ақ ол сөздердің жазылуының да өзіндік ерекшеліктері бар.

«Кітаби тілдің негізі — көне түркі тілі, ол — қазақ халқына жат тіл емес», — деп дұрыс көрсетеді Ғ. Мұсабаев²⁶. Біз тілін әңгімелеп отырған газеттер сол кезде үстем болған орта азиялық түркі әдеби тілі жазу дәстүрінен бірден қол үзіп кете алмады. Бірқатар зерттеушілердің революцияға дейінгі бірсыпыра қазақ жазбаларының, оның ішінде аталған газеттердің тілін «кітаби тілге» жатқызуының себебі де осында болса керек. Газеттерде кездесетін түркі әдеби тілі әсері оның сөздік құрамында да, грамматикалық құрылысында да, орфографиясында да байқалады. Мұндай түркі әдеби тіліне тән грамматикалық формалар мен орфографиялық ерекшеліктерді газеттер тілінің орфографиясы, грамматикалық құрылысына байланысты тарауларда әңгіме еткенбіз. Сондықтан бұл арада тек кітаби лексикаға тән сөздерді ғана әңгіме етеміз.

Газет беттерінде, әсіресе «Дала уәләяті газетінде», орыстағы жоғарғы атақ, дәрежені ұлығылаумен байланысты қолданылатын жоғарғы стильдегі «Ваше высокопревосходительство», «императорское величество», «господин» сияқты тіркестерді қазақша аударумен байланысты «хазіретлері», «ағзам», «мархаматлы», «ғиззатлы» сияқты сөздердің тобы пайда болған. Бұл сөздер, көбінесе, газеттің ресми бөлімінде кездеседі. Бұлардан басқа осы газетте араб-парсы және көне түркілік көмекші сөздер (мәзкүр, ғайры, ұшбу, қаю, һәм) жиі қолданылған. Бұл да жай хабарларға қарағанда ресми материалдарда жиірек қолданылған. Мысалы: Бұл турада барча қазақлар *ya ғайры* адамлар менім қол астұмда дала уәләятының ішүнде тұрғұчылар берселер керек мұнан бұлай ғарұзларыны тиішлі жоллар *илан* мұнан бұрұнғы нече мәртаба айтылмыш *һәм* мағлұм етілміш низамларның тураларына қараб... («ДУГ», 1, 1888).

²⁶ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. (Лексика, фонетика), Алматы, 1962, 105-бет.

Ал «Түркстан уәләятінің газетінде» жоғарыдағы көмекші сөздер толығынан дерлік қазақтың төл сөздерімен беріліп отырылады. Мысалы: Қазақ осы күнге че оқуғанның байдасы жоқ деб жүрүчі еді бұл балалар байдасы барұн жұртқа көркізсе екен... («ТУГ», 14, 1887). Сөйтіп, кітаби лексикаға жататын сөздер «Дала уәләяті газетінде» көбірек орын алған. Бірақ бұл ерекшеліктер барлық жылдарда, барлық мақалаларда сақталып отырмайды, яғни мұнда бірізділік, біркелкілік жоқ. Сондықтан мұны орта азиялық түркі әдеби тілі жазу дәстүрінің газет лексикасына тигізген әсері деп қана қарауымыз дұрыс сияқты.

* * *

Газет лексикасын қазіргі қазақ тілінің сөз байлығымен салыстыра әңгіме ететін болсақ, қазіргі тілдегі лексикалық қабаттардың өзара ара салмағының түбірлі өзгерістерге ұшырағанын айтуымыз керек. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі 50 жылда қазақ тілі бұрын болып көрмеген дәрежеде дамыды, байыды, жетілді. Қазақ тілінің бұлайша еселеген қарқынмен дамуына, ең алдымен, аз уақыт ішінде Коммунистік партияның дана басшылығымен ұлы орыс халқының ағалық қамқорлығы арқасында Қазақстанның социалистік өнеркәсібі құрылып, қазіргі замандық техникамен жабдықталуы зор себепші болды. Революциядан бұрын өнеркәсібі болмаған ел 50 жылда алдыңғы қатарлы индустриялы республикаға айналды. Республиканың ауыл шаруашылығы мүлдем басқаша сипат алып, көп салалы, механикаландырылған, жоғарғы өнімді шаруашылыққа айналды. Ауыл шаруашылығының құрал-саймандары түбірлі өзгеріске ұшырады.

Ғылым мен мәдениет саласында шын мәніндегі революция жасалды. Революцияға дейін ұлт тілінде мектебі болмаған қазақ халқы қазір ғылымның не бір саласын өздігінен өркендете алатын дәрежеге жетті. Халықтың жалпы мәдениеті орасан зор өсті. Міне, осының бәрі — қазақ тілінің өсуінің заңды себептері. Сөз жоқ, бұл өзгерістердің бәрі ең алдымен тілдің лексикасынан көрінеді. Осыншама өзгеріс пен жаңалықтарды бейнелеуде қазақтың өз тілінің сөздік байлығын сарқа пайдала-

нумен бірге, ұлы орыс халқы тілінен көптеген ұғым атауларын алдық. Бірақ бұл орыс тілінен енген сөздердің жоғарыдағы газет тілі арқылы енген сөздерден сапалық айырмасы бар. Бұл айырмашылық революциядан кейінгі орыс тілінен кірген сөздердің сан жағынан молдығында ғана емес, оның халықтың шаруашылық, мәдени өміріне қатысты алуан түрлі тақырыптарды қамтитындығында.

Сондай-ақ, газет бетінде кездесетін орыс сөздерін газет редакциясы қаншама сол тілдегі тұлғасынан бұзбай жазуға тырысқанымен, сол кезде қолданылған араб әліппесінің икемсіздігінен, көбіне бұзылып жазылып берілді (*зауад, княз, сауатник* т. б.). Орыс графикасына негізделген алфавитпен пайдаланып отырған қазіргі қазақ тілінде ол сөздерді орыстағы тұлғасынан аудармай жазуға толық мүмкіндік туып, орыс тілінен алынған термин сөздер сол күйінше жазылып, айтылып, халық игілігіне айналып отыр. Екінші жағынан, орыс тілінен терминдік сөздер алу қажеттігі қазақ тілінде бұрын жоқ, *я, ю, в, ц, щ, ь, ь* сияқты әріптердің алынуына себепші болды. «Осының нәтижесінде халықаралық мәні бар: *социализм, коммунизм, коммунист, партия, машина, техника, агроном, филология, демократ, лауреат, президиум, конституция, митинг, облигация, классик, материализм, диалектика* т. б. осы сияқты сөздердің айтылуы мен жазылуы, беретін мағыналары қазақ тілінде әбден қалыптасып отыр»²⁷.

Орыс тілінің игілікті әсерімен жалпы халықтық тілдің сөздік қорында бұрыннан бар бірсыпыра сөздер қазір қолданыла келе белгілі ғылымдық, саяси-әлеуметтік мәні бар термин болып қалыптасып отыр. Мәселен, газет бетінде кездескен *үгіт, құн* деген сөздердің біріншісі — «адамды азғыру, ерту», екіншісі «бір нәрсенің орнына төленетін төлеу» мағынасында қолданылса, қазіргі тілімізде бұл сөздер саяси әлеуметтік термин дәрежесіне көтеріліп отыр.

Ғылыми терминологияның дамуындағы қазіргі бір өнімді жол — орыс сөздерін тілімізге сөзбе сөз аударудың нәтижесінде ана тіліміздің өз сөз байлығы арқылы

²⁷ А. Қалыбаева (Хасенова). Қазақ тілі терминологиясының жасалуы. Жинақ. «Қазақ тіл білімінің мәселелері». Алматы, 1951. 122-бет.

термин жасау (бесжылдық — пятилетка, жұмысшы — рабочий, бастама — инициатива, құрам — состав, баспасөз — печать). Ал бұл тәсіл «Дала уәләятінің газетінде» кездесе бермейді. Мұндағы орыс сөзін қазақшаға аударудың басты жолы түсіндірме (описательно) жолымен оның мағынасын беру болып келеді (циркуляр — жариа бұйрық наме, публичная библиотека — көб қауымға тиішлі кітабхана т. с. с.).

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі қазақ тілінде болған ең бір үлкен жаңалық — ол қазақ тілі лексикасының актив қорындағы араб-парсы, орыс сөздерінің ара салмағының түбірлі өзгеріске ұшырауы.

Егер біз «Дала уәләяті газетінің» лексикасында араб-парсы сөздерінің орыс сөздеріне қарағанда сан жағынан әлдеқайда басым екенін және қолданылу аясының кең екенін көрсек (араб-парсы сөздері газеттің біз есептеген номерлерінде 14,3—19,3 процент арасында болса, орыс сөздері 2,6 проценттен 9,1 процентке дейін ғана құбылып отырған), қазіргі баспасөздің лексикасына жасаған есептеулерімізде бұл картинаның түбірлі өзгергенін байқау қиын емес.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1964 жылғы 10 марттағы «Баршамыздың сүйікті де төл ісіміз» деген бас мақаласында араб-парсы сөздері 15,7 процент болса, орыс және орыс тілі арқылы келген интернационалдық сөздер 18,4% болды, яғни қазіргі лексикамызда араб-парсы сөздеріне қарағанда ұлы орыс тілі арқылы енген сөздер әлдеқайда басым болып отыр және бұл процесс, сөздік қорымыздың интернационалдық лексика есебінен толығыуы, прогрессивті болғандықтан, күннен күнге дами бермек.

IV т а р а у

ГАЗЕТТЕР ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Кез келген тілдегі сөздердің бір бірімен байланысып, адамдардың өз ара қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы адам қоғамының дамуымен байланысты болса, сөздердің әр түрлі қасиеттеріне қарай бөлек-бөлек топтарға бөлінуі де сол тілдің тарихымен тікелей байланысты. Тіл дамыған сайын оның грамматикалық категориялары да сараланып, дифференциалана түседі. Тілдің грамматикалық құрылысының бір сападан екінші сапаға ауысып, өзгеруі үшін, оның өзі өте жай дамитындығынан, ондаған ғасырлар керек болар еді. Бұл тұрғыда тілін сөз етіп отырған газеттеріміз бен бүгінгі тіліміздің арасы уақыт жағынан тым аз, бір ғасырға жетер-жетпес қана мерзім. Сондықтан осы аз уақыт ішінде оның грамматикалық категорияларында сапалық айырма бола қоюы мүмкін емес.

Жалпы грамматикалық құрылыс өзгереді дегенде, көбіне өзгеріске бейім тұратын — ондағы сөз байланыстырушы, сөз құбылтушы амалдар болып келеді. Орыс тілінің грамматикалық құрылысының тарихи дамуын сөз ете отырып, В. В. Иванов былай деп жазады.

«В связи с тем, что историческая морфология занимается историей морфологических средств, и прежде всего тех, которые служат для образования форм слов, т. е. средств форма образования, словоизменения, — в связи с этим изучение истории флексий, или, иначе, истории форм склонения и спряжения слов, имеет огромное значение при изучении истории морфологической системы русского языка»¹.

¹ В. В. И в а н о в. Развитие грамматического строя русского языка. М., 1960, стр. 7.

Біздің бұл тарауда, негізінен, әңгіме етпегіміз де, жоғарыдағы көрсетілгендей, тіліміздегі сөз өзгертуші, сөз байланыстырушы амалдардың өзгеру, жетілу тарихы болмақ. Алайда әңгімемізді жалаң «ерекшелік» дегенге құрмай, кезі келгенде газеттер тілінің бүгінгі әдеби тіліміздің грамматикалық құрылысымен ұқсастық және одан сәл де болса өзгешелеу жақтарын да көрсете отырдық. Сондықтан бұл тараудың құрылысы да дәстүрлі грамматика оқулықтарының жүйесіне сай грамматикалық категорияларды сипаттауға негізделеді.

МОРФОЛОГИЯ

1. Зат есім

Сөздердің бұл тобы қазақ тілінде нақтылы және абстракты нәрселердің атауын білдіруіне қарай деректі, дерексіз деп екіге бөлінеді. Лингвистикалық әдебиеттерде дерексіз (абстракты) ұғымдар кейінірек деректі (конкретті) ұғымдардан дамып шыққандығы көрсетіледі².

Аталған газеттер беттерінде *темір жол, елчі, өлеңчі, казит, абақты, шаһар, дәфтер* сияқты деректі зат есімдермен қатар, *барұмта, ырыс, жтаһад, жилұс, қысымчыллық, бадшалық, фікір* т. б. абстракты ұғымдардың атауы да жиі кездеседі. Кейбір абстракты ұғым атаулары газеттің аударма болуымен байланысты орыс тіліндегі түсінігінің тікелей аударылуы арқылы пайда болған сияқты. Мысалы: *бадшалық* (царствование), *дүние жүзілік* (мировой), *мемлекет* (государство), *кәсіп* (промышленность, ремесленчество), *мекеме* (канцелярия), *солдаттық* (воинская повинность), *қауым* (общество), *бөлік* (участок), *жан алу* (присяга), *іс қорғау* (защита) т. б.

Газеттердегі зат есім сөздерін тұлғалық жағынан алып қарасақ, оларды қазіргі кездегідей түбір күйінде де, туынды сөз тұлғасында да, сондай-ақ бірігіп, қосарланып келе беретінін көреміз. Бүгінгі тіліміздегі «қысқарған сөздер» деп аталатын зат есім сөздерінің көрінісі бұл газет бетінде кездеспейді.

² А. И. И с к а к о в. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. Автореф. док. дисс., Алма-Ата, 1964, стр. 121.

Түбір тұлғадағы зат есімдерге мысалдар: медіресе, іс, дәрігер, тәжірибе, хат, кісі, дау, кітап, станция, болыс т. т.

Туынды зат есімдер: жолаушы, сәудегер, егін, алым, тұрмыс, оқығучы, надандық т. б.

Біріккен тұлғадағы зат есімдер: атшабар, қолғаб, фарманнама, айырбас, мағлұмнама, ағайын, т. б.

Қосарлы зат есімдер: көйлек-көншек, киім-кешек, айғай-ұйғай, ата-ана, құрт-құмырсқа т. б.

Қазіргі зат есім тудыратын жұрнақтардың газетте бәрі дерлік кездескенімен, кейбірінің қолданылу аясының ол кезде тар екенін көруге болады. Керісінше, осы күнде өлі жұрнақ ретінде қаралатын қайсыбір жұрнақтардың ол кезде өнімді жұрнақ ретінде қолданылғанын байқаймыз. Зат есімнің газетте кездескен басты-басты жұрнақтарын санап өтейік:

шы/ші газеттегі орфограммасымен берсек, кейде *чы/чі*; тұрғушы, жолаушы, сатучы, алучы, казитші (газет шығарушы мағынасында), елчі, өлеңчі, жазғучы, құғыншы, жоқшы, санақчы, басчы, кәсіпші, жезчі (медник), етікші, тігінші.

шы/ші жұрнағы, негізінен, өзі жалғанған сөзіне адамның кәсібі, мамандығымен байланысты ұғым береді³. Бұл жұрнақ, қазіргі тіліміздегі сияқты, осы мағынада ол кезде де өнімді жұрнақтардың бірі болған. Және ол осы қызметте бірсыпыра түркі тілдерінде кездеседі. Г. Рамстедт *шы* суффиксінің түркі және монғол тілдеріне (монғол тілінде — *шын*) бірдей ортақ екенін айта келіп, бұл жұрнақ барлық уақытта да белгілі бір қызмет атқаратын не қандай да болса бір қимыл жасаушы субъектіні білдіреді деп көрсетеді⁴.

Сол кездің өзінде-ақ орысша ұғымдарды қазақ тіліне аудару қажеттілігімен байланысты бұл жұрнақтың жаңа сөз жасау функциясы біраз кеңейе түскен. Орыс тіліндегі кәсіптік, мамандық ұғымды білдіретін бірнеше жұрнақтар (*ник, ец, чик, тель, ший*) арқылы жасалған сөздер газеттерде бір ғана осы *шы/ші* арқылы аудары-

³ Современный казахский язык. Фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, стр. 134.

⁴ Г. Н. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание, М., 1957, стр. 208.

лып берілген. Мысалы: путешественник — жолаушы, посланник — елші, продавец — сатучы, газетчик — казитші, покупатель — алушы, пишущий — жазгучы т. б.

лық/лік, дық/дік, тық/тік. Бұл жұрнақтар газет бетінде деректі зат есімдерге, кейде сын есімдерге жалғанып, көбіне-көп дерексіздік ұғым туғызған. Мысалы: кедейлік, бадшалық, тынышлық, жамандық, қараңғылық, бұзақылық, құдалық, әділдік т. б. Бүгінгі әдеби тілімізде бұл жұрнақтың жаңа сөз жасау аясы әлде қайда кең. *Орталық, оқулық, сөздік, тереңдік, жылдамдық, батырлық, достық, аналық, үштік, бестік* т. б. сияқты сөздердегі бұл жұрнақтың қазіргі беретін мағынасы ол кезде кездеспейді десе болады. Тек *куәлік, билік* сияқты бірен-саран сөздерде ғана нақтылы заттық мағынада ұшырайды.

шылық//шілік (кейде чылық//чілік). Бұл аффикс қазіргі қазақ тілінде өзі жалғанған сөзге 2—3 түрлі мағына қосады. Газеттер бетінде ол тек қана бір мағынаны яғни нәрсенің қалпын не нәрседе белгілі бір қасиеттің бар-жоғын білдіреді. *Зәручілік, жаманшылық, қысымчылық, тарчылық, татушылық* т. б.

Қазіргі кездегі бұл жұрнақтың бір негізгі мағынасы — шаруашылықтың әр түрлі саласын, кәсіптің түрін көрсету болса, ол кезде бұл ұғымдар басқа жолдармен, көбінесе сөз тізбегі арқылы суреттеме жолымен берілген. Мәселен, қазіргі «егіншілік», «аңшылық», «бақшашылық» дегендер газетте «егін шаруасы», «аң аулау», «бақша салу» түрінде қолданылған. Жалпы «шаруашылық» деген сөз «шаруасы» болып келіп отырады. Мысалы: Қазақтың *мал шаруасы* өсіресе *жылқы шаруасы* төмендеб барады («ДУГ», 26, 1891).

Етістіктен зат есім тудыратын осы күнгі жұрнақтардың бірқатарын аталған газеттер бетінен де кездестіруге болады.

ыс//іс//с: жылыс, таныс, айтыс, жұғыс.

ым//ім//м: алым, бітім, білім, кесім.

ма//ме, ба//бе, па//пе: басба (типография), бөлме, түйме.

ын//ін//н: ағын, егін, сауын.

ық//ік//к: бұйрық, күрек, тірек, қыстақ.

Араб, парсы тілдерінен ауысқан жұрнақтар арқылы ол кезде жаңа ұғымдарды беру қазіргіден гөрі өнімді-

рек болса керек. «Дала уәләятінің газетінде» қазіргі кітапхана, чайхана, баспаханалармен қатар, мектепхана, атхана, дәріхана деген де тұлғалар кездеседі. Сондай-ақ, *кер, кеш* жұрнақтары арқылы жасалған қызметкер, жазкер, даукер, жауабкер, міндеткер, кірекеч деген сөздер де бар.

2. Сын есім

Түркі тілдерінде сын есімнің әдейі сөз табының бірі ретінде дифференциялануы кейінірек бола тұрса да⁵, заттың әртүрлі сапасын білдіретін сөздердің тобы тілде ерте заманнан бері бар екені мәлім.

Сын есімдер мағыналық жағынан сапалық және қатыстық сындар болып екіге бөлінетін болса, біз қарап отырған газеттер материалдарынан бұл екі топтағы сын есім сөздерін де молынан кездестіруге болады. Сапалық сынға жататын ақ, қызыл, қара, үлкен, кіші, жарық, қараңғы, адал, қоңыр т. б. сөздер зат есім сөздерімен ешбір тұлғасыз қабыса байланысып, нәрсенің әртүрлі сапасын анықтау қызметін атқарып келе береді.

— Биыл күздүкүні бадса хазреті наследник һәм ұлуғ княз Георги менен Русияның оң түстік жағындағы Кавказға баруб қайтұбды («ДУГ», 42, 1888). Осы қыстақтың дәл ортасындан Бабаян деген кічкене өзен су ағады («ТУГ», 15, 1881). Сарыбай бек *таза адал* фараға қарамайтын кісі еді («ДУГ», 43, 1890). Бізлер нашарлықдан қалаға келіб... кәсіб қылұб *жас бала жалаңаш* қатұн балаларымызды асыраб... тұрушы едік («ДУГ», 26, 1890).

Сапалық сын есімдердің қатыстық сыннан бір айырмашылығы — оның шырай жұрнақтарын қабылдап, сапаның әртүрлі дәрежесін көрсете алатындығы. Сондықтан сын есімнің шырайларын осы сапалық сын есіммен байланысты әңгіме ете кетуді мақұл көрдік. Газетте қазіргі шырай жұрнақтары деп аталатындардан *рақ//рек жиі ұшырайды. Көбірек, жақсырақ, кішірек, алысырақ, азырақ, жақынырақ* т. б. Бұнымен қатар

⁵ Бұл туралы Н. К. Дмитриевтің «Грамматика башкирского языка» (М., 1948) деген еңбегінің 81-бетін, Э. В. Севортяннің «Түркі тілдеріндегі сын есімдердің тарихынан» деген мақаласын (Тюркологические исследования. М., 1963) қараныз.

күшейтпелі немесе асырмалы шырай жасайтын тұлғалар да кездесіп отырады.

Солайша қылыб ұяларының ічгі жағын *жыб-жылтыр* құуыс қылыб қоңыр түсті қылыб бітеулеб жоғарғы жағында *кічірек* тесүк болады («ДУГ», 11, 1890). Сүйтсе де мұсылмандардың *ең үлкен* байдары да жиырма тиыннан берубді («ТУГ», 15, 1881). Қазақдың жылұс тобдарында *ең үлкен* силық қонақ асдары жылқы еті палау һәм қымыз боладұр («ДУГ», 16, 1893).

Асырмалы шырай жасайтын қазіргі *ең, тым, өте, аса* т. б. үстеу сөздерінің орнына газет бетінде көбінесе «бек» сөзі қолданылған. *Бек* жақсы, *бек* таза, *бек* кедей, *бек* қатты, *бек* ұзақ т. б.

Алай болса да біздің айтқан өлең һәм ертегіміз ғибрат үчүн айтұлғанға ұқсамай өлең болса ічіне керексіз бос сөзлер қосұлыб казитке *бек ұзақ* ертегілер жазылыб ахырында сонча азабданғанмызға төлеу боларлық ғибрат сөзүміз де болмай қалады («ДУГ», 49, 1895). Бұл қызлар *бек кедей* екен («ДУГ», 11, 1893). «Түркстан уәләтінің газетінде» «тым» формасы «тым-ақ» түрінде келіп отырады. Бұл кендірдің бір жақсысы бояуды *тым-ақ* жақсы ұстайды екен («ТУГ», 5, 1870).

Қатыстық сындар басқа сөз таптарынан жұрнақ жалғану арқылы жасалатындықтан, оларды әңгімелегенде сын есім тудыратын жұрнақтарға соқпай өтуге болмайды. Шындығында, қатыстық сын есімдерге тұлғалық жағынан жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімдер дәл келеді.

Тілі әңгіме болып отырған газеттер бетінде кездесетін сын есімнің басты-басты жұрнақтары төмендегілер: *лы//лі, ды//ді, ты//ті*: дәмді, қадірлі, өнерлі, білімді, ойлы, тиісті, белгілі, өнегелі, түсті, ақылды, міндетті т. б.

Бұл жұрнақтар ол кезде де, қазіргідей, сын есім тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі болған. Бұл, негізінде, зат есімнің түбіріне жалғанып, қатыстық сын туғызатын жұрнақ болып есептеледі. Мысалдар: Сыр дария облұстнай мекемесінде ағұст айының ішінде судиялардан түскен *даулы* істер сұралады («ТУГ», 15, 1881). Дала уалайатындағы көчбелі халықлар ұшбу уақыттағы ғұмыр чегіб харакат қылған Еуропадағы Русианың *білімді* егін еккіш адамлары мынан жақындасуға

лайық болып көрүнеді («ДУГ», 12, 1894). Байағы заманда қанча уақыт өткенін білмейміз қазақ жерінде *апалы сіңділі* екі қыз болыбды («ДУГ», 11, 1893).

сыз//сіз. Бұл жұрнақ мағыналық жағынан жоғарғы *лы//лі* жұрнақтарына қарама-қарсы болып келеді, біріншілер нәрседегі бар қасиетті білдірсе, екінші жұрнақ (*сыз*) оның жоқ екендігін көрсетеді. Тынышсыз, ақылсыз, ақчасыз, айыбсыз, атақсыз, файдасыз, керексіз т.б. Арамызда жаман айыбсыз адам жоқ деб тачбаймыз («ДУГ», 38, 1894). Кенерал күбірнатыр фон Кауфманның қимылдауға әл қуаты келмей *тілсіз* боб жатса да науқасы тәуірдірек боб келеді («ТУГ», 15, 1881). Қазаққа *файдасыз* істі файдалы деб айтса да әйтеуір ойлаған мақсаты қазақ халқы ғылым үйреніп түзелсе екен деген жаһат болған соң мақұл көрінеді («ДУГ», 49, 1895).

ғы//гі, қы//кі: жоғарғы, соңғы, ішкі, биылғы, жазғы, бұрынғы, кейінгі, әуелгі. *Бұрынғы* уақыттағы адамлар оқу білмекенсоң бір орыннан неч қайда бармаған еді («ДУГ», 12, 1894). Келей қазақдар *жазғы* жұмыс уақыты бола бастағаннан кейін бір ойыздан бір ойызға кетіседі («ДУГ», 12, 1894).

Бұл жұрнақ, негізінен, көмекші есімдер мен үстеу сөздерге қосылып, қатыстық сын тудыратын болса да, кейде жатыс жалғаудағы басқа сөз таптарынан да сын есім тудыру мүмкіндігінің бар екенін байқаймыз. *Бесіктегі* (бала), *қырдағы* (жәрменке), *сендегі* (ой) т. т. Сондықтан бұл да сол кездегі өнімді жұрнақтардың бірі деп қаралады.

қыш//кіш, ғыш//гіш: Білгіш, бергіш, еккіш, байқағыш т. т. Осы күнде мұнда қытай манжур тілін білкіш ұлама тайни сауетник Уасилиф (Васильев) деген жатыр («ДУГ», 27, 1890). Дала үләятіндегі көчбелі халықлар ұшбу уақыттағы ғымыр чегіб харақат қылған Еуропадағы Руспаның білімді егін *еккіш* адамлары менен жақындасуға лайық көрүнеді («ДУГ», 12, 1894).

Қазіргі тілімізде бұлармен қатар сын есім туғызатын өнімді жұрнақтардың қатарына *лыш//лік, дыш//дік, тыш//тік* аффиксін қосуға болады. Бұл жұрнақ, әсіресе, орыс тілінен енген сын есім түбірлеріне жалғанып, олардан қатыстық сын жасайтын амал ретінде соңғы жыл-

дары ерекше кең қолданылады⁶. «Дала уәләятінің газетінде» ол бұл қызметте кездеспейді. Сондықтан газетте орыс тілінен енген сын есімдер көп жағдайда сол тілдегі қосымшаларымен берілген, бірақ олардың әрдайым мужской род тұлғасы сақталып отырады. Мысалы: *уайаннай* кубрнатор, *учителски* семинариа, *початнай* чапан, *облостной* фидомосы (ведомость), *каторжни* работа, *шачни* сиез т. б.

Бұлардан басқа бірен-саран сөздерге қосылатын *шақ//шек* (көңілшек, болашақ), *қақ//ғақ* (ұрысқақ, құрғақ), *малы//мелі*, *палы//пелі* (көшпелі, серіппелі) сияқты өнімсіз жұрнақтар да кездеседі. Бұл жұрнақтардың сол көздің өзінде-ақ жаңа сөз жасау мүмкіндіктерінің аз екенін байқауға болады. Қазіргі қазақ тілі оқулығында бұл жұрнақтардың бүгінгі әдеби тілімізде сөз тудыру қабілеттіктері потенциалды екені, оларды сөз тудырушы жұрнақтардың қатарына тек тарихи тұрғыдан ғана қосуға болатыны дұрыс көрсетілген⁷.

3. Сан есім

Әлденеше ғасырлар бойы тілімізде аса көп өзгеріске түспей, сақталған ежелгі сөз табының бірі — сан есім. Ескі Енисей ескерткіштерінде кездесетін сан есімдердің лексикалық негізі бүгінгі түркі тілдерінде толықтай сақталған деп жазады проф. И. А. Батманов⁸. Бұған қарағанда, біздің бұдан бір ғасыр ғана уақыт бұрын шыққан «Түркстан уәләятінің газеті», ал одан да бері шыққан «Дала уәләятінің газеті» материалдарынан қазіргі әдеби тілімізден бөлек тұрған сан есім категориясына тән ерекшелік іздеуіміз үлкен қателік болған болар еді.

Демек, қазіргі сан есімдердің барлық атаулары мен түрлері аталған газеттерде кездесіп отырады. Алайда олардың кейбіреуінің аталуында, стильдік жұмсалыуында бүгінгі әдеби тіліміздің нормасымен салыстырғанда аздаған айырмашылықтар да ұшырайды.

⁶ М. Балакаев. Қазақ тілі синтаксисінің кейбір мәселелері. Жинақ. «Қазақ тіл білімінің мәселелері». Алматы, 1951, 91-бет.

⁷ Современный казахский язык. Фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, стр. 198.

⁸ И. А. Батманов, З. Б. Арагачи, Г. Ф. Бабушкин. Современная и древняя енисейка. Фрунзе, 1962, стр. 124.

Есептік, реттік сандардың аталуында да, қолданылуында да ешқандай айырмашылық байқалмайды. Мысалы, Аталмыш қазақ Кәуке ұғлы аулұнан қашұб *алтұншы* ноябрде сұуққа үсүб үч күнден кейін дүниадан қайтқан («ДУГ», 5, 1888).

Айта кететін бір жай — есептік сан есімдердің кейбір мақалаларда көршілес татар тілінің әсерінен фонетикалық өзгеріске ұшырауы. Мәселен, жетпіс, алпыс, сөздері *жетміш*, *алтмыш* болып, жиырма сөзі *жікірме* түрінде кездесіп қалады. Бұны, әрине, тұрақты ерекшелік деу қиын, белгілі автордың не аудармашының солай қолдану дағдысымен байланысты болса керек. «Бір» сөзінің қолданылуы мен семантикасында да бүгінгі тіліміздегіден айрықша көрінетіндей үлкен ерекшелік байқалмайды. «Бір» сөзі зат есіммен қатар тұрып, нәрсенің санын білдірумен қатар, кейде өзі қатысты заттың белгісіз екенін білдіреді. Мысалы: *Бір* казитке жазұб тұратын кісінің білдіруі бойұнша Бұхардың абақтысы сұмдық екен («ДУГ», 49, 1888). Әкесінің *бір* таныс адамы құран оқұғалы келкен («ДУГ», 7, 1888).

Бұл белгісіздік, әсіресе, баяндау түріндегі әңгімелерде, ертектерде айқын көрінеді және жиі кездеседі. Ертекі өткен заманда *бір* хан бар еді //Шол хан күнлерде *бір* күн *бір* түс көрді... Имді бұ ханның шәһарында *бір* икіт бар еді//оның *бір* хатұны бар еді («ДУГ», 16, 1890). Алтай тауының биүк жонында *бір* Марқа көл деген *бір* көл бар екен («ДУГ», 21, 1888). Чост ойазының *бір* төресі теркеб есеб қылған екен («ТУГ», 15, 1881).

«Бір» сөзі етістіктермен, сын есімдермен қатар келгенде, өзінің лексикалық мағынасынан айрылып, өзі қатысты сөзіне екпін түсіру қызметін ғана атқаратын сияқты. Біздің хырымтлі казит оқитұндар менен түрік лұғатын жақсы білетіндер бар болған соң көбден бері-ақ *бір* сөйлесуке керек болұб жүр еді қырдың қазақ тілі хұсысында («ДУГ», 7, 1890). Жыр менен осы күнде қазақдар өлең чығармайды *бір* мұңлы зарлы нәрселер турасында болмаса («ДУГ», 31, 1896) т. т. Газеттерде «бір» сөзінің «түрлі» сөзімен қатар қолданылып, әлденеше сөздің мағынасын беруі жиі ұшырайды. Мәселен, Және *бір түрлі* білімді адамдардың қазақ сөздерін орыс әліфбиі мынан орыс харіфдері мынан жазу жарайды деб айтқандары *бір таңсық* сөз («ДУГ», 22, 1899).

Мұндағы «бір түрлінің» беріп тұрған мағынасы «кейбір» дегенге жақын. Ал,... Мақалдар да көб өзгеріп *бір түрлі* сөйленетұғын («ДУГ», 21, 1899). Осы сөздердің бір таңсық жері көбүсі қазақ тілінде өзгеріп *бір түрлі* болып кетібді (бұл да сонда) деген сөйлемдердегі оның беретін мағынасы «басқаша, өзгеше» дегендерге жақын.

Жинақтық сандар газетте көбіне атау күйінде кездеседі де, оның септеліп келетін орындарында есептік сан есімдердің септік жалғаулы түрі қолданылып отырады. Мысалы, *бірінің* (біреуінің деудің орнына) *жартысыны*, *екісінің* (екеуінің) *бірі* т. б.

Бұл балаларыны екі бөліп оқұтадылар бір бөлкенінде оқұтұб дайарлайды үлкен ғылымларұны үйрететұғын кимназияға түшүрмек үшүн уа *бірінде* («біреуінде») болу керек. — Б. А.) кимназианың өзүнде жүркенлеріні оқұтадылар («ДУГ», 5, 1888). Бір араб өлер шағында өзүнің үш ұғылына өсиет айтұбтұр//менден кейін қалған он жеті түйені бөліп *бірінің* (≈ біреуің) *жартысыны* *бірінің* (≈ біреуін) тоғұздин *біріні* *бірінің* (≈ біреуің) үшден *біріні* алыңлар деп («ДУГ», 7, 1888).

Болжалды сан есімдер газетте де қазіргі бар амалдармен жасалғанын көреміз. 20 *шақлы* балалар, 13 *болыс шамалы*, *қырықдай*, *мыңдаб*, *отыз-қырық* т. б.

Бұл айтылған нәрселерден басқа қазақдар жармонкаға *мыңдаб* кикіз, кигіз үйдің һәр түрлі сайманын, үй сүйегін әкеледі («ДУГ», 46, 1896). Айтылмыш жерде оқутмақ үшін 20 *шақлы* балалар алұнса керек («ДУГ», 1888). Төрт жүз *чамалы* үй суға ағұбды және әлденече мечіт менен тиірмен суға кетібді («ДУГ», 15, 1888).

Түркі халықтары тілдерінде бөлшектік сан есімдер соңғы кезде, атап айтқанда XIX, XX ғасырлардың төңірегінде, пайда болды деген пікір бар⁹. Солай бола тұрса да, газетте біз белгілі дәрежеде қалыптасқан бөлшекті сандардың жүйесін көреміз. Мысалы: *Тоғыздын бірі*, *үшден бірі*, *онның бір бөлегі*, *алты жарұм*, *жарты* т. б.

Жоғарғы алтынчы бабдағы айтылған ереже *үчдің бірін* ағайынға бұйырыб жатыр («ДУГ», 49, 1896). *15 жарым миллиондай* бұт жүк тасылыбды («ДУГ», 49, 1896).

⁹ Бұл да сонда, 130-бет.

Қазіргі тіліміздегі «есе» сөзінің орнына газет бетінде көбіне «қабат», «қайтара» кейде «дүркін» сөздері қолданылған.

Орысдың өзі көб шалғы орақ істей бастаған соң, орысдікі Абстрианикінен жүз *қабат* арзандады («ДУГ», 31, 1896). Ауғанның әмірі Әбдрахман қан Аюбқан менен екі *дүркін* кез келіп ұрыс қылған («ТУГ», 15, 1881).

Бірек сөз сан есімдердің таңбалануы туралы.

«Дала уәләяті газетінің» шыға бастаған алғашқы жылдардағы номерлерінде сан есімдер араб цифрымен таңбаланған. 1897 жылдағы номерлеріндегі кейбір мақалаларда араб цифрымен қатар жақша ішіне ірі терілген орыс цифры да қолданыла бастайды. 1898 жылдан былай қарай түгелдей орыс цифрына көшеді. Ал «Түрк-стан уәләятінің газеті» алғашқы номерінен бастап орыс цифрын қолданған.

4. Есімдік

Қазіргі тіліміздегі сияқты, алғашқы қазақ газеттерінде де есімдіктер белгілі заттың атын, сынын, санын білдірмей, бірақ соны білдіретін сөздердің орнына жұм-салады. Егер есімдіктердің әдеттегі дағдылы мағына-лық жіктеулеріне қарай тоқталатын болсақ, онда жік-теу, өздік, жалпылау, болымсыздық есімдіктерінің не тұлғалануында, не стильдік қолданылуында, сондай-ақ атқаратын қызметтерінде бүгінгі тілден өзгешелігі жоқ екенін айтуымыз керек. Сондықтан газетте кездескен бұл есімдіктерді бас басына санап, жазып жатпай-ақ бірек мысал келтірумен шектелмекшіміз¹⁰.

Қазақ арасында *мен* ақылдымын деб *чіреніб өзінің* ең жақынын талаб дегеннен басқа неч бір *файда* келтір-меген данышпандарды көргенміз... *Сіз* ақылдысызба жоқ ба *онда* казитдің жұмысы жоқ *һәм онан һешкімке* *файда* да жоқ, залал болмаса, себебі *сіздің* ақылұңыз жұмысталмаған ыдысын көрмеген жалаңач анбарда жатқан ақыл («ДУГ», 35, 1897). *Осыны өз қол астұм-дағыларға мәлім қыламын* («ТУГ», 15, 1881).

Сілтеу есімдіктерінен газеттерде көбірек кездесеті-

¹⁰ Жіктеу есімдіктерінің септелуіндегі кейбір ерекшеліктер кейін жалпы «Септеу категориясы» деген тақырыппен байланысты сөз болады.

ні — бул (кейде бұ), осы, сол (кейде шол), ол. Бұлардан басқа «Дала уәләяті газетінде» орта азиалық түркі әдеби тілінен тікелей ауысқан «ұшбу», «қаю», «мәзкүр» сияқты сілтеу есімдіктері де жиі ұшырайды. Бұл формалар сол кездегі жазба әдеби тілдік норма болса керек, үйткені барлық стильдегі мақалаларда да кездесіп отырады.

Ұшбу жылда 20 нчы ағұста бихисаб қара құртлар файда болыб көб жерлерке... залал келтірді//қаю құртлар 26 нчы ағұста азая бастады... мазкүр құртлар жіңічке ұзынлығы бір бөрчекдей («ДУГ», 4, 1902). Бұрынғы уақыттағы адамлар оқу білмекен соң бір орыннан һеч қайда бармаған еді жан жағында діниада не болыб жатқанын білмеучі еділәр...Ұшбу уақытта бұрынғыдай емес («ДУГ», 12, 1894).

Мысалдардан көрінгендей, бұлардың бәрінің де беріп тұрған мағыналары әр тілдегі — «бұл», «осы» сілтеу есімдіктерінің мағынасы. Мәселен, «ұшбуды» алатын болсақ, ол ескі өзбек тілінде «бұрыннан белгілі, алдын ала сөз болған» дегенді білдірген¹¹. Қазіргі өзбек тілінің грамматикасында «ұшбудың» күрделі есімдік (ұш — бу) екені айтылады¹². Мұның алдыңғы компоненті туралы бірнеше пікірлер бар. Ф. Г. Исхаков *ұш//ош//уш*-ты дыбыс алмасу заңдылығына (ш ~ л) сүйеніп, *ол//ул*-дан шықпады ма екен деген жорамал айтады¹³. А. Н. Кононов бұны өздік есімдігіне телиді. А. П. Поцелуевский «ұшбу» дың алдыңғы компонентін жалпы түркі тілдерінде кездесетін күшейткіш префикс деп көрсетеді де, мынадай мысал береді¹⁴.

Жәй сілтеу есімдігі	Күшейткіш префикс жалғанған түрі
Ұйғыр тілінде бу, ол	<i>уш</i> — бу, <i>ош</i> — ол, <i>ш</i> — ол
Түрікмен тілінде бу	<i>шу</i> — бу
Өзбек тілінде бу	<i>уш</i> — бу

¹¹ А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М., 1962, стр. 133.

¹² А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М. — Л., 1960, стр. 177.

¹³ Ф. Г. Исхаков. Местоимения. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, ч. II, Морфология, 1956, стр. 249.

¹⁴ А. П. Поцелуевский. Происхождение личных и указательных местоимений (Материалы к истории туркменского языка). Ашхабад, 1947, стр. 12.

Біздіңше, бәрінен бұрын «ушбудың» 1-компонентін бірсыпыра түркі тілдерінде бар *ошы//ушы* (қазақта — осы) сілтеу есімдігінен шығарған жөн сияқты. Екі сілтеу есімдігінің қатар ұстала жүріп, бірігіп кетуі — тіл тарихында кездесетін факт. Мәселен, башқыр тіліндегі «был» есімдігінің этимологиясы туралы Н. К. Дмитриев былай деген еді: «Башкирское — *был*, которому соответствует киргизское и узбекское разговорное — *бул*, по-видимому, тоже восходит к — *бул*, а само — *бул*, очевидно, распадается на *бу* — *ул*, где «бу» и означает «этот» (такая форма имеется во многих тюркских языках)¹⁵. Сонда «ұшбу», қазақша айтқанда, *осы, бұл* деген сілтеу есімдіктерінің бірігуінен шықпады ма екен деген жорамал жасауға әбден болады (Қазақ тіліндегі «*Бұл осы кімнің баласы еді?*» деген сияқты сөйлеммен салыстырыңыз).

Ал «мазкүр» мен «қаюды» алатын болсақ, бұлардың біріншісі — араб тілінен енген сөз. «Мазкүр» — арабша *مذکور* «атақты», «жоғарыда айтылған» деген екі түрлі мағынада. Ал «қаю» көне түріктік форма болса керек. С. Е. Малов бұл форманың «Құтадғу-билигте», «Рабгузида», «Алтын ярықта» кездесетінін көрсетеді және мұны «который, какой» деп аударады¹⁶. Л. Будаговтың сөздігінде *قايو* — шағатайлық, татарлық форма екені көрсетіліп, «который» деп аударылған¹⁷. Газеттегі мағынасы, жоғарыда көрсеткендей, «осы», «бұл» сілтеу есімдіктерінің орнына жүреді. Тағы бірнеше мысал келтірейік:

Қайу жаңа ат илан чығатұғын казит чығұб тұрады орусча қазақча қылған пірауаты мынан дала уалайтыны билекучі кенарал кубнатыр мекемесінен Ақмола Семей облұстарының казитлеріне қосымча қылыныб («ДУГ», 10, 1902). Жер астұна жиұлған судар үстүне чығады бұлақ боб//*қайудардан* барыб үлкен судар боб кетеді науаға дымқыл будар беруб («ДУГ», 5, 1902). Һәр бір жара адамның тәніне жіберуке ыхтималы бар іріңі

¹⁵ Н. К. Дмитриев. Строй тюркских языков. М., 1962, 25-бет.

¹⁶ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, стр. 410.

¹⁷ Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, т. II. СПб., 1871, стр. 35.

иаки бір залалды нәрселерді//қайулар барыб қанға жұғыб ахыры сонан өліб те кетуге мемкін («ДУГ», 5, 1902).

Алайда бұл есімдік сол тұстағы басқа жазбаларда өте сирек кездеседі. Қазіргі түркі халықтарының тілдерінің ешқайсысында сақталмаған.

Газетте бұл есімдіктердің септеліп келген түрлері де кездесе береді. Мысалы. Ұшбудағы учителски семинариа деген медреседен оқу бітіріб чыққан Отынчы Әлжан ұғлы берген арызы бойынча менің мекемеме хызметке кірді («ДУГ», 29, 1894). Жақын маңайда бір неше рет сарт донганлардың чайханалары тұрады қайударда пісір деген асыңды көз алдыңда пісіріб береді («ДУГ», 46, 1896).

Бір таңқаларлық жай — осы аталған есімдіктердің бір де бірінің «Түркстан уәләятінің газетінде» кездеспеуі. Олар келетін орындардың бәрінде де қазіргі қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері (бұл, осы, сол) жазылған.

Осы жыл октябрь айында Ташкент қаласында қыз балалар оқитұғын прокимназия деген медресе ачылды («ТУГ», 31, 1876). Мұның мәні газет редакциясының барынша газет тілін қазақтың сөйлеу тіліне жақындату ниетінде, сондай-ақ газет тіліне ұқыпты қарауында болса керек.

«Дала уәләяті газетінде» сілтеу есімдіктерінің бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану жиі кездеседі. Мысалы: Дөңкелек бұл айтылған жол мынан об оңай сырғанаб кетеді бұл себебден теміржол мынан көб ауыр жүкдерді алыб жүруке мемкін болады («ДУГ», 24, 1894). Қазақлар жай қара жұмысды қара қасқа кедейдің жұмысы деб ойлайды уа мұндай жұмыс адамның қадірін қашырыб төмендетіб адамды атақсыз қылатұғын жұмыс деб ойлайды бұл себебден аз маз ауқаты бар қазақлар жұмысдан безіб қачыб жүреді («ДУГ», 8, 1894).

Осы сөйлемдердегі «бұл» есімдігінің орнына қазіргі тіліміздің стильдік нормасы бойынша екеуінде де «сол» есімдігі қолданылуы керек. Осы сияқты сілтеу есімдіктерінің функциясының араласып жатуы газетте баршылық. Мұны газеттегі мақалалардың стилистикасына аса көп көңіл аудармаудан кеткен жайлар ма деп ойлаймыз.

Сұрау есімдіктерінің қолданылуында, өзгеруінде бүгінгі тілімізден ерекшеленетіндей жайттар байқалмай-

ды. Мысалы: Қазақлар қандай адамды жақсы кісі деп айтады? («ДУГ», 26, 1894). Бұрынғы заманда адамлар қалайша жазуды үйренді? («ДУГ», 38, 1895).

Сұрау есімдіктері қатыстық мағынада да бүгінгі тіліміздегіше жұмсала береді. *Кімде кім* осы казитден аламын десе казитдің бәсі бір жылға екі сом отыз тиын бірақ аламын деген кісі болса ақчасын почта менен жіберуб өзүнің қай қалада қай жерде тұрғанын аңұқтаб жазұб жіберсүн («ТУГ», 15, 1880). Шол балалар илан кенерал кубрнатыр хазіретлері көп мархамат етұб сөйлешуб отұрұб оларының һәр қайсысының қалай оқытұғынысы һәм қайдан келкенлеріні кім баласы екенлеріні сұраб һәр балаларының дәфтерлеріні көркен («ДУГ», 3, 1888).

Қазіргі белгісіздік есімдіктерінің бірсыпырасын газеттерден де кездестіруге болады. Әсіресе жиі ұшырайтыны — *бірнеше, һәрбір, һәр кім, һәр қайсысы* т. б. Алайда белгісіздік есімдіктерінің бүгінгі тілімізде, ол кезге қарағанда, әлдеқайда сан жағынан көбейгенін, стильдік сараланғанын, қолданылу аясы біраз кеңігенін көруге болады. Мәселен, қазіргі әдеби тілімізде жиі қолданылатын «кейбір» есімдігі газетте өте сирек ұшырайды. Оның орнына «Дала уәләяті газетінде» көбінесе «бағзы» сөзі қолданылады.

Қазақ арасында *бағзы* бір адамдар казитке жазыб жатыр жатақ қалуды жаман көріб («ДУГ», 26, 1890). *Бағзы* ғараб хәріфтері де бір түрлі болыб оқұлады («ДУГ», 31, 1896). Осы сөздердің бір таңсық жері көбүсі қазақ тілінде өзгеріб бір түрлі болыб кетібді және *бағзыларының* маһанісі басқарұбды («ДУГ», 31, 1896).

«Бағзы» сөзі араб тілінен ауысқан, онда *بعضی* (бағсун) — «нәрсенің бөлегі», «кейбір», «әлдекім» деген мағыналарда қолданылады¹⁸. Бұл сөз қазір халықтың сөйлеу тілінде ұшырағанымен, әдеби тілде жоқ.

«Түркстан уәләятінің газетінде» сирек те болса *кейбір* есімдігін кездестіруге болады. Мысалы: — Су қыстақдан ағыб өтұб төменкі жақдағы бақ чарбақларды екін екетұғұн жерлерді бәрін қоймасдан бұзұб *кейбір* жерде қазұб жырұб кетіб *кейбір* жерке тасларды таудай қылыб үйіб... кетібді («ТУГ», 15, 1881).

¹⁸ Арабско-русский словарь (составил проф. Х. К. Баранов). М., 1962, стр. 95.

5. Етістік

Сөз таптарының ішіндегі ең бір күрделі, атқаратын қызметі жан-жақты, тұлғалық әр түрлілігі мол сөз табы — етістік. Әңгіме болып отырған газеттерде етістіктің екінші жақтық бұйрық рай формасы яғни түбір тұлғасы да, туынды түрі де, күрделі түрі де, сондай-ақ есімше, көсемше тұлғалары да кездесе береді. Үйткені бұлардың өз алдарына тұлғалық, мағыналық ерекшеленулері өте ертеректе болса керек.

Бар балам ғақыл сұрап кел («ДУГ», 9, 1890). Бай жол қысқарсын әңгүме айт дейді («ДУГ», 34, 1891).

Бұл сөйлемдердегі «кел», «айт» етістіктері түбір тұлғада, бірақ негізгі етістікпен қатар келіп, көмекшілік қызмет атқарып тұр.

Туынды етістіктер белгілі жұрнақтар арқылы не есім сөздерден, не етістіктің негізгі түбірінен жасалады. Есімдерге жалғанып туынды етістік туғызатын жұрнақтардың ол кездегі де ең өнімдісі — *да//де, та//те, ла//ле*.

Бұрын отыз жыл тұсында Абайдолла хан Сібірге айдалып кетіп қайтұб келкенде Орынбай декен ақын алдұна келіп сөз сөй(ле)йді («ТУГ», 29, 1876). Жаман мінездерін жұмсатуға көб уақыт өтер һәм көб азаб(та) нар («ДУГ», 39, 1894).

Бұлардан басқа *а//е, ар//ер//р, қар//жер, ай//ей, ық//ік* т. б. өнімсіз жұрнақтары арқылы жасалған бір-ен-саран сөздер ұшырайды. Мысалы: Исаб алатын оязнай комиссианың жұмысы исаб алыб жатқан жерде болған шатақдарды *бас(қар)у* («ДУГ», 10, 1896). Ойаннай һәм морской уйдомостыға хызмет қылмайтын болса да сол уйдомостдың үйінде турған адамдарды бастықдардың бұйрұғы бойынча батер иесі *сан(а)йды* («ДУГ», 10, 1896). Ақар мал бағу шаруасы тамақ асырауға жарамай бара жатса һәр түрлі себеден малдың *аз(ай)ыб* бара жатқанұнан («ДУГ», 1, 1890) т. б.

Негізгі түбір етістіктерден туынды етістік туғызатын жұрнақтар — негізінде етіс жұрнақтары¹⁹. Сон-

¹⁹ «Глаголы, подвергшиеся залоговому изменению, независимо от количества прибавленных к ним аффиксов считаются производными глагольными основами. Поэтому залогии рассматриваются как категория грамматического словообразования» (Современный казахский язык (Фонетика и морфология). Алма-Ата, 1962, стр. 294).

дықтан етістік түбірінен туынды етістік туғызатын жұрнақтарды келтіргенде, етістерді де жол-жөнекей әңгімелей өтпекпіз.

н//ын//ін. Бұл жұрнақ етістік түбіріне жалғанып, өздік етіс не кейде ырықсыз етіс жасайды. Газеттерден бұл жұрнақтың бұл екі түрлі қызметін де көруге болады. Мысалы: — Осы турада келкен жауаблардан құранда шарифатта раст сөз айтқандұққа ант ічу дұрыс екен деген *көр(ін)еді* («ТУГ», 18, 1882). Сол кісінің елу жыл ұламалық қылып ғылымка пайда келтіркенінің хрымына 1888 жылы мирам *қыл(ын)ған* («ДУГ», 27, 1890).

л//ыл//іл (газеттерде кейде *ұл//ұл*). Бұл сол кезде де, негізінен, ырықсыз етіс жасайтын ең өнімді жұрнақ болған.

Би бас сайын қылған бітімдерін жазатұғын кнегелер *бер(ұл)ді* («ДУГ», 37, 1894). Сыр дария облұстнай мекемесінде ағұст айының ішінде судиялардан түскен даулы істер *сұра(л)ады* («ТУГ», 15, 1881). Бақты қаласында сентябр айының басында сияз *аш(ыл)ды* халық арасында жиылмыш адамдарының даулары бітмек үчүн («ДУГ», 47, 1888).

т, тыр//тір, дыр//дір, қыз//кіз, ғыз//гіз жұрнақтары арқылы, бүгінгі тіліміздегідей, өзгелік етіс жасалған.

Бізді құрметдеб *түс(ір)іб* аттарымызды ұстаб байлаб есік ачыб өзімізді қосқа *кір(гіз)ді* («ТУГ», 8, 1875). Кім де кім жақсы боламын десе көбке файдасын *ти(гіз)сін* («ДУГ», 49, 1895). Еркек дәргерді мұсылмандар үйішіне *аралас(тыр)ыб* әйелдерін *емдет(тір)мейді* («ДУГ», 23, 1890).

Ең ақырында, етістік түбіріне жалғанып, ортақ етіс туғызатын жұрнақ *-с//ыс//ис*. Газетте бұл жұрнақ қимылға бірнеше субъектінің ортақтығын білдіруден гөрі, III жақтық жіктік жалғауының көптік мағынасында кездесе береді. Мысалдар: Қойчыдарұм ертеңгі чайға деб алыб қойған ет бар... деб жауаб *бер(ис)ді* («ТУГ», 8, 1875). Бұл екеуі көб зөрүчілік *көр(ис)ді*... («ДУГ», 11, 1893). Кедей қазақдар жазгы жұмыс уақыты бола бастағаннан кейін бір ояздан бір аязға *кет(ис)еді* («ДУГ», 36, 1891).

Мұндай құбылыстың қазіргі қырғыз тілінде бар екенін И. А. Батманов та көрсетеді.

«В 3 л. мн. ч., — деп жазады ол кісі, — в киргизском языке вводится между корнем или основой и показателем времени *-ыш* (аффикс взаимного залого), расчленяющимся семантически на выразителя взаимности действия и совместности, т. е. множественного числа: барды — он пошел, барышты — они пошли»²⁰.

Газеттерде бір топ сөздердің күрделі етістік тұлғасында кимылды, амалды білдіріп келуі де, қазіргі тіліміздегідей, табиғи құбылыс. Бұл жағдайда негізгі етістік орнына көсемше тұлғадағы етістік не есім сөздері келе береді.

Онан асқанын падша ағзамның алұм шығынына төлеп тұрушы еді («ДУГ», 26, 1890). Қазақтың мал шаруасы әсіресе жылқы шаруасы төмендеб барады («ДУГ», 26, 1891). Ол үйді орысча оқуға ноғай балаларына мектүб қылсақ қалай болар екен дебді («ТУГ», 16, 1875). Мидхад афенді Русианың машһур кітаб чығарғучысы граф Толстойдың кітабын түрік тіліне *гаржма етіб жатыр* («ДУГ», 25, 1891).

Газет материалдарында, көбінесе, күрделі етістік мағынасын «мүмкін», «керек», «екен», «деді», «жоқ» т. б. модаль сөздерімен тіркескен әр түрлі грамматикалық тұлғадағы етістік сөздері береді. Мысалы: Айтылмыш жерде оқұтмақ үшін 20 шақлы балалар алынса керек («ДУГ», 5, 1888). Енді оқұған адам қазақ тілі осы деб ойласа керек («ТУГ», 29, 1876). Ағарда рас айтсақ мұндай нәрсе болмаса керек («ДУГ», 38, 1894).

Бұл арада негізгі етістікке шартты райдың жұрнағы жалғанып тұрғанымен, шарттылық мағына туғызбай, модаль сөзбен қосылып, жай өткен істі ғана білдіріп тұр. Бұл тұлға болуға тиіс істі көрсетіп, қазіргі тұйық етістіктің орнында да келе берген. Әсіресе орысшадан аударған мақалаларда орыстағы етістіктің неопределенная формасын қазақша берудің жолдарының бірі болған.

Ағарда қазақтардың жақсы бас адамлары қырдағы халыққа ғылым өнердің керек екендігін ойласа онда казитде жазылған насихат хабарларынан үлгі алсалар керек (≈ алуы керек) («ДУГ», 18, 1894). Закон бойынча судиа жұмысды бастаған кеңесдақ бітірсе керек (≈ біті-

²⁰ И. А. Батманов, З. Б. Арагачи, Г. Ф. Бабушкин и н. Современная и древняя енисейка. Фрунзе, 1962, стр. 199.

руі керек) («ДУГ», 3, 1896). Кім де кім жерке ие боламын десе ол әуел бастап қамын *жесе керек* (≈ жеуі керек) («ТУГ», 9, 1877).

Кейде «керек» сөзінің орнына «жарайды», «болады» сөздері де қолданылып, жоғарыдағы мағынаны бере алады.

Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріб ұмтылған адамлар мархұм Алтұнсариннің көрсеткен жолымынан *жүрсе жарайды*//Мұның қазақтың тілін жөндеб көбейтбек үчүн бастаған жұмысын қостаб ілгері *бастырса жарайды* («ДУГ», 27, 1894). Қандай биұмдар сатұлатұғұнұн білеміз деген кісілер әр дайым судебной пристав Меркуловичке барып *көрсө болады* («ТУГ», 15, 1881). Мұндай қадірлі жұмұсқа дала уалайатының қазақча казиті жәрдем *қылса жарайды* («ДУГ», 27, 1894).

Қазіргі әдеби тілімізде де бұл форма кездесе береді, бірақ онда іс-әрекеттің болу-болмауын шамалау, тұспалдау мағынасын береді.

Ал «мүмкін» (газеттерде кейде «мемкін») сөзі қазіргі әдеби тіліміздегі «болады», «керек» сөздерінің орнына қолданылған.

Екі үч төрт харіфден тұратын сөздерді шәкіртлер басқа-басқа үнке бөліп үйренкен соң алифбиді *үйретуге мемкін* («ДУГ», 25, 1897). Даукердің бір жағы келгені себеплі жұмысды тексеру қойылса келген жағы жауабқа артық келгендігіне шығынын *сұрауға мемкін* («ДУГ», 3, 1896).

Болымсыздық мағына осы тіркеске «емес» сөзінің қосылуы арқылы жасалған.

21 жасқа толмаған жас халықдар һәм оқудағы шәкіртлер судиа мекемесіне теркеу уақытында *баруға мемкін емес* («ДУГ», 3, 1896).

Бұл формалар, әсіресе шартты етістікке «керек» модаль сөзінің қосылып келіп, қазіргі тұйық етістік мағынасын беруі, сол кездегі қазақтың сөйлеу тіліне де жат болмаған. Үйткені мұндай формалар Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінде де, А. Васильев жинаған ауыз әдебиет үлгілерінде де кездесе береді.

Сонда түлке айтыпты: «балалар біраз сабыр етсін, осы жерде айналып жүргөн арыстанды бір маймұн деген достұм алдап алып келсе керек» (≈ келуі керек). (А. Васильев. Кир. хрестом. ч. I, Оренбург, 1898, стр. 43).

Адам тофрақтан кірпіштен табақтай нәрселер істесе мұны түб жаратушы кім екендігін терген кісі сұраса керек (≈сұрауы керек) тофрақты кім жаратты деб (Ы. Алтынсарин. Шарият-ул-ислам, Оренбург, 1884, 10-бет).

Ал енді соңғы форма, яғни барыс септіктегі тұйық етістікке «мүмкін» сөзінің қосылып келіп, қазіргі «болады», «керек» сөзінің орнына қолданылуы жоғарыда біз сөйлеу тілі үлгілері деп отырған материалдарда бірін-саран кездескенімен, жүйелі емес, ал қазіргі татар әдеби тілінде дәстүрлі норма ретінде жиі ұшырайды.

Осы арада орыс тіліндегі тұйық райлы етістіктің қазақ тіліне аударылу жайына тоқтала кетейік. Газеттерде орыстың неопределенная форма етістігі қазақшаға бірнеше жолмен аударылып берілген.

1) у жұрнақты етістіктің барыс септігінде қолданылуы арқылы: Ғылым оқу жөнін іздеген адамларға алда болса біздің қазақтарды қараңғылықтан *чығаруға* һәм жаман мінездерін жұмсатуға көб уақыт өтер һәм көб азабтанар (орысшасы: Людям, которым дорого просвещение, потребуеся еще много времени и усилий, чтобы *вывести* наш народ из тьмы варварства и *смягчать* его дикие нравы) («ДУГ», 39, 1894). Олай болғанда күн көріп *тіршілік қылуға* ғайры кәсіп жоқ ба (орысшасы: Неужели нет никакого другого способа *обеспечить существование...*?) («ДУГ», 1, 1890). Бұл себебден темір жол мынан көб ауыр жүктерді *алыб жүруке* мемкін болады (орысшасы: а потому по железной дороге при помощи малой силы можно *передвигать* больше тяжести) («ДУГ», 24, 1894).

2) Мақсатты келер шақ тұлғадағы етістікке барыс септігінің қосылуы арқылы: Дала уалайатының қазақча казиті қырдың арасындағы қазақтарға ғылым өнердің үлгісін уа тұқымын *чашбаққа* әдейі қазақтар үчүн ғана чығарылыб тұрадұр (орысшасы: — Киргизская степная газета, специально созданный для киргиз печатный орган, стремится *посеять* добрые последствия в степи между киргизами) («ДУГ», 18, 1894). Ғаскері уәзірінің ниетлері бар каспи обласының һәр бір жеріне Русиа һәм мұсылман тілінче оқұлатұрған медресе *ачбаққа* (орысшасы: — Военное министерство... предполагает устроить во многих местах области русско-туземные школы) («ДУГ», 26, 1891).

3) Қазақ тіліндегі тұйық етістік деп жүрген *у* тұлғалы етістіктің атау тұлғасы не септеулі тұлғасы арқылы: Бұрынғы заманда адамлар қалайша *жазуды* үйренді (орысшасы: — Как люди научились писать?). Бұрын адамлар жазу білмеучі еді (орысшасы: — Было время, когда люди не умели писать) («ДУГ», 38, 1895).

4) Күрделі етістіктер арқылы: Соңғы жылдарда білмейміз не себебден екенін қазақ орыслар суға *тоқтаушылық қыла бастады*, яки мүтде суыны арыққа жібермесден тоқтатып қойатын болды (орысшасы: ... в последние годы они почему-то стали *задерживать* воду или совершенно не пускать ее в арык) («ДУГ», 14, 1894). Кедей қазақдар жазғы жұмыс уақыты бола бастағаннан кейін бір ойаздан бір ойазға кетіседі өздерінің бала чағаларыны *іс істеп нан тауып* асырмақшы ниет менен (орысшасы: Бедные киргизы во время страды уезжают из одного уезда в другой с целью *заработать хлеба* для прокормления своего семейства) («ДУГ», 36, 1891).

5) Көсемше, есімшелер арқылы: Аталмыш түйелеріні... өз араларында бөледмай һәм һеш ылажны табалмай жанжалдасуп жатқан мезгілінде бұларының әкесінің бір таныс адамы қыран *оқуғалы келкен*... (орысшасы: — Когда они таким образом не находили способа и спорили между собой, приехал к ним один знакомый их отца *читать* фатиху) («ДУГ», 7, 1888). Орта азнада жақсы жолдар ашылған сайын бөтен жұртдының жолаушысы бұ жаққа *келетүн* көбейе берсе керек (орысшасы: С открытием новых, более удобных путей в Среднюю Азию, число иностранных путешественников, желающих посетить этот уголок древнего мира, надо полагать, увеличится) («ДУГ», 27, 1888).

6) Шартты райлы етістікке «керек» сөзінің қосылуы арқылы (бұл туралы жоғарыда айтылды).

Бұлардың ішінде басқаларынан көбірек қолданылғаны — бірінші жол, яғни *у* тұлғалы етістіктің барыс септікте келген түрі. Оның бұлай болуының бір себебі бұл форманың сол кезде қазақ тілі етістіктерінің инфинитив тұлғасы деп танылуынан болса керек. Оған дәлел, біріншіден, сол кездегі орысша-қазақша шыққан сөздіктерде, грамматикаларда орыс тілі етістіктерінің инфинитив корсеткіштерінің қазақ тіліндегі баламасы ретін-

де қазақ тілі етістігінің *-мақ*, *-у* формаларымен қатар, *-уға* формасын алу фактісі болған ²¹.

Екіншіден, Ыбырай Алтынсарин өзінің «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» деген оқудығында орыстың тұйық етістік формаларын қазақ тіліне үнемі етістіктің *-уға* формасы арқылы аударып берген ²². Сондай-ақ, Ыбырай Алтынсариннің, А. Васильевтің «Қырғыз хрестоматиясы» деп аталатын еңбектеріне кірген материалдарда да бұл форма жиі кездесіп отырады. Мысалы: Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ; сені де құдай-тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға *әдеттенуге керек* деді (Ы. Алтынсарин. Кир. хрестомат. Оренбург, 1879, 1-бет). Темір қаламды қалам сапқа *орнатуға керек* (А. Васильев. Кир. хрест. Оренбург, 1898, 24-бет).

Абай шығармаларында етістіктің *-уға* формасынан гөрі *-арға* тұлғасының жиірек қолданылғанын, мұның «Абай прозасында орын алуы XIX ғасырдағы қазақтың жазба әдеби тіліне татар тілінің тигізген әсеріне байланысты болуы да мүмкін» екендігін Р. Сыздықова да сөз етеді ²³. Ал енді «Дала уәләятінің газетінде», керісінше, келер шақтық есімшенің бұл барыс септіктегі (*-арға*) түрі кездеспейді десе де болады.

6. Көсемше

Қазіргі қазақ тілінде көсемшенің үш түрі бар, олардың әрқайсысының жасалу жолы әр басқа. Оларға ортақ қасиет — барлығының да етістіктегі істің, кимылдың амалын, тәсілін білдіруі. Синтаксистік қызметі жағынан көсемше күрделі етістіктің құрамында келіп баяндауыш не пысықтауыш болып келеді. Әңгіме болып

²¹ К а т а р и н с к и й. Грамматика киргизского языка. Оренбург, 1897, стр. 73; Краткий русско-киргизский словарь. Оренбург, 1898; Краткий русско-киргизский словарь. Казань, 1909, 1901; Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. Изд. Православного миссионерского общества. Оренбург, 1897, стр. 67.

²² Ы. А л т ы н с а р и н. Начальное руководство к обучению киргиз — русскому языку. Оренбург, 1871, стр. 18.

²³ Р. С ы з д ы қ о в а. Абай шығармаларында *ар* (*ер*, *р*) жұрнақты тұлғаның қолданылуы. Жинақ. — «Қазақ тіл білімі мәселелері», 1-шығуы. Алматы, 1959, 118-бет.

отырған газеттер беттерінде де көсемше, қазіргі тіліміздегідей, үш түрлі тұлғада жоғарыда көрсетілген мағынаны білдіріп, сол қызметті атқарып келеді. Мысалы: Зайсан ойазына қараған Нарым елінің қазағы Қалыбай Кәукен ұғлы Чілікті еліне *барұп қайтұп келе жатқандық* Қабар акуйский елінің қазақтары *тұтұб алу* Керкі деген қазақының аулуна *алу* *барұб* өзіні *ұру* соғұб қинағанлар («ДУГ», 5, 1888). Өзін көремін деп келкен адамдарды қасына кіргіздітіб *алыб* қол *беру* *амандасыб* айтқан сөздерін *есту*б жатады («ТУГ», 15, 1881).

Артық ойлы кісіні жөнке *салмай*
Құр бекер *қараб жүріб* болмас жөні

(«ДУГ», 31, 1890).

Бұл мысалдардағы курсивпен берілген сөздер — көсемшелер. Бұлардың қолданылуында, мағынасында, атқаратын қызметтерінде ешбір айырмашылық жоқ. Тек қана көсемшенің 1-түрінің немесе үнемді көсемше деп аталатын түрінің жасалуындағы *ып*, *іп*, *п* жұрнақтары газеттерде көбінесе *ұп*, *үп* түрінде ерін үндестігі бойынша құбылып келеді. Бұл — халықтың сөйлеу тіліне тән құбылыс. Жалпы алғанда, *ып//іп*, *ұп//үп* аффикстеріндегі дауысты дыбыстардың түркі тілдерінде мағына ажыратарлық қасиеттері жоқ, олар, Н. Катанов айтқандай, тек айтуды оңайлату мақсатында қыстырылатын қосымша дауыстылар²⁴ болып саналады.

Мақсатты көсемше жасайтын *ғалы//гелі*, *қалы//келі* қосымшалары газетте өте сирек кездеседі. Казиттерге *басылғалы* көб болған жоқ қытайдың бір түрлі бидағын егу турада («ДУГ», 23, 1890). Аталмыш түйелеріні... өз араларында бөлалмай һәм һеш ылажны табалмай жанжалдасып жатқан мезкілінде бұларының әкесінің бір таныс адамы қыран *оқуғалы* келкенде бұлардың жанжалының үстүнен шығып бұларға айтады («ДУГ», 7, 1888).

7. Есімше

Негізі етістік болғанымен, есімдер сияқты түрленіп, көбіне-көп атрибуттық қызмет атқаратын сөз тобының бірі — есімше. Есімшені етістікке жақындататын

²⁴ Н. Катанов. Опыт исследования урянхайского языка. Казань, 1903, стр. 582.

— оның шаққа байланыстырыла қаралатындығы. Бұл жағдай (шаққа бөліп қарау) барлық түркі тілдеріне ортақ болғанымен, есімше түрлерінің белгілі шаққа жатқызылуында айырмашылық бар. Сол сияқты бір тілдегі есімшенің өнімді түрі екінші тілде өнімсіз болып, тұлғалық жағынан да ерекшелену болып келе береді.

Есімшенің өткен шақ түрі етістік түбіріне *ған//ген, қан//кен* жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Бұл форма қазіргі әдеби тілімізде қандай өнімді болса, аталған газеттерде де сондай жиі ұшырайтын форма. Бұл тұлғадағы есімше газетте анықтауыш қызметінде де, баяндауыш қызметінде де, сондай-ақ субстантивтеніп, бастауыш, толықтауыш қызметінде де келе береді. Мысалы: Той жпын болғанда жұмбақ айтұб таба алмаған адамға тұзды су ічіріб айтұб салатұған әдет бар екен («ТУГ», 2, 1875). Сол кісінің елу жыл ұламалық қылып ғылымға пайда келтіркенінің хырымына 1888 мирам қылынған («ДУГ», 27, 1890). Адамның өлсе сүйегімен кететұғын өз басына біткен һөнерден басқаның керекі жоқ нәрсе («ДУГ», 7, 1890).

«Дала уәләятінде» өткен шақтық есімшенің атрибуттық қызметте келгенде, *ған//ген, қан//кен* тұлғадағы түрімен қатар, кейде *мыш* тұлғалы түрі де кездесіп қалып отырады.

Балчық қатды хырметді боб, араб, грек жұртдарының дәргердері һәр түрлі жөндер ем қылғандар һәм өтmiş жүз жылдар ортасында болмыш халықдардың дәргердері де емге ұстағандар («ДУГ», 10, 1902). Қызметке бекітуледі кейүңкі айтылмыш адамдар халықтың сайлауынша келер үч жылға... («ДУГ», 2, 1893).

Есімшенің *-мыш* тұлғалы түрі жалғыз «Дала уәләятінің газетінде» емес, сол тұста жазылған Абай қара сөздерінде де кездесетінін көреміз. «Өткен ғасырдағы қазақ баспасөзінің ресми бөлімінде және ішінара Абай прозасында қолданылған *-мыш* аффиксті тұлға, — деп көрсетеді Р. Сыздықова, — кітаби тілден («Шағатай» тілінен) ауысқан»²⁵. Бұл форманың түркі тілдеріндегі қолданылу тарихына келсек, мұның өте ескі форма екенін көреміз. *мыш//miş, міс* формалары бір кезде өткен

²⁵ Р. Сыздықова. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 285-бет.

шақтық есімше жасайтын өнімді формалар болған. С. Е. Малов «Монголия, Киргизияның көне түріктік ескерткіштері» деген еңбегінде *мыс//міс* арқылы жасалған өткен шақтық есімшенің осы және басқа да көне түріктік ескерткіштерде жиі ұшырайтынын айтады²⁶.

И. А. Батманов та енисей ескерткіштерінде *мыш//миш* тұлғалы есімше формасының барлығын көрсетеді²⁷.

«Форма на «мыш» (фонет. варианты: *мыш, миш, муш, мұш*), — деп жазады А. Н. Кононов, — является одной из древнейших и встречается в своем морфологически сложившемся виде уже в орхонских надписях, где она, имея два фонетических варианта аффикса (мыш и миш), морфологически выступает одновременно и как *verbum infinitum* (причастие, отглагольное имя), и как *verbum finitum* (в значение одного из прошедших времен), а равным образом и в других памятниках, как например Кудатку-Билиг, Турпан Текте, Китаби-коркуд, в памятниках чагатайской литературы и др.»²⁸.

Ескі өзбек тіліндегі материалдарда *мыш* формасы көбінесе есімше тұлғасы ретінде қолданылғанын А. М. Щербактың мына сөзінен көруге болады. «Причастие прошедшего времени на *миш* южная и восточная форма, соответствующая западной с аффиксом *ган*, в «чагатайском» языке употребляется так же часто как в языке «огуз-намэ». Тем не менее, в отличие от последнего и от языка ранних уйгурских текстов, в чагатайском языке форма на *миш* вводится преимущественно как причастная и остается глагольной лишь в особых случаях»²⁹ (курсив біздікі. — Б. А.).

Бұдан кейінгі түркі тілдерінің дифференциалану дәуірінде -мыш аффиксі және сол арқылы жасалған тұлға түркі тілдерінің оңтүстік тобына тән тұлға ретін-

²⁶ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.—Л., 1959, стр. 11.

²⁷ И. А. Батманов, З. Б. Арагачи, Г. Ф. Бабушкин. Современная и древняя енисейка. Фрунзе, 1962, стр. 142.

²⁸ А. Н. Кононов. Турецкая глагольная форма на «мыш». Ученые записки ЛГУ, серия филологических наук, выпуск 1, № 20, 1939, стр. 34—35.

²⁹ А. М. Щербак. К истории узб. лит. языка древнего периода. Сб. «Академику В. А. Гордлевскому к его 75-летию». М., 1953, стр. 321.

де сақталып қалған да, ал түркі тілдерінің басқа топтарында ол *ған* аффиксті тұлғамен ауыстырылған. Алайда түркі тілдерінің оңтүстік тобына жататын тілдердің бәрінде бірдей бұл тұлға күні бүгін өнімді тұлға емес. Мәселен, қазіргі түрік, азербайжан, түрікмен тілдерінде бұл өнімді форма болғанымен, өзбектің ауызша сөйлеу тілінде бұл тұлға қолданылмайды, тек кітаби-әдеби тілде кездеседі³⁰.

Сонда бұл форманың «Дала уәләятінің газетінде» кездесуі сол орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүрінің әсері болуы керек. Бұл форманың қазақтың сол кездегі сөйлеу тіліне тән болмағандығына Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясындағы» материалдарда, орыс ориенталистері жинап бастырған ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеспеуі дәлел бола алады. Сондай-ақ бұл *-мыш* тұлғалы есімшенің түрі «Түркстан уәләятінің газетінде» де кездеспейді.

Мыш жалғанған форманың «Дала уәләятінің газетінде» қолданылуындағы бір ерекшелік — оның (*мыш* аффиксінің), жоғарыда Р. Сыздықова көрсеткендей, тек қана ырықсыз етістік тұлғасына қосылмай, етістіктің негізгі түбіріне де тікелей жалғана беретіндігі. Мысалы: Ол *өтmiş* жүз жыл іштеріндақ ұққан халқының тынышлық ұрыхта боб ғымыр чекмекі үчүн күш қуатды Русиа мемлекетінің қанатының астұна кіріб табиғи болмақтарының хажет екеніні («ДУГ», 5, 1902). Почта арқылы *жіберміс* нәрседері Орски қаласы мынан чығыб барады («ДУГ», 12, 1891).

Есімшенің келер шақтық формалары *a+тын*, *ar||er||p*-де алғашқы баспасөз материалдарында осы күнгі функцияларында жиі кездесіп отырады. Яғни ол зат есім сөзінің алдынан келіп, анықтауыш, жақ жалғауларын қабылдап не көмекші етістікпен қатар ұсталып, баяндауыш болып келеді.

Ондай ұзақ жақсы әңгүмелерді кітаб *басатұғын* орынға жіберіп кітаб қылыб бастырған *жарар* еді («ДУГ», 49, 1895). Бізнің қазақ халқы бұрын екін салуды *білмейтін* еді екі үч илдан бері екін сала бастадылар («ДУГ», 4, 1890).

Есімшенің *a+тын* тұлғасының газеттерде кездесуі-

³⁰ А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М. — Л., 1960, стр. 272.

нің басты ерекшелігі — оның формалық жағында. Газеттерде қазіргі әдеби тіліміздегі *-тын* формантымен қатар немесе оның орнына *-тұғын*, *тұрған*, *тұған*, *тұғұн* форманты орын алып отырады. «Дала уәләяті газетінде» *тұғын* (кейде *тұғұн*) форманты *тынға* біткен есімшеден гөрі жиірек ұшырайды.

Қаю жаңа ат илан *чығатұғын* казит *чығұб* тұрады орысча қазақча қылған пірауаты менен («ДУГ», 10, 1902). Арбаның дөңкелегі дөңкелеб *жүретұғын* темірден, яки болатдан соққан жолы болады уа бұл жолды рилсе деб атайды («ДУГ», 24, 1894).

Тұғын формасының Абай шығармаларында да, ХХ ғасырдың бас кезіндегі публицистикалық шығармаларда да жиі ұшырайтынын Р. Сыздықова мен Н. Қарашева көрсеткен болатын³¹. Сондай-ақ бұл форма сирек те болса Ыбырай әңгімелерінде, В. Радлов, А. Васильев жинап бастырған ауыз әдебиет үлгілерінде де кездесіп қалып отырады. Мысалы: Су өдемі, айнадай таза су екен, ішіндегі ойнаған балықтары көрініп *жүретұғын* (Ы. А. Қырғыз хрестом. 22-бет).

Дегенмен бұл материалдарда, негізінен, *тын//тін* формасы жиі кездеседі. Ал «Дала уәләятінің газетінде», керісінше, *тын* формасы өте сирек, көбінесе ауызша тіл үлгісінде жазылған мақалаларда кездеседі. Мәселен, «жазғучы көшбелі қазақ» деген газеттегі бір корреспонденцияда бірыңғай *тын//тін* формасы қолданылған.

Бұл *жазатындары* көбінесе қазақтың қалай *көшетіні*, қайтіб бішен *чабатыны*, егін *салатыны*, һәм өзге сондайлары («ДУГ», 34, 1898).

Бұған қарағанда *тын* формасы сол кезде ауызекі тіл нормасына тән болған да, оның толық түрі — *тұғын* жазба тілдік норма болғанға ұқсайды. «Дала уәләятінің газетінде» бұнымен қатар *тұғынның* арғы төркіні (толық түрі) — *тұрған* сөзінің қолданылған жайттары да баршылық.

Өткен заманда бір ауылда я бір болұсда аз-маз хат тани *тұрған* адамлары болса, үлкен ғалымлықдан хисаб қылыб молла деб лақаб береді екен. Бұ күнлерде екі

³¹ Р. Сыздықова. Основные морфологические особенности... Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1959; Н. Карашева. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1960.

үйінің бірінде бір хат оқи тұрған табұлады десе боладұр («ДУГ», 28, 1888). Сонда да қазақтың тілін бұзбаймыз деб бір қалыбдан аудармау біздей жаза тұрғандардың қолынан келмейді («ДУГ», 31, 1896). Соның үчүн анһық дінна жүзіндегі бір белгілі нәрсе болғанына қарай чайды мүмкін айтарға діниадағылардың бір іше тұрған нәрсесі деп («ДУГ», 6, 1891).

Негізінде, бұл форма қазақ тіліне тән норма болмаған сияқты. Үйткені, біріншіден, халықтың ертедегі ауыз әдебиет үлгілерінде кездеспейді. Екіншіден, бұл газеттен бұрынырақ шыққан «Түркстан уәләятінің газетінде» де кездеспейді. Ол газеттің алғашқы жылдарында бұл форма тұған түрінде кездесе, кейінгі жылдардағы номерлерінде, атап айтқанда 1880 жылдардан бастап, біркелкі тұғұн формасы қолданылған.

Осы фебралдың жиырма үчінчі күніне че (шейін. — Б. А.) біздің қазитді ала тұған кісінің исабы сарт тілінде *басылатұған* казитді дөрт жүз қырық кісі қазақ тілінде *басылатұған* казитді екі жүз қырық кісі болды («ТУГ», 6, 1877). Бұл жаңғы *болатұғұн* кенерал кубернатырға *қарайтұғұн* Ақмола облұсы Семей облұсы Жетісу облұсы дейді («ТУГ», 4, 1882).

Бұл бір болса, екінші жағынан, қазіргі өзбек, татар тілдерінде *тын//тін*, *тұғын* формаларының орнына оның толық түрі *тұрған* сөзі қолданылады. Мысалы: Синтаксис — сөйлем төзелешен өйрәнә *торған* фән (М. З. Закиев. Хазерге татар әдеби теле, Синтаксис, 1958, 7-бет). Язуда очрый *торған* тыныш билгеләренең һәммәсәнә дә пауза туры килми. (Б ұ да с он да, 231-бет).

Сондықтан «Дала уәләяті» газетіндегі *тұрған* формасының қолданылуын *тұғынның* тарихи төркіні ретінде қараудан гөрі, көбіне-көп көршілес түркі тілдерінің, атап айқанда татар тілінің әсері деп қарау дұрыс сияқты.

Келер шақтық есімшенің *ар//ер//р* формасымен қатар, газеттерде кейде *ұр//үр* тұлғасы да кездесіп отырады.

Солайча орыс әліфбиүн оқұтқан уақытта балаларға бір школдарұна түсүке жеңіл *болұр* еді жана қырда ғылым білімнің көбейуке себеб *болұр* еді («ДУГ», 23, 1899). Бізден соңғылар бұ айлаларды қылған қағаздарұн оқұб көрүб арасынан тағы да ақылды адам чығыб

жұрт пайдасына мұнан да қиынырақ айла *чығару*р деб ойлаймыз («ТУГ», 3, 1876). Осы турада бір таңсық бір ескі қазақча мақал бар би деген ақ сарағат болуір бір елде біреу ғана табатұғын батыр деген бір ит болуір екі қатұнның бірі табатұғын («ДУГ», 31, 1896).

Бұл форма *ар//ер* мен қатар қолданылған көне түріктік яғни жазба тілге тән форма болған сияқты. Үйткені келер шақтық есімше жасайтын *ар//ер//р* жұрнақтарының варианттары ретінде бұл тұлға А. М. Щербактың «Ескі өзбек тілі грамматикасында» келтіріледі. Абулғазы Баһадыр ханның «Тарих шежіре түрікінде» де бұл форма жиі кездеседі.

Акар атасының мысылман болғанын ештiсе ұғлы өлтүрүр еді уа ұғылының мысылман болғанын білсе атасы өлтүрүр еді (9-бет). Сондай-ақ бұл форма қазақ тілінің ескі жазу нұсқаларында да кездесіп қалып отырады. Мысалы:

...Бір қауһар қойнұнда тұрүр жайнаб...

Екі аққу шетінде жүрүр бөлек

Бір жайын тынбай жүрүр дөб дөнгелек.

(А. Васильев. Образцы киргизской словесности, вып. II, 1900).

Есімшенің осы шақтық түрі деп алынып жүрген у+шы формасы да газет материалдарында жиі кездеседі.

Дала уалайатын билеб тұрғучы кенерал күбірнатор хазіретлеріне чын ыхласымыз илан тәңір жарылғасын айтамыз («ДУГ», 15, 1889). Казит *чығару*чының аты казитдің аяқ жағында басылған («ТУГ», 15, 1880). Қазақ ұрғачыларының көркен күндерін айаб жазған өсет сөзлерге көб *оқуғу*чылар көңілдерін қойыб қостай қойар мекен («ДУГ», 39, 1894).

Бұл курсивпен терілген сөздерді негізгі мағынасы жағынан ғана етістік демесек, қазіргі сөйлемдегі мағынасы мен қызметі жағынан олар есімдерге жақын.

8. Етістіктің райлары мен шақтары

«Етістіктердің субъектімен, мезгілмен және басқа жағдаймен байланысты жаққа, шаққа, шартқа байланысты түрленіп құбылуы рай» делінеді³². Қазақ тілінде

³² «Қазіргі қазақ тілі». Алматы, 1934, 303-бет.

райдың 5 түрі (бұйрық, ашық, шартты, қалау, тұйық) бар деп қаралып жүр. Газет материалдарынан бұл айтылған рай формаларының қай-қайсысын да кездестіруге болады. Әсіресе бұйрық, қалау, шартты райлы тұлғалардың бүгінгі тілімізден ешбір айырмашылығы байқалмайды. Сондықтан бұл райлық формалардың берілуін көрсету үшін бірнеше мысал келтірумен ғана шектелмекпіз.

Бар балам ғақыл сұрап кел («ДУГ», 9, 1890). Бұлар жасым үлкен деб оқуға ұйалмасын. Чамасы келгенче оқи берсін («ДУГ», 10, 1896). Әлкідей қылыб қағаз жіберкенде почта менен Ташкент қаласына редаксиа мекемесіне жіберсүн («ТУГ», 14, 1873). Ісді тексеру жөніне келейік («ДУГ», 3, 1896). Ұлұғдар молла табуға өздері жаһад етсе екен («ДУГ», 3, 1896). Сусыз ай далада арықдан су ағыб тұрғанын көрсеңіз жұртдың күші менен болған арық деб ойласаңыз керек («ТУГ», 9, 1877). Кім де кім жақсы боламын десе көбке файдасын тигізісін («ДУГ», 49, 1895) т. т.

Ашық райдан етістіктегі істің болу мезгілі, оның істеушісі, істелуі сияқты қатынастар көрінеді. Сондықтан ашық рай формасындағы етістік белгілі шақпен, жақпен байланысты қаралады.

Газет материалдарында етістіктер, қазіргідей, осы шақтық форманың 2 түрінде де кездеседі (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ).

Қазақ арасында бағзы бір адамдар казитке жазыб жатыр жатақ қалуды жаман көріб («ДУГ», 26, 1890). Сөйлейін десе тілі бір түрлі ғана орам сөзге келеді («ТУГ», 15, 1881).

Қазіргі тіліміздегі өткен шақтық формалардың да газетте бәрі дерлік кездесіп отырады.

Осы дөрт жүз сомның екі жүз сомдайы мұсылмандардан жиылған екен сүйтсе де мұсылмандардың ең үлкен байдары да жиырма тиын қырық тиындан берубді («ТУГ», 15, 1881). Бұған былайі белгі қылынды («ДУГ», 32, 1897). Сол кісінің елу жыл ұламалық қылып ғылымка пайда келтіркенінің хрымына 1888 жылы мирам қылынған («ДУГ», 27, 1890).

Келер шақ формаларынан газетте кездесетіндері шексіз келер шақ³³.

Үшкөл ашқанға жаһад еткен адамдар өзінің ғылым жолына қылған хызметіне кейінгі жұрағаттарынан рахмет алыб олардың жадында *болар* («ДУГ», 46, 1896). Байқаб *көрерміз* хат жазудың неден басталғанын һәм қалайша жайылғанын («ДУГ», 38, 1895).

Келер шақ мағынасында келер шақтық есімшеге «еді» етістігі қосылған түрі газетте жиі кездеседі.

Бізге әуелі үйретсе ғылым білімді жұрттар қалай тұрады, сонымен таныс қылса, сонда аны *білер едік*. Соның жөнімен жүріб тұруға жаһад *етер едік* («ДУГ», 35, 1898). Төмендегі сөзлерімізні басыб шығарсаңыздар жақсылыққа себеб болыб халықтың болып тұрған һәм болашақ залалдарұн азайтуға жәрдем *болар еді* («ДУГ», 26, 1890).

Ал шекті келер шақтық, сондай-ақ мақсатты келер шақтық формалар газеттерде кездеспейді десе болады. Бұлардың мағынасы көбінесе ауыспалы осы шақтық тұлғамен берілген.

Ол Шауашекке *барады* онсын тау мынан Құлжаға *барады*.... Құлжадан Алматыға барып одан Ташкент Самарқанд арқылы Закаспи темір жолы мынан Руснаға *қайтады* («ДУГ», 27, 1890).

Тұйық райдың есім қызметінде жұмсалып, септелген, тәуелденген түрлері газетте жиі кездеседі де, предикаттық қызмет атқарып келуі өте сирек (Алдыңғы қызметі жөніндегі мысалдарды осы жұмыстың 117-бетінен қараңыз).

9. Үстеу

Көптеген тюркологтардың мойындайтынындай, үстеу — түркі тілдерінде әлі дифференциаланып бітпеген сөз табы. Алғашқы қазақ баспасөзі материалдарынан мағыналық, тұлғалық жағынан әлдеқашан қалыптас-

³³ Шақпен байланысты грамматикалық терминдер 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» оқулығы бойынша алынды. Одан бұрынды-соңды шыққан еңбектерде бұдан басқаша аталған жайттар да бар. Қараңыз: Т. Қ о р д а б а е в. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. Алматы, 1953; М. Б а л а қ а е в, Т. Қ о р д а б а е в. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1961.

қан негізгі үстеулермен қатар, әлі үстеуге айналып болмаған, аралық сөздерді де кездестіреміз. Газетте кездесетін негізгі үстеулерден *бек, ең, мейлүнше, бұрын, тым, әдейі, мүлде, тіпті, жоғары* т. б. атауға болады.

Біздің қазақ *бұрын* екін салуды білмейтін еді («ДУГ», 4, 1890). Кендірдің тоқуған арқан қылғаны *тым ақ* берік болады екен («ТУГ», 5, 1870). Бұл жұмыстары бидің алдында сұралғаннан кейүн *жоғары* өрмелеб дала уалаятын билеб тұрған *ең* жоғарғы ұлұғларға келіп түседі («ДУГ», 33, 1894).

Туынды үстеулерден газетте көбірек кездесетіні *-ша/ше, даб//деб, дай//дей* жұрнақтары қосылуы арқылы жасалған түрі.

Омбұ ойазындағы Покрау елінің қазағы Ғабдолрахман Қылычбай ұғлы дала уалаятының *қазақча* казитінің басбасының хызметдерін *артықша* ұмтұлыб *жақсылаб* орнұна келтіргені үчүн почотнай чапан сый берүледі («ДУГ», 8, 1895).

Ұшбу уақытта *бұрынғыдай* емес («ДУГ», 12, 1894). Бұл жатақ декеніміз өзге елдің қазағына қарағанда көбі ілкері үйткені көбі *орысча* тіл біледі («ТУГ», 27, 1875). Жалғыз өз басына файда іздекен адамды ақылды *сонча* жақсы кісі деб есебтемейді («ДУГ», 49, 1895).

Күрделі туынды үстеулер өте сирек. Қазіргі тілімізде күрделі үстеуге жатқызып жүрген кейбір сөздеріміз ол кезде басқа сөз табы ретінде көрінетінін байқаймыз, Мысалы:

Семей ойазы Кереку Қарқаралының нече жылдан бері зарығыб тосқан съезі *бұ жылда* болды («ДУГ», 45, 1899). *Бұ күн* мен бір түс көрдім («ДУГ», 16, 1890).

Бұл мысалдардағы курсивпен терілген *бұ + жылда, бұ + күн* деген сөздерді бүгінгі тіліміздегі қалыптасу түріне қарай (биыл, бүгін) үстеу деген болсақ, ол кезде сол күйінде үстеу деу қиын, біріншілерін сілтеу есімдіктері де, екіншілерін зат есім сөздері деген болар едік.

Бұлардан басқа көнеленген қосымшалар арқылы, қосарлану арқылы жасалған бірен-саран үстеулер де кездеседі.

Осы күнде *мұнда* қытай манжур тілін білкіш ұлама тайни сауетник Василиф декен жатыр («ДУГ», 27, 1890). Билік книгаларына дау жұмыстар турасынан қылған кесімдерін жазғанда *олай бұлай* қисық қылмай

әділетдік жөні менен жазар деп ойлаған едік («ДУГ», 37, 1894).

Бұдан шығатын қорытынды — үстеу сөздердің ол кезде басқа сөз таптарынан жасалу амалдары болсын, олардың газеттерде қолданылу аясы болсын, бүгінгі тілімізбен салыстырғанда, әлдеқайда тар екендігі. Қазіргі әдеби тілімізде үстеу жасайтын амалдардың жетілуімен қатар, олардың тілде атқаратын ролі мен қызметі шексіз өсіп отыр.

10. Шылаулар

Тілімізде сөздердің белгілі бір тобы өз алдарына жеке тұрғанда толық мағыналары болмай, басқа бір толық мағыналы сөздерге тіркесе, жанаса тұрып, оған әр түрлі лексикалық, грамматикалық өң беріп келеді. Бұлар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруда, тілге сымбаттылық, әсерлілік өң беруде үлкен қызмет атқарады. Тілдегі басқа грамматикалық категориялар сияқты, шылаулар да — тарихи категория, сондықтан заман өткен сайын олардың мағынасында, функциясында, қолданылу аясында белгілі өзгерістер болуы заңды нәрсе. Біз бұл жұмысымызда газеттерде кездесетін шылауларды бүгінгі тілімізбен салыстыра сөз еткенде, осы тұрғыдан қарамақпыз.

Қазіргі қазақ тілінде шылауларды демеулер, демеуліктер және жалғаулықтар деген 3 топқа бөліп қарап жүрміз.

Газет материалдарында кездесетін демеулер мына төмендегілер: *үчүн, турасынан* (турада), *шейін* (че), *кейін, соң, сайын, чақлы, қадар* (жуық), *арқылы, хұсысында*, т. б.

Айтылмыш жерде оқұтмақ үшін 20 шақлы балалар алынса керек («ДУГ», 5, 1888). Бұқардың әмірінен... аз күнден соң елші келеді деб есітіб тұрмыз («ТУГ», 15, 1881). Байқасақ біздің қазақ турадан бөтен халықдан орыс жазады («ДУГ», 49, 1895).

Құлжадан Алматыға барып одан Ташкент Самарқанд *арқылы* Закаспи темір жолы менен Русиаға қайтады («ДУГ», 23, 1890). Орта азиада жақсы жолдар ашылған *сайын* бөтен жұртдың жолаушысы бұ жаққа келетүн көбейе берсе керек («ДУГ», 27, 1888).

Бұл жоғарыдағы демеулердің ішінен бүгінгі тіліміздегіден тұлғалық жағынан ерекшелеу тұратындары — *турада, че* (шейін), *қадар, хұсысында*.

Қазіргі әдеби тіліміздегі «туралы» шылауы газеттерде үнемі «турада», «турасында» (кейде тұғрасында) түрінде атау септіктегі сөзден кейін келіп отырады.

Молда Махмұтовтың базар *турасында* жазған хатының мәнісі («ТУГ», 8, 1870). Әуелгі уақытта қазақ орыстар бұл тоған *тұғрасында* бірер сөз айтбаучеді («ДУГ», 14, 1894). Бұл ісдің тынғандығы *турасынан* маған жазып білдірген қағазынан қарап көрдім («ДУГ», 46, 1896).

Кейде бұлардың орнына «хұсысында» деген сөз де қолданылып қалып отырады. Мәселен, Мұның *хұсысында* дала уалаятындағы генерал күбірнатордың қол астындағыларға жариа етемін («ДУГ», 8, 1895).

Мұндағы «хұсысы» — араб сөзі, мағынасы қазақтағы «туралы», «жөнінде» дегенге келеді, ал «туралының» «турасында», «турада» варианттары сол кездегі сөйлеу тіліндік норма болса керек. Үйткені бұл форма В. Радлов, И. Лаптев жинап бастырған ауыз әдебиет үлгілерінде де кездеседі. И. Лаптев «турада», «турасында» дегендерді орысша «о, относительно» деген мағына береді деп көрсетеді³⁴.

«Қадар» сөзі о баста арабша құн, баға деген ұғымда жұмсалса да, ескі өзбек (шағатай) тілінде сан есімдерден кейін ұсталып, «шамалы», «жуық» деген мағына берген. «Дала уәләяті газетінде» қолданылғанда да ол дәл осы мағынаны береді.

Әсіресе биұл халықның 10 ның бір бөлекіндей *қадары* [егін] салды десе болар ине //бек яхшы алдылар// бір бұт тақамдан 15 пұтдан 40 пұт *қадар* алғанлары да болдылар («ДУГ», 4, 1890).

Сондай-ақ «Дала уәләятінің газетінде» қазіргі тіліміздегі барыс жалғаулы сөзді меңгеретін «шейін» септеулік шылауымен қатар, кейде осы мағынада *че* дейтін тұлғаның да кездесетіні байқалады. Бірер мысал келтірейік: салұнатұғын темір жолының қайұңы жүргізіледілер Касписки деңгізінен та Самарқанға *че* (≈шейін) («ДУГ», 5, 1888). Бұ уақытқа *че* (≈шейін) ор-

³⁴ Материалы по казах-киргизскому языку, собранные И. Лаптевым. М., 1900, стр. 96.

та азия турасында һәр түрлі сөзләр жазған бір-ақ орус халқы еді («ДУГ», 27, 1888).

Мұндағы *че*-нің мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан *шейін* (дейін) демеулігінен ешбір айырмасы жоқ, нәрсенің аяқталар шегін көрсетіп тұр.

Егер бұл форма «Дала уәләятінің газетінде» сирек кездесе, онда да газеттің бастапқы жылдардағы номерлерінде ұшырайтын болса, бұдан сәл бұрынырақ шыққан «Түркстан уәләятінің газетінде» ол қалыпты, нормативтік форма ретінде жиі кездеседі. Бұл газетте *шейін* (дейін) шылауының орнына барлық жерде-ақ *че* формасының қолданылғанын көреміз.

Осы күнде олардың қолында секіз мың *че* ақчадары бар... Әлі біз осы күнге *че* ондай адамдарды аз дебілеміз («ТУГ», 16, 1875). Базары он тоғыз жиырма күнге тартұлады жиырма бірінші майдан онынчы июнге *че* болады («ТУГ», 27, 1875). Онан соң әкесі тұрұб мен қызымды біреуке беріб қалың малға *че* алыб қойыб едім дебі жанжал көтереді («ТУГ», 20, 1876). Оқуға беркен балалар өз үйінде тұрұб бірақ ерте менен барұб түске *че* оқұб үйіне қайтады («ТУГ», 31, 1876).

И. Лаптевтің жинаған «Қазақ-қырғыз тілінің материалдарында» *ша* (барыс септік жалғауынан кейін) до (чего-либо) дегенді білдіретін послелог деп көрсетіледі³⁵. Бұған қарағанда бұл форма қазақ тілінде кездейсоқ емес сияқты. Сонда бұл *че* қайдан шықты?

Көне түркі ескерткіштерінде (мәселен, Орхонда) қазіргі *шейін*//*дейін*нің мағынасын «тәгі» формасы берген сияқты. Мысалы: Ілгәру Шантуң жазыка тәгі суләдім... КТм (3) (Вперед я прошел с войском вплоть до Шанунгской равнины)³⁶. А. М. Щербак «Ескі өзбек тілінің грамматикасында» *шейін*нің мағынасын беретін мынадай тұлғаларды көрсетеді: тәгі, тәгру, дәгру, дәгін, тәгінчә³⁷. Бірақ ол екінші бір жерде предельный падеж формасы деп *қача ~ гйчә, ча ~ чә* тұлғаларын келтіреді. Бұған келтірген мысалдарына көңіл аудар-

³⁵ Материалы по казах-киргизскому языку, собранные И. Лаптевым, М., 1900, стр. 96.

³⁶ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности, М. — Л., 1951, стр. 27.

³⁷ А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М. — Л., 1962, стр. 197.

сақ, оның мағынасының жоғарыдағы *шейін*-нің мағынасына жақын екенін көру қиын емес, *тунгача* «до но-чи», бір дірамдін жүз *тумангача* «от одного дирама до ста туманов», іккі *аҗқача* «до двух месяцев» т. т.

Қазіргі өзбек тілінде *шейіннің* мағынасын беретін — *гача* деген күрделі аффикс бар. А. Н. Кононов мұның *га* (барыс септігі) және *ча* (<чай-ин <чағ-ин) деген екі компоненттен тұратынын айтып, «продуктивный аффикс, образующий от имен прилагательных, наречий и местоимений наречия со значением предела во времени»... деп көрсетеді. Енді бір жерінде «Аффикс — *гача* при именах существительных дублирует послелогои *қадар*, *довұр*» деп мынадай мысалдар келтіреді. *Тошкентгача* «до Ташкента», улар *белигача* сувга ботиб турганлар «они стояли по пояс в воде»³⁸. Л. З. Будагов өзінің «Түркі-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігінде» *че*-нің (𐰇𐰏) татарлық форма (қазақша — *чейін*, башқұрша — *чайұн*, түрікше — *же*, шағатайша — *жа*, *ча*, *че*) екенін көрсете келіп, оның беретін бір мағынасы нәрсенің жетер шегін білдіру, орысша *до*, *пока* дегенмен мағыналас, барыс септікті қажет етеді деп анықтайды³⁹.

Бұларға қарағанда, төмендегідей екі түрлі қорытынды шығаруға болады.

Біріншіден, А. Н. Кононов көрсеткендей, *че* (*ча*) нің о бастағы төркіні *чағ-ин* (*чай-ин*) болса керек. Мұндағы *ин* — бір кездегі құралдық септік (орудийный падеж). Осыдан барып, қазақ тіліндегі *шейін*, башқұр тіліндегі *чайұн*, татар, өзбек тілдеріндегі *ча* (*гача*) шыққан. Сонда «Дала уәләятінің газетінде», қала берді «Түркстан уәләятінің газетінде» кездесетін *че* формасы көршілес татар, өзбек тілдерінен, екінші сөзбен айтқанда, шағатай әдеби тілінен ауысқан дей аламыз.

Екіншіден, өзбек тіліндегі *гача* күрделі аффиксінің бір кездегі *ча/че* шылауының үнемі барыс жалғаулы сөзден кейін қолданылуынан, сол жалғаумен жымдаса бірігіп, аффикске айналғаны сияқты, қазақ тіліндегі барғанша, келгенше деген сөздердегі *ша//ше* аффиксі де бір кездегі *ча* < *шейін* шылауынан шықпады ма екен

³⁸ А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М. — Л., 1960, стр. 284, 285 и 308.

³⁹ Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, т. I, СПб., 1869, стр. 501—502.

деген ой туады. Шындығында да, *ша//ше* аффиксті есімшенің беретін мағынасы *шейін* шылауы тіркескен барыс жалғаулы есімшенің мәнімен бірдей. Мысалы: Қонақтар үйге келіп *кіргенше* (кіргенге *шейін* деуге де болады), Сағиттың көңілі тынбады (С. Мұқанов). Екі етек жайылып, екі көзің аспанда масқара болып кеткенің *өлгеніңше* (≈ өлгеніңе *шейін*). Бұл жасқа *келгенше* (≈ келгенге *шейін*) жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік (А. Құнанбаев).

Демеулік шылаулардан газетте кездесетіндері: *ғой, ақ, ғана, да//де, ма//ме*. Бұлардың қолданылуында бүгінгі тілімізден ерекшеленетіндей жайттар байқалмайды. Сондықтан олардың газет бетінде қолданылуын байқатқандай бірнеше мысал келтірумен ғана шектелмекпіз.

Бұл жәрменке жаңа *ғана* ашылған сүйтседе басталғанына *аз-ақ* болғанына қарамай, ондағы қазаққа көб-файдасы болып тұр («ДУГ», 46, 1896). Ата бабасы медресе *іздей-ақ жақсы-ақ* тұрып *тыныш-ақ* өліб еді («ДУГ», 10, 1896). Өтірүк емес *ғой*, өтірүк болса, осындай болмас нәрсеге әбігерленіп жүрер *ме* еді деп ойлайды («ДУГ», 49, 1896)⁴⁰.

Қазіргі қазақ тілінде жалғаулық шылаулар салаластырушы, құрмаластырушы болып екі үлкен топқа бөлінеді. «Дала уәләятінің газетінде» салаластырушы жалғаулықтардың ыңғайластық түрінен, негізінен, бүгінгі тіліміздегі бар *және, мен (менен), да//де* жиі кездеседі.

Аның үчүн, мен, өзүмнің міндетім деб білемін на-дворни советник Абазаға *және* жоғарыда аталмыш онымен бірге іс бітіріскен төрелерге чын ыхласым илан тәңір жарылғасын айтбақты («ДУГ», 46, 1896). Әр күні ет пісірүб сорпа *менен* нан берүб тұрады екен («ТУГ», 15, 1881). Ғайрылар арзандығымен *де*, жақсылығымен *де* бөтен жұртдың қағазымен таласатын («ДУГ», 31, 1896).

⁴⁰ Газетте шылаулар көбіне өзі қатысты сөзімен бірге жазылған. Жоғарыдағы мысалдарда шылауды айырып көрсету үшін біз оларды әдейі бөлек не дефис (сызықша) арқылы жазып бердік, басқа орфографиясы — газеттегіше.

Мұнда айта кететін бір жай — «және» жалғаулығының газеттерде бірыңғай мүшелерді байланыстырудан гөрі, жай сөйлемдердің арасын байланыстырушы, дәлденкіреп айтсақ, жай сөйлемдердің бірінен бірін ажырату қызметінде көбірек жұмсалыуы. Бұл жағдайда ол көбінесе «да» күшейткіш шылауымен қабаттастырыла «жана да» түрінде кездеседі.

Бұл қазақдар айтады қалайша медресе ашуын білмейміз *жана да* молла табылмайды, ағарда молла табылса, медресе ашар едік дейді («ДУГ», 3, 1896). Қазақ казитіне жазып тұратындардың бәрі қыр адамының жүріс тұрыс шаруасының қандай екенін жазып жатыр. *Жана да* жазады олар қазақдардың бәріне мағлұм неш бір қызығы жоқ нәрселерді («ДУГ», 34, 1898). Бұ өзеннің басы таудан чығыб осы қыстақ тұрған жерке келкенде ені кеңейіб түбі тастақды болұб ағады екен *және* бұ өзен мұнан бұрұн тібте мұндай залал қылғаны жоқ екен («ТУГ», 15, 1881).

Мысалдардан көрініп тұрғандай, *жана да* жалғаулығы ыңғайластық мағынадан гөрі, жеке сөйлемдердің жігін айыру қызметінде көбірек жұмсалып тұрған сияқты. Бұл құбылыс жалғыз бұл газеттің тілінде ғана емес, сол тұстағы жазбалардың қай-қайсысында да орын алғаны байқалады ⁴¹.

«Мен» жалғаулығының бірыңғай мүшелердің арасын байланыстыру қызметінде келгенде, бүгінгі тіліміздегіден ешбір айырмашылығы байқалмайды.

Бұзылған үйлер *менен* болған залалдардың есебі әзірде де қылыныб жатыр әлі де біткен жоқ дейді («ТУГ», 15, 1881). Орысча жазу *менен* тіл білмегендің мұхтаж екендігі бек қатды батыб тұрады («ДУГ», 37, 1894).

«Жана», «мен» жалғаулықтарының бүгінгі тіліміздегі бірыңғай мүшелерді байланыстырушылық қызметін ол кездегі қазақ жазбаларында көбінесе араб-иран тілдерінен енген «уа», «һәм» жалғаулықтары атқарған. «Дала уәләяті газеті» бұл жалғаулықтарды осы қызметте кеңінен пайдаланған.

⁴¹ Р. Сыздықованың «Абай шығармаларындағы кейбір жалғаулардың қызметтері» деген мақаласын қараңыз. — Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері. Алматы, 1963, 118—119-беттер.

Осы жөнімен бұл күнде ноғайлар *һәм* (\approx және) түркі жұрттарында да оқыта бастады («ДУГ», 25, 1897).

Өз ісін жақсы білетін *һәм* (\approx және) бала оқытуға түсінген молла алыбды («ДУГ», 3, 1896). Кей мезкілде байлары досына *уа* (\approx және) жақын хұрметлі адамдарына құлын сойып береді («ДУГ», 16, 1893).

Сондай-ақ, бұл жалғаулықтар ыңғайлас құрмалас сөйлемдерді байланыстыру қызметінде де қолданылған.

«Қазақ казиті» апрель айынан ұшбу 1902 нчы жылның алмасынады *һәм* оның орнына чығады «Қала чаруасының казиті» деб аталатұғын казит («ДУГ», 10, 1902). Кейде *уа*, *һәм* жалғаулықтары қатар да қолданылып қалып отырады. Ол жағдайда екеуі бірігіп барып бірыңғай мүшелердің ең соңғысының алдынан келетін *сондай-ақ* деген мағынаны береді. Мысалы: Өзге уақытта сан *һәм* жазу *уа һәм* (\approx сондай-ақ) сурет салуды үйретеді («ДУГ», 25, 1897).

Сонымен қатар *уа* жалғаулығы да *және* сияқты көбіне-көп сөйлем жігін ажырату қызметін атқарған. Бұған бір жағынан араб жазуында тыныс белгілерінің болмауы себепші болған сияқты. Бұл жөнінде газет редакциясының Катаринскийдің «Ізгі Иосиф», «Ізгі Ғаиб» деген кітаптарына жазған рецензиясында былай делінген.

«...Как на особенность киргизского изложения этих книжек надо указать на знаки препинания, которые обыкновенно отсутствуют в арабском начертании, вследствие чего для ясности речи в киргизском изложении всегда приходилось прибегать к повторительным частицам *у* (*уа*), *һәм*. С течением времени эти частицы вошли в такое употребление, что их стали ставить более двух раз в одном и том же предложении. Благодаря этим повторительным частицам, всякое изложение принимало вид вялый, тяжелый и крайне неприятный для слуха читателей»⁴².

Бұл жалғаулықтардың қазақтың сол кездегі сөйлеу тіліне тән болмағандығын олардың Ыбырай Алтынсарин шығармаларында, В. Радлов, А. Васильев, т. б. XIX ғасырдағы орыс ориенталистері жинап бастырған ауыз әдебиет үлгілерінде кездеспеуі-ақ аңғартатын си-

⁴² «ДУГ», 1894, 42, 23 октябрь.

яқты⁴³. Сондай-ақ бұл жалғаулықтар «Түркстан уәлә-ті газетінде» кездеспейді. Сірә, газет редакциясы мұның ауызша тілде қолданылмайтынын ескеріп, әдейі кіргізбеген болса керек.

Қазіргі әдеби тіліміздің нормасында бұл жалғаулықтар атымен жоқ, оның қызметін жоғарыда аталған *мен* (бен, пен), *және, да/де, тағы* жалғаулықтары атқарады.

Қарсылықты жалғаулықтардың ішінен газет материалдарында көбірек ұшырайтыны — *сонда да, сөйтсе де, бірақ та*.

Бұл жалғыз чүберек қағазынан арзан, *бірақ* мықты емес («ДУГ», 31, 1896). Осы дөрт жүз сомның екі жүз сомдайы мұсылмандардан жиылған екен *сүйтсе де* мұсылмандардың ең үлкен байдары да жиырма тиын қырық тиындан берубді («ТУГ», 15, 1881). Осы хұсұс-да біз бұрын һәр түрлі сөз жазыб едік, *сонда да* хазір ғызатлы казит оқитынларға әңгіме рәушлі қылыб оны-мұны айтамыз («ДУГ», 22, 1899).

Қарсылықты жалғаулықтардың орнына кейде *ләкин* шылауы да қолданылған. Бірақ бұл көбіне-көп ғылыми аударма мақалаларда ұшырайды, кез келген жай корреспонденциялардан кездестіре бермейміз. Мысалы:

Шаққан жерлері азырақ ісінкірейді, *ләкин* көб залалы жоқ («ДУГ», 4, 1902). Қазақтың тілін түзу қылыб жазыб сөйлететұғын тиянағы бар *ләкин* мұндай тиянағы жазылыб реттелген емес бір-ақ Алтұнсариннің кітабын айтбасақ («ДУГ», 27, 1894).

Ләкин шылауы түркі тілдеріне араб тілінен ертеректе ауысқан сияқты. Үйткені А. Щербактың «Ескі өзбек тілінің грамматикасында» *ләкін* қарсылықты мағынадағы жалғаулық ретінде көрсетіледі (206). Қазіргі өзбек, татар әдеби тілдерінде бұл шылау қарсылықты мағынадағы құрмалас сөйлемдерді байланыстыруда өнімді формалардың бірі ретінде жұмсалады. Бұл жалғаулық қазақ тілінде, негізінде, кітаби тілдік стильге тән болса керек, сол кездегі халықтың сөйлеу тілінің үлгілері деген материалдарда кездеспейді, бүгінгі әдеби тіліміздің нормасына да жат.

⁴³ Бұл жалғаулықтар И. Березиннің «Түркі хрестоматиясында» кездеседі. Бірақ бұл хрестоматия, Мелиоранскийдің айтуы бойынша, қазақтың кітаби тілінің үлгісімен жазылған (Краткая грамматика казак-киргизского языка, часть I, СПб., 1894, стр. 5).

Бүгінгі тіліміздегі талғаулы жалғаулықтардың ішінен *иа* (я), *не* жалғаулығы жиірек кездеседі. Мысалы: Араб харіфлерінің дұрыс оқылуы бір сөздің басында *иа* ортасында, *иа* аяғында келеме онан да болады («ДУГ», 22, 1899). Уа һәм іс қара болып *не* абақтыға *не* каталашкеке жабылса бұрынғы жатқаны жаза күніне қосылмайды («ДУГ», 3, 1896).

Бұдан басқа көбіне сөйлеу тілінде кездесетін *иаки* (яки) жалғаулығы ұшырайды.

Залок *иаки* кефіл алған турадан судия қағаз жасап кефіл *иаки* залок салған кісіге қол қойғызып копия береді («ДУГ», 3, 1896).

Құрмаластырушы жалғаулықтардың ішінен жиірек қолданылатыны — *себебі*, *сол себепті*, *егер де*. Бір-екі мысал:

Мұсылмандар тұратын жерлерге ұрғашы дәргер тым керек *себебі* еркек дәргерді мұсылмандар үй ішіне араластырып әйелдерін емдеттірмейді («ДУГ», 23, 1890). Екерім зауытта лайық бола қалса қазаққа көб байда болып кендір көб керек болар («ДУГ», 5, 1870). Жана бес әуез бар бұл бес әуезді жазуға орыс әліфбиінде харіф жоқ деб Илимински айтады *сол себепден* өзі һәр түрлі харіф ойлап чығарып һәм латын әліфбиінен харіф алады («ДУГ», 22, 1899).

Қазіргі тілімізде жиі қолданылатын *сондықтан* жалғаулығы газеттерде кездеспейді десе де болады. Бұл жалғаулықтың қызметін көбіне «аның үчүн» (соның үчүн), «сол тақырұбды» тіркестері атқарған.

Мұндай болуына себеб болған Касби темір жолының алыс тұрғандығы Түркістан уалаятындағы Ташкент қаласына//*соның үчүн* (≈*сондықтан*) осы күнге чейін орта азия жайдарұның керуендері жүріп жатады Орымборға қарай бұрынғы қалұбынча («ДУГ», 12, 1891). Бұ уақытта бір кемчлік қазақ тілінше жасалған бір кітаб жоқ баршасы ноғайша сартша һәм ғайры тілдер аралас//*сол тақырұблы* (≈*сондықтан*) хәл қадірінше кітабдарды анық қазақ тілі мынан шығарұб тұрса жақсы болар еді («ДУГ», 41, 1888).

«Аның үчүн» тіркесі кейде қазіргі «сол үшін» деген мағынада да қолданыла береді. Мысалы: Өз ісін жақсы білетін һәм бала оқытуға түсінген молла алыбды//*аның үшін* Ақкөл қызыл көлдіктерге құтды қайырлы болсын айтамыз («ДУГ», 3, 1896).

11. Көптік категориясы

Жалпы түркі тілдерінде көптік категориясының берілуінің морфологиялық тәсілі — сөз түбіріне *лар//лер* аффиксінің қосылуы арқылы. Бірақ кейбір түркі тілдері сияқты, қазақ тілінде бұл аффикс заттық мағынаны білдіретін сөздерге ғана жалғанады. Етістік сөздерінің баяндауыштың қызметін атқарып тұрғанда, III жақтағы бастауыш сөзімен сан жағынан қиысуы міндетті емес, яғни етістік сөзіне көптік жалғауы қосылмайды.

«Дала уәләятінің газетінде» бұл дәстүр сақталмай, көбінесе, бастауыш болып тұрған сөз көпше III жақта тұрса, оның баяндауышы да бастауышпен сан жағынан қиысып, көптік жалғауын қабылдап келе береді.

Бұқара халықтың ұлұқтарының орнұна қаланыб сайланған төменде аталған адамдар үч жылға міндетлі хызмет орнұна бекітіледілер («ДУГ», 29, 1894). Бізнің қазақ халқы бұрын екін салуды білмейтін еді екі үч илдан бері екін сала б а с т а д ы л а р... бек яхшы алдылар бір бұт тақамдан 15 бутдан 40 бұт қадар алғанлары да болдылар («ДУГ», 4, 1890). Бұрынғы уақыттағы адамлар оқу білмекен соң бір орыннан һеч қайда бармаған еді жанжағында діни-еде не болыб жатқанын білмеучі еділер («ДУГ», 12, 1894).

Қазіргі тіліміздің нормасынан тыс бұл ерекшелік қайдан келді? «Дала уәләятінің газетінен» басқа сол тұстас немесе одан бұрынды-соңды шыққан жазбаларда бұл ерекшелік кездесе ме? деген сұрақтарға жауап іздесек, төмендегіні айтуға болар еді.

«Дала уәләятінің газетінен» 15—20 жылдай бұрын шыққан «Түркстан уәләятінің газетінде» жоғарыдағы ерекшелік (III жақтағы етістік баяндауыштың бастауышымен сан жағынан қиысуы) кездеспейді десе де болады. Сол сияқты бұл құбылыс Абай, Ыбырай шығармаларында да, В. Радлов жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінде де байқалмайды. Ал «Дала уәләятінің газетімен» тұстас шыққан А. Васильевтің «Қырғыз хрестоматиясында»⁴⁴ жоғарыдағы ерекшелік сирек те болса кездесіп қалып отырады.

⁴⁴ А. Васильев. Киргизская хрестоматия, Оренбург, II выпуск, 1898.

Сиыр, ат жана ит өз араларында қайсымызды қожамыз артықша жаратады деп айттыстар (Аталған кітап, 34-бет). *Балалар* айрылып екі бұрұшқа отұрдулар (Бұл да сонда, 20-бет). Ушител келді. *Шекірттер* тұрұп оған басын изеділер (Бұл да сонда, 21-бет).

Бұлардан сәл кейінірек шыққан «Айқап» журналында да бұл құбылыстың бар екенін көрсете келіп, Н. Қарашева: «В языке журнала, да и вообще в языке прессы начала XX века, можно проследить тенденцию к узаконению аффикса *лар//лер* при выражении множественности, даже в тех случаях, где казахи обычно не употребляют этот аффикс»⁴⁵ деп жазады. 1897 жылы шыққан «Қырғыз тілінің грамматикасында» III жақтың көпше түрінің жіктік жалғауы *лар* деп көрсетіледі де, бірақ жақша ішіне бұл форма сирек қолданылады деп ескертіледі⁴⁶.

Бұларға қарағанда, XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап қазақ жазбаларында көршілес татар, башқұрт тілдерінің тікелей әсерімен III жақтағы бастауыш пен баяндауышты сан жағынан бірдейлестіру тенденциясының азды-көпті орын алғанын байқау қиын емес. III жақтағы бастауыш пен баяндауышты көпше тұлғада бірдейлестіру барлық жағдайда емес, бастауыш болып тұрған сөз жанды нәрселерді көрсетіп және олардың қимылы өз алдарына бөлек-бөлек болған (дифференциаланған) жағдайда ғана мүмкін болған. Бұл заңдылықты Н. К. Дмитриев өзінің «Башқұр тілінің грамматикасында» былайша көрсетеді.

«В грамматиках обычно указывалось на то, что если подлежащее — предмет одушевленный (точнее, социально-активный), то сказуемое согласуется в числе с подлежащим. Однако основной стимул согласования подлежащего и сказуемого в числе лежит не в этом, а скорее связан с вопросом о дифференцированности категории подлежащего, о чем мы говорили. При дифференциации категории подлежащего сказуемое всегда сог-

⁴⁵ Н. Карашева. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX в. (На материале журнале «Айқап»), автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1960, стр. 46—47.

⁴⁶ Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. Издание Православного миссионерского общества. Оренбург, 1897, стр. 72.

ласуется с ним в числе, т. е. может принимать аффиксы множественного числа...»⁴⁷.

Сүйтіп бұл құбылыстың «Дала уәләтінің газетінде» кездесуі газет редакциясының жоғарыдағы тенденцияның ықпалында болуынан деп түсінуіміз керек.

Көптік жалғауларының газетте көбірек қолданылған варианттарына келсек, кітаби тілдік форма *лар//лер* мен диалектілік форма *дар//дер* екенін байқауға болады. Бұлардың қолданылуында да қазіргі тіліміздің үндесу заңдылығынан біраз ауытқушылық бар екенін көреміз. Мәселен, *лар//лер* қазіргі тілімізде дауысты дыбыстардан, сонор р, жарты дауысты й-дан кейін қосылатын болса, газетте ол дауысты дыбыстармен қатар, кез келген дауыссыздардан кейін де қосыла берген.

Мұның соңында өзүміздің қазақ жазучыларының сөзін байқасақ олардың да қазақ файдасына бола *жазғанлары* да бар* Жоғарғы ұлықларға жағымды болмақ үчүн *айтқанлары* да көрүнеді («ДУГ», 49, 1895). Акерде *ұлғлар* ылтифатқа алыб ат зауытын салмағанда мұнан да төмен болса керек еді («ДУГ», 26, 1891). *Күнлерде* бір күн бұл екеуі ауылдан алысырақ барыб кеңес құрысдылар. («ДУГ», 11, 1893).

Бұл құбылысты кітаби тілдің әсері дейтін себебіміз — шағатай (ескі өзбек) әдеби тілінде біз көптік жалғауының тек бір ғана вариантын (*лар//лер*) көреміз және ол түбірдің соңғы дыбысының дауысты-дауыссызына, қатаң-ұяңына қарамастан жалғана береді⁴⁸. Дыбыс үндестігі бойынша көптік жалғауларының құбылып келуі ауызша (сөйлеу) тіл әсерімен кейінірек пайда болған сияқты.

Сол сияқты кей жағдайда газетте көптіктің *дар//дер* вариантының, қазіргі тіліміздегідей, ұяң және сонор дыбыстарға ғана қосылмай, кез-келген дыбыстардан кейін жалғанып та қолданыла бергенін байқаймыз. Мысалы: Сол қазақша тілді һәр мирам сайын ғана үйретеді және үйреткенде һәр уақыт бастұғының өзі келіб қараб тұрады һәм *оқудары* жақсы жүріб келеді («ДУГ», 11, 1891). Кішкентай *бекетдерде* исабды *санағшыдар*

⁴⁷ Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, М. — Л., 1948, стр. 221—222.

⁴⁸ А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М.—Л., 1962, стр. 117—120.

алады старшын үстінен қарайды//селодарда (кішкене қаладарда) старшын һәм староста не олардың орнында тұрған мұндағы мекемедегі *кісідер* қараб тұрады («ДУГ», 10, 1896).

Бұл құбылыс, яғни *лар//лер*-дің орнына *дар//дер* вариантының қолданылуы, сол кездегі ауызша сөйлеу тілі нормасына, былайша айтқанда, белгілі бір территориямен байланысты қолданылған диалектілік құбылысқа тән нәрсе сияқты. «Түркстан уәләятінің газетінде» де кейбір мақалаларда мұндай фактілер кездесіп қалып отырады. Мысалы: Сонда тұрұб мен айтдұм жер дүниедегі адамдарға *керуенчідер диханчыдар чаруачыдар* пайдасы тиер үчүн жаралған дедұм («ТУГ», 8, 1875). Бұл жағдайды П. М. Мелиоранский де байқап, өзінің «Қазақ-қырғыз тілінің грамматикасында» көптік жалғау қосымшасы *лар//лер, дар//дер*, бірақ сөйлеу тілінде басқы л дыбысы д-ға, кейде т-ға айналады деп көрсеткен болатын⁴⁹. Біздің бұл пікірімізді қазіргі диалектологтарымыздың зерттеулері де бекерге шығармайды. Мәселен, Ж. Болатов солтүстік-шығыс говорларында *дар//дер* жалғауының қолданылу өрісінің *лар//лер* үлесінен кеңейе түскенін айтса⁵⁰, доцент Ж. Досқараев «Қазақстанның оңтүстік-шығысында тұратын қазақтардың тілінде сонор л дыбысы айтылатын сөздерде республиканың солтүстік-батысының тұрғындарында ұяң д дыбысы қолданылады»⁵¹, — деп көрсетеді.

Бұған қарағанда, жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай, қазіргі *лар//лер* қолданылатын орындарға газетте *дар//дер*-дің келуі солтүстік аймақ халықтарының сөйлеу тілінің газетке тигізген әсерінен болуы керек деп ойлаймыз.

Көптік жалғауының қазіргі кездесетін *тар//тер* ва-

⁴⁹ Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч. I. (Фонетика и этимология). Составил П. М. Мелиоранский. СПб., 1894, стр. 33.

⁵⁰ Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Жинақ. — «Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы, Алматы, 1960, 163-бет.

⁵¹ Ж. Досқараев. Абай, Ыбырай шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктердің халық говорларына қатысы жайында. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 11.

рианты газетте мүлде кездеспейді, оның келетін орнына кейде *лар//лер*, кейде *дар//дер* варианттары қолданылып отырады. Бұл сол кездегі араб жазуының орфографиясымен байланысты кездесетін ерекшелік болса керек.

Тіліміздегі көптік категориясының берілетін басқа жолдары (лексикалық, синтаксистік) туралы айтып жатуды орынсыз көрдік, үйткені бұл тәсілдердің газет бетінде көрінуінде бүгінгі тілімізден ерекшеленетіндей жайттар жоқ.

12. Тәуелдік категориясы

Бұл категория — жалпы түркі тілдеріне ортақ және өте ертеден келе жатқан категория. Белгілі заттың үш жақтың біріне меншіктілігін грамматикалық тәсіл арқылы көрсету тілде ертеден яғни орхон-енисей жазбаларынан бері мәлім. Сол жазбаларда кездесетін тәуелдік жалғаулары дейтін қосымша бүгінгі түркі тілдерінде көп өзгеріске ұшырамастан сақталған⁵².

Біз тілін әңгімелеп отырған газеттердегі тәуелдеу жүйесінің бүгінгі тіліміздегіден ешбір айырмасы жоқ.

Газетте кездесетін тәуелдік жалғауларының қосымшалары мыналар:

	I жақ	II жақ	III жақ
Дауыстыдан кейін	м	н (ңыз, ңіз)	сы, сі
Дауыссыздан кейін	ым, ім	ың, ің (ыңыз, іңіз)	ы, і

Бірнеше мысалдар: Үлкенінің *есімі* — Рас, кішісінің *есімі* — Қисық («ДУГ», 11, 1893). Мұнда жіберген *хатұңыз* казитке басылмайды, себебі *хатұңыздан* көрініб тұр, ақылды *екенүңізді* көрсетуге жаһат еткенсіз («ДУГ», 35, 1897). Сусыз ай далада арықдан су алұб тұрғанын *көрсеңіз* жұртдың күші менен болған арық *деб ойласаңыз* керек («ТУГ», 9, 1877).

13. Септік категориясы

Септік жалғаулары түркі тілдерінде сөз өзгертуші категорияларға жатады. Ол сөз тіркесіндегі бағынды-

⁵² Н. А. Батманов. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, стр. 104.

рушы сөз бен бағыныңқы сөздің арасындағы қатынасты білдіреді. Жалпы түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де септелетін, негізінен, есім сөздер, сондықтан да бұл — есімдерді етістіктерден айыратын көрсеткіштердің бірі болып есептеледі.

Аталған газеттерде осы күнгі тіліміздегі септеу жүйесі түгелімен дерлік сақталған. Газеттерде септік жалғауларының фонетикалық варианттарында ғана кейбір өзгешеліктер ұшырайды.

Ең алдымен, қазақ тіліндегі жәй септеудің түбірдің соңғы буынына не дыбысына қарай 5 түрі бар десек⁵³, соның 4-түрі, яғни түбірдің қатаң дауыссыздарға немесе б, в, г, д ұяң дауыссыздарына біткендерінің септелу түрі газеттерде кездеспейді. Басқаша айтқанда, септік жалғауларының қатаңнан басталатын вариантының (барыс жалғаудан басқасында) орнына ұяңнан басталатын варианты келіп отырады. Мысалы: Сусыз айдалада *арықдан* су ағұб тұрғанын көрсеңіз *жұртдың* күші менен болған арық деб ойласаңыз керек («ТУГ», 9, 1877). Абылай ханның заманында *қалмақда* Қалдан дейтін хан Абылайға елчі *жіберібді* («ДУГ», 13, 1891).

Жоғарыдағы мысалдардан көрініп тұрғандай, шығыс септігі *тан//тен* (арық+тан), ілік септігі *тың//тің* (жұрт+тың), жатыс септігі *та//те* (қалмақ+та) болудың орнына, барлығында да ұяң д -дан басталған қосымшалар қосылған. Бұны, әрине, сол кездегі сөйлеу тілінің нормасы болды деуге болмайды, араб жазуымен байланысты сол кездегі орфографияның әсерінен деу дұрыс сияқты. Мәселен, қазіргі өзбек тілінде де бірқатар септіктерде айтылуда қатаң т, қ естілгенімен, жазуда оны елемей, д, ғ жаза береді. Біздіңше, бұл да әлденеше ғасыр бойы қолданылған араб жазуы дәстүрінің әсері ғой деп ойлаймыз.

Екінші бір өзгешелік — табыс септігінің *ны//ні* қосымшасының қазіргі тіліміздегідей, түбірдің соңы дауысты дыбысқа аяқталғанда қосылуымен қатар, дауыссыздардан, тәуелдіктің III жағының қосымшаларынан кейін де келе беруі.

Біз осы қазақ казитін һәр түрлі шаруа жоқшылық ғылым хабарларын білмек үчүн алыб оқұсақта көбіне-

⁵³ Современный казахский язык (Фонетика и морфология). Алма-Ата, 1962, стр. 155.

се екі түрлі *хабарны* білмек үчүн оқучы едік («ДУГ», 49, 1895). Егерім осы жыл казит алушы бұрынғы өткен жылдардан көбейсе кинерал кубирнатор бұл *казитни* әр жұма сайын бір басұлұб чығатұған казит қылайын деген ойы бар («ТУГ», 14, 1873). Қазақ халқының құдалық деген жәйі бірінші бесікдекі ер балаға бесікдекі *қызны* айттұрұб құда түсіб құйрұқ бауыр жеб қарғұ бау берұб қойады («ДУГ», 45, 1899).

Бұл мысалдардағы *ны//ні* қосымшалары кездескен жердің бәріне де қазіргі тіліміздің нормасы бойынша *ды//ті* немесе *н* аффикстері қосылу керек. Бірақ бұдан *ны//ні* аффиксі газетте табыс септігінің бірден-бір қосымшасы екен деуге болмайды, бұнымен қабат *ын//ін //н, ды//ді* қосымшалары да кездесе береді.

Жоғарыда бұл әңгімелеп отырған өзгешелігіміздің газеттерде кездесуі, бір ыңғайда, көршілес түркі тілдерінің (өзбек, татар т. б.) әсерінен деп қорытынды шығаруымызға да болар еді, алайда тереңірек қарасақ, оны жазба әдебиет дәстүрімен байланысты тілде сақталып қалған көне түркілік форма екенін байқаймыз. Үйткені бұл форма Орхон-Енисей ескерткіштерінде, ескі өзбек жазуы үлгілерінде табыс септігінің негізгі варианты ретінде қолданылған. Және бұл, Н. Дмитриевтің көрсетуі бойынша, түркі тілдерінің солтүстік тобына тән форма ⁵⁴.

Осы сияқты газетте кездесіп қалатын көне түркілік форманың бірі — шығыс септігі қосымшасындағы ашық дауыстылардың орнына қысаң *ы*, *і*-нің қолданылуы. Яғни қазіргі тілдегі *дан//ден, нан//нен* қосымшаларының орнына оның *дын//дін, нын//нін* варианттары келіп отырады.

Менден кейін қалған он түйені бөліп бірінің жартысыны бірінің *тоғұздын* біріні уа бірінің *үшдін* біріні алұңлар («ДУГ», 7, 1888). Бұл форманың X ғасырдағы ұйғыр жазуы ескерткіштерінде және одан көп кейінгі Шағатай тілінде шығыс септігінің басты көрсеткіші болғанын И. А. Батманов, А. М. Щербактар көрсетіп кетеді ⁵⁵.

⁵⁴ Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, М. — Л., 1948, стр. 64.

⁵⁵ И. А. Батманов, З. Б. Арагачи, Г. Ф. Бабушкин. Современная и древняя енисейка. Фрунзе, 1962, стр. 161; А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка. М. — Л., 1962, стр. 107.

Бүгінгі тіліміздің нормасынан бөлектеу тұратын тағы бір жайт — көмектес септікпен байланысты. Қазіргі қазақ тілінде *мен* қосымшасы (фонетикалық варианттары: *бен, пен*) екі түрлі қызмет атқаратыны мәлім. Біріншіден, ол көмектес септік жалғауының қосымшасы ретінде ортақтастық, бірлестік, құралдық, көлемдік, мезгілдік, себептік, қарсылық мағыналарды білдіріп, есім мен етістікті байланыстыру қызметін атқарса, екінші жағынан, бірыңғай мүшелерді байланыстыратын шылау ретінде қызмет етеді. «Мен»нің көмектес септігінің қосымшасы ретінде қаралуы түркі тілдерінің ішінде тек қазақ тіліне ғана тән, өзге түркі тілдерінде ол бірыңғай шылау ретінде қаралады⁵⁶, бірақ атқаратын қызметінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бұл жөнінде Э. В. Севортян былай дейді:

«Тюркские языки имели в древности особый совместнорудийный падеж, который был еще продуктивен, например, в ранней османской письменности, не говоря о енисейско-орхонских и древнеуйгурских памятниках. Но в последних, рядом с орудийным падежом, мы застаем уже в развитом виде специальный послелог *bjrlā* с тем же инструментальным (орудийным) значением... В дальнейшем во всех тюркских языках орудийный падеж был вытеснен соответствующим послелогом»⁵⁷.

Бұл шылаудың тарихи төркінін іздесек, тіпті әрірек уақытта-ақ осы функцияда қолданылғанын көрер едік. Мәселен, көне түркілік орхон-енисей ескерткіштерінде ол *бірлэ, бирле* түрінде кездесіп, ортақтастық, құралдық мағына берген. (Бу жіргө олурып, табқач бұдұн *бірлі* ат өзилмим — В этой стране, засева, я связал свою жизнь с народом Табгач)⁵⁸.

Ескі өзбек тіліндегі нұсқаларда да бұл шылау осы мағынада бірнеше фонетикалық варианттарда (*бірлэ,*

⁵⁶ А. И. Искаков. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. Автореф. доктор. дисс., Алма-Ата, 1964, стр. 108—109.

⁵⁷ Э. В. Севортян. К истории падежной системы в тюркских языках. «Ученые записки военного института иностранных языков», 6, 1948.

⁵⁸ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, стр. 27.

бірлән, билә, билән, ілә, ілән) кездесіп, негізінен, атау септіктегі есім сөздерін меңгеріп келеді⁵⁹.

«Дала уәләятінің газеті» бетінен осы жоғарыда көрсетілген ескі өзбектік варианттардың қай-қайсысын да кездестіруге болады.

Бұ уақытта малларының сүйектері уақ уа кішкене болса да бай деген атақты жақсы көріб малының қисабыны көбейту *бірлән* қыс пішен уа жаз бағуға жер аздығынан ысырабға ұшырайдылар («ДУГ», 20, 1890). Біздің қыр даласындағы хызметдегі қазақларға орысша тіл білмекдің хажет екені мұның барчаға бірдей айдалы екені төмендегі жазу *билән* баян етіледі («ДУГ», 37, 1894). Дала уалаятын билеб тұрғучы кенерал кубрнатор хазіретлеріне чын ыхласымыз *илан* тәңірі жарылғасын айтамыз («ДУГ», 15, 1889).

Мұнымен қатар, бұл газетте *менен* (мен) формасы да жиі қолданылған.— Дөңкелек бұл айтылған жол *менен* об оңай сырғанаб кетеді бұл себепден темір жол *менен* көб ауыр жүкдерді алыб жүруке мүмкін болады («ДУГ», 24, 1894).

Бұның былай болу себебі, ең алдымен, бұл газеттің сол кездегі жазба әдеби тілдік дәстүрмен тікелей байланысының нәтижесі болса, екінші жағынан, көршілес татар, өзбек тілдерінің әсерінен деп те қарау орынсыз болмаған болар еді. Дегенмен, бұлардың газет бетінде қолданылуында мынадай кезектестіктің барын да жоққа шығаруға болмас еді. Мәселен, *бірлән*, *илан* газеттің алғашқы жылдардағы номерлерінде, онда да ресми материалдар мен жеке авторлардың мақаласында-жиірек кездесетін болса, кейінгі жылдардағы номерлерінде оның *менен*, *мен* формасымен ауыстырыла бастағанын байқауға болады.

Сүйтіп, газетте негізінен қолданылған форма, *менен* (منان), кейде қысқарған *мен* түрі де кездесіп қалады.— Сол Василифді әдейі ғылым *менен* һәр нәрсені байқауға шығарыбды ол Шауашекке барады онасон тау *менен* Құлжаға барады («ДУГ», 27, 1890). Осы жөні *мен* бұл күнде ноғайлар һәм түркі жұртдарында да оқыта бастады («ДУГ», 25, 1897).

⁵⁹ А. М. Щербак. Грамматика староузбекского языка, М.—Л., 1962, стр. 191—192.

«Түркстан уәләятінің газетінде» бірыңғай «менен» түріндегі сөйлеу тіліндік форма қолданылған. Мысалы: Әбілұғла өлетұғұн күні ерте *менен* салт ат мінүб дөрт қызметкері *менен* ауға чыққан екен («ТУГ», 1, 1880).

Қазіргі орфографиялық заңдылығымыз бойынша жазуда шылау мен жалғауды айыратын межеміз — олардың өзінің алдындағы сөзбен бірге, бөлек жазылуы болатын болса, ол кездегі жазбада (атап айтқанда, газет бетінде) ондай дифференциацияның болмағанын көреміз. Яғни *мен* (менен) шылау мағынасында да, жалғау мағынасында да сөзден бөлек жазылғанын көреміз. Жалпы газеттерде бұл қосымша көбіне-көп септік жалғауының қызметінде кездеседі, бірыңғай мүшені байланыстырушы шылау ретінде өте сирек ұшырайды.

14. Жіктік категориясы

Қазақ тілінде сөйлемде баяндауыш мағынасында жұмсалып тұрған кез келген сөз табы жіктік жалғауларын қабылдап, етістік қызметін атқара алады⁶⁰. Сондықтан жіктік жалғауларын, екінші сөзбен, баяндауыштық жалғаулар (аффиксы сказуемости) деп атау да орынды сияқты. Бұған «Дала уәләятінің газетінде» кездесетін жіктік жалғауларының кейбір қызметтері қосымша дәлел бола алады. Бұл арада әңгіме жіктік жалғауының III жағының тұлғасы *ды//ді < түр//дүр* туралы болғалы отыр.

Қазіргі әдеби тіліміздің нормасы бойынша, етістік жіктелгенде, көсемшенің үнемді (*ып, іп, п*), үнемсіз (*а, е, й*) түрлерінен кейін III жақта *ды//ді, ты//ті* қосымшасы қосылады. Ал есімдер мен етістіктің өзге тұлғалары жіктелгенде, әдетте, III жақта жіктік жалғауының қосымшасы болмайды.

«Дала уәләятінің газетінде» жоғарыдағы айтқан *ды//ді* қосымшасы жалғанатын орындарда кейде оның орнына *дүр//түр* тұлғасы да қолданыла беретіндігін көруге болады.

Бір араб өлер шағында өзүнің үш ұғылына өсиет *айтүбтүр* («ДУГ», 7, 1888). Мал басы *өседүр*, жер *өсмейдүр* («ДУГ», 20, 1890). Дала уалайатының қазақча ка-

⁶⁰ Современный казахский язык. Фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, стр. 327.

зиті қырдың арасындағы қазақтарға ғылым өнердің үлгісін уа тұқымын чашбаққа әдейі қазақтар үчүн ғана чығарылыб *тұрадұр* («ДУГ», 18, 1894).

Мұндағы *дүр//тұр* қосымшалары бұл арада шақпен байланысты емес (барлық шаққа да бірдей), етістікті тиянақтап, оған баяндауыштық (предикаттық) мән беріп тұр. *Дүр//тұр*-дың бұл қызметі олар есім сөздерге, үстеу, әртарап сөздерге қосылғанда айқын көрінеді.

Қазақ деген сөз ноғайдың сөзі *боладұр//ілкін* бойдақ деген *сөздүр* («ДУГ», 20, 1894).

Өзге жай жолдан темір жолдың өзгеше болатындұғының баяны *бұдұр* («ДУГ», 24, 1894). Олардың қазақтың әйелдері ыхтиары жоқ бір жан *сеکیلдідүр* яки жанға да ұқсамайды бір жансыз *нәрседейдүр* («ДУГ», 43, 1899). Қазақтың тілі жыл сайын төмендеб бара жатыр//бұл қазақтың тілін көтеріб молайтыб ілгері бастырмаққа *хажетдүр* («ДУГ», 27, 1894). Дәл балчықтың емке жақсы айдалы екені көбден халыққа *мағлұмдүр* («ДУГ», 10, 1902).

Жоғарыдағы мысалдардан көрінгендей, бұл арада *дүр//тұр* форманты жақтық көрсеткіш ретінде емес⁶¹, өзі жалғанған сөзге предикаттық мән беріп, модальдық қызмет атқарып тұр. Бұл форманың осы мағынада Абай қара сөздерінде де кездесетінін Р. Сыздықова әңгіме етеді. Бірақ сөйлеу тілінің нормасын көрсетеді деп жүрген материалдарымызда, бұдан бұрынғы шыққан «Түркстан уәләятінің газетінде» бұл формант кездеспейді және көне түркілік жазу нұсқаларында да мұның қолданылуы факультативті. «Дала уәләятінің газетінде» кездесетін *дүр//тұр* форманты қазақ тілінде бір кезде қолданылған, кейін реликт ретінде кейбір үлгілерде ғана сақталып қалған, негізінде, басқа түркі тілдеріне тән форма болса керек. Басқа түркі тілдері дегенде,

⁶¹ «В некоторых языках формы III лица сохраняют следы показателей либо видовых, либо модальных оттенков, которые ошибочно принимаются за показатели лица. Характерным в этом отношении является, например, показатель вида *дыр//дир, ды//ди//т* в формах настоящего-будущего времени, ...который является рудиментом полной формы причастия вспомогательного глагола *түр—үр* в разных степенях его фонетической эволюции: *турур > тур > >дур >ды >т* и не имеет отношения к категории лица». Н. А. Баскаков. Система спряжения или изменения слов по лицам. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», ч. II, Морфология. М., 1956, стр. 266.

Э. В. Севортян бұл форманың көбіне-көп оғұз тілдері тобына тән екендігін айтады. «В языках, — деп жазады ол, — главным образом огузской группы, в роли предикативного аффикса *З* лица встречается стяженная форма аориста от *тур//дур* «стоять», «пребывать» — *дыр//тыр* (в четырех вариантах). Употребление его ограничено настоящим длительным временем, должеествовательным наклонением, факультативно возможно в будущем категорическом, да. и то, по преимуществу, в азербайджанском, турецком или гагаузском языках»⁶².

Жіктік жалғауларының басқа I, II жақтық формаларының бүгінгі әдеби тіліміздің нормасынан ешбір айырмасы жоқ деуге болады.

Аның үчүн жазамын бізнің бұл тарафда арқа уалаятында тұрғучы көчбелі халықлар 13 болұс чамалы елміз («ДУГ», 15, 1889). Акар бұл бидайды аламыз десеңдер Забайқал жағының жанаралдарынан иа Қахта шәһәріндегі орысдың көпесдерінен сұраңдар («ДУГ», 23, 1890).

СИНТАКСИС

Синтаксис «сөйлем туралы, сөйлемдегі сөздердің, сөйлемдердің тіркесуі туралы, сөйлемнің құрамы туралы ілім»⁶³ бола тұрса да, бұл жұмыста біз синтаксистің барлық мәселелерін қарастырмай, оның ішінен тек газеттерде кездесетін жай, құрмалас сөйлем түрлері, сөйлемдердің құрмаласу тәсілдері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі сияқты жеке мәселелерді әңгіме етеміз.

Тілдің грамматикалық құрылысы жалпы баяу өзгереді десек, біз тілін сөз етіп отырған газеттеріміз шыққаннан бергі бас-аяғы бір ғасыр уақыт ішінде сол грамматиканың бір саласы — синтаксисте де — түбірлі өзгерістердің бола қалуы қиын нәрсе. Дегенмен бұл өткен уақыт ішінде қазақтың жазба әдеби тілінің бұрын болмаған дәрежеде зор ілгері өрлеуінің нәтижесінде, тілдің синтаксистік құрылысында азды-көпті өзгерістер болуы да заңды. Аталған газеттер тілінің синтаксистік құры-

⁶² Э. В. Севортян. Категория сказуемости. Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», ч. II, Морфология. М., 1956, стр. 21.

⁶³ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 367-бет.

лысын бүгінгі әдеби тілімізбен салыстыра әңгімелей отырып, бұл өзгерістерді көрсетуге тырысу — міне, біздің бұл бөлімде айтпағымыз да — осы.

Газеттер тілін сөйлемдік құрылысы жағынан алып қарағанда, ең алдымен, оның синтаксистік құрылысының бүгінгі әдеби тіліміздің синтаксистік құрылысынан елеулі айырмашылықтарының жоқ екенін айтуымыз керек. Олай дейтініміз, бүгінгі тіліміздегі сияқты, газеттерде де жай сөйлемнің жалаң-жайылма, толымды-толымсыз, жақты-жақсыз түрлері мен құрмаластың сабақты, салалас түрлері араласып келіп отырады. Алайда газет материалдарында сонда да сөйлемнің қай түрі басым деген сұрақ қойылса, құрмаласты, оның ішінде аралас түрі мен көп бағыныңқылы сабақтасты атаған болар едік. Әрине, ол кезде, бүгінгідей құрмаласты байланыстыратын жалғаулықтардың сараланбаған, сөйлемдерді жалғаулықсыз байланыстыратын тәсілдердің әлі жетілмеген кезінде, құрмаластың жоғарыдағы түрлерін қолдану бірден-бір өнімді жол болған болуы керек. Сондықтан әңгімемізді құрмаластың осы түрлерінен бастайық.

15. Аралас құрмалас пен көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер

Кімде кім Түркстан казитін аламын десе жылұна екі сом отыз тиын болады ақчасын почта менен Ташкентке казит чығарушының атына жіберуб өзүнің атын қай қалада қай жерде тұрғанын айтуб жіберсе керек («ТУГ», 15, 1881)⁶⁴. Барған жерлерінің бәрүнде тамаша менен күтүб алұб халық шамдар жағұп һәр түрлі қызықдар қылұбды казитдерге жазұбды («ДУГ», 42, 1888). Бізден соңғылар бұ айлаларды қылған қағаздарұн оқұб көрүб арасынан тағы да ақылды адам чығыб жұрт пайдасына мұнан да қиынырақ айла чығарұр деб ойлаймыз («ТУГ», 3, 1876). Надворни советник Абазаның артықча жаһатын салыб қадағалаб қарағандығынан сиез бажайына келіб, жоғарыда айтылмыш ойазаларға қараған көбденгі жер даулары бітіб тынұбды («ДУГ», 46, 1896).

⁶⁴ Газетте құрмалас сөйлемдердің жігін ажыратуға көмектесетін тыныс белгілері жоқ болғандықтан не дұрыс қойылмағандықтан, біздің негізге ұстаған критеріміз — сөйлемнің мағыналық жағы.

Бұл сөйлемдердің алдыңғы екеуі — аралас құрмалас сөйлемдер де, соңғылары — көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер. Бәрі де — жалғаулықсыз, біреулері баяндауыш формалары арқылы сабақтаса, екіншілері мезгілдес, іргелес оқиғаларды білдіруіне қарай салаласа құрмаласқан. Газетте араластың жалғыз жалғаулықсыз түрі ғана емес, оның жалғаулықты, төл сөзді түрлері де араласып келіп отырады. Мысалы: Бұл қазақдар айтады қалайша медресе ашуын білмейміз жанада молла таба алмайды ағарда молла табылса медресе ашар едік дейді («ДУГ», 3, 1896). Өзін көремін деб келкен адамдарды қасына кіркіздіртіб алыб қол беруб амандасыб айтқан сөздерін есітіб жатады және кей мезкілде айтқан сөздерін аңдап олай емес қой дегендей қылыб басын чайқайды бірақ сөйлейін десе тілі бір түрлі ғана орам сөзге келеді («ТУГ», 15, 1887). Жана бес әуез бар бұл бес әуезді жазуға орыс әліфбиүнде харіф жоқ деб Илимински айтады сол себебден өзі һәр түрлі харіф ойлаб чығарыб һәм латын әліфбиүнен харіф алады («ДУГ», 22, 1899).

Сондай-ақ, сөйлемдердің мұндай аралас құрмаласты, көп бағыныңқылы түрлерінің жиі кездесуі тек қана алғашқы қазақ газеттеріне тән құбылыс емес, сол тұстағы және одан да ертеректегі қазақ жазбасына, қала берді жалпы түркі тілдерінің грамматикалық құрылысына тән құбылыс сияқты.

«Қырғыз хрестоматиясына» енген Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің сөйлемдік құрылысына көз жіберсек те, осы жоғарыдағы жағдайды көруге болар еді, яғни бұл әңгімелерде де құрмаластың аралас, көп бағыныңқылы түрлері басым келіп отырады. Бірер мысал келтірейік:

Үсен түйсініңкіреп, бойы мұздап, қолына манағы қармақтың таяғын қысыңқырап ұстап, жана отыра берді («Қырғыз хрестом.», 24-бет). Құмрсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң, өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады («Қырғыз хрест.», 2-бет). Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді: ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жаным қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын деді («Қырғыз хрест.», 16-бет).

Абай қара сөздерінде де мұндай сөйлемдер жиі ұшырайды. Мәселен, Абайдың 17-сөзінде құрмалас сөйлем түрлері — 20 болса, жай сөйлем саны — 8, 22-сөзінде құрмалас — 14, жай — 5, 34-сөзінде құрмалас — 14, жай — 8 т. т. Құрмалас сөйлемнің ішінде мұнда да көбірек кездесетіндері, жоғарыда айтқандай, аралас құрмалас пен көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер. Бұл құбылыс фольклорлық шығармаларға да тән. «Қыз Жібек» жырының қара сөзбен жазылған үзінділеріндегі кездесетін сөйлемдердің басым көпшілігі — аралас құрмалас сөйлемдер. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтірейік ⁶⁵.

Әлқисса, енді Төлеген менен Қаршыға Жібектің көшінің алдына шықты, Жібектің арбасының ізіменен көш басшыларының ізінен басқа ешкімнің ізі жоқ екен, оны көріп аттарына қамшы басып «шүү» деді (65-бет).

Әлқисса, Төлеген үш ай жатып қалыңдық ойнап, бір күні еліне қайтпақ болды, аттарын байлап қойып, сол күні түннен жүреміз деп жатқанда, Жібек ұйықтап кетіп, түс көріп, түсінен шошып оянып, кіші жеңгесін шақырып алын, Төлегенге барып айтқын, жүрмесін тілімді алса, — деп бір сөз дейді (79-бет).

Бұл жайды байқаған проф. Н. Сауранбаев бұдан көп бұрын-ақ өзінің «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» деген еңбегінде «ертегілерде, кейде ескі жазба нұсқаларда длинота деп аталатын шұбалаңқы сөйлемдер көп кездесетінін» көрсеткен болатын ⁶⁶.

Құрмаластың біз әңгімелеп отырған түрлерінің тіпті көне түркілік ескерткіштерде көп кездесетінін Н. З. Гаджиева да көрсетеді. Оның айтуы бойынша:

«Длинный ряд цепных предложений, отражающих непосредственный ход событий в наиболее упрощенной грамматической форме, был характерен и для языка памятников древнетюркской письменности (енисейских и орхонских)» ⁶⁷.

⁶⁵ Бұл мысалдар М. О. Әуезов пен Н. С. Смирнованың редакциясымен 1963 жылы шыққан «Қыз Жібек» атты кітаптан (Қазан, 1900) алынды.

⁶⁶ Н. Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі, Алматы, 1948, 29-бет.

⁶⁷ Н. З. Гаджиева. Синтаксис сложноподчиненного предложения в азербайджанском языке. М., 1963, стр. 100.

Бұл арада бір айта кететін жай — газетте, сондай-ақ сол тұстағы басқа жазбаларда кездесетін аралас құрмалас сөйлемдер бүгінгі тіліміздегідей, 2—3 сөйлемнен құралмай, көбіне 5—6 не одан да көп сөйлемдерден құрмаласып келе береді. Қазіргі әдеби тіліміздің нормасына қарай құрсақ, оларды бірнеше шағын сөйлемге жіктеуге болар еді. Газет тілінде, мәселен, мынадай сөйлемдер жиі ұшырап қалып отырады.

Егер қазақ халқы түркі тілінің бір лұғатына қосылыб өз лұғаттарын ұлғайтбай бағзылардың фаһамларынша бөтен лұғатдың қағдаларын оқуб үйрене бастаса оқыб ғылым білу қыр халқына мейлунче қиұн болса керек себебі өз лығаты менен сөйлеб бөтен лығат менен жазу қиұн болады («ДУГ», 6, 1890). Қырдағы үйлер қоралар бәрі суға толыб адамы болсын малы болсын үйден қорадан чығыб кетді, ауылда қара мал далаға жатыб арығы ұшыб өліб, даладағы жылқы малы ығыб биелер құлұн салыб бек қатды әбигерчілік болды («ДУГ», 46, 1896).

Мұндай сөйлемдердің өзара байланысу тәсілдеріне келетін болсақ, олар ыңғайлас оқиғаларды білдіріп, орын жағынан қабыса не баяндауыш формалары арқылы бір-біріне бағына байланысқандарын көреміз.

Бағыныңқының баяндауыш формаларының ішіндегі газетте кездесетін ең өнімдісі — көсемшенің *ын//ин//п* жұрнақты түрі⁶⁸. Мәселен, газеттен мына бір сөйлемдерді алатын болсақ, осындағы құрмаластардың негізгі байланысу амалының бастысы — осы көсемше формалы етістік екенін аңғарамыз.

Зайсан ойазына қараған Нарым елінің қазағы Қалыбай Кәукен ұғлы Чілікті еліне барып қайтұп келе жатқанұнда Қабаракуйски елінің қазақлары тұтұб алұб Керке деген қазақтың аулұна алұб барұб өзіні ұрұб соғұб қинағанлар//аталмыш қазақ Кәуке ұғлы Керке аулұнан қашұб шығұб алтұншы нойабрде сұуққа үсүб үч күнден кейін дүниеден қайтқан («ДУГ», 5, 1888).

Бірақ бұдан сабақтас құрмаласты байланыстыратын

⁶⁸ Бұл форманы Н. З. Гаджиева түркі тілдеріндегі құрмаласты байланыстыру тәсілінің ең көнесі деп көрсетеді. Қараңыз: Н. З. Г а д ж и е в а. Сиитаксис сложноподчиненного предложения в азербайджанском языке. М., 1963, стр. 109.

баяндауыштың басқа формалары жоқ екен деген қорытынды шықпаса керек. Газетте сабақтасты байланыстыратын баяндауыш формаларының көсемше тұлғалы етістіктен кейінгі бір өнімдісі — шартты райлы етістік.

Ағарда қауымнан ақша беріп тұрса бунда қазақдан оқитындар көбейер еді («ДУГ», 3, 1896). Кімде кім жерке ие боламын десе ол әуел бастаб судың қамын жесе керек («ТУГ», 9, 1877). Оның бер жағында ғақыл молайса сөз де көбейеді («ДУГ», 31, 1896).

Мысалдардан көрініп тұрғандай, мұндағы шартты сөйлемдерде «егер» жалғаулығының қолданылуы факультативті, дегенмен көпшілік жағдайда ол қолданылып отырады.

Баяндауышы шартты рай формасында тұрған сөйлемнің бәрі шартты бағыныңқы бола бермейтіні мәлім⁶⁹. Газет тілінде де баяндауышы шартты етістік болып келген қарсылықты, салыстырмалы бағыныңқылы сөйлемдер кездесе береді.

Бірді жарым қазақлар медресе ашайын десе көңілдегі молла жоқ... («ДУГ», 3, 1896). Сартдар ноғайлар һәм ғайрылары өздері қалай сөйлесе солай жазады («ДУГ», 6, 1890). Бағыныңқының басқа түрлері де газетте сирек те болса кездесіп отырады.

Қ и м ы л - с ы н :

— Хәзірде олардың жолын қуыб Атбасар ойазының қазақдары да үшкөл салғалы жатқанын айтамыз («ДУГ», 46, 1896).

М е з г і л :

Орта азиада жақсы жолдар ашылған сайын бөтен жұртдың жолаучысы бұ жаққа келетүн көбейе берсе керек («ДУГ», 27, 1888).

С е б е п - с а л д а р :

Жіребеден шыққан би ақылсыз, кем болған соң бұзакылық көбейіп кетді («ДУГ», 2, 1897) т. т.

Газет тіліне, әсіресе «Дала уәләятіне» тән, тағы бір ерекшелік — сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқының, әдеттегідей, басыңқының алдында тұрмай, оның соңында келуі.

Бақты қаласында сентәбр айының басында сиез ашылды халық арасында жиылмыш адамларының дау-

⁶⁹ М. Балақаев, Т. Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1961, 236-бет.

лары бітмек үшін («ДУГ», 47, 1888). Қаю жаңа ат илан чығатұғын казит чығұб тұрады орысча қазақча қылған пірауаты мынан дала уалайатын билекучі кенерал кубрнатыр мекемесінен Ақмола Семей облұстарының казитлеріне қосымша қылыныб («ДУГ», 10, 1902).

Сондай-ақ, төл сөзді сөйлемдердегі аяғы «деп»-ке біткен бағыныңқылар да көбіне-көп құрмаластың ең соңында келіп отырады.

Абылай ашуланып жіберкен елшісін өлтіріб Қалден ханға хабар жіберібді менімен соғұсатын һәскерін жіберсін деп («ДУГ», 13, 1891).

Бұл құбылыстың жалғыз «Дала уәләятінің газетіне» ғана тән емес, сол тұстағы басқа да жазбаларда кездесетіні жиі айтылып жүр. Мәселен, проф. Н. Сауранбаев бұл ерекшелікті былайша түсіндіреді: «Бүгінгі тіл құрылымымыздың заңы бойынша, байланыстырғыш шылау меңгеретін сөйлем не «деп» меңгеретін төл сөйлем әрқашан негізгі сөйлемнің алдында не сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының арасында келетін болса, ескі дәуірде бұл керісінше болған. Басыңқы сөйлемнің мағынасы басым болғандықтан яғни құрмалас сөйлемдегі айтылған жалпы ойдың негізгі бөлегі айтылған сөйлемді алдымен айтатын болған. Ал бағыныңқының басыңқыға бағынышты екендігі оның соңында тұруынан білінген немесе оны меңгеретін шылаудан білінген»⁷⁰.

Мұндай құбылыстың Абай қара сөздерінде кездесетінін, оның ауызекі сөйлеу тілінің нормасымен байланысты екенін акад. І. Кеңесбаев та көрсетеді. «В повествованиях Абая, — деп жазады ол кісі, — нередко встречаются нормы устного просторечия, характерные только для данного стиля. В устно-разговорной речи глагол в деепричастной форме может употребляться и в конце предложения, а авторская речь в виде главного предложения может предшествовать придаточному... Этого рода просторечные формы ни чуть не нарушают системы превосходного стиля, а наоборот они говорят о большой тяге Абая к общенародной речи»⁷¹.

⁷⁰ Н. Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер және олардың даму жолдары. «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», лингвистика сериясы, № 1, 1945.

⁷¹ С. Кеңесбаев. Абай — основоположник казахского литературного языка. «Советский Казахстан», 1955, № 9.

«Деп»-ке тұйықталатын сөйлем құрылысын қазақтың ауыз әдебиеті мұраларынан (олардың ішіндегі кара сөзбен айтылатын үзінділерден) молынан кездестіруге болатындығын былай қойғанда, бұл конструкцияның жалғыз бертіндегі қазақ тілі емес, басқа түркі тілдерінде де болғандығын әріректен алынған фактілер де көрсете алады», — дей келіп, Р. Сыздыкова оны белгілі бір кезеңдегі жазба тілдің нормасы болды дегенді айтады ⁷².

Бұларға қарағанда, газет тілінде кездесетін құрмаластың шылау меңгеретін немесе көсемшеге, «деп»-ке біткен бағыныңқыға аяқталуын сол тұстағы сөйлеу тілінің газетке тигізген тікелей әсерінен деп карауымыз керек.

Бұл тектес сөйлемдердегі тағы бір қызғылықты жағдай — төл сөзді автор сөзімен байланыстырып тұратын «деді», «айтты», «ойлады» сияқты етістіктердің төл сөздің алды-артынан екі рет қайталанып келіп отыратындығы.

Әрі бері жүркенсоң байдың баласы Лұқман Хәкімге айтыбды бай жол қысқарсын әңгүме айт дебді//онда Лұқман Хәкім айтыбды мен ақчасыз әңгүме айтбаймын ақча берсең айтамын дебді («ДУГ», 34, 1891). Бұл қазақдар айтады қалайша медресе ашуын білмеймін жанада молла табылмайды ағарда молла табылса медресе ашар едік дейді («ДУГ», 3, 1896).

Бұның себебі туралы пікірлердің ішінде Н. К. Дмитриевтің айтқаны шындыққа бір табан да болса жақын тұрады. Ол: «В нелатинизированных текстах языков тюркской системы (на арабском шрифте) «деп» заменила кавычки европейских орфографий. До некоторой степени семантику «деп» в этом его употреблении можно сопоставить с русским «мол, де, дескать», — дейді ⁷³.

Шындығында да, жоғарыдағы сөйлемдердегі «айтұбды», «дебді» етістіктерінің төл сөздің алды-артынан келуі, Н. К. Дмитриевтің айтқанындай, қазіргі тіліміздегі тырнақшаның қызметімен барабар яғни олар төл сөздің қай жерден басталып, қай жерге бітетін шетін көрсетіп тұрғандай.

⁷² Р. Сыздыкова. Абайдың прозалық шығармаларындағы күрделі ойдың берілуі. Жинақ. «Қазақ тілі тарихы бойынша зерттеулер», Алматы, 1965, 51-бет.

⁷³ Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка, М. — Л., 1940, стр. 194.

16. Салалас құрмалас сөйлемдер

«Салаласа құрмаласу деп құрмалас құрамына енген жай сөйлемдердің бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өзара теңдік қатынаста тұрып құрмаласуын айтамыз»⁷⁴. Көрнекті тіл мамандарының айтуына қарағанда, тіл дамуының көнерек заманында құрмаластың компоненттері бір-бірімен ешқандай қосымша дәнекерсіз, тек мағына жақындықтарына қарай іргелесе, қабыса айтылулары арқылы байланысатын түрі — паратаксис болған да, кейінірек содан сабақтас құрмалас (гипотаксис) сөйлемдер дамып шыққан.

Тілін әңгіме етіп отырған газеттерімізде бүгінгі әдеби тілімізде кездесетін салалас құрмаластың түрлерінің бәрі де бар. Әсіресе олардың ішінен көбірек ұшырайтыны — ыңғайлас, оның жалғаулықсыз түрі.

Хат жазу да тезінен бола қойған жоқ ақырындаб ғана бір неше жүз жыл өткеннен кейін болды («ДУГ», 38, 1895). Бұ уақытта бір кемшілік: қазақ тілінше жасалған бір кітаб жоқ баршасы ноғайша сартша һәм ғайры тілдер аралас («ДУГ», 41, 1888). Кенебден қылған арқан он екі пұтты көтеркенде үзілібді кендірден қылған арқан үзілмей қалыбды («ТУГ», 5, 1870) .

Ыңғайлас салаластарды байланыстыратын жалғаулықтардан газеттерде кездесетіндері — *да//де, уа, һәм*. Соңғы екеуі — араб тілінен ауысқан жалғаулықтар, бұлар көбінесе «Дала уәләяті газетінде» кездеседі және сол кезде қазіргі *және, да//де* жалғаулықтарының орнына қолданылған.

«Қазақ қазиті» апрел айұнан ұшбу 1902 нчы жылның алмасынады һәм оның орнына чығады «Қала чаруасының казиті» деб аталатұғұн казит («ДУГ», 10, 1902).

«Жсана» жалғаулығының газетте құрмалас сөйлемдерді байланыстырудан гөрі жай сөйлемдердің жігін ажырату қызметінде көбірек жұмсалғанын жоғарыда осы тараудың «морфология» бөлімінде әңгімелеп өткенбіз.

Екінші бір жиірек қолданылған сөйлем түрі — қарсылықты салалас. Мұның да жалғаулықты, жалғаусыз түрлері араласып келе береді. Қарсылықты сөйлемдер-

⁷⁴ М. Балақаев, Т. Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1961, 198-бет.

ді байланыстырған газеттердегі негізгі жалғаулықтар — *бірақ, алай да болса, ләкин, сөйтсе де*.

Кей мезкілде айтқан сөздерін аңдап, олай емес қой дегендей қылыб басын чайқайды *бірақ* сөйлейін десе тілі бір түрлі ғана орам сөзге келеді («ТУГ», 15, 1881). Араб әліфбиінде әуез менен келетін жұмсақ хәріф аз, *алайда болса* араб әліфбиінен қазақдар һәм басқа мұсылман халықтары айдаланып хат жазады ләкин қазақ сөздерінде жұмсақ хәріф менен жазылатын һәр түрлі әуездер көб («ДУГ», 22, 1899). Шаққан жерлері азырақ ісіңкірейді, *ләкин* көб залалы жоқ («ДУГ», 4, 1902).

Жалғаулықсыз қарсылықты салаластарға мысалдар: Қазақдар медресені бірте бірте ашып жатыр, молла жоқ («ДУГ», 10, 1896). Мал басы өседүр жер өсмейдүр («ДУГ», 20, 1890). Бізнің қазақ халқы бұрын екін салуды білмейтін еді екі үч илдан бері екін сала бастадылар («ДУГ», 4, 1890) т. т.

Себеп-салдар бағыныңқылы сөйлемдерді байланыстырушы жалғаулықтардан газетте кездесетіндері — *себебі, бұл себебден, аның үчүн*.

Нұрғали Бұғыбай ұғлы, мұнда жіберген хатыңыз казитке басылмайды, *себебі* хатұңыздан көрініп тұр, ақылды екенүңізді көрсетуге жаһат еткенсіз («ДУГ», 35, 1897). Дөңкелек бұл айтылған жол менен об оңай сырғанап кетеді *бұл себебден* темір жол менен көб ауыр жүктерді алыб жүруке мемкін болады («ДУГ», 24, 1894). Өз ісін жақсы білетін һәм бала оқытуға түсінген молла алыбды *аның үшін* Ақкөл қызылкөлдiктерге құтды қайырлы болсын айтамыз («ДУГ», 3, 1896).

Соңғы «аның үчүн» тіркесі ол кезде қазіргі «сондықтан» жалғаулығының орнына қолданылған сияқты.

Салаластардың ішінде өте сирек кездесетін түрі — талғаулы салалас сөйлемдер. Біз қараған материалдардан бір-ақ талғаулы салалас сөйлем кездесті.

Ол қай уақытта болады, он жылда бола ма *йаки* бес жыл да бола ма белкісіз («ДУГ», 45, 1899). Алайда талғау мәнді жалғаулықтар арқылы байланысқан бірыңғай мүшелер жиі ұшырайды.

«Абай прозасында салалас сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтардың ішінен «да//де», «және» жалғаулықтары ғана кездеседі... Ал қалған жалғау-

лықтар (бірақ, сондықтан, себебі, ал т. б.) Абай прозасында қолданылмаған» дейді Сыздықова. Сонымен бірге, бұл ғалым: «Салаласа құрмаласқан компоненттердің жалғаулықтар арқылы байланысу тәсілі мүлде соңғы жылдардың жемісі» (курсив біздікі. — Б. А.), бұл «орыс тілінің тікелей әсері, бұл тәсіл орыс тілінен саяси әлеуметтік, педагогикалық және көркем әдебиетті молынан аудару процесінде туып, тұрақты белгілі бір жүйеге келді» деген тұжырымға келеді⁷⁵.

Біздіңше, бұл тұжырымның бірінші бөлегі, яғни салаластардың «жалғаулықтар арқылы байланысу тәсілі мүлде соңғы жылдардың жемісі» деу шындыққа төтеп бере алмайтын сияқты. Үйткені бұл жалғаулықтар Абай прозасында кездеспегенімен, Абай шығармаларымен тұстас шыққан «Дала уәләятінің газетінде» молынан ұшырайтынын жоғарыда келтірілген мысалдар айқын дәлелдейді. Тек қана бұл газет емес, сол кезде жиналып басылып шыққан ауыз әдебиет үлгілерінде, Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясына» енген әңгімелерінде де бұл жалғаулықтардың кеңінен қолданылғанын байқауға болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдарға жүгінелік:

Столдары үйретушіге қарап тұрады, *соның үшін* (~сондықтан) скамьядағы отұрған балаларға үйретушіні көрүп отұруға болады. Екі тілдің бірі сағатты көрсетеді, *сол үшін* (~сондықтан) онұ сағат тілі дейді, екіншісі миноттарды көрсетеді, онұ минот тілі дейді. Түлкінің қалың шөптүң іші менен *жа* егін арасы менен жасырынып келіп, семіз қаз, үйрек ұрлап алып кететүнү қаланың шаруакерлерінің көбіне-ақ мәлім; *сонда* да түлкінің қиын жерлерде қалайынша тамақ тауып алатын айласын әркім біле бермейді, бегіректе [әсіресе] қыстың қатты, қардың қалың уақытында (А. Васильев).

Сейт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді: ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, *бірақ* менің жаным қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын деді. Қалипа қазірет осындайларға жаза

⁷⁵ Р. Сыздықова. Абайдың прозалық шығармаларындағы күрделі ойдың берілуі. Жинақ. «Қазақ тілі тарихы бойынша зерттеулер». Алматы, 1965, 49-бет.

бұйырмайды, сүйтсе де бұл жолы бұйрықсыз да болса, осы екі тіленшіні ұстатып кісендетемін. Бұл қол да — менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұныңмен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді. Сонан соң, келесі күн, әкем ерте тұрды, а (\approx ал) мен ол уақытта ұйқтап жатыр едім (Ы. Алтынсарин).

Бұндай жалғаулықтар сирек те болса «Түркстан уәләятінің газетінде» де кездеседі. Бірер мысал: Бұл жатақ декеніміз өзге елдің қазағына қарағанда көб ілкері ұйткені көбі орысша тіл біледі үй іші болса таза самауыр үстөл қасық аяқ киім кесекті бәрі түзу («ТУГ», 27, 1875). Оқуға беркен балалар өз үйінде тұрұб бірақ ерте менен барұб түске че (\approx шейін) оқұб үйіне қайтады («ТУГ», 31, 1876). Қолын қаусырыб қараб отырса екүні құрұб қалу түкіл өзі сусыз сусаб өліб қалар еді со себеді мұсылмандың законі бойынча кімде кім жерке ие боламын десе ол әуел бастаб судың қамын жесе керек («ТУГ», 9, 1877).

Бұларға қарағанда, салалас сөйлемді байланыстыратын қарсылықты, себеп-салдарлық, шартты, мезгілдік жалғаулықтардың қай-қайсысы да тілдік ресурсымызда көптен бері бар екені көрінеді. Ал олардың бүгінгі тілімізде қолданылу аясының кеңіп, стильдік саралануы молая түскенін, бұның өзі орыс тілінен күрделі конструкцияларды тікелей аударудың нәтижесі екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

17. Жай сөйлем түрлері

Газеттер тілінде құрмалас сөйлемдерге қарағанда, жай сөйлем түрлерінің сирек кездесетінін жоғарыда айттық. Жай сөйлем дегенде, оның бүгінгі тіліміздегідей ықшамдалған, толымсыз түрлері өте аз ұшырайды, көбіне кездесетіні жайылыңқы, үйірлі мүшелі түрлері кездеседі.

Кендірдің тоқұған арқан қылғаны тымақ берік болады екен («ТУГ», 5, 1870). Қазақ казитіне жазыб тұратындардың бәрі қыр адамының жүріс тұрыс шаруасының қандай екенін жазыб жатыр («ДУГ», 34, 1898). Бұндай сөйлемдермен қатар, төмендегі сияқты үйірлі, айқындауышты сөйлемдер де жиі ұшырайды.

Бұл Бұхар мен Хиуаның әмір иедерінің қасдарында нөгердері һәм Түркстан генерал губнаторының бұй-

рұғы мен сайлағын кісідер ереді («ДУГ», 10, 1896). Соның үчүн Петрборға Түркстан генерал губнаторының хызұрұнда иррагационной іс турасынан хызмет етіб тұрған особих поручени чиновнигі Петроф деген келді («ДУГ», 49, 1896). Жана да бұл ақшадан йаки қашқан кісінің залок ақшасынан жоқшыға даулаб жүрген ақшасын береді («ДУГ», 3, 1896). Жана араб хәріфлерінің дұрыс оқылуы бір сөздің басында иа ортасында иа айағында келеме онан да болады («ДУГ», 22, 1899). Қандай бұйымдар сатұлатұғұнұн білеміз деген кісілер әрдайым судебной пристав Меркуловичке барұб көрсе болады («ТУГ», 15, 1881).

Енді жай сөйлемдердің құрылымы жағын әңгіме етсек, жоғарыдағыдай ойға қатысты мүшелері түгел айтылған сөйлемдермен қатар, белгілі бір мүшесі (көбінесе бастауышы) айтылмаған, бірақ баяндауышы арқылы табуға болатын қазіргі тілімізде «толымсыз» деп аталатын сөйлемдер де кездеседі. Мысалы:

Өзге уақытта сан һәм жазу уа һәм сурет салуды үйретеді («ДУГ», 25, 1897). Сол тақырыбды степной кенарал кубнатор хазіретлеріне ғұмыр бергенін алла тағаладан тілеб дұға қыламыз («ДУГ», 15, 1889) т. т. Сондай-ақ, жақсыз сөйлемдердің де түрлері кездесіп қалып отырады.

Сол тақырұблы хәл қадірінше кітабдарды анық қазақ тілі менен шығарұб тұрса жақсы болар еді («ДУГ», 41, 1888). Донкан һәм таранчылар жөні менен қала салған қазақдарды солдатлықдан бостандық қылу керек («ДУГ», 26, 1898).

Ал қазіргі тілімізде кездесетін атаулы сөйлем түрлері аталған газеттер материалдарында кездеспейді.

18. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Қазақ тілінде де, басқа тілдердегі сияқты, ғасырлар бойы ұстала жүріп қалыптасқан сөйлем мүшелерінің белгілі орын тәртібі бар. Біз тіл ерекшелігін сөз етіп отырған газеттердің бұл тұрғыда бір-бірінен елеулі айырмашылығы бар. Мәселен, «Түркстан уәләятінің газетіндегі» сөйлем мүшелерінің орын тәртібі дәл қазіргідей. Ал «Дала уәләяті газетінде», бұған керісінше, сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің қатаң сақталмай, мақсатсыз инверсияның көп жасалғаны көрінеді. Бұл

арада біздің әңгіме етпегіміз — бастауыш пен баяндауыштың, толықтауыш пен пысықтауыштың дағдылы орындарынан ауысып келуі.

Әдеттегі жай хабарлы сөйлемдерде бастауыштың баяндауыштан бұрын тұруы — қазақ тілінде дағдылы заң. Солай бола тұрса да, газетте бастауыштың өз баяндауышынан кейін келген жайттары ұшырап қалып отырады.

Биылғы жылы Том қаласындағы университетте оқып жатқан студенттердің хисабына қосылұб түсді дала уалайатын билеп тұрғұшы кенерал кубрнатор хазіретлерінің мекемесінде младши перауадчик болып тұрған қазақ Сұлтан Ғазин («ДУГ», 43, 1890). Сиезді ачты Сергаполдың оязнай началнигі уасиат айтұб жиылған жұртқа қарап («ДУГ», 47, 1888). Осы айтылғандардан білінуб тұр жақсылардың сондай орысча қазақча оқұтатын медреселер ашуға жаһад қылғандарының қандай пайдалы екендікі («ДУГ», 23, 1899).

Бұл сөйлемдердегі бастауыштың баяндауыштың соңында келуі, біздіңше, орыс сөйлемдерін қазақшаға жауапсыз, олақ аударудың салдарынан кеткен жағдай болуы керек. Үйткені бұл сөйлемдердегі мүшелердің орыс тілінде орналасу тәртібі дәл осындай болып келеді. Мәселен, орыс текстісінде жоғарыдағы 1-сөйлем былайша құрылған екен:

В нынешнем году в число студентов Томского университета поступил киргиз Султан Газин, состоявший переводчиком при канцелярии Степного генерал-губернатора («ДУГ», 43, 1890).

Бұл сияқты сөйлемдер, дәлме-дәл аударуға тырысқандықтан болуы керек, әсіресе ресми материалдарда жиі кездеседі. Мәселен, губернатордың бұйрықтары үнемі төмендегіше болып құрылады.

«Қызметке бекітуледі кейінкі айтылмыш адамдар халықдың сайлауынша келер үч жылға...» («ДУГ», 2, 1893). Орысшасы: Утверждается на должность по выбору общества, на трехлетние...

Хабарлы сөйлемдерде толықтауыштардың қай-қайсысы болса да өздерін меңгеріп тұратын етістік не есім сөздерінен бұрын тұруы керек. Газетте бұл заңдылық та сақталмай, толықтауыштар өзін меңгеретін сөздерден соң келе береді.

Үшбұ казитді билеб басқарыб тұруға табсұрұлады дала уалайатыны билекүчі кенерал кубрнатыр хазіреттерінің хызұрында тұрғучы акроном Сергей Лиқафич Тейтелге («ДУГ», 10, 1902). Сұрау бойынча мұндай болуына себеб болған Касби темір жолының алыс тұрғандығы Түркстан уалайатындағы Ташкент қаласына. Соның үчүн осы күнгечейін орта азия жайдаруның керуендері жүріб жатады Орымборға қарай бұрынғы қалұбынча («ДУГ», 12, 1891).

Соңғы сөйлемде толықтауыштың баяндауыштан кейін келуімен қатар, пысықтауыштың да өзін меңгеретін сөзден соң келгенін көреміз. Бұл жағдай да орысша тексті олақ аударудан кеткен жайлар ғой деп ойлаймыз. Оған көз жеткізу үшін осы соңғы сөйлемнің орысша тексіне көңіл аударудың өзі жеткілікті сияқты.

Решение это вызвано тем обстоятельством, что отдаленность Закаспийской железной дороги от центра Туркестанского генерал-губернаторства Ташкента все еще отвлекает Среднеазиатские караваны к Оренбургу...

Осы сияқты тура толықтауыш та өзін меңгеретін етістік сөзінен соң тұра береді.

Жанада жазады олар қазақдардың бәріне мағлұм неш бір қызығы жоқ нәрселерді («ДУГ», 34, 1898). Аның үчүн, мен, өзүмнің міндетім деб білемін надворни советник Абазаға, жуне жоғарыда айтылмыш онымен бірге іс бітіріскен төрелерге чын ыхласым илан төңір жарылғасын айтбақты («ДУГ», 46, 1896).

Басқа сөйлем мүшелеріне қарағанда, анықтауыш сөз бен анықталушының орын тәртібі газетте бірсыпыра тұрақты деуге болады. Яғни анықтауыш көбінесе анықталушы сөздің алдында келіп отырады. Алайда ілік жалғаулы анықтауыш сөз тәуелді жалғаулы сөзден кейін келіп отыратын жайттары да болады. Бұл жағдай әсіресе ресми материалдарда кездеседі. Соған қарағанда, мүнің бәрі де тікелей аударманың әсерінен болса керек. Мәселен, «Распоряжение степного генерал-губернатора» деген тіркес «жарлық степной кенерал кубрнаторының» деп немесе «Аккеленская волость, Павлодарского уезда» деген тіркес «Ақ келін елінен Пауладар ояазының» болып аударылған.

Бұл айтылғандарға байланысты газеттегі изафеттік тіркестердің берілу жайттарын да әңгімелей кетейік.

Газет бетінде қазіргі тілімізде бар изафеттің 3 түрі де кездеседі.

Жаңа уақыт ішінде министр хәзіретлері кеңесінде бекітіп шығарған Ташкенден Самарқанға шейін темір жол салыбачмақты («ДУГ», 12, 1891). Қазақтың жылұс тобдарында ең үлкен сыйлық қонақ асары жылқы еті палау һәм қымыз боладұр («ДУГ», 15, 1893). Бір казитке жазұб тұратын кісінің білдіруі бойынша бұхардың абақтысы сұмдық екен («ДУГ», 19, 1888).

Алайда, газетте бәрінен жиі кездесетіні — изафеттің 11 түрі. Проф. М. Балақаев бұл форманың қазіргі әдеби тілімізде де айрықша даму тенденциясының байқалатындығын көрсетеді. «Изафеттік құрылыстың 11 түрі, — деп жазады ол кісі, — анықтауыштық топ құраудың ең басты, көп жұмсалатын амалы болып, тіліміз ілгері дамыған сайын қаулап өсіп келеді»⁷⁶.

Изафеттің 1 түрі яғни екі зат есімнің ешбір морфологиялық тұлғасыз бірін бірі анықтап қатар келуі сирек кездеседі. Проф. М. Балақаевтың айтуы бойынша: «...Изафеттік құрылыстың 1 түрі тарихи жағынан ең көне, басқа түрлерінен бұрын шыққан, ертеде анықтауыштық топтың синтаксистік байланысының негізгі түрі болған болса, бұл күнде, тілдің қазіргі даму процесінде туған жаңа ұғымдарда көп қолданылмайды. Оның құрамына әбден әдетке еніп, үйреншікті болған сөздер ғана енеді»⁷⁷.

Адам атына қосылып келетін «хан», «батыр», «хакім» т. б. айқындауыш сөздер газетте, негізінен, әзі анықтайтын сөзінің соңынан келіп отырады. Мысалы, Медхад афенді, Абылай хан, Лұқман хакім т. б. Кейде орыс тілінен аударылған материалдарда бұндай айқындауыштардың анықтайтын сөзінің алдынан келіп отыратын жағдайлары да кездеседі.

Медхад афенді Русианың машһур кітаб чығарушысы Грав Толстойдың кітабын түрік тіліне тәржіма етіб жатыр («ДУГ», 25, 1891).

Сондай-ақ газетте орыстың анықтаушы-анықталушы тіркесін қазақтың изафеттік құрылысының 1-жолымен беру ниеті де байқалады. Мысалы: Закон кнега-

⁷⁶ М. Балақаев. Изафеттік құрылыстағы анықтауыштар. «Халық мұғалімі». 1948, № 11.

⁷⁷ Бұл да сонда.

дан билер өздеріне қандай ыхтиар қандай міндет тиеш-лі қараб білсе керек («ДУГ», 37, 1894). Қайу сиезге іс бітіруге жіберілгендер... менің хызұрымдағы особих по-ручини чиновник надворни советник Абаза... («ДУГ», 46, 1896).

Бірақ бұл тәжірибе сәтсіз аяқталған, үйткені бұл әрі орыстағы тіркестің мағынасын дәл бере алмаған, әрі халыққа түсініксіз сөздердің жай тіркесі сияқты бірдеме болып шыққан.

Жалпы газет орыстағы әр түрлі мекемелердің атта-рын, атақтарды көп жағдайда аудармай, сол күйінде беріп отырған. Бұл жағдайда затты анықтайтын сын есім сөздері соңындағы меңгерілетін сөзімен рәдтық, сандық жағынан қиыспай, бір ғана тұлғада (муж-ской род тұлғасында) қалып қойып отырған. Ойазнай начальник, каллежски ассессор, мировой судиа, губерн-ски комиссиа, земски сома т. б.

Изафеттің екінші, үшінші түрлерінің берілуінде бү-гінгі тілімізден бөлек тұрғандай ерекшелік байқалмай-ды. Меншіктелетін затқа тәуелдіктің *ы//і, сы//сі* жал-ғаулары жалғанып келіп отырады да, меншік иесі ілік септігінің ашық, жасырын түрлерінде де мүлде тұлға-ланбаған атау күйінде тұрады. Семей облысы, қазақ халқы, қазақтың өлеңшісі, дала уалайаты т. б.

Ал парсы изафеті дегеннің қолданылуына келсек, ол газет бетінде бірен-саран ғана ұшырайды. Қазіргі ті-ліміздегі *саяси, рухани, мәдени, діни* сияқты тұлғада келетін сөздердің мағынасы ол кезде басқаша жолмен не сөзбен берілген. Парсы изафеті газетте *ғаскериа, та-биғи* сияқты түрінде ғана кездеседі.

Ғаскериа уәзіріне таиғ Каспиа обласына қараған жерлерде... ниетілеті бар Русиа һәм мұсылман тілінше оқұлатұрған медресе ачбаққа («ДУГ», 26, 1891).

* * *

Сонымен, жоғарыда айтқандарымызды қорытынды-лай келгенде, газеттер тілінің грамматикалық құрылы-сының негізінен қазіргі әдеби тілімізден ерекше тұрған айрықша белгілерінің жоқ екендігін айтуымыз керек. Алайда соңғы бір ғасырдай уақыт ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысының газет тіліндегіден гөрі біраз жетілгенін, дамығанын көреміз. Ол даму, жоғары-

да көрсеткеніміздей, ең алдымен, тілдің сөз байланыстыру, сөз өзгерту амалдарында. Газет тілінде ұшырайтын кейбір жасанды, өзге тілдік категориялардың қазір жойылып, тіліміздің рухына сай келетін формалардың одан әрі даму тапқанын көреміз. Сондай-ақ грамматикалық құрылыстың жетілу фактілері синтаксис саласында да байқалады. Бұл салада жай сөйлемнің газетте кездеспейтін не сирек кездесетін түрлерінің жаңадан дамуы, құрмалас сөйлемді байланыстыратын амалдардың жетілуі, төл сөзді сөйлемдердегі автор сөзінің орналасуы, сөздердің тіркесу қабілеттерінің кеңеюі тағы осы сияқты көптеген жайларды аңғару қиын емес. Бұлардың бәрі жалпы алғанда, тілдің заман өткен сайын дамып, оның грамматикалық құрылысының үздіксіз жетіле түсетіндігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары — «Түркстан уәләятінің газеті» мен «Дала уәләяті газеттерінің» шығуы қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды.

Бұл газеттер негізінде жергілікті колониялдық әкімшілік орындарының ресми органдары бола тұрса да, халықты отырықшылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақыруда едәуір роль атқарды. Қазақ тілін, әдебиетін дамытуда бұл газеттер өз бетінде проблемалық мәселелерді көтерді.

Ұлт тілінде баспасөздің шығуы, ең алдымен, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына аса зор ықпал жасады. Қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ресми іс қағаздары стильдері қалыптасты, ғылыми стильдің алғашқы негізі қаланды. Аударма тәжірибесінің бастапқы қадамы жасалынды. Газеттер арқылы қазақ жазуының кейбір заңдылықтарының негізі салынды. Әсіресе, шет тілден кірген сөздерді жазуда бірден бір дұрыс принцип қолданылды. Араб графикасына негізделген қазақ жазбасында бірінші рет тыныс белгілерін жүйелі қолданудың алғашқы талабын жасады, газет бетінде насихаттады.

Қазақтың сан ғасырлық тарихында қолданылып келген сөз байлығын (лексикасын) қағаз бетіне түсірді, оның кейбіріне жаңа мағына үстеп, терминдік дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ, өзге тілдерден (араб-парсы, орыс) енген сөздерді де термин ретінде қалыптастырды, басқа тілдерден орынсыз сөз алуға қарсы күресе оты-

рып, қазақта бұрын жоқ жаңа ұғымдардың атауы ретінде орыс тілінен көптеген жаңа сөздер кіргізді.

Газеттер арқылы қазақ тілінің грамматикалық жүйесі едәуір жетілді. Ұлы орыс тілінің игі әсерімен қазақ тілінің сөз байланыстырушы, сөз өзгертуші қосымшалары сапалық өзгерістерге ұшырады, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде, сөздердің өзара тіркесу қабілетінің кеңеюі мен құрмалас сөйлемдердің байланысу амалдарының дамуында біраз жаңалықтар орын алды.

Сөйтіп, алғашқы газеттер тілін әңгімелеу арқылы қазақтың жазба әдеби тілінің бір ғасырлық даму тарихына шолу жасағанымызда, оның лениндік ұлт саясатының арқасында соңғы 50 жылда түбірлі өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Ол өзгерістер қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде де, емле қағидаларында да, лексикалық қорында да, сондай-ақ грамматикалық құрылысында да айқын көрінеді.

ГАЗЕТ ТЕКСТЕРИ

نمانكان قالاسندان كیلکین قاپار

جازدنك باسی بتب اورطلسی بولسه ده آر جلی ایل
جورته ضلال قلب کون کورساتبای توغون سیل میان
صو اوسی کونکه چه دسیاندوغون قویبای تور دیدی
آدامی ذات دنك کوچی جیتبای توغون سیل صودنك
ضلالی چوست دیکان اویازکا قاراغان هاشت قستاققا
کیلبدی اوسی قستاققه اویبول آینك ۲ نچی کونی سیل
صودنك قلغان زیبان ضلالون ایتایوق
هاشت دیکین قستاق چوست قالاسنك اونك توستوك
جاغی منان کون باتوس جاغی نك آراسندا سیکسان
چاقرومدای چیرده بر طاودنك ایتا کینده صای دنك اچنده
تورادی ایکین جنه اوسی قستاق دنك دال اورتاسندا بابیان
دیکین کیچکنه اوزان صو آعادی بو اوزان نك باسی
طاودان چغوب اوسی قستاق تورغان چیرکا کیل کینده
اینی کینکایب توبی تاستاقتی بولوب آعادی ایکین جنه
بو اوزان موان بورون تبتنه موندای ضلال قلغانی جوق
ایکن اوسی اویبول آینك ایکنچی کونی طاودنك باسنده
جامغور جلوب قارلار ایریب کوب صو آغوب صو صابلسنان
جوغاری قارای ایکی سارجاندای کوتارلب طللب تومین
قارای آرقراب آغوب جولونده تورغان اویلاردی قورالار-
دی آغاچلاردی طامری منان قوباروب کسی لاردی مال لاردی
بارون قویماسدان آغوزوب آلوب کیتبدی اوسی صودنك

آر قراب آتوب کیلکانونه قاراغانده جونونده کی ایچ نیمه نی
قویاتوغون ایماسدای بولوب چیردنک اوزونده بوزوب
کیتاتوغوندای بولوب کورونوب کیلیبدی صو آغوزوب
قولانقان طامداردنک دویری آغب بارا جاتقان کسی لار
مینان مال لاردنک قچقرغان داوستاری صودنک صارقراغان
داوسنه قوسولوب او—چو بولبدی جنه صو قستاقنان آغب
اوتوب تومانکی جاقتاغی باق چارباقتاردی ایکیین ایکاتوغون
چیرلاردی بارین قویماسدان بوزوب کیی بر چیردی قازوب
جروب کیتیب کی بر جیر کا طاسلاردی طاودای قلب
اویب دونیا بوزولغاندای قلب کتیبدی سیل دنک کیلکین
میز کیلی توستان صوبک ایکی ساعت مینان اوچ ساعت دنک
اراستنده کیلیبدی دیدی

اوسی سیل بولغان صونک آلکی جیر کا اوروس دان
ایل باستاب بارغان بر—اسکی دیکین کامیسا تور
بارغان ایکیین اوسی تورانک اوزی هلشت قستاغنه یار عالی
کیلا جاتور ایکان اون چاقرامدای قالغانده صودنک
صارلداغان داوسین ایستیدی قستاق دنک اوزینه کیلکین
صودنک سیل دیک قیراتب کیتکانون کوروب دیر او جارالی
کسی لاردنک جارالارن چوبراک مینان بایلاب بر تالای
کشی لار کا جانونداغی آچه لارون صاداقه قلب اولاستروب
بیروب اوزی اوسی استی وایننای کوبیرناظرغا بلکوز
کیلی مارغلان قالاسنه قارای جوروب کیتبیدی اونان قوقان
قالاسنا باروب آر کیم کا قول قویدوروب ایکی جوز صوم
دای آچه جیب آب اویاز باستوغنه آر کم کا طارقاتب
دیر کالی جیبروبدی مونان صونک نمانکان قالاسنده وایننای
کوبیرناظر دان تیلکراف مینان قابار باروبدی هاشت
قستاغی ننک بایداسی اوچون آر کم نین قول قویدوروب
آچه جیب الون سون دیکین جنه اوسی تیلکرامده اینولبدی
هاشت قستاغی ننک کسی لاری سیل بولغان دان کوب خلال
طارتاب مال سز اوی سز آچ—جالانکاج بولب قالدی دیدی

کون کورالمای قالغان کسی لاردنک باری برمنک شمالی
بار دیدی جنه نامانکان قالاسنان چوست قالاسنا ضلال
طارتقان کسی لارکا بیرکالی دوروت جوز صوم آقچه
چیبروبدی اوسی دروت جوز صوم ننگ ایکی جوز سومدایی
مسلمانداردان جییلغان ایکیین سویتسهده مسلمانداردنک
اینک اولکان بایداریده جیرمه تین قرق تیندان بیروبدی
مسلمان قالقی اوزی ننگ مسلماننی نه نده کونکل مینان
قاراسب بیرسبای تورغانی مونان بورونده بیلکولی بولوب
ایدی دیدی

نمانکان قالاسینه چوستدان کیلکین بیر تیرکاوچی
تورا ایتوب کیلبدی اوسی کونده سیل دان بولغان
ضالالاردی ایساب قلب جاتورلار دیدی سیل مینان آغ
کیتکان اوچ کسی ایکان ونان اون ایکی کسی آیاق
قولی سنب باسی جارلب بیتمی مورنی جانچلب اولوب
قالغان ایکیین ایندی براوی تابلومایدی جنه بر طالای
کسی لار میرتکب جارالی بولوبدی جنه کوب مال لار
صوغا آغوب اولکان ایکیین اوسی کونده اویاز باستوغی
هاشت قستاغنه باروب آچ جالانکاچ قالغان کسی لاردنک
طاماغن اوزی بیروب طور دیدی آر کونی ایت بسروب
چوربه منان نان بیروب طورادی ایکیین اولکان کسی کا
توره ناندان بالادارغا ایکی—اوچ ناندان بیرادی ایکیین
چوست اویازی ننگ بر توراسی تیرکب ایساب قلغان
ایکان سیل دنک قلغان ظالالی جیرما بیس منک دای بار
دیدی ضلال کور کان آدام بر جوز سیکسان جیتی اوی ایکیین
اوننک اچنده قرق توره اوی بر جوز جیتبس آلتی جان
آچ—جالانکاچ قالبدی ضالالاردنک باری آلی ملوم بولغان
جوق توره جوز چمالی اوی صوغه آغوبدی جنه الدهه نچه
میچت منان تیرمان صوغا کیتبیدی بوزولغان اویلار منان
بولغان ضالالاردنک ایسابی آزردهده قلب جاتور الی ده
بیتکان جوق دیدی

(«ТѸТ», 1881, 15).

بزديك گزيتدى آلب تورانوغان بر آدام اوزى نيك
 جولاجى جوركنده باسدان اوتكينون كازيتكا جازوب
 چيقارماق بولب بزدير كا جازوب جبارويدى
 جازوب جباركين كسى تاشكينتك ميرعسمت ديكين
 مونان بورون برطالاي جل توسنده ميرعسمت ديكين آدام
 تاشكينت قالاسندان آرتورلى قازاق قولى مال آلوب كروان
 منان توركستان قالاسينه باروب اوندان جنه قازاق قولى
 مال آلوب اون جيتى تويه كامال آرتوب اوج آت اوج قوشچى
 ميان جالغز قوس بولب قزىلجار قالاسنه قاراب جونابدى
 كروان دنك آديتى بر قالادان جولغا چقارنده قوسن ادمدارى
 ميان ايلكارى جونالتوب جباروب صاودا كيرديردينك اوز-
 ديري ايكي اوج كون توروب قوسى نيك آرتينان كيون
 بارادى بول ميرعيسمت ده ايكي داي قوسن ايلكارى
 جونالتوب جباروب اوزى بر انسى ميان قوس نيك
 آرتوندان بارامن ديب توركستان قالاسندا قابدى بول
 ميرعيسمت دنك جازغان سوزديرى اوسى ايكي داي
 قوسمدى جونالتيب جباركين صونك مين اوزم دنك انوم
 جنه بر قوشچوم ميان بيس آلتى كون دان صونك تور-
 كستان قالاسندان چغوب صايدالى ايليينك قوجامجار
 بايدنك اولندا توسرنده آرطندهن قووب جيتدوك قازاقتنك
 زانكى اولنه جانكفادان صاودا كير كيلسه قوسنه كيلادى
 بزدير قوسمزغا جاقنداب جيتكانميرزده تىلاو ديكان بر
 قوشچى مز جنه جيولب وترغان اولدنك بر ايكي آدمى
 جو كروب كيلب بزدي قورميتدهب توسروب آتدارى مزدى
 اوستاب بايلاب ايسك آچب اوزمزدى قوسقا كر كزدى
 بوليك قوشچى دارمز جلدام چاي قايناتا باستادى بو جيولب
 اوترغان اول آدمدارى نيك اچنده قوجامجار بايدنك اوزى
 جوق ايكين اويتكانى باي دنك اوزى كيچكى طامان مالى
 نيك آلدونا چققان ايكين صونان صونك قوجامجار باي مالن
 جابعاستروب بولب بزديك قوسقا كيلدى

(«ТѸГ», 1875, 8)

كو كچاتا و قالاسندان بزدننك كازيتدى آلدوروب
اوقيتوغلان بر آدام كزيت كه جازوب چغارو اوچون جازوب
جيباركان قابارى اوسى

بزدنك كو كچاطلو قالاسى اولكان قالا ايماس بر كچكنه
قالا بورون پريكازبار ايدى اوسى كونده پريكاز بتوب
اوياز باستوغى بىلاب تورادى قالاننك اويى ننگ بارى
آغاچدان صالحان آلتى جوزدان آسا اوى بار قالادا تورغان
آدام اوروس نوغاي صارت قزاق موندا تورغان صارت دنك
كوبى قزاق منان نوغاي بولب كيتكان كويدان بىرى
توروب اوز جورتنه قايتقوسى كيلمايدى برپاراسى قاتن
آلب بالا چاغالى بولب اوى صالحدوروب موقم موندا توروب
قالغان اولار آندا صاندا تاشكينتدان قزجارغا اوته توغلان
كروان دان مالن كوتاروب آلب دوكانده مالن قزاققا
ساتب كون كوروب اوترادى قزاققا مالن صانقانده كوبى
نسيه كه صاتادى اويتكىنى قزاق دنك قولندا آقچه بولمايدى
آلغان مالن قويغا الادى كى كيده قزاققه آقچا كىريك
بولغانده قزاق ايلدان كىلب اوروسدان صارت دان
اوسم كه آقچا آلادى بولار سوندا تاور بايب قالادى آنا
جلى بر صارت قزاق قزن آلان ديب بر تلور كسى مزدنك
قزىن آيتدردى جورت جيولب بىرمايمز ديسا كده بول
آقچه مينان مالدى تغوب بر طالاي آوره بولب آياغنده
قزى آلدى اوتكىن كيتكىن كروان چيلاردان تاشكينت
چاقده قاتونى بارموديب سوراساق قاتونى بر ايماس ايكى
قاتونى بار ايكان قزى آلغانده قاتونم جوق ديب آنت سو
اچب آلوب ايدى ايندى سويتم بىرايكي صارت آلدان
صونك بزدننك قزاقده قزن صارتقا بىرون قويدى اوننك
اوستينه الكى چاقسى كسىمزدنك قزن آلغان صارت ايل
باستاب آلغاندا اوز جورطنه آلب كيتبايمن ديب واده
بىرسهده جورتنه قاتونمى آلب باروب جنبه بر كا قايتوب
كيلامن ديب سو كيتكهنى من الى جوق قزاق آقچا منان

مالغا قزق سادە ايندى ھارتقا قزون بىراتوغان كونكىلى
جوق

(•TYT•, 1875, 6)

بىر بول جولى جىردىك قانداي ايكانن اولكاندوكن
سويلايك قبلە نامە چققان صوتك صو اوستىندە اوزاق جولغا
جور اتوغان كىمە قىلمە منكىن ادام جىر چىتوندىن
بىر طالاي اوزاب ايلق جولى جوروب ادام بالاسى ايسوتمكىن
جىرطلوب سودىك جاين بلاتوغان ادام كوباياتوغان بولدى
دېب مونان بورون چققان كزىتمە طوقتاب ايدوك

بورونقى زاماندا اونىرسىز ادام توكل اونىرلى ادامدا
جىردىك قانداي ايكانن بىلمىدى ايكىن بورونقى ادام ول
كوندە دولبانىك چاروموندى جوروب كىزكىن جوق اولار
قايىدان بىسون سويتمىسەدە اوتكان ادام اول كوندە جىردىك
قانداي ايكانن بىلكوسى كىلب آر كم آرتورلى قلب اوز
كونكلولدىن سوز چقاروب سويلاي توغان بولدى براو
جىردى اوج اولكان بالى اوستاب تورادى دىبى براو
جىردىك اينالاسى جايلب كىنكىن چىتى جوق دىنگىزدىك
اورقاسىن آرال بولب تورادى دىبى آسبان بولسا آسبان
اينىكدىن قلغان آسبان جىردىك اوستون چاب چىت چىتى
جىر كا ئىب تورادى اولكان تاو بولسا جوغلاريدان جىر كا
توسوب كىمبىس دىب تاو اوستاب تورادى دىبى

بول بورونقىلاردىك اينقان سوزى بىرىدە راس ايملى
بىراق جىردىك اينالاسى چىتى جوق دىنگىز صو دىكىن
سوزدىر براو راسقە كىلدى دىنگىزدىك مانسى جىردىك
اينالاسى دىمكىر ايككى راس بىراق دىنگىزدىك آرجامىنا اول
زامانداغى كادام چققان جوق ايدى دىنگىزدىك اوستىنە
چقوب جور سەتە جىردىك چىتوندىن ايسى كىمبىلى جوروب
جوروب قاتىن جىردىك چىتمە قىتەب كىلوچى ايدى دىب
بوروندىن ايتوب اوتوب ايدوك بىزدىك پادىشاھقا قاراغان

جورت دنك كون باتش جاغنده بز دنك آتا بابالار مز دنك
 جیرونده بر اولكان دینكز بار آنی آتلان تیچاسکی دیکین
 کوب جلفی زاماندا اول دینكز دنك قلسنده جاتقان دینكز
 دنك اوسنه چغوب کیمه منوب اول کونده اوزامای قایتب
 کیلب جورکان جورت دینكز دنك آرجاغنده بو دونیاننك
 جارومی جاتقانن قایدان بلسون

(«TYT», 1875, 18)

** جارق **

ستپنوی کنرال کوبرناطورننك قر اوبلاستاری ننك
 باستوقدارونا ۲۹ مایده ۱۸۹۰ جلد ۱۰۷۱ نچی
 مننك قول آستمه قاراغان ولایتده بر ایلدنك خدمتداکی
 آدمداری تنك نظامسز قلغان اسداری طوراده بولغان
 تیرکاودان بایقاب بلب تورمن ایلدان النائن غیری
 نظامسز آلمداردان باسقا بر تورلی آلم اچالای یا نرسه
 منان اورنسز تاغیده الادی ایکان کنرال کوبرناطوردی
 جاندارلدی اویازنایدی هم غیری خدمت منان چققان
 تورالردی سیلاب قوناق قلوغا دیب مذکور اولوقدار
 بورون اویلاوچیدی صولایچه سیلاب قوناق قلوغا کیراک
 جارق آساق مسلمان رسمنجه خرمتدی بایلار چغارادی
 غویدیب اندی تیرکاودنك سبینان آنوگی بلب بایقاسام
 سوندای اولوقدی کوتب آلوغا بعضی واقتده ایلکه کوب
 چغن کیلب بول چغننك بلرن کیدایلار کوتارادی ایکان
 سول سبیدی سوندای آلمدی زاکونسز دیب بلب
 اولوقدنك صولایچه قوناق بولب صی کورکانن خدمتنه
 لایقسز هم کیلوسهی جوق دیب بلبسز درجه لی دان
 اوتنوب سورایمن بولاچق واقتده سوندای آلم الودی
 طیوغه میلونچه جهد قلسانکز ایکان اوزننکز کا قاراغان
 اوبلاسدنك ایلداکی خدمت آدمارونه بلدوروب کمده

کم اوصی حکومتی اور نینا کیلنور ماسه قاتدی تیر کاوکا
کرفتار بولاتونن .

گنرال لیتینانت بارون طاوبه

(«ДУГ», 1890, 22)

جاقسی ملا

بر اولکان اولاما ملا صودنک باسنه داره آلو اوچون
بارسه بیر قایقچی صودنک جاغاسنده جانکا قایققا مناین دیب
جاطر ایکان قایغنده اوتز شنی آراق بار ایکان آوزن
بیچاتلاب اوستنه جازوبدی موننک آطی حوشلق دیب ملا
تائک قابدی طلالی جیرنی کیزب ایدم بازارده حوشلق
دیکان صاتولاتوغن نرسانی کور کانیم جوق ایدی جنه
ایستکام جوق ایدی دیب قایقچیدان صورابدی بول
چنیلارنکداغی نه نرسه دیب قایقچی آیتبیدی ای بایغوس
ملام مونی نه فلاسن بار اوز جوموسنک مین بول دیبتی
ملا موننک نه ایکانن بلوکه کونکلی کیتب قایقچیغه
آیتبیدی بول چنیداغی نه نرسه ایکانن بلمای سیننک
قاسنکنان کیتبایمن دیبتی قایقچی ملا صوراب قویماغانسونک
آیتبیدی بو آراق بغدادننک حلیفه سلطاننا آپارامن دیب ملا
قراسه قایقننک ایچنده بر جوان تایاق جاطر بایاغی قایقچیغا
آیتبیدی آنه تایاقدی مغان آلب بیر دیب قایقچی شاکرتینه
بویربندی صوراعان تایاغن آلب بیر نه قلاز ایکان دیب
تایاقدی ملاغا آلب بیرکان صونک ملا آغاچدی قولغا آلا
صالب بایاغی چنیلارنی بر برینه اوروب کول پارچه بط
چط قلدی دیدی قایقچی قورقوب جلاب اویبای صالب
شهردنک چتین قراب کوزاتوب توراتوغن توره کا غرض
قلغان صونک توره داراو ملانی اوستاب حلیفه ننگ آلدینا
آلب باربندی اوشبو واقیغه نی باسینان آیاق بیان قلغان
صونک حلیفه اچولانب قانن اچینه تارتب توکی صرطنه
چغب ملانی آلدنا آلدوروب قهر و سیاست بین سین

كه مسن ديب صور ابدى اوسنداي آديسزلىك بلماسنىك
 ديوانه ليق اس قلغان ملا آيتبدي من محتسب من يغبني
 آدمالارنى تيكسار ب جهان جولدان قايتارب طيفوچى من
 ديبتي حليفه آيتبدي سنى كم صايلادى كمنك بويزوغيمن
 صايلاندنك ملا آيتبدي منى خوداي پيغمبر صايلادى صول
 خداي تغالى من پيغمبردنك بويزوغيمن صايلاندم ديبتي
 جوق صايلانغان كم سنى آيت ديب پادشا قهرمان قسيبدي
 ملا آيتبدي سنى كم پادشا صايلاسا منى صول محتسب
 قليب صايلادى پادشا بو صوزدان توقتالب ياسن تومان
 صالب كچكنه اوى اويلا ب او طردى ديدى چنه ياسن
 كوئاروب ملاغا آيتبتي بنه چنيلارنى نه سببدي صندر دنك
 ديدى ملا آيتبدي موني صندرغانم صغان جانم اشيب چنه
 اوزنكا قاراغان جورطنكا جانم آچيب اوزينكا هم حلقينكا
 شفغتم كيلب صندر دم ديبتي حليفه آيتبدي مغان قالاي
 جانك آچب آيادنك

(«ДУГ», 1890, 14)

كازيت چغاروچيلاردان

نورعلى بوغيطاي اوغلى، جبارگان حطونكيز كازيتكا
 باصلمايدى، سيببى حطونكزدان كورنب طور، آقلىدى
 ايكائونكزدى كورساتوشكا جهات ايتكانسز. سز آقلىدیشزبا
 جوقبا اوندا كازيتدنك جومسى جوق هم اونان هيچ كمكا
 فايدادا جوق، ضلال بولماسا، سببى سزدنك آقلونكز
 جومستالماغان ايديسن كورمگان جالانكچ انباردا جاتقان
 آقلى. قزاق آراسندا مين آقلمن ديب چرهنب اوزى نيك
 اينك جاقنن تالاب جيگاننان باسقا هيچ برفايدا كيلترمىگان
 دانشمانداردى كورگامز. بزگه منك تورلى قورغاق
 آقلداندا برفاب بيداي ايگب چغارب، بالالاردى طاماققا
 تويغزغان كسى كوب ارطقى. راس آقلىدى صول.
 كازينكا باسلار ايدى قالاداغى اورسداردان قرداغى

كیده یلر شه ایگندی کار توفلندی قالای ایگوون، توزغان
جیردی قالای بوقطق توگب، جانکفر تودی، کورماگان
پلمه گانگا صوندای اوز گچه کاسب چغار غانونکزدی
آیتسانکز. بلگاننک باری آقلغا قوصلاد، نه بولسادا. هر
بر اسدنک بارنه آقل کیرهك. اونهرلی اورگا جوزهدی.

(«ДУГ», 1897, 35)

قزاقدنک جای قارا جومسقه قانچهلق کونکل قویب
جهات قلغانی توغراسنده

قزاقدار جای قارا جومسدی قارا قاسقا کیدایدنک
جوموسی دیب اوایلیدی و موندای جوموس آدامننک قادرن
توماندا تب ادامدی آتاقسز قلاتوغن جومس دیب اوایلیدی
بول سبیدن آز ماز آوقاتی بار قزاقلار جومسدان بیزب
قاچب حورادی قچان مالداری جوغمтал آورودان یاکی
قانتی جوطاب قراب قورب قالغاندا غنا موندای جومسقا
آینالسهدی* بایغی زاماندا آدامننک بربرنه مییرمداس
واقتندا مال شارواسی جوتاغانده قزاقلار بر برنه جلو
قوسب بولوسب توروشی ایدی مال اولی مال کیوم هم
اوز گه نرسه لار دیده بیرب ایمدی جل جلساین قزاقداردنک
بول آیتلمش مییرمانشی لغی براق ایرتهگی بولب قنا
آیتلب جوغالب کیتب بارادی بول سبیدان کیدای
قزاقلار اوزننک تووسقان آغابن لارنان جان اچیتوغن حیر
جوق بولغانسونک آمال جوقدقدان بارب قارا جوموس قا
آینالسب آچدان الماستنک قامن اوایلیدی* بزذنک قزاقلار
قول اونهردان هچ نهمه آلمیدی بول تاقریدی یاکی شهر
داغی قالاداغی آدامدارغا جومسکر بولادی یاکی اوزننک
بای قزاقلارنا قویچی بولادی یاکی بولسه ایکن صالادی
اگرده آورودان جوطدان قرقاننان قالغان بول ایگندی
صالاتوغن بر آزغانا مالداری قالغان بولسه* کیدای
بولغان قزاقلار نچه تورلی جوموس قلسادا بوزولغان

شارواسن قايتادان هچ توزايالمايدى فقر مسكن بولب
 قالت قولت ايتب جورادى داخيده بولار جوموسكر بولغان
 آقسنا برجلغا ۱۰-۲۰ تينكادان الادى بول آچامنان
 كونهسه بيس-آلتى آدمى بار اويلى جاندى آسراب
 تورادى ايمدى بولار اوى جانى منان قويچى بولغاندا
 قوجاين دنك مالينان توسكان اونداى موندای نرسه لارى
 منان قوجايننك اييوغنان توسكان ايسكى اوسقى كيم منان
 غنا آلدانب كون كوروب تورادى ايمدى بولاردنك
 ايككان ايگننكده فايداسيده آز بولادى نى سببدهن
 ديسانكز اولار بول فايدالى جوموسدنكده مائسن جونداب
 بلمايدى بولاردنك چير جرتاتوغن صايماندارى چمان
 صايمان بولغانصونك ايگاتوغن توقمليده تازا بولماي
 اونداى موندای آراسقان قوقوم چوب بولغانصونك
 مونى سوغاراتوغن سويده آز جيتكلكتى بولماغانصونك
 بول سببدهن اورس حلقى ايگن ايككانده اوسمتال بولب
 ايگن چفاتوغن چيرلار بزدنك قزاق حلقى ايككانده چامان
 بولب چقادى* قزاقدار قرا جوموصدان چيركاتب بيكاردان
 بيكار قاچقاندغنان بول جوموسدنك ماني جاينان هچ نما
 بلمايدى واگرده شاروالارى بوزلب كيداي بولا قالسا
 عمرى بويىنچه موسافرچلك منان كونن اوتكزادى. موندای
 قارا جوموسدان قاچقاندغىنان براق دونيالك شاروالارى
 كيم تارچلقفه كيز بولا بيرمايدى تاغدا كونكل منازل
 ريدا بوزلادى بزدنك قزاقلار قارا جوموسدى چيك
 كوروب آدمينك قادرن قاشرب تومانداتاتوغن جومس
 ديب اويلاغانصونك بيكاردان بيكار جايوانچلق منان كونن
 اوتكزادى صونداده آدمينك كونكلى بر جوموسدى قلماققا
 قالايدى بول سببى بيكار قاراب تورماسقا ديب بعضى
 بر سونداین چامان جوموسدى قولنا الادى ليكن بول
 جومس زيباننان بسقا هچ نهمه كيلترمایدى
 قزاقتنك موندای جايوانچلقننك آخرى تالاس جانجالغا

ایکی دای بولب جاولاسقانغا بارب چالیدیغادی لیکن مونونک
باری چیب تاسناغان جومرتقاغا تاتیمایتوغن نرسه گه بولا
پاسنلادی هم بولمسز دغنان آحری تیناقسز بولب قالادی
سوندادا قزاقدنک بالکم بر روونک حال آحوال شارواسی
جودانب جاداتب کیتادی بز دینک کوچبیلی حلققا او یلایتوغن
اوغاتوغن وقت چیتدیغوی آدال کسب آدال جوموس هر
حلق دنک هر آدامنک کونک لینک روشانی حال آحوالینک
تیانغی مانکداینک طیرلاب تابقان آدال مالنکدی جیسانک
دونیالینکنده بیره کالی جانکنده تنیش بولادی طیرلاب
طیبشپ تابقان قاتتی ناننک اورلاب جیکان بالینکناندا
تاتتی بولادی

قزاقلاردنک قارا جومسقا کونکل قویماغانصونک و
موندای جوموسقا اولاردنک جوموسقا کونکلن قویدرماق
اوجون دالا ولایاتنداغی حالق آراسندا شاروا اوشکالی
(مادراسا) آچلغان ایدی قزاق بالالارن مال شارواسنا
ایکن ایکباککا هم هر تورلی ونارگا اویراتباک اوجون
ایمدی بول توغریدا مین اوزم بول اوشکال دنک برنده
توره جل جارم و برنده برجل جاروم تورب حزمت ایتب
کوزمه کوز تورب بايقاغانمدا بول اوشکالکا موسافر
کیدای قزاقلار کونکل قویب بالاسن بیروچیدی بورون
کیدای چلکتنک ضاردا بنان. عمری زایا بولب تانکداینا
تاتغاندغنان بالالارنه بلم توغراسن اویراتباک اوجون
ایمدی کوچبیلی بای قزاقلار موندای بلیمنک قادرن
بلمیگاندیگنن بول پایدالی اوشکالدی اونچا قالامیدی.
بای قزاقلاردنک اوزلارینک جالغز مالینک بایلقنا سینب
بالالارن اوقوغا بیر ماگانیده جارامیدی بول بایلقداری
اونشادا تیلانقتی بیرک ایملس قوی اگرده برار جوططان
بوزولت مالداری مولدا قزلب قالسا ولکن قارا جوموسنن
خارا کات قلغان بلمدی آداملاردنک بایلقی ار قاشان
توسلایدی بلمدی آداملاردنک شارواسی جوداب جلاسلدا

شارواسى قستانلنك بولمايدى بلمى جوق بايلار قاتنى
بولغان بر قستان آق جوق بولب قورب قالادى ايمدى
بول سببدن تاغيدا ناسيخات قلب آيتامن بزدنك باى
قزاقلاردا بول اوشكالدنك قادرن بلب اوزلاريندك
بالالارن اوقتسا جارار ايدى*

جازغوچى قورمانبايوف

(«ДУГ», 1894, 8)

قزاقدنك نانغشديغى

بزدنك قزاقدار نه بولسا سوغان نانادى* نانغش
جالغز بزدنك قزاقداردا ايمس غلمسز حالقدنك باریده
سولای* اولار دونيادا هر تورلى بولاتن نارسه لهردنك
كوبناق كرهمت ديب بلهدى. آل بزدنك قزاقدنك نانغش
ديغن منلو سوزدن بايقانكز. بر نيشا جل بولدى بر كسى
آيتدى قارقارالنك مانكاينداغى جاطاقد ا بر قوى باغار
ديگان كسى بار ايدى ديدى. اوزى آناسن كوئباى
اورسا بيروچى ايدى. جازغى توروم آوروب اولدى
اولدنك قاسينا قويدى. كيشكا جاقن آويلداغى طامام يئنه
قوى باغاردنك مولاسينا اورا تورا كيب اومتلدى. مولاعا
بارب يسكه ب يسكه ب اوروب اوروب قايتادان كيلدى.
كيلر كونگه چهين ايتتير سويتدى. بردى جارمدى كسى
قابرین طنكد اغان ايكان كونكرهنگان كسى نك اونى
شغبدى. اولداغى ناداندار اويلادى حدای تغالا قوياغاردى
آنلسن سيلاماغان اوچون آزاب تارتقزب جطر ديب. مونان
سونك قابريننك قاسينان جوروشكا قورقستى.

طاغيدا زاپسان اويازنده بر بى آدام آوروب دونيادان
قايتبدى. اوزى قاراحور ايكان. كادمگى موسلمانداردنك
قلاتنن قلب بى اولكينيصوناق آپاروب قوياطى. بيت ناسن
سالب توپراغن توگب جاتقاندا بيننك اينكفلد اب

کونکرانکین اونی شغبطی فرشته‌لر سوال سوراب
آزاب کورساتب جاطرغوی دیب قورقب کومب جاتقان
قاومدار تاستای قاشبدی. اشینده بی دنک ایر جینکان
بالاسیدا بار. بر ایکی کون اوتکان صونک توسقانداری
قایتب کیلب قابرغا قولاق صالسه ایشنمه ایستلمه‌بتی.
اشن آشب قاراسا الکی بیدنک اخیریتی دال-دال اوستی
قبقرل فان اینتیتینهن توسب اولب قالبیدی. بیشارا آولهده
تالب قالب کومگین صونک ایسن جیغان غوی. کوردهن
شغامن دیب قایرات قلغان ایکان کوب آوروب الی
کیتکان سونک اولکین اولکان بیت طلستردی کوتیروگه
شاماسی کیلمای اونه بوین دال‌دال قلبیدی.

آلطونصاری اوعلی ابراهیم اینادی. ۱۸۷۶ جلی جولای
شی کیله جانب بر اولغا توستم. آنکیمیلیسب اوپرغاندا
ایکی کوزی جلاغانان اسب کیتکان بر بالا کیلیدی.
یوتن بالالاردای اوینامای تاماقتا چمای اوپرغانصونک
آیاب قلسمداغی کسلددان سورادم بویالا نیگا قامغب جور
اوینامایدی طاماق چمایدی دیب. صوندا اول کسلری اینتی
بول بالاننک کیشیگی کونی تانک ایرتانک آناسی
قازالاندی. اولگینصونک قاسمرداغی قر اوستنده شی
مولالاردنک قاسینا آپاروب قویدق.

کیشا بوزاو قایتارب جورشان بالالار مولاننک قاسنا
بارسا باغاناغی حاتی ننگ مولاسینان داوستاب شاقرغاندای
کومهسکی بر اون کیلبیدی. بالالار بوزاولارن تاستای
سالب قاشب اولغا آیتقانصونک، اولکان کسیلرده مولاغای
چاقنداب بارساق آتق ایستدک مولادان اون شققانن، بو
صومقدی کورشان صونک بر کیسپاتقا اوشرارمز دیب
اولیمزبین کوشب بوگن اوسی جیرشا قوندق. صول
جاتنننک مونلو ۱۲ جاصار بالاسی آجیم تری جاطرغوی دیب
کوردین آشب آلب بیر دیب جلاب تله‌نبه‌گهن آدمی
قالملدی. آرینه ایشکم کورشا بارماق توکل قایتا بالاننک

تبتی اوزنده جبارمای باغب تورمز. صوندا باغاناغی بالا
 اوزیده جلاب قویا بردی. آغا کا بر سیز قایر قلماصانکز
 آجیم تری قالوی راس دیب. بو بالاغا آبایلاب قاراسام
 صونشا ایستی بالا کیسکندی. قانشا اولکاندردنک آیتقانیئا
 بولمای اوز آقلینا سالب شیشم تری قالدی دیب طورغا
 نینا تانک قالب آلدیما شاقرب سویب او طرب آیتدم تری
 بولسادا بولماسادا شراغم مین آجینکدی بارب کوره یین.
 او طرغان کسلر اور پیسه تورا کیلدی. وای مرزا آیتا
 کورمینکز اولگین کسی ترلدی دیب کور آفاطرغان نه
 صومدق. اول دونیادا کوناسن طارطب جاطقان حاطنغا بولا
 اوزنکز میرط بولارسز دیب. دوروس اولگان کسی قایتا
 تریلمایدی براق سزدر ایسن تانب جاطقان حاطندی
 اولدی دیب بلب تریده ی کوماسز. داوستاب شاقرغانن
 ایستب توروب آشب الماغائینکزدان قانتی اوبالغا قالاسز.

(• دوپسه مبابیوفتنک ما قالاسینان •)

(«ДУГ», 1896, 2)

اوسکامن اویازنان حط

حدایغه شکر بزدنک جاقده اوریدان تنچدق نوسب
 کیلادی. اورننک صابر بولغانینه جنکادان کیلگان اویازنای
 کوب سبب بولدی* بولوصلارغه حرمتلی قزاقلارغه جیوب
 آلب، اورلقدی قویغزونکدار دیب نصیحت آیتدی.
 بورونغی واقنده کوز بولغانصوناق اوریدان طنچدق
 بولماوچی ایدی. اوریدان قورقب کوز باسینان طقب
 آلب چوبدیرن ایرته طاویسب قویوچی ایدی. ایندی برلی
 جارملی آنلاردی دالاغا کوزه تسیز جبه روگده ممکن
 بولدی. اوریدان ایندی قورقبایدی، قاسقر بولماسا.
 بارمزده سونب تورمز اولوغمز مومن قویمای الکیریده
 اوصندای جاهات قلا ر دیب.

اوسكامن اويازنده اورينتك اوبلسنداي بولغان ايكي
بولس ايل بار ایدی، اولاردنك بولستاریدا اورینی
طیوغا جهات ایتب خاطر، جهاتی تیک قالاتن ایملس. سوسان
دیگان بر رو ایلدنك اوریلاری، جاقندارن شاقرب،
قوین سویب قانن اوزینه شاشبدی. مونسى اورلقدی
قویامن دیب آنت اچکانی.

جازغوچی س. بولوسبننك قزاعی

(«ДУГ», 1897, 1)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
--------------------	---

I тарау

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ГАЗЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАР- ДЫҢ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА- ҒЫ ОРНЫ	7
---	---

1. Алғашқы қазақ газеттері жөніндегі негізгі деректер .	7
2. Газет бетіндегі әдебиет мәселелері	16
3. «Дала уәләяті газетіндегі» қазақ тілі мәселелері .	20
4. Газеттердегі аударма материалдардың сапасы мен ті- лі туралы бірер сөз	30
5. Тұңғыш газеттердің қазақ әдеби тілін қалыптастыру- дағы ролі	34

II тарау

ГАЗЕТТЕР ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКО-ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖҮЙ- ЕСІ	42
---	----

1. Алфавит	43
2. Дауысты дыбыстар	44
3. Дауыссыз дыбыстар	48
4. Дыбыс үндесу заңдылықтары	56
5. Орфография	58
6. Пунктуация	61

III тарау

ГАЗЕТТЕР ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ	67
--------------------------------------	----

1. Газеттер тілінің лексикалық құрамы	70
2. Диалектілік лексика	89
3. Терминдік лексика	92
4. Кітаби лексика	93

МОРФОЛОГИЯ

1. Зат есім	99
2. Сын есім	102
3. Сан есім	105
4. Есімдік	108
5. Етістік	113
6. Көсемше	119
7. Есімше	120
8. Етістіктің райлары мен шақтары	126
9. Үстеу	128
10. Шылаулар	130
11. Көптік категориясы	139
12. Тәуелдік категориясы	143
13. Септік категориясы	143
14. Жіктік категориясы	148

СИНТАКСИС

15. Аралас және көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер	151
16. Салалас құрмалас сөйлемдер	158
17. Жай сөйлем түрлері	161
18. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі	162
ҚОРЫТЫНДЫ	169
ГАЗЕТ ТЕКСТЕРІ	170

БАЙҚАЛҒАН ХАТЕЛЕР

52-бет төменнен 8-жол «ғ» әрпі «г» деп оқылсын.

Абилхасимов Бабаш

ЯЗЫК ПЕРВЫХ КАЗАХСКИХ ГАЗЕТ

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкознания
Академии наук Казахской ССР*

Редактор *С. Бекмухамедова*
Худож. редактор *И. Д. Сущих*
Техн. редактор *Л. И. Шашкова*
Корректор *М. А. Кубашева*

* * *

Сдано в набор 14/1 1971 г. Подписано к печати 23/III 1971 г.
Формат 84×108¹/₃₂. Бумага № 1. Усл. печ. л. 9,64.
Уч.-изд. л. 10. Тираж 2100. УГ02779. Цена 1 р. 24 к.

* * *

Типография издательства «Наука», г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.

Зак. 10,

